

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Роза Абуова

СЦЕНАРИЙ ШЕБЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

Орал, 2025

ӘОЖ 792.026.1
КБЖ 85.34
А13

*ҚР БҒМ РОӘК-нің М.Әуезов атындағы ОҚУ-і жанындағы кәсіптік білім бастапқы әскери дайындық бойынша мұғалімдерді даярлау, химиялық инженерия мен процестер және мәдени-тынығу жұмысы бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің
19.06.2025 жылдағы отырысының №3 хаттамасының*

Пікір жазғандар:

Ержанов М.Е. - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Муханбетжанова А.У. - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Туребаева К.Ж. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Сапарова Ю.А. - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Абуова Р.С.

А13 Сценарий шеберлігінің негіздері: Оқулық / Р.С.Абуова - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2025 - 173 бет.

ISBN 978-601-266-756-1

Оқулық драманың тарихына, теориясына және оны талдаудың түрлі аспектілеріне арналған. Бұл оқулықта дәрістер, драмалық шығармаларды талдаудың кестесі мен мысалдары, негізгі және қосымша оқуға арналған әдебиеттер тізімі және студенттерге көмек болатын терминдері енгізілген.

Оқулықты «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасының студенттері, магистранттары, докторанттары, колледж және жоғары оқу орындары оқытушылары және мәдени қызметкерлер көмекші құрал ретінде қолдана алады.

© Абуова Р.С., 2025

© М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
ДРАМА ЖӘНЕ ДРАМАТУРГИЯ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ	
1 Драма және драматургия теориясы.....	6
2 Әдеби жанрлардың типологиясы.....	8
3 Драманың өзіндік ерекшеліктері.....	9
СЦЕНАРИЙ - КӨРКЕМДІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА РЕТІНДЕ	
4 Мерекенің идеялық - тақырыптық негізі.....	12
5 Сценарийдің композициялық элементтері.....	14
6 Фабула мен драматургиялық шығарманың сюжеті.....	16
7 Монтаж-мағына берудің ерекше формасы.....	17
МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ҚЫЗМЕТІ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ СЦЕНАРИЯЛЫҚ - РЕЖИССЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ	
8 Мәдени - тынығу бағдарламаларының драматургиясы.....	43
9 Мәдени - тынығу бағдарламасындағы сценарийлік түпкі ой.....	48
10 Мәдени - тынығу бағдарламалары сценариясының композициялық құрылымы.....	53
11 Мәдени - тынығу бағдарламасы сценариясының көркемдік монтажі.....	56
12 Мәдени - тынығу бағдарламасы драматургиясын оқытудың шығармашылық аспектілері.....	59
13 Сахнаның драматургиялық ерекшелігі.....	61
14 Қалалық сайыс бағдарламаларын дайындау ерекшеліктері.....	63
15 Драматургиялық туындылардың көркемдеу материалдарын ұйымдастыру формасы.....	66
ҚОРЫТЫНДЫ.....	69
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК.....	71
ГЛОССАРИЙ.....	77
Реферат тақырыптары.....	79
Бақылау жұмысының тақырыптары.....	80
Ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға арналған сұрақтар.....	81
Курстық жұмыстың тақырыптары.....	83
«Сценарий шеберлігінің негіздері» пәнінен тест тапсырмалары.....	85
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	95
Қосымша 1.....	97
Қосымша 2.....	148

Кіріспе

Бұл оқулық «Сценарий шеберлігінің негіздері» пәні 6B11102 – «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы оқу жоспарына сәйкес жалпы базалық компоненті және оқу-әдістемелік кешенінің бір бөлігі болып табылады.

«Сценарий шеберлігінің негіздері» курсы 6B11102 «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ ұйымдастырушылар мен мәдени-тынығу жұмысы мамандарын даярлауда маңызды орын алады. «Сценарий шеберлігінің негіздері» пәні мәдени-ойын-сауық іс-шаралардың өзіндік шығармашылық драматургиясы ретінде сценарий әзірлеу бойынша білім алуды қарастырады. 6B11102 – «Мәдени-тынығу жұмысы» ПОӘК 308.372 - 2006 ҚР МЖМБС типтік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Пререквизиттер: студенттің оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім мен дағдыны игеру жүйесі. Оқылатын пәнді игеру үшін студентке «Көркем шығармашылық», «Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру», «Сахна тілі», «Шығармашылықтың педагогикасы мен психологиясы» пәндері бойынша білім жүйесін меңгеру қажет.

Студент картотекаларды іздеу, виртуалды ақпарат іздеу, рефераттар және курстық жұмыстарды дайындау кезінде теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білуі керек.

Постреквизиттер:

студенттің оқылатын пәнді игеру кезінде алған білім мен дағды жүйелері:

- Пәннің категориялық-түсініктік аппаратын меңгеру;
- Шараның сценариін дайындау үшін негізгі әдістер мен әдістемені пайдалануды үйрену;
- Мәдени – тынығу қызметінде сценарлық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;

Студенттер идеяны, ойды, сценарлық жүру барысын, құжаттық және көркемдеуші құралдарды таңдау, әдеби мәтінді, материалдарды біртұтас көркем әдеби сценарийге жинау, шығармашылық монтаждау технологиясы бойынша білім алады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Осы пәннің мазмұны студенттердің өзінің болашақ кәсіптік қызметіне байланысты түсініктерді тереңдетуге, көркем шығармашылықты зерттеуге қатысты мәселелерді қамтиды. Осы пән әдеби-сценарийлік жұмыстың мәдени-тынығу жұмысындағы рөлін анықтайды. Курсты оқу дәрістік және семинарлық сабақтар, ОСӨЖ және СӨЖ шеңберінде жүзеге асырылады.

Курстың мақсаты - драматургия мен сценарий шеберлігінің теориялық негіздерін зерттеу, түрлі іс-шаралардың сценарийлерін өз бетінше жазу дағдыларын қалыптастыру.

Курстың негізгі міндеттері: драматургия мен сценарий шеберлігінің теориялық негіздерімен танысу; сценарийді семантикалық құру тәсілі ретінде монтаждау заңдылықтарын зерттеу; сценарий жоспарын әзірлеу әдістемесін меңгеру; сценарий материалын іріктеу технологиясын және беруді ұйымдастыруды меңгеру; сахна шеберлігінің теориялық негіздерін меңгеру; сценарий драматургиясының композициялық құрылысының ерекшеліктерін зерттеу; сценарийлердің әртүрлі түрлерімен танысу; әдістемені меңгеру дайын сценарийлердің идеялық-көркемдік деңгейін анықтау және драматургиялық талдау; сценарийді дайындау мен жазудың негізгі кезеңдерінде жұмысты ұйымдастыра білу.

Студенттер:

- оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істей біліп, рефераттар мен курстық жұмыстар жаза білуі керек;
- мәдени-демалыс жұмысын шығармашылықпен ұйымдастыру кезінде ұжыммен жұмыс істей білуі маңызды;
- бос уақыт қызметіндегі мәдени-сауықтық шараның сценарийін құру кезінде алған білімдерін қолдана білуі тиіс.

ДРАМА ЖӘНЕ ДРАМАТУРГИЯ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

1-сабақ Драма және драматургия теориясы

Дра́ма (ежелгі грек тілінен аударғанда δρᾶμα - іс әрекет) - эпос пен лирикамен қатар жүретін әдебиеттің үш түрінің бірі , бір мезетте өнердің екі түріне: әдебиет пен театрға қатар жатады. Сахнадағы ойынға арналған драма эпос пен лирикадан мәтіннің кейіпкерлер репликасы мен авторлық ремарка түрінде беріліп, қойылым мен құбылыстарға бөлінуімен ерекшеленеді. Драмаға диалог түрінде құрылған, соның ішінде комедия, трагедия, драма (жанр ретінде), фарс, водевиль т.б. әдеби шығармалар жатады.

Сонау ерте кезден фольклорлық және әдеби түрде түрлі халықтар: антикалық гректер, үнділер, қытайлар, жапондықтар, Америка үндістері бір біріне қатыссыз өз драмалық дәстүрлерін жасады.

Драма грек тілінен аударғанда іс - әрекет деген мағына береді және драматургияның мақсаты іс әрекетті үнемі дамыта, өрістете түсу, Драмалық шығарма (спектакль, қойылым, фильм, радиоқойылым, мультимедиялық өнім) оқиғаны сипаттауға құрылмайды, ол келіспеушілік тудырған жағдайды, көзқарастардың, мінездердің, жағдайлардың үйлеспеуін шешуге бағытталған іс әрекеттерді сипаттауға құрылады. Аристотель драманы басқа да поэтиканың түрлерімен бір қатарға қойып, олардың ішінен перепетия мен катарсисті бөліп қарады. Кейінірек Гегель драманы эпос пен лириканың қосындысы ретінде қарап, ал театрды тұтастай ішкі рухани салаға және «анықтайтын және басым болатын» сөзге жататын драмалық іс - әрекеттің сезілетін формасы ретінде көреді. Гегель драманы жалпы алғанда өмірдің өзекті мәселелерімен, әлеуметтік-тұрмыстық бір бөлігі болып табылатын қоғамның тарихи дамуымен, тұлғаның психологиясымен байланыстырады.

В.Г. Белинскийдің драмасында бүкіл әлемдегі өмірдің ең биік рухани деңгейі көрінетін адам мен оның өмірі деп жобалаған пікірі назар аудартады.

Драма адамды өзінің мәңгілік қызметіндегі өзінің «менімен» мәңгілік күресін көреді, оның негізі көп қолға түсе бермейтін көмескі рахатқа бөлену болып табылады. Драмада театралдық көріністен ол табиғатқа еліктеу, сонымен қатар қазіргі шақты көрсету, ал өткен шақты-эпикалық, ал болашақты лирикалық бағытты көреді.

Драмалық көріністе объективті-эпикалық және субъективті лирикалық көрініс үйлесім табады. Бұл контекстте А.С.Пушкин драманы өмірдің айнасы деп түсінді. Ол алғашқылардың бірі болып Н. Буалоның орын, уақыт және іс-әрекет сынды классикалық үштік бірлігіне қарсы шықты. Қиын - қыстау кезең, қақтығыс, болжанған жағдайда сезінудің шынайылығы (А.С. Пушкин) - бұл драманы бұқаралық ойын-сауық драматургиясының мәніне жақын түсіну.

Ең алдымен бұл сюжеттің негізін құрайтын, оқиғаның дамуы ретінде қарастырылады.

Драматургия (ежелгі грек тілінен аударғанда *δραματούργια* «драмалық шығармалар қойылымы») - драмалық шығарманы, сонымен қатар осындай шығарманың сюжетті-бейнелі концепциясын құрудағы теория мен өнер.

Трагедия - сахнада сюжет кейіпкерлерді қайғылы оқиғаға әкеліп соғатын көркем шығарма жанры. Трагедия қатаң салмақтылықпен көрініп, ішкі қарама-қайшылықтардың түйіні ретінде өткір түрде көрсетіп, шынайы өмірдің қарама қайшы оқиғаларын терең көрсетіп, шиыршық атқан, шиеленіскен түрде көркемдік нышан мағынасын алатындай күйде беріледі. Трагедиялардың көпшілігі өлеңмен жазылған. Шығармалар көбінесе пафосқа толы. Комедияға қарама - қарсы жанр.

Комедия (ежелгі грек тілінде *κωμῳδία*, *κῶμος*, «Дионис құрметіне арналған мереке» *ἀοιδή/ᾠδή*, «ән») - әзіл-сықақ және сатиралық сипаттағы көркем шығарма жанры, сонымен қатар антогонистік кейіпкерлердің арасындағы күрестің жіне келіспеушілік сәттерінің шешілуін сипаттайтын драманың түрі.

Аристотель комедияны, «нашар адамдарға олардың жаман жағынан емес, күлкілі жағынан еліктеу» - деп көрсеткен («Поэтика», гл. V). Ең алғашқы сақталған комедиялар ежелгі Афинада, Аристофанның қаламынан шыққан (Ежелгі грек комедиясын қараңыз).

Мелодрама (ежелгі грек тілінде *μέλος* - *ән* и *δρᾶμα* - *қойылым*) - кейіпкерлердің рухани және сезім әлемін ерекше жарқын эмоционалдық жағдайда, жақсылық пен жамандық, махаббат пен жек көрушіліктің қайшылығы негізінде көрсететін театр өнері мен кинематографияның көркем әдеби жанры.

Мистерия (от лат. *misterium* "салтанат") - дінмен байланысты ортағасырлық театр жанры.

Мистерияның сюжеті әдетте Библия немесе Інжілде беріліп, түрлі тұрмыстық күлкілі қойылымдармен алмастырылды. XV ғ, мистерия көлемі жағынан өсті. «Апостолдар туралы Мистерияға» 60000 өлең, ал оның қойылымы Буржада 1536 ж 40 күнге созылды.

Егер Италияда мистерия өзінен өзі табиғи түрде жойылса, көптеген елдерде оған реформацияға қарсы шығу барысында тиым салынды. Соның ішінде 1548 жылы 17 қарашада Францияда париж парламенті бұйрығымен; протестанттық Англияда 1672 жылы мистерияға епископ Честер тиым салды, ал үш жылдан кейін архиепископ Йорк тиым салуды қайталады. Католиктік Испанияда мистериялық қойылымдар XVIII ғасырдың ортасына дейін болды, оларды Лопе де Вега, Тирсо де Молина, Кальдерон де ла Барка, Педро шығарды; тек 1756 жылы оларды тоқтатқан Карл III XX ғасырда мистерияның үлгісін композитор Луиджи Даллапиккола («Иов», 1950) қалдырған.

Водевиль (фр. *vaudeville*) - Өлең шумақтарымен, бимен өрнектелген комедиялық пьеса, сонымен қатар драмалық өнер жанры;

Фарс (фр. *Farce*) - Сыртқы күлкілі әдістері бар жеңіл мағынадағы комедия Орта ғасырда фарс деп XIV-XVI ғасырларда батыс еуропа елдеріндегі халық театры мен әдебиеті аталды. Мистерияның ішінде пісіп, жетіліп фарс XV ғасырда өз тәуелсіздігін алады, ал келесі жүз жылдықта театр мен әдебиетте билік құрушы жанр болып табылды. Фарс буффонадасының әдістері цирк клоунадасында сақталып қалған.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Драма, драматургия» ұғымдарының түсінігі?
2. Трагедиялық мінезге және тартыс сипаттама беріңіз.
3. Комедия жанрлары, оның ерекшеліктері.
4. Тақырып бойынша глоссарий құру. (15-тен кем емес).
5. Тақырыпта кездесетін анықтамаларды айқындау, қысқаша (0,5 беттен аспайтын) эссе жазу.

2 сабақ Әдеби жанрлардың типологиясы

Әдеби шығармалар сол немесе басқа жанрларға түрлі критерийлер бойынша жата алады. Төменде сол критерийлердің кейбіреулері мен жанрлардың мысалдары келтірілген.

Формасына қарап:

- новелла
- ода
- опус (композиторлар шығармаларын реттеп, топтастыруда қолданылатын термин)

- очерк
- повесть
- пьеса
- әңгіме
- роман
- скетч
- эпопея
- эпос
- эссе

Мағынасына қарап:

- комедия
- фарс
- водевиль
- интермедия
- скетч
- пародия
- комедия
- мінездер комедиясы;
- трагедия

- драма

Түріне қарап:

- эпикалық
- мысал
- қисса
- баллада
- аңыз
- новелла
- повесть
- әңгіме
- роман
- роман-эпопея
- ертегі
- эпопея
- лирикалық
- ода
- жолдау
- элегия
- эпиграмма
- лиро-эпостық
- станстар (шумақтары аяқталған өлең)
- баллада
- поэма
- драмалық
- драма
- комедия
- трагедия

Антагонизм (ежелгі грек тілінен аударғанда $\alpha\nu\tau\alpha\gamma\omega\nu\iota\sigma\eta\varsigma$ - «қарсылас», от др.-греч. $\alpha\upsilon\omega\nu$ - «тартыс, күрес») - бәсекелестік, бақталастық, күресу, қарсы тұру, қарсы сөйлеу.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Әдеби жанрлардың типологиясы» тақырыбына презентация дайындау.
2. «Антагонизм» ұғымының сипаттамасы?
3. Тақырып бойынша глоссарий құру. (15-тен кем емес).

3- сабақ Драманың өзіндік ерекшеліктері

Әдебиеттің дамуы барысында өмірді бейнелеудің үш негізгі тәсілі пайда болды: олар эпикалық, лирикалық, және драмалық шығармалар немесе әдебиеттің үш түрі: эпос, лирика және драма.

ЭПОС. Бұл термин гректердің $\epsilon\rho\sigma$ - «сөз» деген екі түрлі мағынаға ие сөзі: 1) бұл халық поэмалары мен ертегілері 2) өмірді бейнелеудің

ерекше формасы негізіндегі әдебиеттің бір түрі. Өмірдің эпикалық бейнеленуі мінездерді, сыртқы оқиғалар мен факторларды сипаттау мен суреттеу, түсіндіру және бұл жерде автордың өзі әңгімелеуші, баяндаушы ролін атқарады.

ЛИРИКА. Бұл термин латындар мен гректердің - *lyrikos* - лира, лирикалық өлеңдер айтылғанда сүйемелдеп отыратын музыкалық аспап - лираның атымен байланысты. Мұнда автордың ішкі дүниесінің ашылуы лирикалық бейнелену арқылы беріледі.

ДРАМА. Бұл термин гректердің *drao*, «әрекет ету» деген мағынаға ие. Өмірді драмалық бейнелеу сыртқы оқиғалар мен фактілердің, кейіпкерлердің ішкі әлемін автордың араласуынсыз, тікелей кейіпкердің өзін - өзі жан дүниесін ашу арқылы көрсете білуі.

Тек тілдік құралдармен образ сомдайтын лирика мен эпостан айырмашылығы драма екеу құралды да пайдалана отырып, жазушыға сахна беретін құралдарды да пайдалана алады. Драмалық шығармалардың толық және аяқталған күйде бейненің ашылуы оның сахналық түрленуімен байланысты. Драманың бұл ерекшелігін В.Г.Белинский терең зерттеп, «Жүзеге асыр деген сөзде актердің шығармашылығы жатады. Сіз «Гамлетті» оқисыз, оны түсінесіз, алайда оны өзіңіздің алдыңызда көре алмайсыз: белгілі физиономиясы бар беті қандай, белгілі шашының түсі қандай, белгілі дауыс ағзасы, белгілі іс-қимыл, мәнері бар нақты тірі тұлғаны көре алмайсыз. Бұл бетінде құштарлық бейнеленгенмен шашы да, беті де, көзі де бір түсті-мәрім түсті тас мүсін, әрине бұл көрініп тұрған тұлғаны сіз өзіңіз бере аласыз, былайша айтқанда сіз Шекспирден тыс, өз субъективтілігіңізге байланысты елестете аласыз. Егер сіз бір жағынан: суық және жайбасар адамға ширақ, от боп жанған, физиономияны беруге құқыңыз болмаса, екінші жағынан бет - әлпетінің сипатын өзгертпей - ақ өз идеалыңыздың бейнесін беруге болады, өйткені Шекспирдің әрбір драмалық кейіпкері өзінің жаратушысы арқылы ширақ, еркін және шынайы болып келеді: барлық жерде оның бар екенін сезесіз, бірақ көре алмайсыз, оның сөздерін оқисыз, бірақ дауысын ести алмайсыз, бұл ол қылықтың орнын қиялыңызбен толтырасыз. Драмалық поэзия сахналық өнерсіз толық емес, оны толық білу үшін қалай әрекет ететінін, сөйлейтінін, сезетінін білу аз» [5, 302-303б].

1. Драмалық шығарманың басты айырмашылығы - онда баяндаушының сөзі жоқтығы. Кейіпкерлер мінезінің ашылуы драмада диалог арқылы, сезім арқылы, іс - әрекет, уайымдау, кейіпкерлер арасындағы қарым – қатынас арқылы беріледі. Горький «пьеса ондағы барлық бірліктердің сөзбен де, іспен де өз күшімен, өзгелердің ойға салуынсыз сипатталуын талап етеді» - деп жазған. Романда, повестте автор сомдаған адамдар оның көмегімен әрекет етеді, олар үнемі сонымен бірге, ол оқырмандарға кейіпкерді қалай түсінуге ой салып, құпия ойларды, бейнеленген адамдардың әрекетіндегі жасырын жерлерін түсіндіреді, Пьеса автордың осыншама еркін араласуына, пьесада оның ойына салып, сыбырлап отыруына жол берілмейді. Пьесаға қатысушылар

сипаттаушы сөзбен емес, таза тілдік сөздермен жасалады, пьесадағы әрбір бейне сахнада, әртістердің бейнелеуімен көркемдік құндылық пен әлеуметтік сенімділікке ие болуы үшін әрбір бейненің сөзі мәнерлі, өзіндік нақышпен берілуі керек, сонда көрермен пьесадағы әрбір бейненің автор айтқан және әртістер сахнада бейнелеген күйінде түсінеді» [16, 411б].

2. Адамның драмада бейнеленуінің негізгі ерекшелігі адамның ерекше шиыршық атқан күйде жүріп, өзінің жолында кездескен кедергілермен күресу үшін өзінің ішкі күштерін біріктіріп, көтере білуі. Осындай көңіл күй мен өмірлік жағдайды бейнелеу, тек драмада ғана ерекше көрінеді, оларды әдетте драмалық деп те атайды. Осыдан **драматизм** термині пайда болып, адамның ішкі күштерінің ерекше шиыршық атуын белгілеу, сонымен қатар сол немесе басқа да оқиғалардың ерекше өткір, сыни сипатта көрсету үшін бекітілді. Драмада бейнеленген адамның жағдайы - өзінің ісімен, ойымен, мінезінің негізгі сапасын анық көрсетіп отырады. Эпостан адам өмірін бейнелеудің сан - саласын аздаған айырмашылықпен, сол келіспеушіліктің жүзеге асуын жеделдетуге әкелетін жақтарын көрсетуге әкеліп, эпостан драма адам мінезін бейнелеуді шұғыл анықтай алатындығын көрсетеді.

Л.И Тимофеевтің жазуы бойынша драмада біз әдетте мінездің билік етуші сипатын: Макбеттің мансап құмарлығын, Отеллоның қызғаншақтығын, Шейлоқтың сарандығын, Тартюфтың екі жүздігін қарастырсақ, Пушкиннің сараң рыцарлары Дон Жуан, Сальери құштарлығын нақты жеткізушісі болып табылады. Бұл мінездің нақтылығы, яғни біздің анық сезетін негізгі сезімдеріміз және ол драматургия өз сөзінен бас тартуға: кейіпкердің мінезі автордан түсінік беруді талап етпейді, шиыршық атқан, ойын жинақтаған ерекшелікті қабылдап ол өзі үшін өзі жауап береді, сөйлейді, өз сөзінен, ісінен, әрекетінен көрініс табады [38,375б].

3. Егер эпоста адамның бейнелену ерекшелігі сипатталса, драмада баяндаушының тілінен айырылып, адамның құмарлығын көрсету әдісі - қойылым болып табылады. Д.Лоусон «Пьеса мен киносценарийді құрудың теориясы мен тәжірибесі» өз еңбегінде қойылым драматургиялық шығарманың құрылысының негізін көрсетеді» - деген. Сонымен қатар В.Вольненштейннің «Драматургия» кітабында қойылымдағы драма негізі қарастырылған.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Эпос» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Лирика, драма ұғымына анықтама беріңіз.
3. «Драманың өзіндік ерекшеліктері» тақырыбына презентация дайындау.
4. Тақырыпта кездесетін анықтамаларды айқындау, қысқаша (0,5 беттен аспайтын) эссе жазу.

СЦЕНАРИЙ -КӨРКЕМ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА РЕТІНДЕ

4- сабақ Мерекенің идеялық тақырыптық негізі

Көпшілік қатысатын мерекенің сценарийі өз алдына кешенді, драматург, режиссер, суретші, композитор және ұйымдастырушының жұмысын бір арнаға тоғыстырушы болып табылады.

Тақырып - бұл сценарист пен режиссер таңдап алған өмірлік құбылыстар шеңбері. Идея - бұл бейнеленген оқиғаларға берілген автордың бағасы, негізгі ойы, негізгі қорытындысы. Тақырып әдетте мерекенің ең басында беріледі, ал идеяға, негізгі қорытындыға сценарист пен режиссер жиналған көрерменді өзі алып келуі керек. Тақырып пен идея бір - бірімен тығыз байланысты, екеуі бірігіп сценарийдің идеялық - тақырыптық негізін қалайды. Көпшілікке арналған қойылымдар драматургиясының өзіндік ерекшеліктері іске қосылады.

Тақырып пен идея - мәдени тынығу бағдарламасының көздеген мақсатының идеялық - тақырыптық жоспарын құрайды.

Сценарий сахна аланында қойылуға арналған қойылымның толық әдеби сипаттамасы, оның негізінде театрландырылған қойылым, мереке көпшілік қойылым ойын немесе басқа да бағдарламалар жатады. Оның театр, кино, радио, телетаным драматургияның шығармаларымен ұқсас белгілерімен қоса ерекше тек мәдени - тынығу бағдарламалар түрлеріне тән белгілері де бар.

Жалпы белгілерге: қойылымда сюжетке байланысты берілетін оқиғалар тізбегі қатысушылар мен олардың арасындағы күрес ретінде оқиғалардың шиеленісуі немесе құрамдас бөліктерді (эпизодтар мен блоктарды) бір тұтас бірлікке белгілі бір ретпен бірінші ретіндей шиеленіскен даулы жағдайды шешу.

Сценариймен жұмыс жасағанда алдымен тақырып пен идеядан бастау керек. Идея бейнеленіп жатқан оқиғаларға берілетін негізгі қорытынды, ой, баға. Тақырып әдетте басында беріліп идеяға бағдарламаның көрермендері мен қатысушыларды біртіндеп сценарист пен режиссер жалпы негізгі қорытынды жасауға жетелеп, алып келеді. Кейбір тәжірибелі қызметкерлердің жиі жіберетін қателігі - олар көбіне басынан көрерменге идеяны дайын күйінде басында беріп тастауға тырысады. Қойылымға белсенді қатыстырылып, әр көрерменді оқиғаның қатысушысы етіп сезінуге, идеяны өзі ойлап түсінуге итермелеу керек. Сонда идеяны түсіну міндеті оқиғаның дамуына тікелей байланысты болады.

Тақырып деп әдетте көркем шығарманы құру үшін автор таңдап алған оқиғалардың шеңберін атаймыз. Басқаша айтқанда тақырып белгілі материалдарды ашуы барысында автордың туындаған өзекті мәселе. Тақырып ұғымының ауқымы өте үлкен, махаббат пен жек көрудің, өмір мен өлімнің, адалдық пен сатқындықтың, отбасындағы қарым-қатынас, өмір сүру ортасы мен жағдайлардың қарама - қайшылығы т.б мәңгілік

тақырыптар туралы айтуға болады. Тәжірибеде шығарманың тақырыбы тар шеңберде нақты белгіленеді. Мысалы: махаббат тақырыбын түрлі қырымен қарауға болады: алғашқы махаббат, махаббат пен қызғаныш, махаббат пен жек көру, қайғылы махаббат, үшеудің махаббаты, мөлдір махаббат т.б. Автордың сюжет барысында ұсынылған этикалық және эстетикалық түсінігіне, оның көркемдік талабына байланысты шығарманың тақырыбы өзіне қажетті шешімін табады.

Тақырып (thema грек тілінен аударғанда негізге алынатын деген мағынаны береді). Автордың зерттеу пәні оның мағынасын түсінуді жеңілдету үшін «сценарийде не бейнеленген?» деген сұраққа жауап беру керек немесе сценарий не туралы болуы керек? дұрыс нақты таңдалған тақырып циркуль тәрізді, сценарист зерттеп түсінуі тиісті материалдардың шеңберін сызып береді. Мысалы халықаралық әйелдер күніне арналған мерекенің тақырыбын анықтауға тырыстыңыз. Біздің қала әйелдерінің өмірі туралы материалдың көптігінен өзіңіздің назарыңызды белгілі бір нәрсеге тоқтата алмай, қатысушы кейіпкердің өте көптігінен, сасқалақтап қалдыңыз. Алайда дәстүрлі ресей қолөнерінің (кесте тігу, шілтер тоқу) құпия сырын меңгерген шеберлер туралы әңгімелесеңіз сізге белгілі кескін көрініс бере бастайды. Қандай әдебиетті зерттеу сирек, кім нағыз кейіпкер болады, мерекеге қандай көркемөнерпаздар ұжымы қатысады бәрі түсінікті бола бастайды? (ою өрнек, кестеленген әшекей мен ұлттық киімнің сәндік дефилесі), халық әндерінен орындалатын хор, халықтық би ұжымдары, т.б.

Тақырыпты өрістетудің екі әдісі бар.

1. Диахронды (грек тілінен аударғанда dia-жарып өту, chronos-уақыт)
2. Синхронды (грек тілінен аударғанда sin- бірге, chronos-уақыт).

Бірінші жағдайда көрініс өзінің даму сатысы бойынша қарастырылады.

Бұл түрлі мерейтой салтанатының сценариіне (мекеменің, қаланың, аймақтың, танымал тұлғалардың туған күндері, шығармаларының мерейтойлары) тән. Көріністің бейнеленуі - уақытқа байланысты, яғни туған кезінен бастап күні бүгінгіге дейін.

Екінші жағдайда: көркем зерттеудің құралы - бір өзекті мәселенің түрлі аспектілері ретінде қарастырылса, ол бейнелеу кеңістігіне байланысты. Осылайша көптеген тақырыптық кештер мен ойын-сауық бағдарламаларының драмалық негізі құрылады. Тақырыпты ашу белгілі бір құрылымды тудырады. Мағыналық түйіндер пайда болады - олар болашақ эпизодтар негізі болып табылады. Сценарий жоспарын құру туралы әңгімелегенде бұл мәселеге қайта ораламыз. Мәдени тынығу бағдарламалық сценарийінің өзіне тән ерекшелігі - оның құжаттық негізінде жатыр. Сондықтан сюжет таңдау үшін негізгі оқиғаны тауып алу керек. Әйтпесе қызықты, жарқын сюжет іздеу бұдан әрі негізгі оқиғаға байланысты шешіледі. Келесі қадам - сценарий композициясын ойластыру, яғни шиеленісті оқиғаны, сахналық қойылымның сюжетін жүзеге асыру

керек. Композиция - іс-әрекетті, оқиғаны ұйымдастыру және материалды сәйкестендіре орналастыру.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Тақырып», «идея» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Диахронды, синхронды әдісіне анықтама беріңіз.

5- сабақ Сценарийдің композициялық элеменеттері

Композиция (құрастыру - лат.тілінен ауд.) - әдебиет, өнер, сәулет шығармаларының құрамдас бөліктерінің орналасуы. Шығарма мазмұнын тұтас қабылдауға кедергі келтіретін артық элементтерді жою. Экспозиция, түйін, оқиғаның басталуы, оқиғаның дамуы, кульминация, шешілуі, финал.

Экспозиция - қойылымды мазмұндау (лат.тілінен) - оқиғаның басталуына негіз болған жағдай, ахуал сипатталатын драматургиялық шығарманың (пьесаның) бастапқы бөлігі. Негізгі тақырыптық мазмұны кейіпкерлер өмірінің басталуына шиеленістің өрістеуіне тікелей әсер еткен кезеңін бейнелеу. Ойдан шығарылған шындықтың жағдайына көрерменді жетелеу, енгізудің өзіндік жолы. Экспозиция мен оқиғаның басталуы, (түйін) өте нақты, айқын болуы керек. Олар үлкен психологиялық салмақ салады. Өйткені олар көрерменнің назарын бір нәрсеге аударып, жинақтап, оқиғаны қабылдауға дайындайды. Түйін - қатысушылардың арасында даудың (түйіннің, шиеленістің басталуын анықтайтын фабуланың дамуындағы оқиға. Мерекелік мәдениетте - қойылымның басталуы; басты тақырыпты ашатын оқиға. Әдетте, түйін, шиеленіс екі немесе одан да көп кейіпкерлер арасында даудың туындауы кезінде пайда болады. Генкин көпшілік мерекелер режиссурасында экспозиция мен түйін бір-бірінен ажырамас біртұтас деп есептейді. Экспозиция ретінде мерекенің экспозиция - түйініне тақпақтар, пьесадан қойылымдар, кинофильмдерден үзінді, әндер, театрландырылған шерулер ұсынады.

Іс-әрекеттің дамуы - кейіпкерлер қарым-қатынасының логикалық байланысы бар даулы оқиғалар мен жағдайлардың тізбегі үнемі болатын қақтығыстар нәтижесінде дамып отырады. Мерекелік мәдениетте бұл әдетте негізгі қойылым немесе негізгі бөлім деп аталады, яғни онда дауды шешетін қақтығысты оқиғалар тіркесі, күрес пен оның қиын-қыстау кездері бейнеленеді. Негізгі бөлімі іс-әрекеттің негізгі қимыл және орташа, тәжірибеде кульминациялық сәт деп аталатын орташа бөлігінен тұрады.

Талаптар:

1. Тақырыпты құрудағы логиканы қатаң сақтау;
2. Оқиғаның өрістеуі;
3. Әрбір жеке эпизодтың аяқталуы
4. Құрылымының қарама-қайшылығы.

Кульминация - (лат.тіл. ауд. жоғары, биік шың) - композицияның құрамдас бөлігі, ол драмалық дау-дамайдың шиыршық атып қыза түсуін көрсетеді, онда не күрес шиеленісе түсуі немесе ортақ шешім табуына әсер

ететін дау-дамайдың барлық сюжеттік желілері бір арнаға тоғысады. Кульминациядан кейін шығарманың түйінінің шешілуі туындайды.

Түйіннің шешілуі - әдеби-көркем және сахналық шығармадағы қойылымның іс-әрекетінің шешімін табуы фабуласының (компоненті) құрамдас бөлігі. Әдетте қатысушылар арасындағы әдеби даудың шешілуін көрсетіп, қойылымның соңында беріледі.

Финал - (лат.тілінен ауд. - соңы) - аяқталу. Спектакль, концерт, қойылым, мерекенің т.б. аяқталатын бөлімі. Қойылымның негізгі ойы беріледі. Финалда даудың шешілуі түбегейлі аяқталады.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. Композиция. Оның мәні мен мазмұны. Композиция заңдылықтары?
2. Композиция элементтерінің сипаттамасы?
3. «Сценарийдің композициялық элементтері» тақырыбында портфолио дайындаңыз.
4. Іс-әрекеттің дамуы - кейіпкерлер қарым-қатынасының логикалық байланысын ашып көрсетіңіз.

6- сабақ Фабула мен драматургиялық шығарманың сюжеті

Фабула (лат.тіл.ауд. - әңгіме, әңгімелер) - шығарманың оқиғалық негізі. Ол нақты көркемдік детальдардан алаңдатып, көркемдіктен тыс игеруге, әңгімелеуге (аңыз әңгімелерде, фольклор, тарих, әдебиет, газет хроникасы т.б.алынған) қол жетімді бөлігі. Фабула термині сюжет терминімен сәйкес келеді. Ғылымда фабула сюжет материалы қызметін атқарады деген шектеу бар, яғни фабула оқиғалар мен олардың мотивтерінің логикалық себеп-салдар байланысының жиынтығы; сюжет сол оқиғалар мен мотивтерінің шығармада, көркемдік ретімен толықтай бейнеленуі арқылы баяндалуы. Осылайша сюжет жазушы ойының қайталануының ең маңызды құрамы болып табылады, онда ойдан шығарылған кейіпкерлердің және іс-қимылдары мен қарым-қатынастары, соның ішінде ішкі жан дүниесінің қозғалысы, адамдардың түрлі жестпен, затпен бейнелеп, сөзбен айтып немесе ойлап тұрғанын сөзбен жеткізуі көрсетіледі.

Сюжет (франц.тілінен ауд. «сюжет» - зат) - драматургиялық шығармадағы оқиғалар желісі, іс-әрекеттің, оқиғаның дамуы. Жазу барысында драматургияның тарихтың қысқаша мазмұнынан бастау керек. Одан әрі тарихтық диалог барысында жүзеге асырылып, сахнаға шығарылатын, яғни сюжеттің сыртында қалатын (олар туралы көрермен сахналық диалогтардан біледі) диалогтарда жүзеге асырылатын бөліктері анықталады.

Негізгі оқиға белгіленеді (көбінесе бір ғана оқиға болады, онда шығарманың негізгі мағынасы ашылып, сюжет сыртындағы сахналық тарих басталар алдындағы оқиғаның соңы көрсетіледі).

Бұл оқиға - драмалық оқиғаның пайда болуының басты себепкері. Драматургиялық тарих экспозициядан басталады. Экспозиция (экспозицио - латын тілінен - мазмұндау, түсіндіру деген мағына береді) сюжеттің құрамдас бөлігі, компоненті, онда кейіпкер өмірі шиеленістің шығуына және даудың өрістеуіне тікелей байланысты кезі бейнеленеді. Сценарий мәтінінде: ремарка, диалог, монологтар бұдан әрі сахнада көрсететіндерін түсінуге көмек беретін мәліметтер беріледі. Мерекелік драматургия ұзақ кіріспе сөз бен тереңдетіп түсіндіруді көтермейді.

Театрландырылған қойылым экспозициясы, әдетте қысқа болып келеді, өйткені көп нәрсе мерекеге арналып отырған оқиғамен оны өткізудің нақты көркемөнерпаз және фольклорлық дәстүрінен түсіндіріледі. Бір-бірімен дауласқан екі жақты бейнелейтін кейіпкерлер шыққаннан кейін драматургиялық тарих жаңа бір фазаға енеді. Кейіпкерлердің алғашқы қақтығысы оқиғаның дамуының басталуы түйіннің шешілуі деп аталады. Бұл сюжеттің екінші компоненті болып табылады. Дәл осы жерде қатысушылардың негізгі мақсаттары декларацияланды, даулы оқиға кезіндегі күшті орналастыру анықталады.

Сюжеттің келесі және басты компоненті іс-әрекеттің дамуы - драмалық тарихты толық, терең мазмұндау. Ол кейіпкерлер тағдырында көптеген күтпеген өзгерістер тізбегінен тұрады, олар (күтпеген өзгеріс, түбегейлі өзгеріс) күрт өзгерістер (перипетия) деп аталады. Оқиғаның өрістеуі эпизодтар бойынша жүреді және әрбір келесі эпизод жаңа кейіпкерлердің пайда болуымен тығыз байланысты. Тағы да бір рет сценаристтің сюжеттің дамуында өрістеуіне тап болатын қатері - кейіпкердің көпсөзділігі. Осы жерде, өзін - өзі шектеудің қатаң тәртібі керек.

Қандайда болмасын репликаның қажеттілігі кейіпкерлердің басты мақсатын айқындайтын камертон болып табылады. Күрестің даму логикасы ең шиыршық атқан шиеленіскен сәтке - кульминацияға алып келеді. Дәл осы жерде бар күшпен кейіпкердің, сонымен бірге автордың идеялық, адамгершілік көзқарасы ашылады.

Драматургиялық тарихтың мазмұнды дамуы - даудың шешілуіндегі аяқталатын сәтке - шиеленіскен түйіннің шешілуіне әкеледі. Күрестің қорытындысы шығып, жұмбақтар шешіліп, барлық қойылым кезінде қызығушылық тудырған сюжет кұруда пайдаланылған әдістер аяқталған мәнге ие болады.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Фабула» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Сюжет, ремарка, диалог, монолог ұғымына анықтама беріңіз.
3. Негізгі оқиға белгілерінің маңызын атаңыз.
4. Мерекелік драматургиясын ашып көрсетіңіз.
5. Тақырыпта кездесетін анықтамаларды айқындау, қысқаша (0,5 беттен аспайтын) эссе жазу.

7- сабақ Монтаж-мағына берудің ерекше формасы

Монтаж - мағына берудің ерекше формасы. Монтаж - материалды ұйымдастырудың көркемдік әдісі. Бұл термин киноматографиядан келген, оны енгізген Всеволод Илларионович Пудовкин (кинорежиссер) еді. Оны жүйеге келтірген Сергей Михайлович Эйзенштейн (кесте). Материалдарды ұйымдастыру әдісі бойынша бір ізді (материал қарапайым себеп-салдар байланыс негізінде принцип бойынша бірінен соң бірі беріледі) және параллельді (материал бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ мағыналық қатары өз бетімен дамиды) болып келеді.

Монтаж түрлері қарама-қарсы (бір бейнеден екіншісіне дереу ауысу), материал позицияның пікірлерін игеріп, бір оқиғаға түрлі көзқарас қалыптастыруы арқылы байланысады). Стадиондардағы қойылымдарда, үгіт шараларында т.б. жиі қолданылады. Ассоциативтік (уақыт пен кеңістікте орын алмастыру, ассоциациялық ойлау негізінде жүзеге асады, бір көрініс екіншісін шақырғандай әсер етеді) ретроспективті (өткенге көзқарас, еске алу, өткенде болғанға шолу жасау көзқарасындағы монтаж. Монтаж құрылымында тұтастықты жасау сыртқы бірізді оқиғалардың қанат жолымен анықталмайды. Ол ішкі байланысты бірігудің логикалық психологиялық заңдылықтарына сай ойламаған жерден қарама қарсы қоюды салыстыру принципі бойынша және осы жекелеген элементтерді қарама-қарсы қойып, салыстыру драмалық композицияның жалпы көрінісінде олардың әрқайсысына іс-қимыл мағынасын беріп тұрады.

Монтаж - шығарманың негізі қаланған мағынаны күштеп бөліп шығару. Сондықтан монтаж әдісі автордың азаматтық позициясын оның идеялық - көркемдік ұмтылыстарымен тікелей байланысты болады.

Монтаж өнері - бірінші сатыда өзбетімен жеке элементтерге мүшелеп бөлуі, бізді екінші сатыға - осы бөліктерді сапалық тұрғыда тұтас біріктіруге әсер етеді. Монтаждың диалектілігі (қозғалыс, даму) осында.

Монтаж - мүшелеу, дамылсыз қозғалыс, қойылымның монтаждық құрылымының үзілген, туындаған жаңа драматургиялық принципін іздеу өнері. Нәтижесінде көрермен біртұтас, үзіліссіз, жалғасып жатқан іс-қимыл ретінде көретіндей етіп бөлек бөлшектерді біріктіру өнері. (Пудовкин)

Көпшілік іс-әрекет және эстрадалық қойылым сценарийінде жекелеген эпизодтар мен номерлер монтажды үзіліссіз, логикалық дамушы қойылым, іс-әрекетке бірігуі керек. Монтаждың уақытпен кеңістіктегі түрлері: монтаждың екі түрі бар (тақырыптың ашылуының әдістері): диахронды - мұнда бейнеленуші зат өзінің даму сатысы бойынша қарастырылады. Бейнелену - уақытша. Синхронды - көркемдік зерттеу заты - бір мәселенің әртүрлі аспектілері болып табылады. Бейнелеу - кеңістік. Жалпы алғанда принцип бойынша монтаждың 2 түрі бар: реттік, бірізділік - мұнда барлық номерлер белгілі бір логикалық ретпен, бірінен соң бірі орналасады, ал параллельді монтаж кезінде оқиға бір мезгілде бірнеше жерде бір-бірін толықтыра, байыта отырып, ашылады. Кейде осы

оқиғалар бір-бірімен қақтығысып, жаңа сапа, жаңа көркем образ жасаса, «ассоциациялық монтаж» пайда болды деп айтамыз.

Монтаждың негізгі принциптері:

- қарама-қарсылық
- реттілік, бірізділік
- параллельділік
- бір уақыттылық
- лейтмотив

Көркем монтаждың ең көп тараған әдісі - қарама-қарсылық. Қарама-қарсылық монтаждың әдісі ретінде мағынасы жағынан қарама қайшы көркем шығарма элементтерін жақындастыруға негізделген. Театрландырылған көпшілік көрініс сценарийінде қарама-қарсы жеке номерлерді ғана салыстырып қоймай, сонымен бірге жеке эпизодтары, номерлер бөлімдерін салыстырып, осының арқасында мазмұндылыққа, идеялық бағытқа, көркемдік тұтастылыққа қол жеткізу жүзеге асырылады. Қарама-қарсылық монтаж театрландырылған қойылымның қарама-қайшылық шындығын даулы түрде бейнелеудің ең көп тараған және күшті әдістерінің бірі. Көбіне даулылық сценарийде сыртқы қарама-қарсылық нақты эпизодтар мен номерлердің құрылуы мен үйлесуі арқылы біртұтас органикалық құйма жасау ретінде көрінеді.

Формалар мен көркем - мазмұндық құралдардың органикалық құймасы ғана маңызды, нақты дамушы, өзгеруші шындықтың сәттерін бейнелейді. Келесі маңызды принцип - параллелизм - тақырыптық жағынан бір-бірімен байланыспайтын екі әрекет бірігіп, бір затқа бір детальдың арқасында, параллельді түрде біріктіріледі.

Бір уақыттылық - монтаждың әдісі: халықтық қойылымдар мен мерекелер тарихынан симультанттылық принципі, яғни бірнеше сахналық алаңда параллельді, бір уақытта қойылым қойылғаны белгілі. Қазіргі театрландырылған көріністерде бір уақытта сахна алаңында, бірнеше экранды бір уақытта сахна мен көрермен залының түрлі бөліктерінде қойылым жүзеге асырылып жатады. Театрландырылған көпшілік мерекенің құрылымында бұл әдіс ең маңызды болып табылады.

Лейтмотив (еске салу) - монтаждаудың негізгі әдістерінің бірі. Театрландырылған көрініс драматургиясы ерекшеліктерінің бірі. Сондықтан театрландырылған көрініс сценарийін құруды сюиталық құрылымымен салыстырып жатады. Көптеген тақырыптық концерттер, әдеби-музыкалық композициялар, үгіт - көркемдік қойылымдар осылай құрылады. Көбінесе еске салу кешенді болып құрылып, онда көркемдік мазмұндылықтың барлық құралдары қатысады [32].

Театрландырылған көпшілік көріністі жасауда монтаж тек техникалық әдіс қана емес, сонымен бірге талдап, синтездеп қараған кезде бар материалды сыни көзқараспен шығармашыл ой елегінен өткізілген үрдіс болып табылады.

Көпшілік көріністің табысы - режиссердің монтаж әдісін қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, көрініс қою үшін келесі элементтер: біріншіден - көпшілікті көтеру, оларды тойланып жатқан оқиғаға шын ниетімен қатысуға ұмтылысын туғызу, екіншіден сыртқы қауіп тек қарны ашқан, еңсесі түскен кезде аз да болса мерекелік көңіл күй сыйлау, үшіншіден халықтың арасына кіріп, оларға басшылық жасайтын талантты ұйымдастырушылар, тұтас көмекшілер штаты керек. Бұл басқару жасанды емес, бір жағынан шынайы, көпшіліктің құлшынысымен, екінші жағынан энтузиазмға толы, жетекшілер ойының шынайы тазалығынан бір бірімен өзара үйлесіп, бірлесіп жасалу керек.

Театрландырылған қойылым драматургиясындағы тілдің көркемдік формалары мен мәнерлеуші құралдары. Театрландырылған бағдарламасы драматургиясындағы көркем бейне түрлі мәнерлеуші, көркемдеуші құралдар көмегімен жүзеге асырылады. Оның негізіне сөз: ретардация (ремарка) жатады. Ол тікелей фабулалы әрекеті арқылы оған тұрмыс, табиғатты сипаттауды енгізу жолдары арқылы баяулату әдісі.

Медитация жағдайы - әлеуметтік, саяси мәселелерді терең ойлау, сипатындағы стилистика - монологтар арқылы беріледі.

Аллегория - сөздің басқаша айтылуы (таразы - әділеттілік, крест - христиан дінінің сенімі т.б.)

Гипербола - әсірелеу (аузын дарбазадан да үлкен етіп ашты)

Интонация - әуезді - лирикалық декларативтік - шешендік, ауыз екі сөз - халықтық т.б.

Ирония - стилистік әдіс, ол сыртқа білдірмей айтылатын кекесін, каламбур - сөз ойыны (КТК, конферанс) т.б.

Персонификация - жануарлар мен заттарды сипаттау барысында сезіммен, оймен бейнелеуде қолданылатын (мысалдарда) стилистік форма, сарказм - ирония ауыр кекесіннің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Ол тұрмыстың түрлі аспектілеріне жатады. «Көгершін – бейбітшілік белгісі, Инар - самғау, арман». Оксимирон - мағынасы жағынан қарама-қайшылықты үйлестіріп, жаңа ұғым тудыру. (Әдемілік - қауіпті күш, жанған қар). Эпитет - қарапайым троп. Қандай ма болмасын адамның бейне мінездемесін метафора арқылы беру, поэзия - өлең негізіндегі стильдік әдеби категория (сипаттаушы, повесть, төл сөз, монолог, диалог).

Метафора - материалды драматургиялау құралы (грек тілінен - ауыспалы) троптың бір түрі (көркемдік мәнерлеу құралы), сөздің ауыспалы мағынасы бір заттың немесе құбылыстың ұқсастығы мен айырмашылығына қарай өзгеруіне негізделген сөздің ауыспалы мағынасы. Символдың құрамдас бөлігі. Негізгі троп - ашық салыстыру. Пастернак үшін метафора - «тұтас ғаламды» жазуға қажетті адамзат рухының өзіндік жеделдігі. Яғни өз шығармашылығында бұзылған әлемнің тұтастығын қалпына келтіріп, осы әлемді біртұтас поэзияға сыйғызу.

Питота - мағынасы күшейтілген құбылыс пен затты кішірейтіп айту, «Бетегеден биік, жусаннан аласа».

Протеск - үлкен, шектен тыс үлкен етіп көрсету. Драма - (диалог, монолог, ремарка). Суйестивтік стилистика - анық емес образ (бейне)

және оған білдіру, тұспалдау. Стиль-қандай ма бір болмасын дәуірге тән көркем мәнердің әдісі мен құралдарының жиынтығы, автордың өзіндік жеке тұлғасы, оның қолтаңбасы. Стилистика ғылыми, халықтық, поэтикалық, публицистикалық, іскерлік стильдің құраушысы.

Стилизация - стильдің элементі. XX ғасыр - ғылыми және ғылыми емес көркем табиғатта тың құпия күшке енген ойлардың дамуы мен жаңа технологияларды дамыту (соның ішінде ақпараттық) ғасыры. Бүгінгі күні үйреншікті болып ешкімнің таңдамысын туғызбайды. Белгілерді басты құрал ретінде пайдаланып ақпаратты беру. Дыбыстар мен иістер біздің өмірімізге дендеп енгені соншалық, біз оларды иіс сезген сияқты олардың мағынасын да түсініп, қабылдаймыз. Дыбыстар мен иістер белгілі жағдайларда белгі беру ролін атқара алады. Сыртқы өмір белгілерге толы, оларды кез-келген жерде кездестіруге болады, сондықтан белгілер мен белгілер жүйесін зерттеу мен тану қажеттілігі жүзеге асырылады. Мұнымен семиотика ғылымы айналысады. Ол адамзат қоғамында (ең бастысы табиғи жаратылыс және жасанды белгілер, сонымен қатар кейбір мәдениет пен өнер құбылыстары) табиғатта (жануарлар әлеміндегі қарым-қатынас) немесе адамның өзінде (есту, көру, қабілеті) болатын белгілерін, шексіз құбылысын зерттеуді қамтитын сала. Соңғы кезде театр семиотикасы жөнінде монографиялар пайда болды. Театр семиотикасы көптеген сұрақтарды қоя отырып белгілілік театр өнерінің негізін қалайтын қасиет екенін көрсетті. Жеке алғанда қытай классикалық операсының феномені өте қызықты. Бұл ежелгі өнер тілі нақты тұрақталған, белгіленген белгілермен қатар актерлер бетінің бояуын, пантомима қоя алады. Егер бұл белгілерді игеріп алмасақ, спектакльді бақылауда қиынға соғады. Беті қызылмен боялған актер көрермен сүйіспеншілігін, ал ақпен боялғаны керісінше жек көрушілік, жаратпаушылық сезімін шақыру керек. Осыған сәйкес, бұл белгілер белгілі бір эмоционалдық жағдайға шалдырады. Бүгінгі таңда кез келген сахналық шығарма - бұл күрделі жүйе, тілдер «кодтар» белгілерден тұрады. Бұл белгілердің тілін түсіну үшін белгілі бір интеллектуалдық күш керек. Нағыз көрермен болу - жайдан-жай дүние емес. Тек кім көркем шығарманың грамотасын сауаттылығын түсіне алары, кімге соған тән бейнелілік, театр тілі түсінікті болса, сол ғана көрермен деп атала алады.

Көркемдік білімі бар көрермен ғана қойылым мен суретшінің картинасын тек сюжеттік - иллюстративті тұрғыда қабылдап қана қоймайды, сонымен бірге көркем мәнерлеудің ерекше түрлерін меңгеру тұрғысынан түсіне алады.

«Көркемдік білімділікті» адамның өз бойына өнер туралы ақпаратты сіңіріп алуынан емес, оның өнер әлеміне тұтастай көркемдік қабылдау мен түсіну қабілетін қалыптастыруға үйретуден көрінеді. Пикассоның «Генрика» картинасын еске алайық, оны таза сипаттау мүмкін емес. Тек картина элементтері туралы, монтажды қақтығыстағы кезінде белгілі бір құбылыстарды: қайғы шегу, бұзылу, қирау, хаос т.б. сезіну туралы айтуға болады. Картина тұтастай ондағы монтаждар символынан ғана тұрады.

Клубтың театрландырылған қойылым драматургиясы үшін өнердің белгілер сипатты концепциясы өте пайдалы. Қазіргі кезде клубтардағы көркемөнерпаз ұжымдары ұмытылып кеткен театрландырылған қойылымдар формаларын іздейді. Мұндай қойылымдардың поэтикалық, құжаттық, философиялық үлгі режиссерден басқаша айтылатын көркемдік құралдарды пайдалану заңдылығын білу мен оларды бір-біріне ажырата білуді талап етеді. Театрландырудың ерекше тілін жасайтын көркемдік құралдар болып жетекші символдар, метафора, аллегория болады, олардың көмегімен режиссер көпшілік қойылымдарды эстетикалық құндылықтардың толыққанды, жан-жақты әлемін көрсетеді.

Символ - грек тілінен аударғанда «белгі» деген мағына береді, бұл белгі тек белгілі бір адамдар тобына арналған белгісі болады (мысалы: балық белгісі алғашқы христиандарда болып, христиандарды тілділердің қудалуы жағдайында ерекше белгісі ретінде қызмет етті. Белгілі бір адамдар тобының тұтастай қоғамның бірлескен қызметі мен қарым-қатынасының үрдісінде заттан, ойдан, ақпараттан тұратын шартты белгілер қалыптасты. Белгілердің мағынасын түсіну арқылы біз эмоционалдық ықпал етуді сезіне аламыз. Атақты үнді мүсін құпиясын білмеген адамға шіркеу билерінің мағынасын түсіну мүмкін емес.

«История западноевропейской литературы в и важнейших моментах» деген еңбегінде Луначарский символдар туралы: «Символ дегеніміз не? Өнердегі символ - төтенше маңызды ұғым. Суретші қандай да болмасын үлкен сезімін, ауқымды идеясын, сіздерге көрнекі түрде әлемдік фактіні сезіммен, абстрактылы ойдың көмегіңсіз, ойыңызға тікелей әсер етіп, бейнелі түрде бергісі келеді.

Мұны қалай істеуге болады? Мұны кейбір картиналарда нақты көрсететінін де көп мағына беретін образдарды таңдау арқылы мұны жүзеге асыруға болады. Мысалы: Эсхил сізге Зевс Прометей бұл адам өте ақылды, көпті көрген адам болып, өзінің бауырларына аспаннан отты ұрлап әкеліп, оларды құдайға қарсы тұра алатын еткені үшін таудың шатқалына шегеленгенін айтқанда, сіз ешқандай Прометейдің де, Зевстің де жоқ екенін, бірақ олардың бейнелерінде адамзат санасының тылсым күштермен мәңгілік күрес көрсеткені түсінесіз. Адамзат санасы техникалық жаулап алу арқылы үзіліссіз күрестегі құпияларды ашады. Бірақ адам Прометейдің көріпкелдігінен бас тартқысы келмейді, өйткені ол қолындағы куресетін қаруымен отпен (техника) өзінің толық жеңісіне сенімді.

Міне, осы символ деп аталады. А. Квятковскийдің «Поэтикалық сөздігінде» «символ - көпмағыналы, заттық образ түрінде суретшінің салған түрлі жоспарларын өзара байланыстыратын шындықтың негізіне олардың қауымдастығы, туыстығы жатады» деп көрсеткен. Символға тән метафораның бастауы атап көрсетіледі, ол поэтикалық тропта да кездеседі, алайда ол символда терең мағынамен байытылады. Символдың түпкі белгісі – көпмағыналылық деп атап көрсетіледі және түрлі негізде тұрмыстың түрлі аспектісіне негіз болып қосыла алады. Белгі –

нышандардың түрлі мағынасын біз танып білмейміз және өмірлік және көркем тәжірибе үрдісінде ассоциацияның көптігімен беріледі. Кейбір суретіштер теориялық түрде мағыналық емес, ассоциациялық түрде белгінің көрермен қабылдауы арасындағы байланысын негіздеуге тырысты. Гете қызыл түсте мәртебелілік пен салмақтылық, сары түсте - көңілділік пен нәзік сезім оянуы, көк түсте уайым-қайғыны көремін деген.

Сезанн «Танымал геометриялық белгілерінің көмегімен ауырлық пен тереңдікті сезінуге болады» - деген. Скрыбин белгілі бір түсті қабылдау негізінде өз музыкасын жазды. Ассоциация немесе адам санасында болып жатқан құбылыстарға параллельді мағыналық, эмоционалдық жасау, оларды таныс синонимдермен еріктен тыс алмастыру. Көрермен айтқысы келгенді өзі ойлап табуға итермелейді. Айналада болып жатқанға баға беру көбіне өмірлік тәжірибе, интеллект, эрудиция деңгейіне байланысты болып келеді. Көп қайталанатын символдар өте көп қол жетімді болу себепті эмоционалдылықтан айырылып, оның түрінің мөр сияқты көшірмелерінің көп болуына әсер етеді. Жаңа символарды жасау - бұл түсінік пен зат арасындағы жаңа байланысты табу, ашу. Символ өзінің «көршілері» - метафора мен аллегория мен тығыз байланысты. Сонымен бірге байланысты да, нақты айырмашылықты да белгілеу керек.

Символ аллегория мен метафора сияқты өзінің жаңа мағыналарын тудырып, соның негізінде туыстықты сезініп, зат пен құбылыс арасындағы байланыс қандай да болмасын сөзбен, белгімен т.б. заттармен құбылыстарды белгіге алмастырамыз, сыйдырамыз. Алайда символ аллегориядан да, метафорадан да түбегейлі өзгешелігі бар. Ең алдымен ол өте көп белгілермен белгіленген, олардың бәрі әрбір символикалық образдағы бірін-бірі сәулелендіріп, көрсетіп тұрғандай. Символдық, метафоралық формальдың айырмашылығы метафора «біздің көз алдымызда жасалады, біз қай сөздің, түсініктің сәйкес келетінін көреміз, сондықтан олардың қайсысының мағынасы жақын келетінін түсінеміз. Символ метафоралық құрылымға енеді, ол тек символ үшін міндетті емес. Сонымен символ ассоциация туғызатын белгі ретінде режиссураның маңызды мәнерлеуші құралы болып табылады».

Клубтың - көпшілік жұмыстың режиссурасы пәнін қарастыра отырып, шындық өмірді көрсететін сценарлық - режиссуралық жұмысты қарастыра отырып сол өмірмен тікелей тығыз байланысты клубты театрландыру үшін шектеу қоятын режиссура құралы ретінде символ мен ассоциация ерекше маңызға ие. Символдар мен ассоциацияларды талдау клубтағы режиссер жұмысына тәне символдар мен ассоциацияларды пайдаланудың бірнеше жолдарын анықтауға мүмкіндік береді:

- қойылымның әрбір эпизодын шешуде
- қойылым кульминациясында
- көрерменмен шарттасу жағдайында
- театрландырылған көпшілік қойылымды көркемдік безендіру.

Театр режиссері, педагог Г.Р. Товстоногов театрландырылған қойылымға, стадиондағы мерекелер мен концерт залдарындағы қойылымдарға ерекше қызығушылық танытты. Осы қойылымдардағы көптеген эпизодтардың образдық шешімі Товстоноговтың ойынша замануи стильдің негізгі белгілеріне сәйкес қуаттайды. «Ішкі шындыққа жанасу өнері жойылып, оның барлық көркемдік құралдарының арсеналы қоқысқа тасталады. Басқа поэтикалық шындық театры пайда болады, ол көркемдік құралынан тазалықты, дәлдікті талап етеді. Кез келген әрекет эпизодқа иллюстрациялы үлкен мағыналы жүк енгізу керек. Сонда әрбір деталь сахнада шынайы символға айналады. Әрбір қойылымдағы эпизодтың шешіміндегі символ мен ассоциацияны пайдалану өмірлік шынайы материалды режиссердің поэтикалық ойлауына соның негізінде, театрландырылған қойылымның образдық-метафоралық құрылысы жасайды. І курста біздің тобымыздың жаңа жылдық қойылымы осынау кілтпен ашылды. Бұл қойылым оннан астам эпизодтан құралды, оларда басты көркем-мәнерлеуші құрал болып символ, метафора, аллегория табылды. Әрбір жеке эпизодтың идеясын көрсету пластика, музыка, жарық пен безендіру арқылы жасалды. Клуб режиссурасында көптеген бақылаулар көрсеткендей символ мен ассоциация нақты адамдар қауымының шынайы өмірлік тәжірибесімен үзіліссіз байланыста болуы керектігі қосымша маңызды қажеттілік болды. Бұлай болмаса символ мен ассоциациялар көпшілік шаралардың қатысушыларына түсініксіз болады. Наурыз (жаңа жыл) театрландырылған қойылымдарында тек көптен кеткен қыстың кетуі символ ретінде көрінеді. Сонымен бірге бақыт, қуаныш, байлық, адамның қуаныш сезімін тудыратын мерекелердің барлығы көрінеді. Бұл символикалық эпизод мерекеге қатысушылардың бойында эмоционалдық қызуды тудырады. Символ мен ассоциацияны пайдалану кезінде жүргізушілер әдетте ең басымды көркем мәнермен оқушылардың хоры ретінде іс-әрекетке енетін кезі болады. Қойылым қатысушылары көрерменнің көз алдында рольдерді бөліп алады, оған қоса - костюмдерді, реквизиттерді таңдап алады. Олардың орындалатын өлеңдерінен біз шығармашылық көзқарас, оларды толғандыратын проблеманы білеміз. Олар парад өтетін кезде пластикалық топ болып, стадион алаңында пластикалық суреттелу мағынаның белгісін жасайды. Театрландырылған қойылымдар кезінде сахнада мұндай топ «Жанды сахна шымылдығы» ретінде беріледі. Ол қойылым барысында безендіру детальдарын орнатып, сахна көлеміне «жанды қайта құрылыспен шектеп, (егер оны қандай ма болмасын талап етсе, музыкалық аспаптарды әкеліп, алып кетеді, микрофондардың орнын ауыстырып, «массовкаға» қатысып, қойылым сахнасында понтимималар жұмыс істейді. Клуб театрында бұл ассоциациялық әдіс өте маңызды роль атқарады, өйткені топтың көпшілік қатысушыларының көмегімен бұқаралық қойылым кейіпкерінің образын жасайды. Символ мен ассоциацияны көркемдік безендіру кезінде символ хабарланып, қойылым барысында ашылады. Мұндай символдың дәл эмоционалдық әсері бір эпизодтық қойылым барысында оның екінші

жоспары болып табылуында. Бір қойылымда сахнаның артқы жағында жер шарының макеті қойылады (үрілген жер шары) және финалдың әнді орындау кезінде бұл шарды спектакльдерге қатысушылар қолдарына алып, авансценаға алып шықты екі жоспардың органикалық бірігуі жүзеге асты, ол көрерменге әлем түгелдей адамның қолында, біз оны одан да таза, одан да жақсы етуіміз керек деген ойды білдіреді.

Символикалық талдап қорыту детальдардың трансформациялануы (өзгеріске түсуі) пайда болуы мүмкін.

М.С.Коган «Өнер морфологиясында» ол өзінің интеллектуалдық - мағыналық салмағына шрифт екі мағынаға ие болады: сөз тудырушы роль атқарады, ол ақпарат беріп өзінің осында екендігін білдіріп тұрады және көркемдік-бейнелік роль атқарып, эмоционалдық ассоциативтік көркемдік сурет, оның түсіне, ырғағына, композициялық құрылымына байланысты болады.

Режиссерлерге өнердің барлық түрлеріндегі белгілердің көрінуін зерттеу қажет. Европа өнерін, Шығыс өнерін, шараны қоюшының кең дүниетанымы көркемдік мәнерлеуші құралдардың белгі - нышандардың құралының спектрінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл жерде, егер белгілерді таңдау өз еркімен және бір ғана суретшінің шығармашылығына арналса - онда ол коммуникативтік функция атқарады, және шығарма түсініксіз болады. Көрермен шығармадағы хабарламаны белгілер жүйесінің бекітілген негізге сәйкес түсінуге тиісті. Осы себепті өнер шығармасын қабылдау салыстыру мен білім акті ретінде қалыптасады. Театрландырудың ерекше тілін құрайтын көркем мәнерлеуші құрал туралы сөз еткенде метафораға тоқталамыз. Бұл да режиссурадағы эмоционалдық әсер етудің маңызды құралдарының бірі.

Метафораны құру негізінде бір затты екінші затпен олардың екеуіне тән ортақ белгілеріне сәйкес салыстыру принципі жатады. Метафораның үш типі бар:

- салыстыру метафорасы, мұнда нысан екінші нысанмен салыстырылады;

- жұмбақ метафорасы, мұнда нысан екінші бір нысанмен ауыстырылған;

- Мұнда нысанға басқа да заттардың қасиеті таңылған метафора;

Сөйлеу тілінде метафоралардың қолданылуын мүлдем байқамаймыз, олар қарым-қатынас барысында өте үйреншікті болып кеткен (уақыт зырлап өтті, өмір өтіп кетті). Көркемдік шығармашылықты метафора өте белсенді болады. Образдық ойлау елестету жолымен әсер етеді. Аристотельдің поэтикасында «Бәрінен маңыздысы - метафораны шебер қолдану» деген болатын. Тек бұны екінші біреуден қабылдауға болмайды, өйткені бұл - таланттың белгісі, ал жақсы метафораны келтіру дегеніміз ұқсастықты көрсету болып табылады. Барлық метафоралар нақты емес қабылдауға есептелген, көрерменмен түсіну мен образдың эмоционалдық әсер етуді сезінуді талап етеді. Бұл жерде метафораның жасырылған екінші қырын көре білу керек. Өйткені көптеген мағынасы терең

метафоралардың жаңалығы оларды дұрыс қабылдауға бірнеше рет кедергі келтіреді, соған сәйкес алысты болжай алмайтын көрермендер мен сыншылар өздерін рухани жағынан байыта алмайды. Ойлап қарайық: режиссер (бұқаралық) көпшілік шараларды ұйымдастыру кезінде метафораны қандай мақсатта қолданады, (онда бейнеленген зат немесе түсінікті салыстыруда тікелей атауын жасырып, тек атын атайды. Бұл көрерменнің ойы мен көзге елестету қабілетін жұмыс істету үшін жасалады. Метафора бізден рухани күш жұмсауды талап етеді. Өткен ғасырдың соңында Альфред Жарри сөздік метафораны сахнаның пластикалық тіліне (қимыл) өзгертуді бастады. Мұнда көзделген мақсат біреу: образды қатар жасау, ойды поэтикалық тұрғыда тереңдету, сол арқылы режиссердің спектакльді қою барысындағы шешімін философиялық түйіндеуге жеткізуіне мүмкіндік беру:

Көпшілік шарадағы метафораны пайдалану диапазоны ауқымды: ол сыртқы безендірілуінен басталатын спектакльдің тұтастай образдық үндесуімен аяқталады. Күнделікті өмірдің көркем бейнеленуі, безендірілуімен байланысты үлкен әлеуметтік қамтуды жүзеге асыратын театр ретінде көпшілік театр режиссурасы үшін метафора үлкен маңызға ие. Тек метафора ғана нақты фактіге көркемдік ойлау, талдау аспектісінің әсерін бере алады, белгілі кейіпкерді тануға көмектеседі.

Клуб жұмысының тәжірибесін көркем түйіндеу театрландыру тілінде метафораны пайдаланудың өзіне тән жолдарын анықтауға мүмкіндік береді:

1. Безендіру метафорасы: метафора арқылы спектакльден театрлық - декорациялық безендіру жолымен образ жасаудың жолдары өте көп. Мұнда ой, идея, жоспарлау, құру, безендіру, түрлі детальдар, жарық, осылардың үйлесуімен сәйкестігі арқылы беріледі. В.И.Немирович-Данченко: «Сахнаның сыртқы безендірілуі поэтикалық негізде құрылуы керек, шет аймақтағы жердегі үйге натуралистік бағыт бермей, оны поэтикалық көңіл-күймен толтыру керек. Аздаған заттар тұтастай төгілген күн сәулесі.

2. Пантомима метафорасы. Марсель Марсоның классикалық сюжеті «Тор». Адам ұйқыдан оянып алға жүреді, алдында кедергіге тап болады. Ол - торда отыр. Төрт қабырғаны қолынан сипап, шығатын жол іздейді. Оны таба алмай қамығады, қабырғаларға соғылып аласұрады. Соңында бір саңылау табады. Сол арқылы үлкен үлкен қиналыспен сыртқа шығады. Өзін еркіндікте сезінеді. Алға жүреді. Тағы кедергі тап болады. Сөйтсе ол топ тағы бір үлкен топдың ішінде болған екен. Пантомима белгілерден құралған. Ол көркемдік тіл материалынан тұрады. Алғашқы кезде тәжірибесі аз болғандықтан сахнада аласұрып, қимылмен кедергілеп көрермен не болып жатқанын түсінбей жатқан жағдайлар кездеседі, мұндай жағдайда ештеңе түсініксіз, көрермен жесттің (ым, қимыл) ішкі мағынасын түсінбейді. Мұндай жағдайда болып жатқан қойылым мазмұнының әсерімен отырғанда барлық классикалық «мәтін» логикалық құрылған белгілер мағынасының логикалық тізбегін көреміз. Егер оның

қойылымы барысына күрес, өсу, образдық пластика т.б. көрсетілсе пантомима метафорасы қайталаулы көркемдік образ болады. Режиссер ойының көркемдік образын жасау үшін метафораның мезансцена пластикалық қимылдардың және сөздік қойылымдардың сахналануында ерекше сценарлық дайындық өңдеу керек. Актерлық ойындағы метафора жұмыс істейтін театрдың образдық құралы болып қала береді және оның көмегімен көпшілік қойылым режиссеры үлкен шаралардың образдарын жасай алады және жасауға тиісті. Алайда, осындай ауқымдылығына ақарамай көпшілік іс-әрекетке қатысушы әлеуметтік қауымның өмірлік тәжірибесі мен тығыз байланыста болу керектігі маңызды роль атқарады. Тек осы жағдайда ғана метафора түсінікті болып, бұқара халыққа эмоционалдық әсер ете алады. Сонымен біз, метафоралық сахнаның жүзеге асырылуы аудитория үшін негізгі оқиға эпизодының (үзіндінің) немесе кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастың арасында қалыптасқан қарым-қатынастың сахнада көрсетілуін айқын, көркем, көрнекі қылуға мүмкіндік беретініне көз жеткіздік. Аудитория тез әрі нақты сахнада болып жатқан оқиғаға деген көзқарасын анықтауға, алынған сахналық ақпаратқа аудиторияның белсенді қарым-қатынасын қалыптастыруға қажетті алғышарттары болып табылатын нақтылауға мүмкіндік алады. Театрландыруда маңызды орын аллегорияға беріледі. А. Ивятковскийдің «Поэтикалық сөздігінде: аллегория көрсетілетін бейненің нақты құралдың көмегімен идеямен алаңдату бейнелеу, бейне мен мағына аллегорияда, аннологияға байланысты белгіленеді (мысалы: арыстан - күштіліктің белгісі). Символдың көпмағыналылығына қарама-қарсы аллегориялық мағынасы тұрақты болып сипатталып көркем образбен ашылмайды, ол образдың бойында бар анық немесе жасырын ым мен сілтемелер образында, образды қандай ма болмасын түсінікке енгізу жолымен сипаттайды. Өмір, өлім, үміт, ашу, ар, ұят, достық, Азия Еуропа, тыныштық - осы түсініктерінің көмегімен беріледі. Аллегорияның күші де осында. Ол ұзақ ғасырлар бойы адамның әділеттілік, қайырымдылық, зұлымдық т.б. адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін көрсете білді.

Фемида құдайын грек және рим мүсіншілері екі көзі байланған, екі қолына таразы ұстаған бейнені көрсетті және адамдардың бойында әділ соттың бейнелеушісі болып қала берді. Жылан мен кесе емдеу, медицина ғылымы аллегориясы. Библияда «Қылмысты - айырбастау» тыныштық соғыстың аяқталуының белгісі. Аллегория көбінесе орта ғасырлық өнер қайта өрлеу, барынша классицизм өнеріне тән. Аллегорияның образдар француз революциясы кезіндегі мерекелерде маңызды орынға ие болды. К.Державиннің «Француз революциясының театры» атты кітабында сипатталған бір мысалда: «Декорациялық ерекше тобын сахнаны аллегориялық безендіруде апофеоз жанры және театрлық мереке жанрындағы революциялық драматургияның еркешелігін көрсете білді. Мысалы: 1793 жылы 10 қарашада салтанатпен салынған Париждегі ғұлама соборында Разуль құрметін мерекелеу революциялық сахнада белгілі бейнені оның апофеоздары мен патриоттық жанды партияларын әсемдеу

арқылы жүзеге асырылады. Собордың дәл ортасына тау орнатылып, оның шыңында философтардың революция өкілдерінің бюстімен қоршалған фронтонында «философия» деп жазуы бар храм орналастырылды. Таудың етегінде «шындық алауы» лапылдаған алтарь орналасты.

Аллегория қашан да түрлі кезеңдерде, түрлі халықтардағы көпшілік (бұқаралық) шаралардың мерекесінің режиссурасында көрнекті рөл атқарып келді. Шынайы іс-әрекет режиссурасы үшін аллегорияның маңызы - оның әрқашан символ мен метафора сияқты екі жақты жоспарлануында (бірінші жоспары – көркемдік образ, екіншісі - жағдайды білуге, тарихи жағдай мен ассоциациялықты анықтау).

Сценарий (итал.Scenario, лат. Scala) - театрландырылған қойылымның заттық-бейнелік негізі, онда кейіпкерлердің төл сөзімен сипаттау - хабарлау тілі өзара әрекет етеді. Төл сөз монолог немесе диалог қызметін атқарады.

Монолог (грек тілінен Tonos - бір, Logos - тіл) - кейіпкерлердің тілдік қарым-қатынасынан шығарылып тасталған қатысушының тілі. Мерекелік драматургияда конференссе немесе жүргізушінің әртістерге немесе мерекеге қатысушыларға айтылған сөзі.

Диалог (грек тілінде dialogos – сөз, әңгіме) - ауызша тілдің формасы, екі немесе одан да көп кейіпкерлердің театрландырылған қойылымындағы, сонымен бірге қатысушылар мен жүргізушінің әңгімелері. Сценарийдегі сипаттаушы - хабарлаушы сөз ремарка түрінде беріледі.

Ремарка (франц. - ретардис - ескерту, түсіндіру) - сценарий мәтініндегі кейіпкерлердің ісі, ым, мимика, оқиғаның жағдайына автордың беретін нұсқауы. Мерекеге қатысушылардың тәртібін, ойынның, сайыстың шартын сипаттау, т.б. төл сөздің тіліндегі қысқаша ремарка жақшаға алынып, графикалық түрде ерекшелендіріледі.

Театрландырылған қойылымын сценарийнің басты ерекшелігі - құжаттық негізі. Мерекенің дәл жүрегі - шындық оқиға - қаланың, мекеменің мерейтойы, мектеп бітіру, оқуға түсу, көркем-өнерпаздар ұжымының шығармашылық есебі т.с.с. Жергілікті жағдай халықтың күнтізбеге сәйкес дәстүрлі мерекелерде үнемі басты орында болады. Оған қоса құжат мерекелік драматургияның құрамдас элементі болып табылады. Сценаристтің «құрылыс материалы - қажетті құралдары - аудио, бейне жазбалар, кино үзінділер, шынайы кейіпкерлердің сахнаға шығуы, түрлі салтанаттар т.б. Сценарийдің екінші ерекшелігі оның синтетикалық жинақтаушы сипаты. Мұнда өнердің барлық түрі (музыка, әдебиет, театр, кино, живопись, сәулет өнері) түрлі құжаттар кездеседі. Осы екеуінің үйлесуін реттеу - келесі театрландырылған қойылымның әртүрлілігін тудырады. Концерт (италия тілінен Concerto - сайысу) - түрлі өнер саласының шағын шығармаларын халық алдында орындау.

Театрландырылған концерт - бірегей көркемдік саханның образы бар концерт, оны құру үшін театрға тән мәнерлеуші, әрлеуші құралдарды пайдалану сюжеттік жүру барысы, жүргізушінің ролдік персонификациясы, сценография, театрлық киім, грим (бет әрлеу)

сахнаның атмосферасы т.б.

Концерт сценарий көркемөнерпаздар номерлерінің тізімінен тұрады, олар жүргізуші сөзінің мәтінімен толықтырылып, көркемдеуші құралдардың (жарық, музыка, кино, слайдтар, көпшілік мизансценалар) көмегімен сүйемелденеді. Олар бірлесіп бірегей қойылым образын жасайды. Номерлер көркемдік-мағыналық блоктарға біріктіріледі. Көркемдік - мағыналық блок - бұл белгілі бір өзара ынтымақтастық орнатылған концерттік номерлер. Олар ауқымды көркемдік ой тудырады. Концерттің жекелеген бөлімдерін композициялық безендіру әдетте поэтикалық түрде болады. Театрландырылған тақырыптық кеш - бұл құжаттың көркемөнерпаздың қойылымы белгілі бір шынайы кейіпкер мен оқиғаларға негізделіп, монтаждың көмегімен құрылады. Театрландырылған тақырыптық кеш шынайы кейіпкерлердің өнер көрсетуі, жүргізушінің мәтінінен, концерттік номерлер мен театрландырылған элементтерден (слайд - фильмдер, кино үзінділер, «3»-тақпақ, «3»-өлең, «3»-құжат) немесе салтанатты қойылымның сипаттамасы.

Ойын бағдарламасы - сайыстың - ойын, сайыс негізіндегі театраландырылған қойылым ойын сайыстың бағдарлама ойындар мен сайыстар, оларды өткізуді жүргізушінің сипаттауы мен мазмұндауы. Толық ремаркалар алда болатын ойыншылар мен жанкүйерлер тәртібі туралы түсінік береді. Театраландырылған қойылым спектакль - театрландырылған көрініске ұқсас қойылым. Ол ойдан шығарылған кейіпкерлердің және диалогтық форманың бірегей сюжеті негізінде құрылған қойылым. Алайда бұл белгілер кейде жиі бұзылады. Мысалы: қойылым поли сюжетті болады. Бұл жағдайда әрбір сюжет өз бетімен жеке құрылып, онда өзінің кейіпкерлері болады. Театрландырылған қойылым-спектакль сценарийі - драматургиялық жолмен құрылып, өзі пьесаға өте жақын, ұқсас болып келеді. Таза, жеке күйінде бұл клубтық театрландырылған қойылымдар түрлері мүлдем кездесе бермейді. Бұлардың өзара бір-біріне енуі, өз-өздерін байытып, толықтыруы жиі кездеседі. Қандай ма болмасын сценарийі жазылса да, ол көздеген ойды қалыптастырудан басталады.

Сценарийде көздеген ой-мерекелік қойылымның болашақ драматургиялық өңдеу туралы ішкі түсінік. Оның қалыптасу үрдісін үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең «эмоционалдық камертонды» іздеу. Белгілі болғандай пештен бастап билейді. «Пеш» дегеніміз не екенін анықтап алуға тырысайық. Сонымен, сценарийдің көздеген мақсаты түгелдей «билеп» тұру үшін, оның түпкі шығу тегіне, яғни «тастарын» табу керек. Оның біріншісі - тақырып. Оны жалпы алғанда мерекелік күнтізбе анықтайды. Бұл халықтың және мемлекеттік мерекелер, елдің аймақтық, қалалық, өндірістің тарихи оқиғаларына қатысты түрлі мерейтойлар, атаулы жылдар т.б.келесі «кірпіш» немесе сценаристтің ойындағы келесі көздеген түпкі мақсат - театрландырылған қойылым түрі. Мерекенің драматургиялық

негізінің авторына бұл театрландырылған концерт, эстрадалық шолу, тақырыптық кеш, т.б. болатыны басынан белгілі болады немесе мерекелік шараның түрі мерекелік дәстүрлермен немесе тапсырыс берушінің қалауымен де таңдалады. Ең соңғысы: өткізу орны: мәдениет сарайының сахнасы, қалалық алаң, банкет залы, орман алаңқайы т.б.) және болашақ қатысушылар - көрермендер ең соңғы бірақ біздің шешіміміздің маңызды «кірпіштері» болып табылады.

Тақырып пен жанрдың әртүрлілігі, өткізу орны мен адресат – сценаристтің қиял жұмысқа бар ынтасымен жұмысқа кіріп, еніп кетуі үшін аз емес.

Автор ең басынан тақырыпты нақтылап, материалды ұйымдастырудың негізгі әдісін тауып, эпизодтар саны мен басты мәнерлеуші құралдарды анықтайды. Ол өз ойында сценарийдің драматургиялық тіліне енетін түрлі көркемөнерпаздар ұжымдарын және нақты сахналық номерлерді ойластырып, іріктеп шығады. Алда болатын мерекенің эмоционалдық реңін көтеретін қызықты адамдардың есімін таңдап, бірінші ассоциациялар итермелеген көркем шығармаларды оқиды. Ақырында оның санасында Ольга Форштың сөзімен айтқанда «қырлары шыққан көлем» пайда болады. Оның бір қырлары айқын көрініп тұрады. Келесі қырлары бұлдыр, анық емес. Ең бастысы бұл сатыда сценаристтің өзіне қатты ұнайтын бір нәрсе ойланып табылады. Бұл ойлап табылған ой негізгі элементтермен (тақырып, идея, жанр, дау-дамай, сценарлық өту барысы) қоса қосымша ойларды сценарийдің атауы кейіпкерлер аты, көркемөнерпаздар номерлері т.б. Бұдан ары қарай эмоционалдық камертон аңызды роль атқарады. Осы ойлап тапқанға шараның өту барысының бастапқы ойының барлық қалған құрамдас бөліктері сәйкестенеді. Бұған қоса ол автордың қиялын ынталандыруға оның бойында адасу энергиясын Л.Н.Толстой туғызуға бағытталады. Бұрын ешкім жазбаған сценарий жазуға итермелейді. Мысалы Челябинск қаласындағы бір мектептің мерейтойына арналған салтанатты шараның сценарийін ойлау барысында, автор бұрыннан таныс «Мектеп-екінші үйіміз» деген тіркеске сүйенгісі келеді. Осылайша ассоциациялық соқпақтардың бірі оны көңілді кейіпкер үй әулиесіне алып келеді. Осы жерде мектептегі ардагерлердің жаңа ғана оқу орнын бітірген жас оқытушылармен кездесуін өткізу туралы эпизод көзге елестейді. Жас оқытушыларға осы көңілді кейіпкердің бейнесінде жасалған тұмарды беріп, жақсы ниет білдіру – сценарист үшін эмоционалдың барлық жұмысының камертоны болды. Екінші кезең бастапқы ойдың негізгі элементтерін нақтылау. Сценарлық жоспар жасау. Бұл кезеңнің басталуы алда өтетін мерекенің тақырыбын анықтаумен тығыз байланысты. Кез келген шығарманың бастапқы ойында тақырып басты роль атқарады. Антикалық риторикада (шешендік өнері) «инвенцио» (тақырыпты табу) деген бөлімнен басталады, олардың қасында «диспозиция» (материалды орналастыру) және «элокуция» (стиль баяндау әдісі) деген бөлімдер бар.

Тақырып (грек тілінде - *thema* - шығарма) - бұл автордың зерттеу нысаны. Оның не бейнеленген, жоғалған деген сұраққа жауап беру керек. Немесе: сценарий не туралы болу керек? Дәл әрі дұрыс аталған тақырып, циркуль тәрізді сценаристтің зерттеуі тиісті материалдың шеңберін сызып шығады. Шамамен халықаралық әйелдер күніне арналған мерекені бейнелеп көрейік. Айталық, біздің қаладағы әйелдердің өмірін көрсету керек, сіз материалдың көптігінен ойыңызды, зейініңізді жинақтай алмай, нақты бір нәрсеге тоқтай алмай, кейіпкердің көптігінен таңдау жасай алмай қиналдыңыз. Алайда дәстүрлі орыс қолөнерімен айналысатын шеберлер туралы әңгімеге тоқталсақ, сіздің ойыңыз нақты көзге көріне, елестей бастайды. Бәрі анық бола бастайды, кітапханаға қандай әдебиетке тапсырыс беру керек, кім басты кейіпкер болады, қандай көркемөнерпаздар ұжымы мерекеге қатысады, бәрі-бәрі анықталады.

Тақырыпты өрістетудің екі әдісі бар.

1. Диахронды (грек тілінен аударғанда *dia*-жарып өту, *chronos*-уақыт)

2. Синхронды (грек тілінен аударғанда *sin*- бірге, *chronos*-уақыт).

Бірінші жағдайда көрініс өзінің даму сатысы бойынша қарастырылады. Бұл түрлі мерейтой салтанатының сценарийіне (мекеменің, қаланың, аймақтың, танымал тұлғалардың туған күндері, шығармаларының мерейтойлары) тән. Көріністің бейнелену - уақытқа байланысты, яғни туған кезінен бастап күні бүгінгіге дейін.

Екінші жағдайда: көркем зерттеудің құралы - бір өзекті мәселенің түрлі аспектілері. Бейнелеу осі - кеңістікке байланысты. Осылайша көптеген тақырыптық кештер мен ойын-сауық бағдарламаларының драмалық негізі құрылады. Мәдени тынығу бағдарламалық сценарийінің өзіне тән ерекшелігі -оның құжаттық негізінде жатыр. Сондықтан сюжет таңдау үшін негізгі оқиғаны тауып алу керек. Әйтпесе қызықты, жарқын сюжет іздеу бұдан әрі негізгі оқиғаға байланысты шешіледі. Келесі қадам - сценарий композициясын ойластыру, яғни шиеленісті оқиғаны, сахналық қойылымның сюжетін жүзеге асыру керек.

Тақырыпты ашу белгілі бір құрылымды тудырады. Мағыналық түйіндер пайда бола бастайды. Олар болашақ эпизодтардың негізі болып табылады. Оларға біз сценарий жоспарын құру туралы айтқан кезде қайтып ораламыз.

Драматургиялық зерттеудің пәні болып қашан да адамдардың қарым-қатынасы табылады. Тақырыпты нақтылап, сценарист, әдетте бір әлеуметтік - адамгершілік проблемамен (грек тілінен - *problema* мәселе) - дәл сол сәтте, дәл сол жағдайда шешілуі мүмкін емес, қиындық, қарама-қайшылық. Ал кез келген қарама қайшылық ең аз дегенде екі түрлі көзқарасқа ие. Бұл көзқарастар басқа емес, сол болашақта кездесетін драматургиялық келіспеушіліктің негізі (лат.тілінен *conflictus* - соқтығысу) болып табылады.

Драматургиялық келіспеушілік - бұл қатысушы кейіпкерлерді өмірлік мәселелерін шешу барысында бір-бірімен қақтығысуы. Театрландырылған

қойылым сценарийінде келіспеушілік өзінің драматургиялық формасына сирек ие болады. Әдетте ол түрлі көркемдік үзінділерді монтаждау кезінде, түрлі идеялық ұстанымдарды салыстыру барысында көрінеді. Саналы түрде немесе импульсияға сәйкес қойылымның бастапқы ойының авторы келіспеушілікте белігілі бір роль атқарады. Ол бейнеленген зат жөнінде аламгершілік тұрғыда ой түйіндейді. Бұл ойды сценарий идеясы деп атайды. (грек тілінен idea - түсінік, елестету).

Идея адам баласына ерекше билік жүргізеді. Ол шығармашылық үрдіске дем береді, ассоциацияның жүру барысын басқарады, қандай ма болмасын көркемдік шешімдерді ойға салады. «Кез - келген шығармада, күнделікті тіршіліктен, жүйрік уақыттан жоғары тұру үшін нәтиже беретін идея болу керек және өмірден оза шауып, мәнін жойған, дегенмен мүмкін деректі, фактіні көркемдеп, бірақ қарапайым түрде әңгімелеп береді (Вячеслав Шинков. - М.: Книга, 1989. - с.168). осыны қалай ойын-сауық бағдарламасы сценарийіне пайдалануға болады? «Рулетка» принципіне негізделген ойындар мен сайыстар негізінде құрылған «Сәттілік серік болатын» ойын-сауық сценарийінің түпкі ойынның идеялық - тақырыптық негізі қандай болу керек?

Сценарий мен жүргізу барысы барлық эпизодтар мен жекелеген жағдайларда шешім табуға мүмкіндік бере ме, немесе әрбір жеке жағдайда оларды ұйымдастыруда аранайы құрал іздей ме? Осының бәрін сценарист материалмен жұмыс істеу барысында анықтайды. Театрландырылған концертте және эстрадалық қойылымдарда әдетте сюжеттің өту барысы пайдаланылады. Бұл жағдайда қосымша мағыналық пен қатар кейіпкерлер қарым-қатынасымен, драматургиялық дау-дамай т.б.арқылы жүзеге асырылады. Көркемөнерпаздар номері немесе эстрадалық миниатюралар толық жеке автономдылықты сақтайды, ал өткізу барысында сценарийлер мен пунктердің дамуы жүзеге асады.

Сюжеттің жүру барысында кейіпкерлердің іс-әрекеті түрлі жанрлар мен сахналық қойылым қойылып әртістер арасында туындап, оларды бір мағынаның және көркемөнерпаздық шешімге бағындырып, байланыстырып отырады. Қалада өткен рождество мерекелік концертті еске алайық. Сахнаға немерелерінің қаумалауымен бір егде тартқан қария шығады. Оның қолында Мәңгілік кітап. Бәрі үстел басына орналасады, үстел үстіне шам жарық беріп тұрады. Кітапты оқу барысында сахнаға бақташылар биі, Әулие Марияны мадақтаған ән орындау, қасиетті жазуларды оқу жүзеге асырылады. Қария Інжілді ашып, Иса Пайғамбар туралы тарихты оқи бастайды.

Бұл жерде мағыналық қатар қарапайым иллюстративті байланыс бойынша орналасады. Номерлер мен сюжеттік барысы монтаж заңы бойынша өзара әрекеттеседі.

Тақырып, идея, жанр, келіспеушілік, сценарлық жүру барысы - мерекені өткізудің бастапқы ойының басты маңызды құрылымдары (компоненттері). Сонымен бірге сценарий жазушының ойында, қиялына көркемдеуші құралдардың пайда болуымен белгіленген элементтердің

әрқайсысы, олардың нақтылық деңгейі әр түрлі болуы мүмкін екендігіне қарамастан нақты суреті бейнеленіп, көзге елестей бастайды. Кей жерде тек эпизодтың негізін қалайтын өнер түрлері айталық симфониялық музыка (оркестр) және дауыстап айтылған сөз (өлең оқушы) кей жерде нақты тақырыбымен көркем шығарма елестейді, кей жерде кейіпкердің шынайы тегі (фамилиясы) көрінеді.

Сценарийдің бастапқы ойының дайындауындағы екінші кезең – олардың мазмұны қысқаша сипатталған эпизодтарының тізімі. Ол сценарлық жұру барысында мағыналық және көркемөнерпаздың контекстте кездеседі. Үшінші кезең ойдың түпкілікті жүзеге асырылуы. Сценарийде түпкі ойдың нақтылануы мен байытылуы ең соңғы нүктесі қойылғанда ғана аяқталады. Бастапқы бейнеленген ойдан аяқталған түпкілікті жұмыстың нәтижесінің айырмашылығы. Бұл әрине түсінікті. Ойдың қолжазба күйінде жүзеге асырылуы авторды көптеген мүмкіндіктерді таңдауға қояды. «Әрбір сөз реакциялар тізбегінің сансыз қатарын тізеді..... дыбыстар мен образдарды, ассоциациялар мен естеліктерді, армандар мен ойларды біртіндеп суыра береді». Бұл үрдіс тәжірибемен естелікпен бірге тіркеліп, адамның ойы пассивті болып қалмайтындығы мен күрделене түседі, ол үнемі қабаттасып, араласып, бақылап, қабылдап немесе итеріп, құрып немесе бұзып әрекет етеді.

Сценарийде қабылданып, сақталып қалған ой өзінің заңы мен өмір сүріп, одан арғы мазмұндалуына басшылық жасайды. Ойды оның жүзеге асырылу үрдісінде түзетіп отыру тек лексикалық толықтырылумен байланысты болып қоймайды, сонымен бірге барлық көркемдік және құжаттық вербалды емес сипаттағы үзінділермен толықтырылады. Эпизодтардың бірінде кино немесе бейне материалдарды пайдалану оның екіншісінде қайталанылуын талап етеді. Прологтағы салтанатты қойылым симметриялы түрде финалда пайда болуы керек. Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мұнда бір нәрсе өте маңызды: сценарий құрылымын тұтас және әр түрлі қырынан көріне білу керек. Бұл сюжеттегі өзгеріс болу қажеттілігіне мәтінде көркемдік құралдарды мағына беруге пайдалануға.

Материалмен жұмыс

Театрландырылған қойылым сценарийдегі көркемдеуші материал құжаттық материалмен еркін өзара әрекеттесіп, ерекше драматургиялық оқиғаны тудырады.

Көркемдеуші материал - өнердің барлық түрлерінің жиынтығы. Құжаттың материал шындық өмірде өз орны бар - адамдар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпарат. Мұндай ақпарат тасымалдаушысы болып - қағаз, кино, бейне және аудиотаспалар, компьютерлік дискі т.б. табылады. Құжаттың қолжетімділігі құрастырушының қолымен, түрлі мөрлермен, ғылыми еңбектерде, бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болу деректерімен «Өткен күндер» туралы сөз қозғалса тарихшылар ойларымен,

қазіргі кездегі оқиғалар туралы сөз қозғалса беделді тұлғалар т.б. куәландырылады. Сценарист тек материалдың өзара байланысының дәстүрлі екі әдісі бар.

Бірінші әдіс. Сценарист белгілі бір оқиғалармен байланысты деректерді зерттеп, өткен немесе болып жатқан оқиғалар туралы өзінің концепциясын қалыптастырып, сценарий жазады. Зерттелген оқиғалар негізінде өзінің мәтінін жазады. Француз әдебиетшісі, эссе жазушысы Поль Валериде «Арыстан өзі жеген қойдың етінен тұрады» дегені бар. Сценаристтің ойын, қиялын, ақылын не қоректендірсе де (қой еті) ол зерттелген материалға байланысты жаңа нәрсе ойлап табады да шығармашылықта өзімен өзі болып қала береді. (Арыстан).

Екінші әдіс. Сценарист құжаттарды таңдап (мәтін, аудио, бейне материалдар) көркем шығармалар немесе олардан үзінділер (өлеңдер, прозадан үзінділер, вокалды, инструменталды, хореографиялық концерттік номерлер) келтіріп, өзінің ойын сәйкес біріктіріп, монтаж эффектіні пайдаланады, жасайды.

Компилятивті деп аталатын сценарий пайда болады. Драматургиялық жұмыста көбінесе аралас нұсқа жиі қолданылады. Мұндай жағдайда сценарийде автор мәтінімен қоса құжат пайдаланылса, ерекше әннің қатарында танымал кино үзінді қойылады. Театрландырылған қойылымдардың түрлі формаларында өңделген және әлі қозғалмаған, өңделмеген материалдар пропорциясы әр түрлі болып келеді.

Театрландырылған концерт сценарийінде мәтін аз болып, негізгі бөлімді жалпы ойға, белгілі бір бағытқа байланысты емес түрлі жанрлар мамандарымен дайындалған номерлерден тұрады. Концерттік бағдарламада керісінше. Бастысы – автордың ойын ойлап тапқандарымен жүргізушінің сөзі, ал концерттік номерлер мерекелік кеште қарапайым ғана құрметті орын алады. Ұйымдастырушылар тәжірибесінде формальды компиляция да жетекші орын алады. Бір тақырыпқа арналған, бірақ түрлі авторлар қиялынан шыққан сценарийлер эпизодтарын жаңа драматургиялық нұсқада көрінеді. Мұндай операцияның берер нәтижесі шамалы, мағыналық, стилистикалық тұрғыда орналасудан басқа нәтиже бермейді. Болашақта көркемдік және құжаттық материал қалай интерпретацияланса, басында оны іріктеу мәселесі туындайды. Осыған сәйкес біздер одан талап ететін басты талаптарды қарастырамыз.

Бірінші. Материалдың сценарийдегі ойдың негізгі құрамдас бөліктеріне тақырып, идея, жанр, сценарлық жүру барыс сәйкес келеді.

Екінші. Материалдың стилистік сәйкес келуі. Әңгіме бір сценарийдің аясында түрлі авторлардың әдеби мәтіндерін пайдалану талғамсыздыққа әкеліп соғады. Оған бірнеше себеп бар. Қолданылған шығармалардың көркемдік деңгейінің әртүрлілігі, ақын-жазушылардың өздері ұстаған бағыты мен мектептерінің әртүрлілігі, бастысы - авторлық жеке - даралығы. Дегенмен, кейбір мәтіндер араларын тұтас дәуірлер (жазылған уақытынан бері) бөліп тұрса да дәл бүгін, қасында өмір сүріп жатқандай әсер етсе, кейбіреулері тақырыптарының жақындығына қарамастан бір-

бірінен алшақтап, алыстап көрінеді. Осы құбылысты өнердің өзге де түрлерінде, тіпті кейде құжаттануда да кездеседі.

Үшінші. Зерттелетін материалдың жаңашылдығы. Үнемі қайталанатын тақырыптың канон (мерекелердің жылдық қиялы) бір сценарийден екіншісіне бір әдеби фрагменттердің, үлкен бір вокалды шығармалар, сол бір көркемдік және құжаттың кинороликтердің қайталануына әсер етеді. Бұған қоса екінші, үшінші, төртінші қойылымнан кейін шынайы кейіпкердің бейнесі де көмескілене түседі. Осының бәрі стандартты драматургиялық шешімге әкеліп соқтырады, осылайша театрландырылған қойылымның құнын түсіреді.

Төртінші. Көркемдеуші материал өте жоғары сапалы болу керек. Күнтізбеден алынған тақпақтарды, сенімсіз газет-журналдардан алынған әңгімелерді алуға көп тырыспау керек. Құнсыз материалдан құны жоқ сценарий туады.

Бесінші. Құжаттың материал шындық негізді болу керек. Бірінші кезекте бұл эксклюзивті жолмен табылған мәліметтерге қатысты. Бұл жерде журналистика (тілшілік) заңы жүзеге асырылады. Әрбір таласты дерек бойынша бірнеше жақтың пікірін тыңдап, олардың көзқарастарымен санасу керек. Тарихи куәлік ету мәселесіне де өте сақтықпен қарау керек. «Өте сәнді құжаттар бар, олар адамдар сияқты өтірік айтады» деген Ю.Тынянов. Сәнділік мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар қағаздарында ғана емес, сонымен бірге жеке жазбаларда: естеліктерде, хаттарда да кездесе береді. Бұл жағдайда сценарист тарихшы сияқты бірнеше түпнұсқа әдебиетке зерттеу жасап, түрлі саяси және адамгершілік бағыттағы замандастарының куәліктеріне мойын бұру керек. Материал жинау мен одан ары қарай жүргізушілік жұмыс театрландырылған қойылым негізі ойлау мен құру әдістеріне тығыз байланысты. Егер сценарий ерекше бір тақырыпқа бағытталса, онда барлық мәтін авторлық болады, ал құру әдісі театр пьесасын құру әдісімен ұқсас болады. Оқиғадан оқиғаға өтуде драматургиялық келіспеушілікте, сахналық образға енуде «жасаушы» мен шикізаттың арасындағы қарым - қатынас дәстүрлі қалыпқа ие болады. Жұмыс негізіндегі бақылаулар, зерттелген әдебиеттер, жиналған құжаттар автордың идеялары мен қиялынан шыққан туындылары, бітісіп кеткен жұмыстар алынады. Өзге мақсатты көздеген сценаристер өзгеден материалдарды алу бағытында мәселені шешуді көздейді. Онда кейіпкерлер, сюжеттің, жекелеген элементтері, фольклорлық және әдеби шығармалар лексикасы сценарийдің бастапқы ойына негіз бола алады. Бұл әдіс бүгінгі күнде кеңінен танымал болып отыр. Мерекелік алаңға орыс ертегілерінен: Иван – ханзада, Емеля, Василиса, Жалмауыз кемпір, өлмес Кашей, Су перісі т.б. келді.

Европалық ертегілер: Күлше қыз, Қызыл телпек, т.б. Мектеп эстрадасында балалар ертегісінің кейіпкерлері: Дымбілмес, Хоттабыч қарт, Мэри Поппинс, Карлсон, түлкі Алиса, мысық Матроскин, т.б. Клуб сахнасында Чичиков, Остап Бэндер, Василий Периндер бейнеленеді.

Өзге ел ертегілерінің кейіпкерлерін иелері бұрыннан келе жатқан халық театрының дәстүрі, бұның еш ерсілігі жоқ. Оларды пайдалану түсінікті. Бұл кейіпкерлер әлдеқашан тұрақталған әлеуметтік және адамгершілік аурасының бетпердесі (маскасы) мәртебесін баяғыда – ақ алған. Сценаристке таныстыру, киімдерді дайындау, іс-әрекеттерді мотивациялау т.б. барлығы болжанып, қосымша жалғанады. Бұған қоса сценарийдің ассоциативті байытылу нәтижесі кейіпкерлері шешіп шын мәтіндер есебінен жүзеге асырылады. Сценаристің ең бастысы бұндай жұмыста түп нұсқа әдебиеттердің стилистикалық ерекшелігіне ену болып табылады. Буратино Буратиноның тілінде, Остан Бэндер – О.Бэндер тілінде сөйлеу керек. Автордың шығармашылығы, әдебиеттану және сыни зерттеулер, әдеби құндылықты тудырған автормен танысу керек. Сондай-ақ материалмен әртүрлі сипаттағы сапалы жұмыс көбінесе сценаристке аралас типті, яғни автордың шығармасынан алынған көркем туындылар мен құжаттық мәтіндер жатады. Мұндай жағдайда жұмыстың басты әдісі-монтаж. Құжаттық материал екіге бөлінеді. Оның бір жартысын сценарист мерекенің композициялық құрылымын (эпизодтар, мазмұны, сценарлық өту барысы, автордың драмалық сахнасы, жүргізуші оқитын мәтіндері) ал келесі бөлігі өздік монтажды бірліктерді қалыптастырады. Бұл өзгеріссіз тұтастай алынған құжаттар, тақырыбынан шыққан уақытына дейін және шығарушы қолы. Бұл куәліктердің стилі мен лексикасы – ешнәрсемен өзгерте алмайтын уақыттың иісін сездіреді, әңгімеде айтылып жатқан оқиға-шынайы, нанымды бола бастайды. Сценарист, өзінің ойы бойынша өзге де деректі материалдармен қызықты түрде қабыса алатын, көркемөнерпаздар номерінен кездескенде күтпеген шығармаларға құрметпен қарап, сценарийге арқау етеді. «Құрыш қалай шынықты» фильмі туралы толықтай жасалған газет анонсы (1943 жылы тамызда Челябинск кинотеатрында өтті) толып жатқан от жағатын жерді жөндеп жатқан машинистер ерлігі туралы айтылған. Бұл жөндеудің шежіресі танымал кинофильм кадрларымен сүйемелденіп, бәрі сол бір күннің ішінде болды. Нәтижесінде мағыналық стереоскоптың эффект туындады. Сценарист монтаждың осындай белсенді болуын ескеріп, көркемдік материалға да жіті қарай бастайды. Оның назарына іліккен әдеби шығармаларының шеңбері мерекенің тақырыбы мен сценарлық өту барысын, ал қаланың көркемөнерпаздар ұжымдарының репертуарын білу - оның кәсіби міндеті.

Театрландырылған қойылым сценарийінде басты роль поэзияға беріледі. Поэтикалық сөз - эмоционалды түрде анағұрлым бояуы қанық, оның шежіресі - мінажат ету, жалбарыну, дуалау, жоқтау, сын-судан аралас мәтіндерге жөн бітіріп, көрерменге әсер ету күшін ұлғайтып, сол арқылы оның жан дүниесінің ішкі қалтарыстарына әсер етіп, көңіл күйін көтереді. Пероппен толыққан поэтикалық шығарма сценарлық жүру барысына ой сілтейді. Өлеңмен құрылған метафора біз айтқан қосымша мағыналық қатар түзеді. Ритмикалық және дыбыстық ұйымдастырылған (яғни прозикалық мәтін арасында тез көрінетін) поэтикалық сөз сценарийде

композициялық жиектеу ролін орындайды. Поэтикалық сөз құжатпен монтаждалып, эстетикалық тұрғыда, мағыналық тұрғыда маңызды ете түседі. Сценарист пен материал арасындағы әртістерге оралсақ, олардың арасындағы бір вариант туралы айта кету керек. Ол әдеби монтаж жасауда пайда болады. Әңгіме дайын поэтикалық прозаикалық, құжаттық мәтіндерді бір мәтінге біріктіру болып отыр. Сценарист өзі ештеңе ойдан шығармайды. Көбінесе мұндай драматургия өмірмен, ақындар шығармашылығымен тығыз байланысты күтпеген мағыналық болжамдарды, ассоциацияларды пайда болдыратындай етіп мәтінді соғыстыру тек материал үнемі жазушының сапасын болған жағдайда болады. Өлеңдерді жатқа біліп, прозаны мәтінге жақын етіп алу керек.

Сценарий құру.

Ойды қалыптастыру, материалды зерттеу – бұл өзіндік негізгі шығармашылық жұмысқа дайындық. Сценарист үстелге отырып, алдына таза ақ қағаз алып, жаза бастағанда алдынан жаңа сұрақтар туындап, оларға жауап бермесе, еш нәрсе жасауға мүмкін болмайтын кезде болады. Мазмұндалуға тиісті қандай тарих? Ол тарихта қандай адамдар өмір сүруде? Олар қандай жағдайда өмір сүреді, оларды бір-бірімен байланыстырып тұрған не? Автордың ойында бір нәрселер елестей бастайды, сценарий жоспары көз алдында жатыр, бірақ жазба үрдісі алдағы жұмысты анағұрлым толық, ой елегінен өткізіп жазуды талап етеді. Сценарий қатысушылардың пайда болуымен басталады.

Мерекелік драматургияда оларды бірнеше топқа бөлуге болады:

-Мифологиялық, фольклорлық, әдеби, кино-теле нұсқалардан алынған кейіпкерлер.

-Мерекелік ойын дәстүрмен байланысты кейіпкерлер

Тарихи кейіпкерлер

-Автор ойлап тапқан, ерекше кейіпкерлер т.б. Өзге ертегілерден алынған кейіпкерлер – театрландырылған қойылымға тән белгі. Дәстүрлі мерекелік кейіпкерлер (Аяз Ата, Қарша қыз, т.б.) – халық театрының өзіндік маскалары (бетперделері). Олардың сахнада пайда болуы, бір қарағанда үйреншікті нәрсе болғанымен, олар өте маңызды, әрі өте қажетті функцияны атқарады көрермендердің бойында бейбітшіліктің орнап, жамандықты жақсылық жеңетініне сенім ұялатады. Тарихи кейіпкерлер театрландырылған қойылымдарда әдетте қала тарихына байланысты, даңқты отандастарының мерейтойлары, есте қалатын атаулы мерекелермен байланысты көріне алады. Санкт – Петербургта І Петрсыз, Москвада – Ю.Долгорукийсіз, Тобылда – Ермаксыз, Челябинскте – Татищевсіз өтетін мереке кемде-кем. Автор ойлап тапқан кейіпкерлер – қатысушылардың соңғы тобы болып табылады. Бұл жерде олардың пайда болуының түрлі әдістерін қадағалап отыру орынды болады. Прототиптердің іс-әрекеті. Кейіпкерлер белгілі бір шынайы адамдардың өмірін бақылау негізінде жасалады. Кейіпкерлерге ат қою – ситуациялық жағдайға байланысты болады: (трамвайда – жолаушы, билет тексеруші т.б. емтихан тапсыруда – профессор, студент, ауруханада – дәрігер, емделуші т.б.)

Кейіптеу - дерексіз ұғымдарды тірі кейіпкерге аудару жолымен аллегориялық бейнелер жасау (ес, ар-ұят, соғыс т.с.с). Түрлі кейіпкерлер бір көркем шындық оқиға аумағында бір-бірімен араластыра отырып пайдалану - сценаристтен ерекше шеберлікті талап етеді. Сценарийлерде кездесетін түсініксіз араласулар, ешқандай мағынасыз - орыс халық ертегілерінің кейіпкерлерімен қатар ағайынды Гримм ертегілері, батыс Европа романдары мен аңыздарының кейіпкерлердің сахнада әрекет етуі олақтықты көрсетеді. Осының өзі ойланған, мотивацияланған әртүрлі шығармадан алынған кейіпкерлер қақтығысы парадоксты, төтенше оқиғаларды туындатады. Мысалы В. Шуминнің «До третьих петухов» повесін алайық. Сағат 12.00-де кітапханада Шан-ханзадан Онегинге барлық кейіпкерлер тіріледі. Одан не пайда болғанын повестің өзінен оқу керек. Бізге қызығы – сценаристтің кейіпкерлерді үйлестіру шеберлігі.

Драматургиялық кеңістікке кейіпкерлерді қоныстандырып, сценарист жалпы модельдеуге тиісті ойын оқиғаның белгілерін көзіне елестете бастайды. Кейіпкерлер ұмтылған негізгі мақсаттарды нақтылап, шоғырландыру жүзеге асырып, олардың өзара қарым-қатынасы мен мінез - құлқы анықталады. Театрландырылған қойылым кейіпкерлерінің мінез-құлқы бір ортақ белгімен анықталады, сонымен қатысушыны аландағы театрдың типіне айналады. Бұл белгіні іздеп табу оңай емес, таңдауы қатесіз болуы керек. Бетперде (маска) өзіне ұқсастарды қайталап, өнер көрсетеді. Сонымен бірге тез танылуы керек. Қоршаған әлемге мұқият қарап, үнемі адамдардың мінез-құлқын бақылап отыру - драматургиялық шеберлігінің негізі болып табылады. Жазу барысында сценарист үнемі кейіпкерлерінің мінез - құлқын тезірек анықтап, көрсетуге асығады және осыған сәйкес негізгі сюжеттік тізбектен ауытқып, диалогтар қоса бастайды. Мұндағы басты құлықтың өзі сонда: кейіпкерлер біртіндеп, оқиғаның даму логикасына қатаң отырып, ашылуы керек. Кейіпкердің бейнесі, алдымен өтіп жатқан оқиғаларға реакциясы мен өзінің мақсаты мен сөзіне жету үшін қажетті құралдарды таңдауы арқылы мінез-құлқы анықталады. Кейіпкердің өзіндік тілін лексика, фразалар құрылымы, интонация, айтылған сөздің эмоционалдық бояуы т.б. қалыптастырады. Кейіпкердің белсенді сөздігі оның әлеуметтік жағдайы, мамандығы, мекен-жайы, жасы, психологиялық жаратылысы т.б. байланысты. Тілдік сипаттаманы құраудың нәтижелі және қарапайым әдісі – жасына, кәсіби дәрежесіне (жас, әскери кезең, теңізші, т.с.с) пайдалану. Ол ерекше сөздер, салалық терминдер, идиомалық сөздер, эфимизм т.б. ойдан шығарылған оқиғаны диалог арқылы мазмұндау – драмалық жазудың негізгі ерекшелігі. Оған кірісу үшін оқиғаны түгелдей, жан-жақты ойлап алу керек., яғни сюжет дайындау қажет.

Сюжет (франц. тілінен *сujet* - зат) - драмалық шығармадағы оқиғаның желісі оқиғаның дамуы. Оны либретто жазудан яғни драмалық шығармашылық қысқаша мазмұнынан бастау дұрыс. Одан әрі оқиғаның диалогтар арқылғы беріліп, сахнаға шығарылатын бөліктері және сюжеттің сыртында қалатын бөліктері (ол туралы көрермен тек сахналық

диалогтар арқылы біледі) жүзеге асырылады. Басты оқиға белгіленеді. (әдетте шығарманың негізі ойы мен бастапқы оқиға желісі ашылатын, сюжет сыртында сахналық оқиғаның алдында орналасқан). Бұл оқиға - драмалық оқиғаның пайда болуының басты себебі. Айталық, жаңа шындық театрландырылған қойылымдардың әр түрін бір сюжеттік схемаға біріктіруге болады.

Бастапқы оқиға. Мерекелік салтанатты бастауға кедергі болатын бір жағдай болды (Аяз Атаның сыйлық толы дорбасы немесе ақ таяғы жоғалып кетті, Ақша қар Жалмауыз кемпірге тұтқынға түсіп қалды, жаңа жылдық шырша жоғалып кетті т.б.)

Негізгі оқиға. Кейіпкерлердің көмегімен Аяз Атаға дорбасы мен таяғы қайтарылады, Ақша қар тұтқыннан босатылады, шырша табылады. Мұндай театрландырылған қойылымдарды негізгі оқиға болжанып тұрады, тек оны күту көрермендердің қызығушылығын оятады. Егер драматург сахналық қойылымында қалыпты схеманы бұзып, оқыс бетбұрыс жасаса, оған деген эстетикалық реакция анағұрлым өткірлеу болады. Сондықтан оқиғадағы шұғыл бетбұрыс, дау-дамайды шешудегі ерекше бір әрекет, оқиғаны дамытуда басты ережесі болып табылады. Драматургиялық оқиғаны баяндау экспозициядан басталады.

Эскпозиция (лат.тілінде exposition - мазмұндау, түсіндіру, баяндау) сюжеттің құрамдас бөлігі, кейіпкерлердің шиеленісі туындап, дау-дамайдың өршіп тұрған кезіндегі өмірін баяндайтын сюжеттің компоненті. Бұл кейіпкерді ойдан шығарылған оқиғаның жағдайына енгізудің өзіндік жолы. Сценарий мәтінінде: ремарка, диалог, монологтар туралы мәліметтер беріліп, болып жатқан оқиғаны одан әрі түсінуге қажетті мәліметтер беріледі. Мерекелік драматургия ұзақ сөзді, толық түсіндіруді қажет етпейді. Театрландырылған қойылым экспозициясы әдетте өте қысқа болады, өйткені көп жағдай болатын оқиғамен мереке өтетін себеппен, оны өткізудің көркемөнерпаздық, фольклорлық дәстүрі мен түсіндіріледі. Сценарий беттерінде бір-бірімен қарама-қайшылық жағы кейіпкерлер пайда болғаннан кейін драмалық оқиға жаңа фазаға өтеді. Кейіпкерлер арасындағы алғашқы қақтығысты, оқиға дамуының басталуын шиеленіс деп аталады. Бұл сюжеттің екінші компоненті осы жерде қатысушылардың негізгі мақсаты нақтыланып, дау-дамайдағы негізгі күштердің орналастырылуы анықталады. Сюжеттің келесі және негізгі құрамдас бөлігі - оқиғаның дамуы. Бұл дегеніміз драмалық оқиғаның толық баяндалуы, ол кейіпкерлер тағдырларының күтпеген өзгерістерінен тұратын перипетия деп аталатын кезеңнен тұрады.

Перипетия (грек тілінен peripetia) шешуші сәт, оқыс бұрылыс. Оқиғаның дамуы эпизодтар тізбегімен, әрбір келесі болатын эпизод жаңа кейіпкердің пайда болуымен байланысты болады. Сценарист сюжетті ашу үрдісінде күтуі мүмкін қауіп-кейіпкерлердің шамадан тыс көп сөзділігі. Осы жерде өзін-өзі шектеудің қатаң тиымы аса қажет. Кейіпкерлердің негізгі мақсаты - қандай ма болмасын перипетиялардың қажеттілігін анықтайтын камиртон болып табылады. Күрестің даму логикасы біртіндеп

ең жоғарғы ширығу сәтіне әкеледі. Сюжеттің осы келесі компоненті - кульминация деп аталады. (лат.тілінде *culmen* - биік шың). Дәл осы жерде кейіпкерлердің идеялық және адамгершілік көзқарастары, сонымен бірге автордың да көзқарасы жоғарғы күшпен айқындалып, ашылады. Драматургиялық оқиғаны мазмұндау келіспеушіліктің дамуының ең соңғы сәті - шешілуге (развязка) әкеледі. Күрестің нәтижесі шығарылып, жұмбақтар шешіліп, бүкіл қойылым бойына қызығушылық тудырып отырған мәселелердің сюжетті құрғандағы нақты әдістері аяқталады. Сюжет компоненттерінің реті (ол жоспарланған нұсқадан басқа болуы да мүмкін) олардың мөлшері, қатынасы - композиция деп аталады. (лат.тілінен *composition* - құру, байланыстыру).

Сценарийлермен қатар дәстүрлі театр пьесаларына өзінің құрылымы жағынан жақыны - мерекелік қойылымға негіз бола алатын полисюжетті шығармалар. Олар эпизодтардан - миниатюрадан тұрады. Олардың басқа да кейіпкерлермен байланыстылығына қарамастан әрқайсысы жеке сюжеттің бірлігі ретінде көрінеді. Бұл жағдайда драматургиялық құрылым заңдылығы әрбір миниатюра ішінде жеке қызмет етеді. Сол сияқты барлық сценариймен де бірлесе әрекет жасайды. Эстрадалық миниатюра театры, КТК т.с.с. қойылымдардың әдеби негізі полисюжетті болып келеді. Енді осы кітаптың басына оралып, өзге типтегі, ойдан шығарылған кейіпкерлер тобымен бірге жүргізушілер, концерттік номерлерді орындаушылар, шынайы кейіпкерлер болып, сюжеттік байланыстар монтажды байланыстарға орнап береді. Бұл жерде әңгіме тақырыптық кештердің, концерттік және байқау - ойын бағдарламалардың әдеби негізі туралы айтылып отыр. Жүргізуші бейнесі бірдей бола бермейді. Ол шындық өмірдегідей (өзін нақты аты-жөнімен аталған тұлға ретінде) немесе өзге бейнеде (өзгенің атынан, өзге кейіпкер немесе бетперде (маска) арқылы) жүргізе алады. Мысалы, И.Ильф пен Е.Петровтың «Он екі орындық» атты романы бойынша құрылған ойын бағдарламасын жүргізуші жәй жүргізуші ретінде де, немесе О.Бендер бейнесінде жүргізе алады. Ал театрландырылған қойылым - ойында барлық қатысушыларда жүргізуші қызметін атқара алады. Кейіпкер атынан жүргізу мәтінін жазу қиын, өйткені кейіпкер оған тән емес жағдайда қойылған, бірақ бұл жұмыс өте қызықты орындалады. Монологтар бұл жағдайда стилистикалық бояу алып, жанды, бейнені кейіпке енеді. Шынайы кейіпкерлер қатысқан театрландырылған қойылымда өнер көрсету. Мерекелік драматургияның басты қасиеттерінің бірі. Қандай да болмасын оқиға туралы айта отырып, сценарист үнемі оған қатысушылардың куәлік етуіне жүгініп отырады. Сюжетті ашуда олардың сөзі жүргізушінің айтатын авторлық мәтіннен маңыздылығы кем емес, оны күні бұрын жазуға болмайды. Сондықтан болашақтағы қойылымның мүмкін болатын нұсқаларын болжау қажеттілігі туындайды. Бұл принцип ойын бағдарламалары мен тақырыптық кештерде жарқын жүзеге асырылады. Мұндай сценарийлерді жазуда ремаркалар ролі өсіп, драмалық жағдайларды дамытудың мүмкін болатын жолдары

көрсетіледі. Шынайы кейіпкерлер мен байланысты сюжет тудырушы компоненттерді айтайық:

- Ауызша сөз сөйлеу
- Көркемөнерпаздар номерлері
- Ойын немесе сайыс тапсырмаларына қатысу
- Салт-дәстүр қойылымдары

Нақты жағдайдағы сценаристтің міндеті – шынайы кейіпкерлерді қойылымның дамуына қатыстыруда нақты шамасын іздеу. Түрлі көркем-мәнерлеуші құралдар көмегімен көрермендерді олардың қойылымда пайда болуына эмоционалды түрде дайындау. Мерекелік драматургияда қатысушылардың ерекше тобын көркемөнерпаздар номерлері құрайды. Театрландырылған қойылымда олардың өнер көрсетуі - нақты, шынайы кейіпкерлер қатысқандай сюжеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Сценарийдің мағыналық негізі - тек орындалатын шығарма ғана емес, сонымен бірге орындаушылық өз іс-әрекеті. Сюжеттің құрылуында монтаж әдісінде бірыңғай әрекетті құру мүмкін емес. Көркемдеуші фрагменттер (үзінділер) бір-бірімен ұшыраспайды (түрлі кейіпкерлер т.б.); такты номерлер жеткілікті құжаттық материал мен шынайы кейіпкерлердің өнер көрсетуі ойдан шығарылған оқиғамен тікелей байланысты емес. Бірақ ойдың бірлігі жүзеге асады. Оқиға емес, мағына дамиды. Көркемөнерпаздың және құжаттық фрагменттер (үзінділер) жаңа драмалық кеңістік пайда болады, негізгі құрылымдық бірлік - эпизод болып табылады.

Эпизод (грек тілінен *episodion* - оқиға, жағдай) - аяқталған шешім мен заңдылық негізінде құрылған композицияда тұратын іс-әрекеттің өздік бірлігі. Оған бірнеше түрлі тектен құралған материалдар топтастырылады. Байқау (сайыс) - ойын бағдарламаларында сюжет түрлі әдістермен баяндалады. Театрландырылған жалпы сюжет құраушы заңдылықтарға бағынады, ал ойын бағдарламалары бір немесе екі жүргізуші болатын (монобағдарламалардың) өзіндік ерекшеліктері болады. Жүргізушінің мәтінінде сайыстардың, ойындардың, т.б. шартын түсіндіру жинақталған. Ойын іс-әрекеті үнемі жылжып отыратын, қозғалысқа түсетін өзіндік фарватор белгіленеді. Ойын сюжеті барлық перипетиялармен оны өткізу кезінде пайда болады. Сондықтан жеңімпаз қарапайым және анық критерийлер бойынша (кім жылдам, кім көбірек, кім дәлірек т.с.с) анықталатын байқаулар жиірек таңдалады, онда төреші ретінде көрермендер мен қазылар алқасын шақырмай-ақ қатысушылардың өздерінің үздік шығармашылық қабілеттерін көрсетуге шақыратын ережелер жасау: тапқырлық, қалжың, шапшаңдық көрсететін нағыз, құмарлық тудыратын, қатысушылардың бәрі қатысатын ойындар мен байқаулар өткізу. Жарысқа қатысушылар мен жанкүйерлер әрекетін болжау сценаристті мәтіндік нұсқаларды жасауға итермелеп, сюжеттің өзін дамытуға әкеледі.

Эпос - халық ауыз әдебиеті, баяндау, бірінші жақтан мазмұндау, хронологиялық тәртіппен орналасқан ауызша әңгімелер, ертегілер,

аңыздар т.б. Эпосқа кейіпкерлердің психологиялық қобалжуын туғызбайтын әсер ету тән. Эпостың негізгі кейіпкерлері халық ертегілеріндегі халық батырлары табиғат күштері, Ежелгі Грециядағы алыптар мен аңыздағы батырлар эпостағы сөз диалог және монолог ретінде берілуі кездеспейді.

Жазудың шығуына байланысты эпосқа прозалық шығармаларды да жатқыза бастады.

Лирика - кейіпкерлер мен авторлардың табиғаттың көңіл-күйлері сипатталуы маңызды орын алатын әдеби шығармалар.

Драма - оқиғаның сипаты қатысушылардың диалогы ретінде жүргізіліп, сахналық бейнеленуге арналған әдеби шығармалар. Драманың басты ерекшелігі - келіспеушілікті диалогтар мен монологтар қолдану арқылы дамыту. Автордың жазғанын түсіндіру үшін ремарка пайдаланылады.

Сценарий - қатысушылардың не айтатыны, не істейтіні нақты көрсетіліп, қандай көркем шығармалар пайдаланылып, оқиға қандай жағдайда жүретінін толық мазмұндайтын әдеби әдістемелік құрал.

Драматургия - мәдени - тынығу бағдарламасының сюжетті - бейнені концепциясы (көзқарас), ол спектакль, кинофильм, эстрадалық номер, салт-дәстүр т.б. болуы мүмкін.

Драматургия - бағдарламалық сюжетті - бейнені шешімін құру мен ойнату арқылы драматургиялық қойылымның өзі көпшілік қойылымның сюжетті - образды концепциясы.

Сценарлық жоспар нақты тақырыпты, идеясы, педагогикалық міндеттері, сипаттамасы, аудиториясы дайындалған сценарийдің композициялық құрылысының сызбасы.

Либретто - сценарлық жоспардан да кеңейтілген, театралдық - музыкалық-вокалдық шығарманың қысқаша мазмұны.

Әдеби сценарий - идеялық тақырыптың ойда толық мәтінде, қатысушылар туралы толық сипаттама музыканың сүйемелдеу, техникалық қызметті пайдаланылатын әдеби өңдеу.

Режиссерлық сценарий - әдеби сценарийдің кеңейтілген жоспары, онда сценалық алаң дәл көрсетіліп, техникалық қызметті тиімді пайдалану, жарық пен дыбыс партитурасы, уақыт, мизансцена, орындаушылар, әдеби мәтіндер мен ұйымдастыру сәттері толық әрі нақты көрсетіледі.

Мәдени-тынығу бағдарламасы - дәстүрлі өзіндік ерекшелігі бар өнім, ол сахналық - режиссерлық ой негізінде бағдарламаға қатысушылар мен көрермендердің әлеуметтік - мәдени шығармашылығы мен байытылады.

Мәдени - тынығу бағдарламасының формасы - бұл маманның мәселелер көзқарасының бір бұрышы, материал мен аудиторияны ұйымдастыру негізінде пайда болған құрылым. Бастапқы ой - автор (сценарист, режиссер) ойлап тапқан бағдарламалық құрылымы, ол негізгі ойдың (тақырып, идея) және шығармашылық үрдістер элементтерін түрлендіреді.

Композиция - (қосу, орналастыру, құрастыру) көркем шығарманы құрастыру.

Монтаж - мәдени-тынығу жұмысының әдісі шынайы тұлғалардың сөздерін, құжаттардың қанатты сөздерін, көркем әдебиет шығармаларының үзінділері, кинофильмдер, музыкалық фрагменттер т.б. элементтерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Монтаж» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Монтаждың негізгі түрлерінің сипаттамасы?
3. Эпизод, лейтмотив ұғымына анықтама беріңіз.
4. «Монтаждың негізгі принциптері» тақырыбына презентация дайындау.
5. Клубтық сценарийдегі ауыз-екі сөздің ролі?
6. Безендіру метафорасы және пантомима метафорасын ашып көрсетіңіз.
7. Тақырып бойынша глоссарий құру. (15-тен кем емес).
8. Тақырыпта кездесетін анықтамаларды айқындау, қысқаша (0,5 беттен аспайтын) эссе жазу.

МӘДЕНИ - ТЫНЫҒУ ҚЫЗМЕТІ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ СЦЕНАРИЯЛЫҚ - РЕЖИССЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

Технологиялық процестің маңызды компоненттерінің бірі - драматургия. Бұл компоненттің ерекше маңыздылығы мұнда мәдени-тынығу бағдарламасы жобасының бастамасы негізін қалайды. Мәдени-тынығу бағдарламасының жобасын пайымдау, мақсат қойылатын ой деңгейінде туындайды. Бұл жерде оны туындатуға жария етілген сұраныспен тілек олардың қанағаттандырылмаған жағдайлары арасындағы шиеленіс, яғни қарама - қайшылық түрткі болады. Қарама - қайшылықты мойындау, мәдени - тынығу бағдарламасы деген атаумен сәйкес бола алатын мәселені қалыптастырады. Мұнда ұсынылатын іс - әрекеттің түпкі ойын беретін технологиялық процестің негізгі элементі - мақсаты көрінеді және оны қалыптастыруды бастайды. Одан әрі мақсат құрылымдық жүйе сияқты конструктивті бөлшектерді және белгілі бір мазмұнмен толықтырады. Мәдени - тынығу бағдарламаның құрылымы идеалды жобалау сияқты әдеби түпкі ойдың заңы бойынша жүреді.

Мәдени - тынығу бағдарламасының сценарийін құру механизмін түсіну, бұл іс- әрекетті бағдарламалап үйрену, оларды режиссерлік басқару, саналы түрде оны құру болып табылады. Драматургия бастапқы, ал режиссура екінші орында тұрса, ал сценарий жазушы бағдарламаны жобалаудағы шешуші ой- пікірді естудің мүмкіндігін ала алады.

8-сабақ Мәдени - тынығу бағдарламаларының драматургиясы

Мәдени- тынығу қызметі технологияларының қазіргі адамға, оның психологиясына, соның ішінде үйдегі тынығуы жағдайына көңіл бөле отырып кешенді түрде қолайлы педагогикалық аспап ретінде әсер ету, бұл мәдени мекемелер қызметінің шекаларын анықтау қажеттілігіне алып келді. Мәдениет мекемелерінің ведомствалық ортақтастықта болуы (ҚР Мәдениет министрлігі, ведомства, шығармашылық одақтар, кәсіподақ комитеттері), жүйелі үлестіруші орталықтың болмауы, түрлі ведомстволар қызметіндегі әркелкілік, жұмыстардың нысандары мен әдістерін ретсіз қолдану көптеген жағымсыз мәселелер туындатты. Әсіресе мәдени-тынығу қызметінің драматургиясы жөніндегі мәселе көккейтесті мәселе болып отыр.

Драматургия мәдени- тынығу қызметтерінің әр алуан бағыттарын жүзеге асыруға болатын түрлі нысандарды бір-бірімен байланыстыратын негіз болып табылады. Драмалық материалды іріктеп, қолдану мәдени-тынығу қызметінің маңызды факторы болып саналады. Мұнда алдымен төмендегілерге назар аудару керек: қызмет нысаны (көпшілік, топтық, жеке); өткізетін орны (үй немесе мәдени мекеме); аудитория құрамы. Драма тарапынан алып қарағанда, мәдени- тынығу бағдарламасы – бұл сценариялық- режиссерлік түпкі ой негізінде жасалған, бағдарлама

қатысушыларымен көрермендердің өздерінің әлеуметтік-мәдени шығармашылығымен байып отыратын өзінше бір дәстүрлі өнім.

Ел, аймақ, ауыл өмірінде, әрбір еңбек ұжымында, әрбір отбасында қайталанбайтын бір оқиғаның материалы болады, бұл мамандарға мәдени-тынығу бағдарламасының тақырыбын анықтауға мүмкіндік береді.

Драматургия – мәдени- тынығу бағдарламасының сюжеттік- образдық концепциясы, яғни спектакль, кинофильм, эстрадалық нөмір, салт- дәстүр және т.б. қарау. Драматургия – бұл көпшілік іс- әрекеттің сюжеттік-образдық концепциясы, онда драматургиялық іс- әрекет бағдарламаның сюжеттік- образдық шешімін шығарып, ойнап шығу арқылы жасалады.

Алайда театр шығармашылығында шығарылатын материал ретінде нақты бір пьеса берілсе, оның әдеби материалы негізінде спектакль актерлерінің орындауымен идеялық мәні ауқымды, туынды жасалады, ондағы мәдени- тынығу бағдарламасы көрнекті құралдар көмегімен шынайы өмірлік материал, шынайы кейіпкерлер болып табылатын аудиторияның көмегімен жүзеге асады. Әрине, мұнда қолдану аясы әр түрлі болады: бір жағдайда, автор жасаған идеялық- тақырыптық негізде көңіл бөле отырып, оның түпкі негізінде спектакль құрылатын пьеса, екінші жағдайда, нақты бір шынайы жағдаят. Бір жағында, режиссер пьесадан өмірге қарай, ал екінші жағында, өмірден пьесаға қарай, яғни театр заңы бойынша қайда көрініс ұйымдастырылса, өзіндік ерекше тәсілдерімен соған қарай жүреді.

Мәдениет мекемелерінде: сценарий жазушы шығармашылығы кәсіби; драматургиялық шығармашылық ұжым түрінде және жекелеген түрде жүзеге асады; мәдени- тынығу бағдарламалары драматургиясы динамикалы және оперативті; міндеттерді шешетін мәдениет мекемелерінің көпқырлылығы мен оперативтілігі, оларға жарияланған әдеби- көркем, құжаттық және тарихи шығармаларда немесе олардың фрагменттерінің сценарийлерінде пайдалану құқын береді; драматург міндеті – аудиторияға едәуір әсерлі зияткерлік және эмоционалдық ықпал туғызу; құжаттарды және көркем материалды пайдалану монтаж әдісі негізінде жүргізіледі; мәдени- тынығу бағдарламалары сценарийлерінде кейіпкер- нақты, шынайы өмірдегі адам немесе көркем образ; сценарий жазушы адамның міндеті, тек сахнада ғана емес, сондай-ақ көрермендер залында, көшеде, үйде де жүзеге аса алатын болашақ бағдарламаның ерекше жобасын жасау.

Театрда: драматургтың шығармашылығының оқшау сипаты болады; жазылған пьеса өзгеше шығармашылықты талап етеді; деректі материалды қолдану өте сирек, бірақ негізінен драматург шығармашылығы көркем түпкі ойды жеткізеді; пьеса актілер бойынша құрылады; драматургтың міндеті пьесаны көркем құндылық түрінде жасау (өнер шығармашылығы), театр драматургиясы сахнасы; пьеса кейіпкері – көркем қорытылған образ; драматургтың міндеті нақты бір кейіпкерді әлеуметтік белгілермен бөліп, типтік образ жасап шығару.

Көріп отырғанымыздай, мәдени- тынығу бағдарламалар драматургиясының театр драматургиясынан ерекшеленетін көптеген белгілері бар. Алайда ең көп танымал болатын мәдени- тынығу бағдарламаларының нысандары жақсы жазылған драмалық сценарийлер негізінде жүргізіледі.

Сценарий – бұл іс- әрекет етуші тұлғаның не айтқанын және қандай әрекет жасағанын, қандай көркем шығарма орындайтынын және т.б. нақты көрсетіп отыратын мазмұнның жан - жақты жетік әдеби әзірлемесі. Сценарий алуан түрлі мәліметтермен, өмірлік деректермен, деректі және көркем материалдармен толықтырылады. Әрбір маман мәдени- тынығу бағдарламалар драматургиясының негіздерін меңгеруі керек. Мәдени- тынығу бағдарламалары драматургиясының негізгі нысаны – сценарий болып табылады.

Пәндік қызмет драматургияның негізінде, яғни көркемөнерпаздар немесе техникалық шығармашылық ұжымдарындағы (әдістеме оқытандар) сабақтарда сценарийлік жоспар жатады. Мұнда мәнерлілік амал- тәсілдердің бәрі драматургия заңдарымен сәйкес пайдаланылады.

Сценариймен жұмысты тақырып пен идеяның анықтамаларынан бастаған жөн. Бұл екі түсінік бір- бірімен тығыз байланысты, бірақ бір- бірінен айырмашылықтары бар. Тақырып – автордың таңдаған және оның жарыққа шығаратын құбылыстарының шеңбері. Идея – бейнеленетін оқиғаның негізгі тұжырымы, түпкі ойы, бағасы.

Тақырып, әдетте басынан бастап беріледі, ал идеяға жалпы басты тұжырым болғандықтан, сценарий жазушы да, режиссер де бірте- бірте бағдарламаға қатысушыларды да, көрермендерді де жетелеуі керек.

Кейбір жұмысшылардың көбіне жіберетін қателіктері сол, бұлар көрермендерге идеяны дайын күйінде, басынан бастап көрсетуге жиі ұмытылатындықтары. Алайда олардың шығармашылық міндеттері – іс- әрекетті белсенді қабылдауға ояту, әр қайсысын оқиғаның қатысушысы болуға, өзіне идеяны пайымдатуға мәжбүрлеу. Сонда ғана идеяны түсіну міндеті іс- әрекеттің дамуына бағынады.

Мәдени - тынығу бағдарламасы сценарийінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі, оның құжаттық негізінен тұрады. Сондықтан сюжетті таңдау үшін негізгі оқиғаны табу керек, әйтпесе ерекше қызықты сюжетті одан әрі іздеу негізгі оқиғамен айқындалатын болады. Келесі қадам сценарийдің композициясын ойлап табу, яғни сценарийлік іс - әрекеттегі шиеленіс пен сюжетті жүзеге асыру. Композиция іс - әрекетті ұйымдастыру және материалдың сәйкес келетін жағы. Ол арнайы қарастыруды қажет етеді. Сценарийде экспозицияны қарастыру керек, яғни іс - әрекетті енгізу, оқиғалар шиеленістің туындауы жөнінде қысқа әңгімелер. Экспозиция, әдетте, түйінде немесе іс - әрекеттің тікелей басталуында ұлғаяды. Экспозицияда, түйін де белгілі деңгейде айқын, әрі қысқа айтылуы керек.

Негізгі іс- әрекет. Бұл бөлімде төмендегідей заңдарға бағынады. Тақырып құрылымының қатаң логикалылығы және дамуы. Әрбір эпизод

жүріп жатқан және келесі болатын ой «иірімдерімен» біте қайнасып, байланысып тұруы керек.

Іс- әрекеттің ұлғаюы. Іс- әрекеттің берілген экспозициясы - түйіні кульминация мен шешілуге қарай өсу бойынша дамып отырады. Эмоциялы күшті эпизодтардан едәуір әлсізденуіне қарай жүруге болмайды. Бірден қандай да бір басқа ұжымдық әрекеттің көпшілік әніне залды тартуға ұмытылмаған жөн, өйткені бірлескен қатысу - бұл ең жоғары эмоционалдық сәт, оған психологиялық дайындық қажет.

Әрбір жекелеген эпизодтың аяқталуы. Эпизод миниатюрасында сценарийдің барлығын түгел қайталануы, бүкіл құранды сәттері, аяқталған композициясы болуы керек. Іс - әрекетті міндетті түрде драматургиялық түпкі ой идеясы шоғырланған түрде көрінетін кульминацияға дейін жеткізу керек. Финал (соңы) - композицияның ең маңызды бөлігі, оның ерекше ой жүгі болады, бүкіл қатысушылардың жоғары деңгейдегі көріну белсенділігі үшін маңызды сәт болып табылады.

Мәдени - тынығу бағдарламалар драматургиясының ерекшелігі, оның шығармашылық сипаты сценарий құру кезіндегі монтаж әдісінің мәнін өсіреді. Сценарий жекелеген эпизодқа бөлініп кетпеу үшін, көркемдік иллюстрациялар қойып қойған нөмір, ал ауызша сөйлеулер оған қажетсіз толықтырулар сияқты көрінбеу үшін негіз бола алатын бірыңғай сюжеттік жүріс тауып алу керек. Сюжеттің дамуын қозғап отыруға берілген жүріс сценарий монтажы кезіндегі негізгі байланыстырушы сәт болып табылады.

Мұндай материал шектен тыс «ала-құла» болмауы үшін бір эпизодтан екіншісіне жалғасатыны «көпір» жасау маңызды.

Сәтті тоғыстырулар екі мүлдем әр түрлі элементтердің ән мен кинокадрлардың, музыка мен драматургиялық фрагменттің біртұтастығын тудырады, екеуі бірлесіп көркемдік иллюстрация мен деректі көріністі жасайды.

Мәдени - тынығу бағдарламалары драматургиясының ерекшеліктерінің бірі - өмірдің нақты фактілерін беретін сценарийлерінің болуы. Сценарий негізіне нақты фактілерді көрсету үшін, берілген ұжымның немесе ауданның өмірін жақсы білу керек, одан сюжеттер мен фактілер шығару қажет. Құжаттық негіз - драмалық мәдени - тынығу бағдарламалары драматургиялары үшін тән нәрсе, ол жақын, әрі түсінікті материалда маңызды саяси және адамгершілік мәселелерді ашу үшін, жалпы процестерді ақиқат өмірдегі адамдардың тағдырларында бейнелеп, іс - әрекетке ерекше эмоционалдық рең беру және сендірерліктей болуы үшін қажет болады.

Мәдени - тынығу бағдарламаларының сценарийлері екі түрлі тәсілдермен жасалады: жинақтау және тыңдау. Жинақтау типизациясында автор ақиқат негізінде қорытылған образды жасайды. Мұндай жағдайда, сценаристің міндеті ойдан шығарылған образды жасаудан тұрады, онда заманауи бір жағымды кейіпкердің сипаты беріледі: ҰОС ардагері, қатысушысы, белгілі тұлға т.б.

Таңдау типизациясы бір адам туралы әңгіме арқылы көптеген адамдардың өмір сүру салтын көрсетуге мүмкіндік береді. Қандай жағдай болса да, сценарий жазушы көрермендердің іс-әрекетті белсенді қабылдауына қызығушылықтарын оята білу амалын табуы қажет. Белсенділендіру элементтеріне мыналар жатады: аудиторияға тікелей қарым- қатынас, әнді ұжымдық орындау, түрлі азаматтық дәстүрлерді жүзеге асыру, туды шығару, аудиториядан сұрақтар және т.б.

Өмірдегі құжаттылық принциптерін табысты жүзеге асыру, жергілікті көркем және публицистикалық материалды сәтті пайдалану көпшілік адамдардың инициативасын оятатын іс - әрекеттерде импровизациялау мүмкіндігін береді, шығармашылық атмосферасын және еркін қарым - қатынас туғызады және көрермендер залы мен сахна арасындағы тосқауылды жояды. Импровизация тәсілдерінің бірі, сценарийге бағдарламаны ұйымдастырушылардың ептілігіне орай балалар да, ересектерде қатыса алатын ойын элементтерін енгізу болып табылады.

Сценарий жазушының маңызды мәселесі – мәдени- тынығу бағдарламасының нысанын анықтау, алайда бұл жерде «нысаны да, көлемі де, материал түсі мен қызмет тәсілдері емес, көрермендердің елестетуінде олардың сақталып қалуын анықтайтын берілген қызмет үшін оның мәні» маңызды.

Мәдени- тынығу қызметі формасы (пішіні) - бұл маманның материал және аудиторияларды ұйымдастыру негізінде туындайтын мәселелерге, құрылымдарға көзқарасы. Пішін мазмұнсыз, мағынасыз жүзеге аса алмайды. Сонымен мәдени-тынығу бағдарламалар драматургиясы төмендегідей міндетті элементтерден тұрады: мақсат- қатысушылардың ұйымдастырылған қарым - қатынасынан күтілетін эффекті; әдістемелік принципке сәйкес келетін сипаттама; қатысушылар қызметін ұйымдастырудың нысандары, құралдары және амал- тәсілдерін қолдану логикасы; оның тиімді таратылуы жағдайының жиынтығы.

Онда құрылымдық қарым - қатынаста мәдени - тынығу бағдарламаларының әрбір сценарийі мәдениет мекемелеріндегі біртұтас технологиялық процеске құндылық - бағдарлы, белсенді - қызметтілік тұрғысынан қарау талаптарымен сәйкес келе алады. Мұнда драматургияның міндетті компоненттері болып, төмендегідей сипатқа ие болатын сандық және сапалық көрсеткіштер болып табылады:

- қоғам алдында тұратын ағымдағы қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық, мәдени міндеттер позициялары мен мәдени - тынығу бағдарламалардың өзектілігі;

- олардың ұйымдастырушылық, педагогикалық және көркемдік аспектілердегі бұрынғы және одан кейінгі де бағдарламалардың органикалық байланыстарын көрсететін дайындықтары мен өткізулерінің сабақтастығы және бірізділігі;

- бағдарламалардың жанрлық алуан түрлілігі, қайталанатын бағдарламалардың модификациясының мүмкіндігі.

Драматургияда мәдени- тынығу бағдарламаларын таңғажайып ағза

ретінде, жанды тұлғалардың галереясы ретінде қарастыруға болады. Ал сценарийлік шеберлік маманда сценарийлік қызметтің негізі ретіндегі көркем ойлаудың болуымен сипатталады. Драматургия ерекшелігі мәдени-тынығу қызметінің көркемдік - мәнерлі құралдарымен, сценариймен жұмыстану әдістемесімен, оның сюжеттік - композициялық құрылымымен және бағдарламаның сахналық кейіптелуімен айқындалады.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Сценарий» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Клубтық сценарий ұғымы, оның бағдарлары?
3. Клубтық сценарийдің құрылымы?
4. Клубтық сценарийді жазудың кезеңдері?
5. Клубтық бағдарлама сценарийіндегі тақырып, ой-сана, мәселелері, олардың негізгі қарым-қатынасы?
6. «Эпизод», «Эпизод миниатюрасы» ұғымдарына анықтама беріңіз.
7. «Ең үздік әдіскер» атты жобалық бағдарлама құру.

9-сабақ Мәдени – тынығу бағдарламасындағы сценарийлік түпкі ой

Мәдени- тынығу бағдарламасының басты драматургиялық формасы сценарий болып табылатындығы бұған дейін де атап көрсетілді, осы сахналық алаңға қойылуға арналған оқиғаның жан - жақты әдеби сипаттамасы негізінде театрландырылған көріністер, мереке, көпшілік ойын- сауық, ойын немесе қандай да бір бағдарламалар жасалады. Олардың ортақ белгілері болады, театрдың, кино, радио, теледидардың драмалық шығармаларымен ұқсас жақтары, сондай- ақ мәдени- тынығу бағдарламаларына тән өзгешелеу айырмашылықтар да болады. Жалпы белгілеріне драманың басым белгілері жатады: оқиға, сюжетпен байланысты оқиға тізбегі, іс- әрекет етуші тұлғалардың болуы және сол тұлғалар арасындағы күрес, шиеленістер немесе қандай да бір шиеленіскен жағдайдың мағынасы, құранды бөліктердің (эпизодтар, блоктар) белгілі бір бірізділікке топтастыратын композициялардың болуы. Сондай- ақ мәдени-тынығу қызметінің драматургиялық формасы, оның ерекшелігін сипаттайтын мазмұннан тұрады.

Мәдени - тынығу бағдарламаларының сценарийінде қатысатын тұлғалар, шынайы өмірдегі кейіпкерлер, олар көрермендерге көбіне жиі таныс немесе бейтаныс болып келеді, алайда көпшілікке танылуы және атақты болулары, өздерінің адамшылық қасиеттері, кәсіби еңбек сіңіруі арқасында бола тұра, олар әдеби және көркем образдар да болып қалуы мүмкін.

Мәдени - тынығу бағдарламасы драматургиясы сценарий нақты бір көрермен үшін жазылатындықтан, оның мәдени қызығушылығы мен

сұраныстарын оқуға, аудиторияға дифференциялдық тұрғыдан қарауды ұсынады.

Сондай-ақ қарым-қатынасты ұйымдастыру, бағдарлама қатысушыларын белсенділендіретін тәсілдерді қолдана отырып, өзі де, көрермен де оқиғаға қатысатын бірден бір тұлға болып қалыптасып, сценарийдің құрылымына «салынады». Тағы да бір мәдени - тынығу бағдарламалары драматургиясының ерекшеліктері қатарынан жетекші орынды иеленетін, бұл - оның педагогикалық бағыттылығы болып табылады. Нақты бір аудиторияға бет түзеген сценарист өзінің алдына мәдени- тынығу бағдарламасына тән нысандарында ашылатын белгілі бір мақсат пен міндеттерді қояды. Сондықтан мәдени- тынығу бағдарламасын қоғамдық көңіл - күй және қатысушының санасын қалыптастыратын аудиторияға педагогикалық ықпал ететін бағдарлама ретінде қарастырады.

Тағы да бір аз роль атқармайтын мәдени - тынығу бағдарламасы драматургиясының ерекшелігі, бұл - сценарий жазушының бағдарламасын әзірлеп, өткізу мәселелерімен байланысты ұйымдастыратын тұстарды драматургиялық тіндермен «қосып өру» кезі.

Мұндай ұсынбаларды бүге- шүгесіне дейін сипаттай жаза отырып, автор алдында тұрған бағдарламаға қызығушылық қалыптастырып, әрі ынталандыра отырып және қатысушылар мен көрермендердің рухани қызметі мен әлеуметтік шығармашылығы үшін мүмкіндіктер мен жағдай туғызып, біртұтас тұрған педагогикалық және көркемдік міндеттерді шешіп береді.

Кез - келген көпшілік ойын- сауық немесе камералық бағдарлама, эстрадалық көрініс немесе жекелеген нөмірлер шығармашылық түпкі ойдан басталады, яғни образды көркем пішінде автордың (сценарист, режиссер, орындаушы) жекелеген немесе тұтас бір адамның, қоғамның әлеуметтік және жеке өмірі құбылыстарын терең ойлаған бейнесін образды көркем түрде берілуі. Түпкі ойлаумен жұмыстанудың мәнділігін неміс ақыны, философы Иоганн Вольфганг Гете көрсетіп берді, ол «кез келген өнер туындысы, мейлі үлкен, мейлі шағын болсын, бәрі де соңғы нүктесіне дейін түпкі ойға қатысты болады» деген.

Сонымен, түпкі ой автор (сценарист, режиссер) ойластырған бағдарлама құрылымын көрсетеді, ол негізгі ой (тақырып, идея) мен оны кейіптеудің шығармашылық процесі элементінен тұрады.

Мәдени- тынығу бағдарламасының сценарийлік түпкі ойы негізінде, алдымен, тақырыптың дұрыс анықтамасы, яғни автордың көрермендерге баяндап, жеткізгісі келген мәселелер тобы жатады. Мәдени - тынығу бағдарламасының түпкі ойымен жұмыстана отырып, авторды қоршаған өмірлік құбылыстардың алуан түрлерінің ішінен, ол тек бірнешеуін ғана таңдайды. Мұнда автор таңдауы қандай өмірлік құбылыстарды едәуір маңызды, әрі қызықты, сондай - ақ оның дүниетанымын қалыпты бейнелей алады деп есептеуімен айқындалады. Сондықтан таңдау автордың бағалауына, оның дүниетанымдық позициясына тікелей қатысты. Алайда өмірдің «әр жақ, бер жағын» адамдық мінез - құлықтардың бұрыннан

көрініп жүрген қырларын бейнелей жүріп, сценарист өз кейіпкерлері іс-әрекеттерінің барынша түбегейлі, әрі мәнді болуын қадағалайды. Автор өз тақырыбы арқылы сценарийдің басты мәнін көрермендерге жеткізеді, яғни аудиторияны толғандыратын бірқатар мәселелерді көтере отырып, оларды қызықтырған сұрақтарға жауап береді, өйткені мәдени-тынығу бағдарламасының сценарийі белгілі бір нақты аудиторияға лайықталатындықтан абстрактілі түрде жазылмайды. Автор, әдетте алдымен, бұрынғы немесе кейінгі бағдарламалардың танымалдылық рейтингілерімен танысып, олардың мәдени сұраныстары мен қызығушылықтарын, аудиторияның жас ерекшелік, білімділік, кәсіби ерекшеліктерін оқиды.

Өмірдің мәні мен өлім, махаббат пен жеккөрушілік, соғыс пен бейбітшілік, билік пен капитал және т.б. мәңгілік тақырыптар сценаристердің негізгі шығармашылық түпкі ойы болып табылады, ал оларды ашу терең индивидуализацияланған авторлық сипаты бар.

Мәдени - тынығу бағдарламасының таңдалып алынған тақырыбының айқындылығы мен түсініктілігі идеямен, «мен көрермендерге не айтқым келеді?», «көрерменде көрген, естігенінен қандай қарым-қатынас орнайды?», «тақырыпты автор қандай мақсатпен, не үшін ашып отыр және оның көрермендерге қандай әсері бар?» деген сияқты сұрақтарға жауап бере алатын мәселені қоюымен үздіксіз байланысты.

Тақырып пен идея мәдени - тынығу бағдарламасының түпкі ойының идеялық - тақырыптық жоспарын құрайды. Бұл мәдени - тынығу бағдарламасы сценарийінің негізгі мәнін бір бағытта мықты ұстап, әр қилы тақырыптар мен мәселелері ішінде жоғалып кетпеуіне мүмкіндік бермей, керісінше, олардың бәрін біртұтас біріктіріп, негізгі тақырып пен идеяны тереңдете, оның көрермендер қабылдауында әсері бола түсуіне ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Түпкі ойдың келесі бір маңызды конструктивтік деталі - мазмұны мен пішіні. Идеялық - тақырыптық жоспар автордың фантазиясы мен қиялын ұстап тұрып, оны берілген бағыт бойынша мазмұндық материалды шығармашылық іздеуге бағыттайды. Көркемөнерпаздардың концерттік нөмірлерін қарау немесе кәсіби әртістердің спектакльдерін, би сюитасын көру, естіген музыка, оқылған кітап – бәрі мазмұнды іріктеуге ықпал етеді. Авторлық ой болашақ бағдарламаның идеялық - тақырыптық бағыттылығына қалыпты әсер ете алатындай әдебиет пен өнердің деректі құжаттардың барынша айқын жанрларын іздейді.

Мәдени - тынығу бағдарламасының таңдап алынған пішіні мазмұнды іріктеуге белсенді ықпал жасайды, ал мазмұн, өз кезегінде, пішінді қалыптастырады. Сценарий қандай пішінде жазылуы керек деген сұрақтан гөрі мазмұн қандай болады деген сұрақ маңыздырақ, яғни болашақ бағдарламаның негізгі мәні. Мазмұн және пішінмен жұмыс бірдей жүреді. Пішін - мазмұнды тудырудың тәсілі. Белгілі тұлғаларды іздеу, оның шығармашылық өмірбаянын оқу, өзімен және оның маңындағылармен жеке таныс болу - бәрі пішінді таңдауға итермелеу үшін өзіндік үлестерін

қосады. Ал керісінше, таңдап алынған пішін, оның жанрлық реңкі сценарий авторын мазмұнды іріктеуге барынша талап қою тұрғысынан қарауға мәжбүрлейді, авторға идеяны тым шектен шықпай, талғаммен және эклектикадан алшақ толық ашуға көмектеседі.

Мәдени - тынығу бағдарламаларының көп түрлі нысандары: театрландырылған көріністер, мерекелер, гала-концерттер және жай әртүрлі концерттер, әдеби- музыкалық композициялар, ойын және конкурстық бағдарламалар, ток-шоу және т.б., лайықты драматургиялық шешім таңдауға өз заңдарын ұсынады. Мысалы, әдеби - музыкалық композиция сценарийге көркем әдеби шығармалары - поэзия, проза, публицистика, деректі материалдарды, аспапты музыкаларды, хор және жеке ән салуды, өзара бірін - бірі толықтырып, бір - бірін қабылдауды күшейтуді меңзейді.

Мәдени - тынығу бағдарламасының көркем бейнелер туындауына бағдарлама кейіпкерінің тұлғасымен жеке терең танысу, қызықты құжаттан қызық нәрсе тауып алу, көрген фильм, спектакль, оқылған кітап, кездейсоқ автордың сезімін толқытатын оқиға, фактілер, яғни барлық қоршаған дүние түрткі бола алады. Неғұрлым сол дүниенің білімі терең болған сайын, өмір тәжірибесі мол болған сайын, сценарий жазушының білімпаздық, байқампаздық көзқарасы тереңдеген сайын бағдарламаның көркемдік мәнерлілігін таба түсу мүмкіндігі кеңейе түседі.

Мәдени - тынығу бағдарламаларының әртүрлі нысандарына тән ашық образдылық, ойын - сауық эмоцияны, эстетикалық күйзелісті шығарады, ұжымдық эмоцияның туындауына әсер етеді, көрермендердің және бағдарлама қатысушыларының бір - бірімен өзара қарым- қатынас жасауын ұйымдастырады. Әр түрлі адамдардың жас ерекшелігіне, біліміне, қызығушылығына байланысты қатынас жасауын ұйымдастыру, аудиторияға тәрбиелік ықпал етудің маңызды құралы болып табылады.

Бағдарламаға көрермендердің белсенді қатысуын арттыратын арнаулы амал- тәсілдерді пайдалана отырып, автор сценарийдегі оқиғаның одан әрі дамытуды жалғастырады. Ал егер түпкі ой бойынша сценарий құрылымына әр түрлі мәдени - тынығу бағдарламалар кешендері: шеру, театрланған көріністер, жәрмеңке, ойындар, кинокөрсетілімдер, конкурстық жарыстар т.б. еніп кетсе, онда олардың көптүрлілігі көрермендердің белсенді қызметін алдын-ала болжаудың дәл есебін бере алады. Сценарист түпкі ой деңгейіне белсенді рухани қызмет, өзін- өзі жетік көрсету, қарым- қатынас үшін мүмкіндіктермен шекараларды кеңейту жағдайындағы көрерменді қояды.

Мәдени - тынығу бағдарламасы сценарийінің түпкі ойы қандай да бір тұрақты материалдық құралдарда - дыбыстарда, пластике, адамзаттық сөйлеуінде бекуді талап етеді. Көркемдік- шығармашылық процестің мазмұны әзірше өзіне лайықты материалдық пішінге бекігенше, сценарий түпкі ой автордың тек қиялында ғана бола алады.

Мәдени - тынығу бағдарламасының сценарийін жазу үнемі оңай емес. Режиссерлік түпкі ойды, фантазияны әдеби жазбалардың мүмкіндіктері

басып озып кетіп жатады, сондықтан сценарийді нақтылау, өзгерту, түзеп жіберу бағдарламамен жұмыс жүргізудің бүкіл барысында, яғни ой басталғаннан сахнада кейіптелгенге дейін үнемі жүріп отырады. Алайда кейде, тіпті тамаша жасалған бағдарламаның өзі де өзінің қайталанбас кейпін жайып, қағаз бетіне түскен кезде өз әсерін төмендетіп те жатады.

Мазмұндық материалдың сценарийлік өңдеуіне қарай сценарийлік жазбалардың түрлі деңгейлері де ұсыныла алады. Олардың ішінде: сценарийлік жоспар - жасалған тақырыппен, идея, педагогикалық міндеттер, аудитория сипатымен сценарийдің композициялық құрылымының сұлбасы; либретто - сценарийлік жоспарға қарағанда, едәуір ашылып жазылған театрлық - музыкалық- вокалдық шығарманың қысқа мазмұны, әдеби сценарий - толық мәтінді идеялық- тақырыптық түпкі ойдың жетілдірілген әдеби әзірлемесі.

Режиссерлік сценарий - сахналық алаңның дәл көрсеткішімен, техникалық қызметті нақты қолданумен, жасалған жарық дыбыстық партитурамен, мерзімі көрсетілумен, мизансахна, орындаушылар, әдеби мәтіндер және ұйымдастырушылық сәттермен жазылған әдеби сценарийдің ашылып көрсетілген жоспарын бөліп көрсетуге болады.

Мәдени - тынығу бағдарламасының түпкі ойымен жұмыс процесінде төмендегідей кезеңдерді бақылап, айқындауға болады:

Қоғамның «әлеуметтік тапсырысына» зер салу, материал жинау және іздеу;

Шығармашылық қызмет жоспары. Болашақ сценарийдің тақырыптық негізін анықтау, педагогикалық міндеттерді қою;

Жоспарды бекіту, мазмұндық материалды арттыру, қосымша фактілерді іздеу, оқиға, құбылыстарды нақтылау, шынайы кейіпкерлерді іздеу және олармен, құжаттармен жұмыс;

Көркем материалды іріктеу кезіндегі шығармашылық импровизация және түрлендіру;

Пішін таңдау, шиеленісті негіздеу, сюжет немесе сюжеттік бағытты, образды айқындылықты іздеу;

Сценарий композициясымен жұмыс, көрермендерді белсенділендіру тәсілдерін іріктеу, ұйымдастырушылық мәселелерді шешуді қою және іздеу;

Сценарийлік жазбалардың нысандарының біріндегі түпкі ойды жеткізіп аяқтап және тарату. Түпкі ойды кейіптеуге арналған мәнерлі және бейнелеу құралдарын түпкілікті іріктеу.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Режиссерлік сценарий» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Режиссерлық түпкі-ой, оны құрайтын компоненттерінің сипаттамасы?
3. Клубтық драматургияның қақтығыс пен драматургиялық ситуация?

4. Көркемдік- шығармашылық процестің мазмұнын негізге ала отырып, баяндама дайындау.

5. Клубтық драматургияның өзіне тән ерекшеліктері?

10-сабақ Мәдени - тынығу бағдарламалары сценариясының композициялық құрылымы

Мәдени - тынығу қызметін жетілдіру көп жағдайда сценаристердің әр түрлі мәдени- тынығу бағдарламалары сценарийлерін жасау және жүзеге асыра білу икемділіктері мен қабілеттеріне байланысты болады. Сценария құру - бұл драматургиялық шығарманы жазудың ақпараттық- мазмұндық материалының жинақталуы, түпкі ойдың қалыптасуы кезеңдерінен тұратын күрделі де, көп баспалдақты, шығармашылық процесс. Сценария авторы нәтижесінде тұтас бір драмалық шығарма туатындай етіп, барлық оның компоненттерін біріктіре білуі қажет. Сценарий бойынша ұйымдастырылып, өткізілген мәдени - тынығу бағдарламасы айқын, әрі біртұтас аяқталған әсер қалдыра алады. Әрбір мәдени- тынығу бағдарлама сценарийлік материалдың композициялық ұйымдасуына түрткі бола отырып, конструкция, құрылу элементтерінен тұрады.

Композиция - (біріктіру, орналасу, құрылуы) – көркем шығармалар құрылымы. Бұл кез - келген көркем шығарманың негізгі ұйымдастырушысы, әрі құрастырушы күші болып табылады, бұл дыбыстық және мәтіндік бөлімдерді біріктіру тәсілі, мәселен, әдеби және музыкалық шығармаларда, сол шығарманың элементтері арасындағы байланысты көрсететін құрал. Композиция шығармашылық процестің ең мәнді бөлігі болып табылады.

Мәдени - тынығу бағдарламасы драматургиясымен жұмыстану процесінде сценарист, егер шығармашылық процесс заңдылықтары білімінің берік негізіне сүйенсе ғана табысты жүзеге асуы мүмкін алуан түрлі шығармашылық қызметтің түрлерімен кездеседі.

Композицияның өзіндік заңдары болады - біртұтастық, өзара байланыс және тұтастық бөліктердің өзара бағыныштылығы, контрасталық көркемдік шығармашылық тәсілдердің бәрінің сценарийлік түпкі ойға бағыныштылық, мазмұн мен пішіннің бірлігі.

Драмалық шығармалардың композициялық құрылымы заңдары білімі сценарийлік материал монтажының негізгі тәсілдерін қолайлы қолдана білуді қажет етеді: бірізділік, параллель, контрасты, ассоциативті. Сонымен бірге біртұтастық пен айқындылық (ал композициялық құрылымның түпкі мақсаты осыдан тұрады) тек сценарийдің әдеби-мәтіндік бөлімін жазудан тұрмайтындығын естен шығармау керек. Сценарийдің драматургиялық нысанының композициялық аяқталуы оның сахнада қойылып, жүзеге асуымен келеді, онда сәндік- көркемдік безендіру (кеңістік композиция), жарық түсіру және сахналық пластика, мәдени-тынығу бағдарламасының жалпы атмосферасы үлкен роль атқарады. Сондықтан сапалы драмалық негіз, оның табысты ұйымдастырылып,

өткізілуінің маңызды факторы болып табылады. Енді, мәдени- тынығу жұмысындағы бағдарламалардың сценарий композициясының негізгі заңдарын қарастыра келіп, сценарийдің композициялық құрылысы құрылымына талдауға көшейік. Мәдени - тынығу бағдарламалары диапазоны мазмұны жағынан да, пішіні жағынан да өте кең. Бұл ойын, конкурстық ойын, ақпараттық, ойын - сауық, көркемдік - публицистикалық театрланған және басқа да кешенді бағдарламалар. Мұндай бағдарламалардың әрбір түрінің өзінің сценарийлік материал және композициялық құрылуының драматургиялық ұйымдастырылуы барысындағы өзгеше ерекшеліктері болады. Көрсетілген бағдарламалар құрылымында маңызды орынды театрландырылған көріністер алады. Бұл қатаң композициялық құрылымдар барлық белгілері бойынша әдеби-көркем шығармаларға жақын келетін күрделірек драмалық форма. Мұндай бағдарламаның классикалық құрылымының мынандай элементтерді құрайтындығы белгілі болды: экспозиция, шиеленіс, іс - әрекеттің негізгі дамуы, кульминация, шешіліс және соңы. Композиция құрылымында әрбір аталған элементтің өзінің белгілі бір қызметтік орны болады. Берілген элементтердің әрқайсысын жүйелі қарастырып көрейік.

Экспозиция - сценарияның композициялық құрылымының алғашқы құрылымдық элементі. Ережеге сай, экспозиция басында орын алып, одан әрі өтетін драмалық әрекеттің дамуы үшін негіз болып қызмет атқарады. Экспозицияның ерекшелігі - мұнда оқиға болмайды. Ол ықшам, қысқа мерзімді, онда тек болатын мәдени - тынығу бағдарламалары тақырыбының жалпы сипаты ғана болады. Бұл театрландырылған көріністің қатысушыларымен танысу немесе болатын бағдарлама тақырыбы туралы басты негізгі деректердің хабарламасы да болуы мүмкін.

Кей жағдайда экспозиция пролог сияқты композициялық тәсілдермен де қатар келіп отырады. Бірақ экспозиция мен пролог бірдей түсінік емес екендігін ұмытпау керек. Пролог (кіріспе сөз) - бұл оның түпкі мәні - автордың, оның мәдени- тынығу бағдарламасы арналып отырған оқиғаға қарым - қатынасын көрсетуде немесе жарнамалауда көрінетін композициялық амал- тәсіл. Мұндай тәсілдерді қолдану театрландырылған және ерекше салтанатты көріністер үшін лайықты, өйткені бұл қоюшы режиссердің қойылымының көрнекті, әрі ойын - сауықты басталуын жүзеге асыратын мүмкіндігін туғызады.

Шиеленіс - бұл мәдени - тынығу бағдарламасы сценарийінің композициялық құрылысының маңызды негізі бар құрылымдық элементі. Бұл элементтің қызметтік құндылығы, оның түпкі негізінде, алдымен, драматургиялық шиеленістің басталуын айқындайтын оқиғаның жататындығымен өлшенеді және өз дамуын сценарияның композициялық құрылысының келесі құрылымдық элементтерінен табады. Осы бастапқы оқиға көрермендер аудиториясының назарын аударады. Және оларды іс-әрекеттің одан әрі жалғасатын сюжеттік дамуын бақылап отыруға жетелейді.

Композициялық құрылыстағы іс - әрекеттің негізгі дамуы сценарияның ең кеңейтілген бөлігі болып табылады. Мұнда мәдени - тынығу бағдарламасының барлық негізгі сюжеті жинақталады. Осында шиеленісте болған оқиға бастауы, негізгі іс - әрекеттің дамуы өзінің кульминацияға қарай драматургиялық өрбуін табады. Мәдени - тынығу бағдарламасының сценарийі белгілі - бір сюжеттік - тақырыптық дербестігі бар блоктар мен эпизодтардан құрылады, яғни өзінің өзгеше сюжеті, ішкі оқиғалар тізбегі, композициялық құрылымы мен бөлек, қайталанбайтын драматургиялық барысы болатындығын еске саласыз. Сценарийдің драматургиялық құрылысына енетін блоктар мен эпизодтар саны сценаристің шығармашылық түпкі ойымен айқындалады.

Алайда бұл блоктар мен эпизодтардың оқиғалы тізбектері негізгі сценарияның сюжеттік барысына оның негізгі желіп өтетін драматургиялық іс - әрекетіне бағынатындығын біліп алған жөн. Жалпы сюжеттік жүріс эпизодтар мен блоктар арқылы өте отырып, оларды бірдей драматургиялық іс - әрекетке байланыстырады және мәдени - тынығу бағдарламасының біртұтастығын жасауға ықпал ететін басты композициялық амал - тәсіл болып табылады.

Композициялық құрылым сценарияның негізгі бөлігі болғандықтан, сюжет ағымының жоғалып кетпеу қаупін болдырмау үшін сценаристің аса шеберлігін талап етеді. Сонымен байланысты сюжеттік акценттер деп аталатын, яғни негізгі сюжеттік желілерге көрермендердің назарын аударуды қарастыратын және олардың бағдарлама жүру барысын, сахнадағы өтіп жатқанның бәрін толастамайтын қызығушылықпен, әрі қалыпты қабылдауына мүмкіндік беретін сөздер, сөйлемдер, сахналық іс - әрекеттердің де үлкен мәні бар.

Кульминация - сценариядағы драмалық шиеленістің даму биігі, көрермендер аудиториясының эмоционалдық қабылдауының ең жоғарғы нүктесі. Кульминация орталығында сценариядағы барлық драматургиялық шиеленісті шешудегі міндет яғни басты б қияға жатады.

Түйін (развязка) - композициялық құрылыстың құрылымдық элементі, сценарияның сюжеттік тізбесін аяқтау қызметін орындайды. Түйін жедел өтетін тізбектің дамуына соңғы нүкте қояды. Түйінде, міндетті түрде драматургиялық шиеленістің шешімі нәтижесін хабарлайтын қорытынды оқиға болатындығын білген дұрыс.

Түйін шешілуден (развязка) кейін келеді, сахналық іс - әрекеттің толық аяқталғандығын білдіреді. Түйін сахнада өткен барлық драмалық әрекеттің қорытындысын шығару құралы ретінде қызмет етеді. Түйіннің ерекше нысаны эпилог (сөз соңы). Сценарияның композициялық құрылымында ол маңызды апофеоздық рольді орындайды, сол арқылы әрбір театрландырылған мәдени - тынығу бағдарламасы көпшілік эмоционалдық көріністі іс - әрекеттермен аяқталады.

Қарастырылған мәдени - тынығу бағдарламалары оның композициялары мен құрылымдары заңдылықтарына сүйенумен жасалған сценарияның композициялық құрылымы ерекшеліктері студенттерден бұл

мәселелері теориялық жағынан да, оқу - әдістемелік жағынанда терең оқуды талап етеді.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Композиция» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Экспозиция, шиеленіс, негізгі әрекеттің дамуы, шарықтау шегі, түйін ұғымдарына анықтама беріңіз.
3. «Мәдени - тынығу бағдарламалары сценариясының композициялық құрылымы» тақырыбына презентация дайындау.
4. «Композициялық құрылымның түпкі мақсаты» тақырыбында тренинг дайындаңыз.
5. Экспозиция мен прологка сипаттама беріңіз.
6. Тақырыпта кездесетін анықтамаларды айқындау, қысқаша (0,5 беттен аспайтын) эссе жазу.

11-сабақ Мәдени - тынығу бағдарламасы сценариясының көркемдік монтажи

Мәдени- тынығу бағдарламалары сценариясын жасаудағы маңызды әдісі - барлық материалдың монтажи болып табылады. Монтаж - шынайы тұлғалардың сөздерін, құжаттардан дәйексөздерді, көркем әдеби шығармалар, кинофильмдер, музыкалық фрагменттер мен басқа да элементтерден үзінділерді құрастыруға мүмкіндік беретін. Мәдени-тынығу қызметінің жалғыз шығу тегі бар әдісі. Монтажды көркемдеу деп те атайды, өйткені бұл өте үлкен көлемді материалдан алып тастап, «біртұтастағы элементтердің үйлесіміне» бағдарлама бола алмайтын идеяны бағындыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Түпкі ой болған кезде көркем монтаж әдістемесін шығармашылықпен қолдану белгілі бір стимулы бар әрекеттердің жиынтығын береді. Стимул - іс- әрекетті қозғаушы себеп. Көркемдік монтажға арналған материал ретінде жалпы тақырып және идея мен байланысты газет мақалалары, философиялық трактаттар, медициналық кітаптар, көркем проза, өлеңдер қызмет ете алады.

Көркем монтаждың кең тараған тәсілдерінің бірі - контрасталық. Ол қарама- қайшылықты жақындату, қақтығысуға, сценарияның құбылыстары мен элементтерінің өзара күрт ұқсамай қалуына негізделген. Бұл тәсілді қолдану драматургияның негізі ретіндегі шиеленісті айқын анықтауға мүмкіндік береді.

Мәдени - тынығу бағдарламалары сценарийіндегі драмалық шығармалардан айырмашылығы сюжет әлсіздеу, онда мінез - құлықтардың драмалық қақтығысы жоқ. Кең қолданылатын монтаждың тағы да бір тәсілі параллельдік, мұнда әртүрлі өздерінің идеялық мазмұндары бойынша жүретін әрекеттер эпизодтары бірінен соң бірін жөндейді. Басқаша айтқанда, бір эпизодтың ткані өзіне қарама - қарсы басқаны өзіне

кіргізеді. Мұндай бірінші эпизодтың қойылған ойы одан әрі дами түседі. Мұндай тәсілмен параллельдік іс - әрекетке қол жеткізіледі.

Мысалы, Ұлы Жеңісті мерекелеуге арналған театрландырылған кеште екі жүргізуші шықты. Олардың біреуі ҰОС майданындағы батырлық эпопеяға адамдардың қатысқан эпизодтарын иллюстрациялағанды әңгімелеп тұрса, екіншісі осы кезеңдерде тылда қалғандардың қалай еңбек еткенін әңгімелейді.

Параллельдік монтаж халқымыздың басына түскен қиын жылдарда бір - бірімен қуаныш - қайғыны, жеңісті қалай бөліскенін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Мерекелік көпшілік мәдени - тынығу бағдарламалары сценарийі міндетті түрде мәдени мекемелерге келушілерге белсенділендіру амалдарын қарастырады. Олар өздерін көрермендер емес, сол бағдарламаның қосымша қатысушысы ретінде сезінуі аса қажет. Ол үшін әр түрлі сценариялық жүрістер мен шешімдер пайдаланылады. Бұл залға қойылған сұрақтар, ұжымдық орындалған ән, залға лақтырылған үндеухаттар, актерлердің көрермендер залына шығуы және т.б. болуы мүмкін.

Сондай - ақ мәдени - тынығу бағдарламалары аудиториясын белсендіру ретінде мамандар қосымша тәсілді де қолданады. Оны мынандай бағытта жүргізеді: көрермендер залында көркемөнерпаздардың бірнеше белсенділері немесе қатысушылары болады да, олар алдын ала әзірленген сұрақтарды жүргізушіге қояды, олармен пікірталас туғыза отырып, көрермендерге қозғау салып, олардың бағдарламаға қатысты мәселелері мен өз ой - пікірлерін айтуға жетелейді.

Мәдени - тынығу бағдарламасы сценариясының көркемдік монтажындағы маңызды сәт лейтмотив (еске салу) болып табылады. Көп жағдайда лейтмотив бүкіл композицияның өзегі болып отырады. Мерекелік көріністерде реминисценция (есте қайта жаңғырту) тәсілі де қолданылады. Мәдени - тынығу бағдарламалар сценарийлерінің авторлары бұл тәсілді кинематографтардың мәнерлеу құралдары арсеналдарынан алған. Ол орындалып жатқан белгілі бір эпизодтың өткен оқиғалар жөнінде хабар беретін басқа эпизодпен үзіліп қалуынан тұрады. Бұл бүгінгіні тарихпен сәтті байланыстырып жіберуге мүмкіндік береді. Бұл реминисценция сценарийде бірнеше рет қайталануы мүмкін, бірақ шамадан тыс әуестену көрермендер қабылдауын әлсіретіп жібереді. Мәдени - тынығу бағдарламасы сценариясының әрбір эпизоды өз алдына бөлек компонент бола алады, ол көпшілігі ойлағандай, мәдени - тынығу бағдарламалары ғимаратының кірпіш қалаушыларының жай біреуі және сценарийдің тек аяқталған бөлігі ғана емес, ол шешуші жалпы тақырыпқа да қатысады, әрі идеяны ашуға да көмектеседі.

Әрбір эпизодты аудитория қызығушылықпен қабылдауына көңіл бөлген дұрыс, өйткені негізінен эпизодтардың көпшілігі жалпыға белгілі тарихи оқиғалардың көрінісі болып табылады. Әрқашан жаңа фактілер тауып, келушілердің бұрын білмеген нәрселерін танып кетуіне көмектесу керек. Эпизодтардың қызықты, әрі мақсатқа лайықты монтажын

қалыптастыру үшін барлық эпизодтарды логикалық түрде байланыстыратын драматургиялық жүріс ойлап табу керек екендігі атап көрсетіледі.

Мәдени - тынығу бағдарламалары сценариясының композициялық құрылымында қиындықтар аз кездеспейді. Солардың ішіндегі ең кең тарағаны - автордың ойы бойынша болған нәрселерді көрермендерге нақтылап түсіндіретін эпизодтарды кульминациядан кейін енгізу. Алайда бағдарлама сценарийі қарқында өрбіп отыратын әр түрлі ұзаққа созылатын іс - әрекеттерді қарастыратындығы, ал оның көрермендердің қабылдауына кедергі келтіретіндігі ұмыт қалады.

Мәдени - тынығу бағдарламалары оқиғаларының дамуын белгілі бір бағытқа әкелу, қатаң түрде тарихи оқиғалардың хронологиялық ретпен болуы керек. Сондықтан композициялық шешімнің мұндай амалдарын, ретроспективті түрде, тарихи оқиғаларды қазіргі күндерді көрінісімен көрсетуге қолданған дұрыс.

Театрландырылған мерекелік көріністерде, өте жиі жалпыға кең таныс сөздермен ұзақ сөз сөйленеді, әрі оны қағазға қарап оқиды. Сахнаға былай шығу сценарияның алдыңғы эпизодтарының дайындығы болмаған кезінде жиі болады.

Мәдени - тынығу бағдарламалары сценариясын жазу кезінде драматургиялық түпкі ойды бейнелеудің тікелей мүмкіндіктерін білген дұрыс.

Сценарийді ортанқол емес, материалдық - техникалық және қаржылай мүмкіндіктері бар белгілі - бір нақты мекемелер үшін жасау керек.

Мәдениет мекемелері қызметіндегі сценаристтің де, режиссердің де рөлінде бір тұлға жүреді. Мәдени - тынығу бағдарламаларының қоюшы - режиссерінің жұмысы әдеби сценария жазуда да күрделі. Сценария авторы әдеби түпкі ой анықтамасымен бірге, режиссер ретінде оның сахналық бейнеленуі мүмкіндіктерін де жүзеге асырады.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Монтаж» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Монтаж, оның маңызы, түрлері?
3. Көркем - декоративтік безендіруге қатысты әдістер?
4. Клубтық сценарийдегі мәнерлік құралдардың түрлері?
5. Клубтық сценарийдегі музыка?
6. Мәдени- тынығу бағдарламаларының қоюшы-режиссерінің жұмысына қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

12-сабақ Мәдени - тынығу бағдарламасы драматургиясын оқытудың шығармашылық аспектілері

Қазіргі уақытта әдістемелік орталық мәдениет мекемелерін сценариялармен толық қамтамасыз ете алмайды. Өмір көрсетіп отырғандай, әрбір аймаққа және әрбір ауданға жаңаша мәдени-тынығу бағдарламалары, соның ішінде сондай қауымның немесе еңбек ұжымының сұранысын бейнелейтін әзірлемелер қажет. Сондықтан мәдениет мекемелері үшін сценаристерді дайындау мәселесі алда тұр. Әрбір мәдени-тынығу бағдарламасы сценарийінің негізін төмендегілер құрайды: сюжет, образдық шешім, материал. Сюжеттік оқиғалар қатарын құру үшін драматургияның жалпы заңдарын білу, образдық шешім табу үшін көркем қиял мен фактологиялық материал (құжаттық және көркем) қажет етіледі және осының бәрін біртұтас «біріктіру» керек.

Мәдениет мекемесі маманының сценарийлік шеберлігі негіздерін қалыптастырудың негізгі бағыттары:

- болашақ сценарийдің драмалық құрылымы жасалатын негізіндегі өмірлік материалды жинап, іріктеу үшін қажет болатын шығармашылық байқағыштықты дамыту;
- сюжетті және оқиғалардың бірізділігін жасауға арналған сценарийлік жұмысқа қажет етілетін драманың жалпы теориясы негізіндегі драмалық логиканы (түсінікті ойлау) қалыптастыру;
- сценарийлік жұмыс өнімінің әдеби безендірілу дағдылары мен икемділігін қалыптастыру;
- сценарийлік шығармашылықта қажет көркем қиялды (образды ойлау) тәрбиелеу.

Мәдени- тынығу қызметі маманының сценарийлік шеберлігі негіздерін дамытатын мұндай бағыттардың табысты болуы, алдымен олардың үйлестіре, келістіре, өзара қатынас пен біркелкілікке негізделеді, мұны ойын әдісі көмегімен дамытуға болады.

Сахналық дағдыларды қалыптастыру және сахналық шығармашылықты стимулдау процесіндегі ойын әдістері табиғаты бойынша қазір кең танылған белсенді оқыту, іскери ойындар, проблемалық жағдаяттар және т.б., әдістерге өте жақын, сондай- ақ оларға әлеуметтік - психологиялық және көркем - шығармашылық тренинг белгілері де тән. Сахналық ойындар - жаттығуды немесе сахналық дағдылар мен икемділік, не нақты сахналық тапсырмаларды (сценария сюжетін, түпкі ой, образдық шешім, сондай - ақ монтаж, өлең құрау және т.б. бойынша жұмыстарды іздеу) орындайтын белгілі бір тапсырманы ойнап шығу. Ойынның педагогикалық міндеті, өзінің қатысушысын неге үйрету қажеттігін анықтайды. Сценарийлік ойындар түрлі ойын әдістемелерін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл төмендегідей негізгі ойын жаттығуларынан тұратын ұжымдық қарым- қатынас болуы мүмкін: сюжеттік және жағдаяттық- рольдік ойын (сценарийлік этюд), немесе берілген сюжеттік

құрылымдарды ойнап шығу: «Ұжымдық импровизация», «түпкі ой іздеу», «миға шабуыл». Мәдени ой, образды шешім, жүріс, амал тәсілдер топтық іздеу процесін интенсификациялау әдісі де тиімді.

«Сценарийлік эстафета» - сценарийдің оқиғалары тізбесі композициясының логикалық құрылымы мақсат болып табылатын жаттығу; «монтаж» - монтаждық ойлауды қалыптастыруға жаттығу, «буриме» - өлең құрау, шығармашылық күнделік, қолжазба және т.б. жазу дағдыларын қалыптастыруға жаттығу және т.б.

Сахналық шеберлік әліппесін меңгеруге, сондай - ақ сценарийлік этюд те көмектеседі. Сценарийлік этюд (сюжеттік немесе жағдаяттық-рольдік ойын) - әртүрлі өмірден алынған жайттардың «егер былай болса» деген қиялмен сахналық көріністің шағын үзіндісін ойнап көрсету. Сценарийлік этюд – оқиғалы эпизод, сондықтан бұл іс - әрекетте де, дамуда да болады. Оны «Шағын драматургия» мен ұштастыруға да болады.

Сценарийлік ойындарға жаттығу - сахналық эстафета жатады, оның негізгі мәні сол – қатысушыларға тақырып, негізгі іс - әрекеттің бағыты, жанр және т.б. беріледі. Олар кезек-кезек, бір- біріне әңгіме жібін жалғастырып, сюжеттің бейнеленген жібін ұстап алып, одан әрі қолдап, сценарияның оқиғалық тізбегін құрады. Бұл жаттығу драматургиялық логиканы, фантазия, қиялды дамытады. Эстафета барысын оқытушы жүргізіп отырады, өтпелі драматургиялық іс - әрекеттен оқиға жетегі алыстап кететін сәттер туындаған кезде, қатысушыны тоқтатып, түзетіп отырады.

Әсіресе мыналарға көңіл бөлу керек: іріктелген материал түзу болып шығуы үшін бір эпизодтан екіншісіне өтетін «көпірлерді» дұрыс қарастыру қажет. Сәтті қосылысу немесе «көпір» мүлде екі түрлі элементтердің, яғни ән мен кинокадрдың, музыка мен романтикалық фрагменттің біртұтас болып, көркем иллюстрация мен деректі көрсетілімнің бірігуін тудырады.

Сценаристің шығармашылық тұлғасын қалыптастырудың белгілі әдісі - шығармашылық күнделік болып табылады. Бұл оның өзгеше жеке қолжазбасы, өзінің кәсіби қалыптасу динамикасын белгілейтін сахналық жинағы. Көрсетілген жаттығу сахналық шығарманы дамытудың әдістемесін жоққа шығармайды. Тағы да назарды шоғырландыруды, шығармашылық сезінуді, шығармашылық батылдықты және т.б. дамытудың біртұтас жаттығулар тобы бар, олардың кейбіреуінің аутогендік жаттығулық сипаты бар.

Сонымен, мәдени - тынығу қызметінің болашақ маманының сценарийлік шеберлігі икемділігі мен дағдыларын қалыптастыру процесінде төмендегідей көркем - шығармашылық міндеттер шешіледі:

- болашақ маманның шығармашылық табиғатына жол ашу; жалпы көркем- шығармашылық қабілеттерді дамыту: қиял, фантазия, шығармашылық, байқағыштық;
- жалпы көркемдік қабілетті және сценариялық - режиссерлікке тән, ұғымдық - драматургиялық ойлауды қалыптастыру;

· мәдени - тынығу бағдарламаларын жасау кезіндегі толыққанды сценарийлік қызмет үшін қажет етілетін икемділік және дағдыларды дамыту.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Драматургия, клубтық драматургия» ұғымдарының түсінігі.
2. Клубтық драматургиядағы қақтығыс пен драматургиялық ситуация?
3. Клубтық драматургияның өзіне тән ерекшеліктері?
4. Мәдени- тынығу қызметінің болашақ маманының сценарийлік шеберлігі икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруын мысалға ала отырып, эссе дайындаңыз.
5. Сахналық шеберлік әліппесін меңгеруіне сипаттама беріңіз.

13- сабақ Сахнаның драматургиялық ерекшелігі

Сахнаның драматургиялық ерекшелігі - онда көркем образды жасаудың кейбір принциптері ерекшелене алады, өзгеше уақыт - кеңістіктегі құрылыс болуы мүмкін. Оның ерекше белгісі - көркемөнерпаздың және көркемөнерпаз емес формалары, мысалы: ақпарат, кинофотоқұжаттар т.б.кеңінен пайдалану әдістері. Драмадағы маңызды элемент - қойылым, тек сол ғана жалғыз көркемдеуші құрал бола алады. Драмалық қойылым қарама-қайшылық болуын болжайды, ал онда драматизм мен келіспеушілік болуы керек. С.М.Осовцов. Бірнеше ғасырлардан белгілі постамет: драма келіспеушіліксіз, дау-дамайсыз мүмкін емес. Келіспеушілік – драмалық қарама-қайшылық көрінуінің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Оның пайда болуы драманың коллизиялық пайда болуына әкеледі.

Коллизия - келіспеушілік емес, тек драмалық ситуация. Гегельдің ескертуі бойынша коллизиясы көп жағдай - драмалық өнердің маңызды құрамы болып табылады. Коллизиялық негізіне тәртіп бұзушылық жатады. Ол тәртіп бұзушы болып сақтала алмады, ол тез арада түзетілу керек: Коллизия гармониялық жағдайдың өзгере алатын, өзгеруге тиісті жағдайы. Гегельге сүйенсек, коллизия бұл қойылым емес, соны жүзеге асырудың алғы шарты. Алдымен екі жақ та бір бірінің жағдайына өз көздерімен қарап, өз жағына тартып, өзіне одақтас еткісі келеді. Бірақ барлық мүмкіндіктер таусылатын сәт туып, келіспеушіліктер туындайды. Коллизияны оқиғалардың, жағдайлардың тоғысуы, тудырады. Кейде келіспеушілік те кейіпкердің қабылдаған шешімінің нәтижесінде пайда болады. Коллизия сахналарында шығармашылық бастапқы көрініп, қалыптаса алмайды. Өмірден басқа да оқиғалар сияқты оған пісіп-жетілуге уақыт беру керек. Коллизиямен байытылған жағдай (ситуация) – драмалық өнерге тән қасиет. Коллизия оқиғалардың барысында

туындайды, ал келіспеушілік - кейіпкердің шешім қабылдауы нәтижесінде пайда болады.

«Келіспеушілік» және «Коллизия» ұғымының теориялық айналымға енуіне Гегель әсер етті. Бұл мәселелердің негізі - оның эстетикасында көрсетілген. Драма туралы неміс философының оқуы заңды қорытынды және драмалық өнер туралы Европалық ғылымының негізі болған Аристотель идеясының дамуы болды. Гегель өзінің алдында өткен ғалымдардың еңбектерінде кездескендей қандай ми болмасын, қарама-қайшы дәуірге тән сипаттаумен шектесіп қойған жоқ, оны көркемді ой талқыға үрдісінің барысында қызмет ету механизмі қарастырылады. Абсолюттік рухтың билік құруының бірінші және соңғысымен анықталатын тұрмыс үйлесімділігі идеясы туралы көзқарасы бар өнердегі диегармониялық күшіне айналуына байланысты эстетикалық сұрақтарды дайындаумен айналысуы таңқаларлық жағдай. Гегельдің айтуы бойынша барлық жаратылыстың негізіне абсолюттік рух жатады. Адамға бұл өмірде кездесіп жатқандар - оның өзгеру сатысы: «Жан жаққа тарап, өз бойындағы ерекшелікті ескере отырып, толық тұтас рух тыныштықты қойып, қарама-қайшылықтар әлеміне еніп, өзі-өзіне қарама-қарсы тұрады. Бұл екіге бөлінуде ол барлық достарымен айырылмас достықта болуымен байланысты және бақытсыздықтан қашып шығуға күші жетпейді». Кульминацияға қарай жақындаған кездегі қойылым әрекетінің өрістеуі, шиеленіскен - экспозиция арқылы берілген іс-әрекет кульминацияға қарай қарқынды күшпен дами түседі, содан соң шешілуге, іс-әрекет финалына қарай бағытталады. Финал - композициялық аса маңызды бөлігі, оның болмауы барлық шаралардың аяқталмай отырғандай сезімді тудырады.

Қоғамдық өмірдегі тарихи өзгерістер мәдени - тынығу қызметінің мазмұны мен формасын көптеген түрге таңдау еркіндігінде өзгеруіне әкеліп соқтырады. Жеке мақсаттарды бұл санада қоғамның түсінуі көпшілік, ұжымдық, қоғамдық мақсаттарға қарағанда көп болмаса аз емес. Мәдени - тынығу қызметінің формалары мен мазмұны, шығармашылық түрлерінің еркіндігі, әрбіреуінің өзін-зі бекітіп, өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге, жетуі - адамзат өмір сүруінің бүгінгі таңдағы нормасы (өлшемі) болды. Сонымен, бүгінгі таңда тынығу, демалысты ұйымдастыру формаларының ішіндегі көбірек пайдаланылатыны - сайыстық бағдарламалар.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Коллизия» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. «Келіспеушілік» және «Коллизия» ұғымдарының түсінігі.
3. Мәдени тынығу қызметінің формалары мен мазмұнына сипаттама беріңіз.
4. «Келіспеушілік – драмалық қарама-қайшылық көрінуін» тақырыбында конспект дайындау.
5. «Сахнаның драматургиялық ерекшелігі» тақырыбына презентация дайындау.

14- сабақ Қалалық сайыс бағдарламаларын дайындау ерекшеліктері

Сайыс - қандай ма бір сала болмасын көшбасшы қатысушыларды анықтауға жол алатын тынығудың, демалыстың танымдық - сауық бағдарламасы. Сайыс - бұл жарысу, қақтығысу, көшбасшылық үшін күрес, «Сайыс туралы ережеде» көрсетілген Ережелер мен шарттарды орындау, бастама көтеру, жандандыру, ойдан шығару, тапқырлық, жаңалыққа құмарлық мәдени - тынығу сабақтарында ізденіс жасау, талпыныс, көпшілік және басқа да қатысушылардың білім мен дағдысын алу, бұл - мәдени демалыстың белсенді формасы, мазмұнды, бояуы қанық қарым-қатынас негізін қалауға мүмкіндік береді.

Алғашқылардың бірі ретінде кәсіби шеберлік байқауларын атауға болады. Мәдениет қызметкерлері, механизаторлар, малшылар, сатушылар, даяшылар т.б. байқаулары белгілі. Мұндай байқаулар жастардың бойында өз мамандығына қызығушылық пен махаббаты оятып, білімді біліктілікке, ал біліктілікті - дағдыға айналдыруға мүмкіндік береді, бір мамандық иелерін пікірлес жандар ұжымына біріктіруге ықпал етеді. Осылардың ішінде кеңінен таралғаны - сұлулық байқаулары. Мұндай байқауларды өткізу дәстүрі - АҚШ келді, олар хобби ретінде бастау, қазіргі кезде тұтастай индустрияға айналдырып отыр.

Сұлулық байқауы - бұл тек қыздардың сұлулық, талант, сүйкімділіктерімен жарысқа түсуі ғана емес, сонымен қатар спорттық, театралдық шоу.

Біздің елімізде сайыстың бұл түрі «Беу, қыздар-ай», «Ал, қанекей, қыздар» т.б. жобаларының негізінде пайда болды. Басында ол кәсіби белгі бойынша мамандалып белгілі болды, яғни «Үздік жолсерік», «Үздік шаштараз» т.с.с. Ол келесі бөлімдерде тұрды:

1. Таныстыру
2. Үй тапсырмасы (кәсіпке байланысты)
3. Қатысушылардың түрлі қабілеттерін тексеру - ән салу, тамақ пісіру, т.б.

Кейіннен бұл байқау түрі өзгеріске ұшырады. Негізгі акцент әдемілікке, безендірілуде түрлі түсті, әдемі безендірілуге аударылып, кейбір сәттер алынып тасталып, мамандандырылып, өзгеріске ұшырады. Қазіргі кезде олар сұлулық сайысы және мамандық сайысы болып екіге бөлінеді (үздік шаштараз, аспаз т.с.с.). Сұлулық байқауы модель бизнесіне айналдырды, сол арқылы модель агенттіктері өзгеріске «жаңа келбет» іздейді. Сұлулық сайыстарының басты айырмашылығы олардың ойын – сауық түрінде жарысу, сайысу бағытында өтетіндігі. Бұдан өзге, мұндай байқауларды өткізу тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететін қызметін дамытуға қолдау көрсететін, насихаттайтын бағдарламаны өткізу. Салауатты өмір салтын насихаттауға, адамдардың рухани және дене бітімінің жетілдіруіне бағытталады. Сайыс бағдарламаларын өткізу жұмыс көлемінің ауқымдылығына сәйкес көбірек уақыт бөлуді талап етеді. Бұған қоса, егер сайыс бағдарламасы өз деңгейде өтсе, оның өтуінің барлық

сатысын қарау қажет, сценарийден бастап, жарнамадан аяқтап, пайда түсіруді қамтамасыз ету, жеткілікті дәрежеде қаржы жинап өтілетін шараға аудиторияға қызығушылық тудыру керек. Сонымен қатар билеттер орташа деңгейдегі табысы бар көрермендерге қол жетімді болуы керек.

Шараны өткізуді ұйымдастыру бағдарлама продюссеріне(менеджер) жүктеледі.

Мұндай шараларды ұйымдастыруда продюссер көптеген серіктестерінен тығыз қарым-қатынас жасайды, олар:

- ресми құрылымдар (департаменттер, министрліктер, комитеттер, әкімшілік-аумақтық мекемелер т.б.)

- техникалық құралдарды өндіруші фирмалар (жарық, дыбыс, сахналық құралдар т.б.)

- қаржылық мекемелер (банктер, қаржылық компаниялар)

- жарнама агенттіктер,

- модельдік агенттіктер,

- дизайнерлік және безендіру фирмалары,

- концерт залдары, стадиондар, спорт

- БАҚ (теледидар, радио, пресса)

- транспорт (тасымал) фирмалары

- қонақүйлер

Ойын сауық бағдарламаларын ұйымдастыру және өткізу үрдісі ауқымды және жан-жақты қызмет, оны өткізуде бағдарламаны тандағанда көрермендерді көбірек жинау, көркемөнерпаздар ұжымдарын таңдау, дайындықтар, техникалық және сахналық құрал-жабдықтар, костюмдер, келісімшарттар жасау, ұйымдастыру мәселелерін шешу, жұмсаған барлық мүмкіндіктерден жоғары нәтиже қорытынды шығаруды талап етеді. Жұмыстың нәтижесінде жұмсалған барлық шығын шарадан түскен пайдаменен толықтай жабылу керек. Бұл үшін сайыс бағдарламасының арнайы жобасы дайындалу керек, онда барлық ерекшеліктер мен жағдайлар есепке алынуға тиіс. Алайда ең мұқият әзірленген бағдарламаны дайындау оған қатысушылардың сайысын өткізу үрдісіндегі қиялы, шығармашылық ерекшеліктерін алмастыра алмайды.

Жұмыстың негізгі бөлімдері:

1. Жұмыстың қысқаша сипаттамасы

2. Мерекенің, салт-дәстүрдің этникалық сипаты

3. Шараны өткізу сценаріі, бағдарламасы

4. Шараны өткізудегі қосымша қызметтер

5. Шараны өткізу барысындағы шығындарды есептеу

6. Қаржылық жеке келісімшарттарды қамтамасыз ету.

7. Жарнама және эскиздермен қамтамасыз ету

1. Жобаның қысқаша сипаты - бұл түйіндеме (резюме) есебінде шараның негізгі идеясын сипаттап жазып, бірінші рет көріп тұрған жанға да сіздің жобаңыздың артықшылығын дәлелдеуі керек. Бөлімде 7 бөлімнен тұратын қысқаша мәліметтер: не өтеді, шара қалай ұйымдастырылғалы отыр, жұмсалған шығындар, пайда, рентабельділік, қаржылық көздер,

шараны өткізу уақыты, дайындыққа кететін уақыт, неше рет қайталанады, бағдарламада қандай шаралар өткізіледі деп қарастырылуда, қосымша қызметтер, олар не береді, неге осы қызметтер тандап алынды, шара арналып жатқан оқиғаны сипаттау қажет. Мысалы, алғашқы салют қалаларының музыка фестивалі, қандай қалалар таңдалып алынды, қандай салюттар туралы айтылып отыр, неге осы кезде өткізіледі, қай қалаларда өтеді т.б. Немесе оқиғалық тарихи немесе этникалық элементтері сипатталып, арнайы зерттеу, монографиялардан алынған мәліметтер, автордың өз зерттеу, бақылаулары, мерекенің тарихының пайда болуы мазмұндалып, оның дамуы, қойылымның негізгі фрагменттері шара ретінде оқиғамен үйлесіп, көрерменге ықпал етеді, сол жердің ұлттық мәдениетінің өрлеуі, өсуі, дамуы мақсатына қызмет етеді. Соның ішінде қысқаша сипаттамамен бірге онда мерекенің, этникалық салт-дәстүрдің сипаттамасы қарастырылады. Шараны дайындау мен өткізу жоспарында ұйымдастыру шараларының тізімі, күні, уақыты, шараны дайындау барысында продюсер ұйымдастыруға тиіс жұмыстарды атқаруға жауапты адамдар, соның ішінде залды безендіру эскизін жасаушы, сахнаны дайындау және безендіруші, жарнама беруші, техникалық құралдарға тапсырыс беруші, көлікке тапсырыс беруші, келісімшарт жасасу, билеттер дайындау, реквизит, гүлдер, сыйлықтар алушы, костюм табу, еңбекке ақы төлеуші, шараның көркемдік дайындығын жүзеге асыру, дайындық жасау, қосымша қызметтерді ұйымдастыру (ақылы, ақысыз).

Шараның сценарийі мен бағдарламасы фабуланы сипаттау, негізгі мизансценаны, қатысушыларды, диалогтарды, өлеңдер, әндер, қойылым, музыкалық, жарық, дыбыстық безендірілу, яғни шараның өзіндік либреттосы сипатталады. Сценарий көлемі жағынан шағын халық шығармашылығы көркемөнерпаздың шарасы, балалар мен жастар байқаулары, өнерпаздар ұжымдарының байқауы, марапаттау, есеп беру концерттері, студиялар, есептері, көркем қол өнер, халық шығармашылығы, отбасылық демалыс кеші, ертеңгіліктер, мерейтой кештері т.б. Бұлардан үлкен ауқымды өткізілетін - 8 наурыз, 1 мамыр, жаңа жыл, жастар күні, Балаларды қорғау күні, қала күні, діни мерекелер, егін жинау мерекесі т.б. шығармашылық сценарийдің қуатын продюсер есептеп шығару керек, жүзеге асыру барысында шыққан шығынды өтей ме, жоқ па? қарастыру керек. Әлеуметтік бөлім шараны өткізу ретімен (кезеңдерімен) сипатталануы - неден басталады, қандай, қайда оқиға болады, жекелеген шараларға жауапты адамдарды көрсету, жалпы бағдарламаға жауапты адамды бекіту. Оркестр қашан ойнайды, реті қандай, ойын бағдарламалары қалай өтеді, фейерверк т.б. от пашулар қалай көрсетіледі? Марапаттау қашан өтеді, кім өткізеді, қалай өтеді? Бұл бөлімде шара барлық көлемінде, негізгі қатысушыны және олар толық сипатталады. Мамандар (кадрлар) құрамы, еңбек ақылы есептеу. Қатысушылар құрамы шараны өткізуге жеткілікті болу керек, тек артық болмау керек, өйткені кісінің көптігі ұжымды басқаруды қиындатады, түсінбеушілік көбейіп, жұмсалатын шығын құны артады.

Бағдарламаны жасаудағы маңызды саты - шығармашыл ұжымды құру; қойылым топтарын ұйымдастырушылар, қызмет көрсетуші қызметкерлер. Шығармашыл қызметкерлер саны қойылым сценаринде қарастырылады. Ұжымның қалыптасуы мәдениет ұйымының штаттық қызметкерлерін қарастырады. Сонымен бірге шараны дайындау және өткізу кезіндегі мәдениет мекемелерінің уақытша қызметкерлер тарту.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Сайыс» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Сұлулық байқауына анықтама беріңіз.
3. Жұмыстың негізгі бөлімдерінің сипаттамасы.
4. Мизансцена, оның маңызы, түрлері?
5. «Жарнама және эскиздермен қамтамасыз ету» тақырыбында презентация дайындаңыз.
6. Тақырып бойынша әдебиеттерден, интернеттен алынған материалдар негізінде қысқаша түсініктеме жазу (1-2 бет).
7. Тақырыпта кездесетін анықтамаларды айқындау, қысқаша (0,5 беттен аспайтын) эссе жазу.

15-сабақ Драматургиялық туындылардың көркемдеу материалдарын ұйымдастыру формасы

Көркемделген материалдарды орындауға ыңғайлы және қабылдау үшін әдетте пьеса актыларға, көріністерге және эпизодтарға бөлінеді. Ойын-сауықтың бір бөлімін латын тілінде АКТ (перде) дейді. Қазіргі спектакльдер көбіне екі - ақ актіден тұрады. Акт суреттерге, кішігірім көрініс эпизодтарға бөлінеді.

Эпизод - қазіргі заманғы пьесалар ішіндегі кіші бөліктің бірі. Пьесадағы мәтіндердің мазмұнының есеппен бөлінуі, әрбір эпизодтың нақыт дұрыс аяқталуына әкеліп соғады.

Сонымен, драматургиялық туындылардағы эпизод - бұл мазмұнының аяқталу сәтіндегі қорытындылау фрагменті болып табылады.

Драматургиялық туындыларда үш түрлі эпизодты айырып қарауға болады. Эпизод - драматургиялық микроқұрылым, келіспеушілікті байланыстыратын, оны дамытатын және қорытындылайтын мәнге ие. Мұндай эпизодтар құрамына, толық көріністі қамтитын келесідей. Отелло - Дездемона, Дездемонды өлтірумен аяқталатын, «Борис Годуновтың» фонтан жанындағы көрінісі, «Любовь яровая» пьесасындағы Любовь яроваяның поручик - күйеуі Яровпен кездесуі жатқызуға болады.

Эпизод - «көпір» - алдыңғы және келесі эпизодтарды өзара байланыстарын түйін, яғни біреуінен екіншісіне ауысқанда түсінбеушілікті байланыстырады. Мұндай эпизодтар әсіресе детективті көріністерде кездеседі, яғни эпизодта жаңа жағдайдың пайда болуы, немесе атаулы

куәгердің жаңа бір бағытта тергеу жүргізуі, сонымен қатар бұл келесі эпизодқа - жаңа кездесу, тосқауылға, қылмыскерді ұстау сияқты бағытқа шақырады.

Бұқаралық мерекелерді ұйымдастыруда көркемдік материалдарға сөз, музыка, би, спорт, жарық т.б құралдар жатады.

«Сөз» - шығарманың негізгі материалы» (Федин) екенін дәлелдеп жатудың тіпті де қажеті жоқ. Ауыз - екі сөйлеу арқылы өлең оқу, топпан мәнерлеп поэзия айту, жеке конференс, фельетон, монолог, диалог, скетч, пародия, интермедиялар жатады. Сөздің шебер қолданысы диалог пен монологта айқын байқалады.

Диалог - грек сөзі, сөйлеу, әңгімелеу деген мағынаны білдіреді. Мұның орны көркем шығармада. Драмалық шығарманың жаны десе де болғандай. Мінез, характер диалог арқылы жасалады. Шығарма идеясын ашып, терең бейне жасауда да рөлі үлкен. Диалогтың мықтылығы автор шеберлігіне байланысты. Диалогке шебер жазушылар деп Шекспир, Достоевский, Хемингуэй, Шолохов, Әуезов, Мүсірепов т.б айта аламыз.

Монолог. Монолог- («бір, жалғыз, жеке, дара сөз» грекше) жеке адамның өзөзіне, тыңдаушыларыға, ал пьесада көрермендерге қарата айтатын сөзі. Монолог поэзияда, драмада, прозада кездеседі.

Монолог белгілі бір құбылысқа, уақиғаға, оқиғаға, өмірге, тағдырға, адамға т.б деген жеке көзқарас арқылы туындап, ішкі толғаныс, тебіреніс үстінде айтылады.

Монологты орындайтын, оқитын өнерпаз, актер, ақын көпшілік алдында өзінің көркем сөз оқу шеберлігін, актерлік қабілетін танытады.

Яғни, драмалық шығармаларда кездесетін кейіпкердің терең толғаулы жан күйі. Кейде ол тұтас бір ой, бір мақсатты білдіреді. Грекше бір ауыз сөз немесе арнайы сөйленген сөз деген мағынаны білдіреді. Монолог, негізінен әдебиет пен өнер туындыларына, шешендер сөздеріне қатысты. Ұсынылатын мәтіндер: М.Әуезов «Қарагөзде» Қарагөз бен Сырымның монологы, «Еңлік- Кебекте» Еңліктік пен Кебектің, Ғ.Мүсірепов «Ұлпанда» Ұлпанның, «Ақан-Сері –Ақтоқтыда» - Ақан мен Ақтоқтының монологы, К.Гольдони «Трактищица», А.Чехов «Аю», Мольер «Тартюф», В.Шекспир «Отелло», «Асауға тұсау», «Ричард», «Гамлет». Гамлеттің монологы, Чацкийдің монологы, Абайдың монологы т.б.

Музыка - өзінің эмоциялық әсері арқылы адамзат тарихында қоғамдық - идеялық, мәдени - тәрбиелік және эстетикалық рол атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік - күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жан дүниесін, көңіл - күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциялық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкада дыбыстардың

биіктік және уақыттық (ырғақтық) қатынастары өте қатаң тәртіпке келтірілген. Музыкалық шығарма мазмұнында адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоциялық жақтары кеңінен көрініс табады.

Би - саз ырғағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрстейлетін көне өнер түрі. Адамның сөйлеуі ілкіде ым, ишара қимылдарынан басталып, кейін жекелеген дыбыстардың айтылуы нәтижесінде дамып, қалыптасқандығы белгілі. Осылайша адамның алғашқы дыбысы музыканың негізін салды.

Би - адам денесінің әуенге негізделген түрлі қимылдарының жүйелі түрде ауысып келуі арқылы ауқымы көне заманғы наным-сенімнен бастау алатын өнердің бір түрі. Би ишаралық бейнелеулер арқылы әсерлі көңіл күйді көрсететін, еңбек үрдістері бейнеленетін халықтық шығармашылық өнер түрі. Ілкі билер ғұрыптық - мифологиялық мәні мен магиялық қызметі бар салттық әрекеттердің құрамдас бөлігі еді.

Спорт - адамның салауатты өмір салтын жақсартуда және концерттік нөмірлерде жеке, топтық, бұқаралық көркем гимнастикалық және акробатикалық нөмірлерде қолданылады.

Бас-аяғы жинақталған, тұтас, еш мүдіріссіз жүрген мүлтіксіз өнер ойынын: спектакль, цирк, концерт бағдарламасын көргенде дайындықтың жүйелі өткендігін байқауға болады. Сол тұтас дүние, сан сырлы сауық бірден, жылдам жасала қалды ма? Жоқ., оны бір арна, бір ізге келтіру үшін әртістер көп-көп еңбек жұмасы, көп дайындықтар жүргізді.

Дайындық. (репетиция) - латынша қайталау, дайындық деген сөз. Сахнаға шығаратын туындыны: драма театрда - режиссер, музыка театрында - дирижер, балетте - балетмейстер, хорда-хормейстер әртістерімен бірігіп дайындайды. Дайындық бірнеше кезеңнен тұрады. Ол шығарманың күрделігіне қарай дайындық кейде төрт-бес айға созылады.

Бұқаралық іс-шараның дайындығы бірнеше түрге бөлінеді олар: біріктіру дайындығы, жинақтау дайындығы, байқау дайындығы, қорытынды дайындығы. Әр дайындықтың өзінің аты айтып тұрғандай мағына береді.

Бұқаралық іс-шараны сахнаға қоюдың екінші кезеңінде пластикалық, музыкалық, көркем – декоративтік шешімдерді іздестіру жұмыстары жатады. Жарық пен техникалық безендірулер іске асырылып, дайындық кезеңдері ретретімен жүйелі түрде ұйымдастырылады. Сондай-ақ болашақ қойылымның темпоритмі айқындалып, таңдалып алынған эмоционалдық мәнерлілік құралдары сценаридің көркемдік - идеялық мәніне қаншалықты мазмұн беретіндігін байқап көреді.

Тақырып бойынша орындауға берілген тапсырмалар:

1. «Эпизод» түсінігіне анықтама беріңіз.
2. «Диалог және монолог» тақырыбында презентация дайындаңыз.
3. Клубтық сценарийдегі музыка?
4. Жанр ұғымы, оның түрлері?

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде көпшілік шара өзінің мәні мен формасы жағынан ұжымдық шара болып табылады. Адам баласының өміріндегі өзгелерден ерекше қызмет бұл ұжымдық қызмет, ол адамдар тобының қатысуын және тікелей қатысуын қажет етеді. Көпшілікке арналған көріністер адамдар арасында рухани байланыс болған жағдайда пайда болады. Әр адамның өмірінде көпшілік шаралар ерекше орын алады. Көпшілік көріністерінің маңызды әлеуметтік ерекшелігі халықтың бұл жерде өздерін шараға қатыса отырып, тарихи субъект ретінде көрсетуге, шығармашылық тұрғыда танытуға мүмкіндік беруінде.

Бұрынғы кезде көпшілік шаралар шығармашылықтың бастауы болып, мәдениеттің қозғаушы күші ретінде танылды. Күнделікті әрбір күн қанша жақсы ұйымдастырылса да бұл шығармашылық функцияны алмастыра алмас еді. Адам бойында қашан да көпшілікке арналған көріністерді көруге қажеттілік болып тұрады. Қоғамда, үлкен қалаларда осы немесе басқа себептермен қызықсыз болған көпшілік шараларды өзгертіп, жаңартып отыру жайдан жай емес. Көпшілікке арналған шаралар болашақта адамзат мәдениетінің институты болып, ал мерекелерді тойлау адамдардың ұжымдық мінез құлқының негізгі және сүйікті формаларының бірі болып табылады. Адамзат мәдениетінің бұған дейінгі тәжірибесі көрсеткендей көпшілік шараларға деген қоғамдағы сұраныс оның формалары қанша өзгергенімен сақталып келеді.

Көпшілік шаралардың түрінің көптігіне назар аударып, ғылыми зерттеу барысында біз олардың өзіне тән белгілерін анықтадық:

- Ежелгі кезден бүгінгі күнге дейін мейрамдаудың мерекенің жанды эстафетасы үзіліссіз, тұрақты жалғасып келеді.

- Көпшілік көріністердің заңды ырғақты құбылысымен, табиғатпен үндесуі, аңыз уақытымен, жүру тарихымен байланысы көпшілік шаралардың тұрақтылығын, оның мазмұны мен формасының үнемі іштей өзгеруін көрсетеді.

- Мерекені өткізудің ұжымдық сипаты тек бұқараның қатысуын көрсетіп қана қоймайды, онда бірегей қауымның, сол көпшілік көріністі өзінің жетістігі деп түсінетін, өзінің құндылығын көрсететін шектеулі әдісі деп түсінетін адамдардың бірлестігін көрсетеді.

- Көпшілік көріністердің ұрпақтан ұрпаққа сақтап, көздің қарашығындай қорғап келе жатқан мәдени құндылығы.

Зерттеу барысында көпшілікке арналған көріністердің мәні ашылды, ол біздің ойымызша төмендегідей болады:

Ірі ауқымдағы көріністердің бейнесінің дамуы, яғни сахналық, санаты, сценаристтің, режиссердің, суретшінің шығармашылық ынтымағы өзіне тән ерекше формаға ие болады. Суретші жұмыстың бастапқы сатысында іске кіріседі, ол мерекені режиссермен, сценаристпен бірге ойластырып, толыққанды авторлық ұжым иесі болады.

Шараның ауқымы неғұрлым үлкен болса, соғұрлым көпшілік ойын сауық факторы көбірек болып, театрдағы идея мен сюжетті көрсету құралдарының өзгеруіне, кейде оларды ығыстыруға дейін әкеліп соқтырады.

Актерлік мәнерлеудің жеке құралдары: мимика (ымдау), интонация (дауыс ырғағы), жест (ишарат) т.б. өзінің мағынасын жоя бастайды, Сондықтан көпшілік ойын сауықтың бұқаралық формаларының жүйесі қарапайым театрдағыдан түбегейлі өзге болып келеді.

Оқиға кейіпкерлер қарым қатынасының нәтижесі ретінде емес, динамикалық символдық бейнелердің ойын сауық формасында жалпылама түсініктердің қарама қайшы келуінің нәтижесінде дамиды.

Бұл көпшілік ойын сауық қойылымдар көрермендер назарына ұсынылатын шараларды ұйымдастыруға қойылатын ерекше талаптармен, бұқаралық қойылымдардың ерекше талаптарымен байланысты. Бұл көрерменнің болған оқиғаға қобалжу жағдайында өзі отырған жерден жүздеген шақырым жерлерде жүргендей күйге түсуі үшін ерекше көркемдік әдістер мен көріністер қойылу қажет.

Салыстырмалы сипаттамалы талдауды және өнертанудағы көркем стилістік және тарихи мәдени талдаумен біріктірудегі кешенді әдісті қолдана отырып, бұл зерттеу жұмысында көпшілік ойын сауыққа пайда болған кезінен күні бүгінгіге дейінгі кезге дейін кешенді талдау жасауға тырыстық.

Зерттеу материалын талдау, қорыту, жүйелеу негізінде тақырыпқа сәйкес әдебиеттер зерттеліп, талданды. «Көпшілік көрініс» немесе көпшілік ойын сауық түсінігіне анықтама берілді, бұл зерттеудің проблемасын одан әрі шешуге көмектесті. Көпшілік ойын сауықтардың пайда болуы мен дамуының негізге тенденциялары, сонымен қатар оның әрбір сатысының дамуы қарастырылды. Көпшілік ойын сауықтардың негізгі аспектілері мен драматургияның ерекшелігі, режиссурасы, сонымен қатар көпшілік көріністердің ұйымдастырылуы мен дайындалуының әдістемесі қарастырылды.

Ғылыми зерттеудің алынған нәтижелері ұсынылған материалдың практикалық маңыздылығын көрсетті. Осыған байланысты жұмыс барысында алынған материалдарды жоғары оқу орындарында «Сценарий шеберлігінің негіздері» курсынан оқу материалын мазмұндауда пайдалануға болады.

Бұл жұмыс таңдалған тақырыпты сөзсіз толықтай қамти алады деп айтуға болмайды, өйткені бұл мәселе бұдан әрі де зерттелуді талап етеді.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

1. **Аскетизм** – аз нәрсеге қанағат тұтатын адам.
2. **Әділқазы** – 3- 7 адамнан тұратын сарапшылар тобы. Олар байқау қорытындысына жеке мүдделерін қоспай, қатысушылардың жұмысын әділ бағалайды.
3. **Әдеби сценарий** – қарапайым мәтінді музыкалық әрлеу, техникалық қолдау, адамдарды қатыстыру арқылы әдеби шығармаға айналдыру.
4. **Бағдарлама** – белгілі бір мазмұнның әдеби жүйеленіп берілген түрі. Бағдарламада кім қандай жағдайда не істейді, қайда жасайтындығы анықталып көрсетіледі.
5. **Балалар бірлестігі** – негізгі қатысушылары балалар болатын ұйым түрі. Бұл ұйымда бала – топ субъекті ересек адам – балалар таңдап алған белсенді қатысушы, бұл ұйымның ерекшелігі – ерікті түрде жұмыс жасау, балалар шығармашылығын шектемеу, олардың қызуғышылықтарын жүзеге асыру, достық қарым-қатынас.
6. **Балалар ұйымы** – белгілі бір мақсатқа жету балалар мен ересектер бірігіп құрған әлеуметтік маңызы бар бірлестік.
7. **Балалық-жасөспірімдік уақыт өткізу** - бұл балалардың немесе жасөспірімдердің белгілі бір жас кезеңдегі ерікті түрдегі бос уақытын өткізу үшін жұмыс түрін таңдап ала алатын шығармашылық тәртіп.
8. **Балалар ойыны** – бала ойының шынайы көрінісі. Ойын арқылы бала әлемді таниды, әлеуметтік тәжіриесін нығайтады, ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйрететін балалар бірлестігінің ерекше түрі.
9. **Балалар ойынының түрлері:**
 - 1) манипуляциялық (заттық ойынның алғашқы түрі); 2) заттық (әр түрлі заттарды қолану арқылы); 3) рөлдік (белгіленген ересек адамның рөлін ойнау); 4) спорттық (көп қимылды қажет ететін жарыс түріндегі ойын); 5) ақыл-ой (арнайы ережелері белгіленген бала дамуына зор әсер ететін, бала белсенділігін арттыратын ойын).
10. **Белсенді демалыс** - бойдағы қысымды азайту мақсатындағы, жұмысты ауыстыра орындалатын демалыс.
11. **Бос уақыт өткізу мәдениеті** - өз - өзін дамытуға бағытталған, тұлғаның өз еркімен орындайтын жұмыстарының тәртібі, әдебі.
12. **Бос уақыт өткізу** - бұл міндеттер жүктелмейтін, әр адам өзіне ыңғайлы, қалаған ісін таңдап ала алатын, еңбек және білім жұмысын қажет етпейтін уақыт.
13. **Бос уақыт өткізу** - адамның бос уақытын өткізу үшін әр түрлі істермен айналысып, нәтижесінде жеке тұлғаның дамуы жүретін үндестікті жұмыс.
14. **Бос уақыт өткізу** - жасөспірімдердің сұранысын қанағаттандыратын белсенді қарым-қатынас аймағы.

15. **Бос уақыттағы жұмыстар** - әр адамның ішкі дүниесін сезіну үшін позитивті түрде құрастырылған мазмұнды жұмыстар.
16. **Бос уақыт өткізу** - бұл міндеттер жүктелмейтін, әр адам өзіне ыңғайлы, қалаған ісін таңдап ала алатын, еңбек және білім жұмысын қажет етпейтін уақыт.
17. **Бос уақыт өткізу** - адамның бос уақытын өткізу үшін әр түрлі істермен айналысып, нәтижесінде жеке тұлғаның дамуы жүретін үндестікті жұмыс.
18. **Бос уақыт өткізу** - жасөспірімдердің сұранысын қанағаттандыратын белсенді қарым-қатынас аймағы.
19. **Бос уақыттағы жұмыстар** - әр адамның ішкі дүниесін сезіну үшін позитивті түрде құрастырылған мазмұнды жұмыстар.
20. **Бос уақыт өткізудің педагогикалық әдісі:** ойын, театрландыру, бәсекеге қабілеттілік, кез-келген жағдайдан шыға алу.
21. **Бос уақыт** - күнделікті тұрмыстық міндеттемелер жүктемейтін уақыт.
22. **Викторина** - әр түрлі тақырыпта кеш түрінде үйірмелерде өткізілетін топтық немесе жалпы жұмыстың түрі.
23. **Гедонизм** - әдеп ілімі сондай-ақ рахатын көруді адамның мінез-құлқының ең жоғары игілігі, өлшемі деп санайтын көзқарас жүйесі.
24. **Глодиаторлық күрес** - ертеден келе жатқан бос уақытты өткізудің негізгі түрі. Ежелгі заманда мұндай өзін-өзі қорлықты түрде өлтіру үрдісіне құлдар немесе еріктілер азаматтар қатысқан.
25. **Декламация** - проза немесе поэзия жанрындағы шығарманы мәнерлеп оқу өнері. Бұндай оқу түрі сонау антикалық дәуірден бастау алған, негізгі мағынасы әдемі сөйлеуді білдірген.
26. **Дефференциалды технологиялар** - халықтың жеке бөлігімен және әртүрлі жастағы топтармен жұмыс жасауға бағытталған әдіс түрі.
27. **Демалыс** - белгілі бір міндеттерді жүктемейтін адам бойындағы қысымды түсіруге және күш-қуатты арттыруға арналған бос уақытты өткізу түрі.
28. **Диско** - би жанрында енді танымал болып келе жатқан поп-музыка түрі. Негізгі ерекшеліктері ритм-секциялардағы бастың қолданылуы, струналық инструменттердің фондық дыбысталуы.
29. **Ермек** - бос уақыт өткізу терминімен үндес, оның бір бөлшегі деп айтуға болады. Бірақ оның ерекшелігін психологиялық тұрғыдан түсіндіруге болады, яғни ермек – ешқандай регламентке сыймайтын қарым-қатынас немесе іс-әрекет түрі.
30. **Жаңа толқын** - панк-роктың негізінде шыққан және тура сол жанрдағы музыкалық құралдар қолданылатын бағыт.
31. **Жалғансу** - алдын ала дайындалған сөзді айту.
32. **Жоба жұмысы** - мұғалім мен оқушының жаңа идеяларды айқындау мақсатында құрылатын, объективті және субъективті жаңалығы болатын интегративті шығармашылық түрі.

33. **Жарнама** - адамдар тобын белгілі бір іске тарту немесе жұмылдыру үшін жүргізілетін жұмыстың негізгі құралы. Негізгі түрлері болып плакат, афиша, хабарландыру болып табылады.

34. **Инсценировка** - театрға арнайы дайындалатын прозалық, поэзиялық шығарманың өңделуі.

35. **Көріністік оқиға** - бұл өмірге қауіп туындатуымен ерекшелінетін, қандай да бір құбылыстың немесе қабілеттің көрінуі

36. **Карнавал** - негізінде көшеде өтетін театрландырылған киім үлгілерімен, қойылымдармен ерекшеленетін халық мерекесі.

37. **Клуб** - белгілі бір ортақ қызуғышылықтары бар адамдарды сол қызуғышылықтарын нақты және терең талқылау үшін басын біріктіретін ұйым.

38. **Клубтық бірлестік** - ерікті түрде қосылған қызуғышылықтары бір адамдардың бас қосатын ұйымы.

39. **Көрме** - адамды белсенділікке, ойлап табуға, жұмысын жүйелеуге, кәсіптік және танымдық тұрғыдан қызығушылығын оятатын, жеке қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін жұмыс түрі.

40. **Кештер** - мектеп жұмысында немесе қосымша білім беру мекемелерінде балалармен жүргізілетін жұмыс түрі. Ол ұжымдық шығармашылық жұмыс түрінде өткізілуі мүмкін. Оны өткізу үшін ең алдымен педагог: мақсат пен міндеттерді анықтайды; қолданылатын әдебиеттермен танысады; тақырыпты таңдайды; өткізу жоспарын құрады және оны оқушылармен талқылайды. Балалар шығармашылығын қосып сценарий жазылады, безендіру жұмыстары жүргізіліп қатысушылармен дайындық жасайды; қатысушыларға арналып ақпараттық-дәрістік бюллетендер дайындалады, сырттай конкурстар ұйымдастырылады; музыкалық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіледі. Кештерде қолданылатын материалдар қызықты әрі танымдық болуы тиіс. Оқу және тәрбие жұмысында оң нәтиже беру үшін нақты болып, жеке тұлға дамуында өз үлесін қосады.

41. **Қажетсіну** - рухани және материалдық қажеттіліктен туындайтын басқа адамдардың көмегімен орындалатын әрекет.

42. **Қызығушылық ұстанымы** - аудиторияның қызығушылығын ескере отырып құрылатын педагогикалық тәрбие процесі.

43. **Қызуғышылық** - белгілі бір іс-әрекетті орындау барысында себепті туындататын қызуғышылық.

44. **Қызығу** - «бос уақытты өткізу» терминінің бір бөлшегі, яғни арнайы регламентті талап етпейтін өзі қалаған жұмысты немесе қарым-қатынасты орнату үшін қажетті талап.

45. **Қарым-қатынас** - индивидтер арасындағы өзара байланыс. Бұл байланыс нәтижесінде ақпарат, тәжірибе, білім, ой, бағалау, талқылауларымен алмасады.

46. **Қызығу** - белгілі бір нарсеге немесе біреуге деген өте қатты қызығушылық.
47. **Лекторий** - қосымша білім беру мекемелеріндегі жалпы жұмыс түрі. Өз білімін кеңейтемін дейтін оқушыларға өзі қызығушылық танытқан білім саласы туралы толық мағлұмат беріледі.
48. **Манок** - ол дегеніміз ойындық бағдарламаларға көрермендерді тарту үшін ұйымдастырылатын жұмыс түрі.
49. **Маскарад** - қатысушылар белгілі бір маска киіп шығатын мереке.
50. **Мәдени іс-шаралар** - рухани, эстетикалық, интеллектуалдық сұранысты қанағаттандыру үшін жүргізілетін жалпы жұмыстар.
51. **Мәдени қызмет** - бұл термин ғылымға XX ғасырдың 80 жылдары енген. Бұл әлеуметтік - мәдени қызмет түрінде қаралады.
52. **Мереке түрлері:**
қоғамдық мерекелер (Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні, Тәуелсіздік күні және т.б.); кәсіби мерекелер (Ұстаздар күні, Металлургтер күні, Медбикелер күні және т.б.); көркемөнер-шығармашылық мерекелері (поэзия күні, проза күні және т.б.); спорттық мерекелер; ұлттық және діни мерекелер (Наурыз мейрамы, Құрбан айт мерекесі және т.б.); жыл мезгілдеріне орай өткізілетін мерекелер (көктемді қарсы алу, егінді ору және т.б.).
53. **Мереке** - белгілі бір ерекше күнді атап өту үшін, күнделікті еңбектен дем алу, көңіл көтеру, қуаныш түрінде ұйымдастырылған іс-әрекет.
54. **Навмахия** - ежелгі римдегі қызмет түрі. Қолдан ұйымдастырылған теңіз шайқасы.
55. **Одион** - антикалық дәуірдегі өнер көрсетуге немесе жарысуға арналған орын.
56. **Ой қозғау әдісі** - ұжымдық шығармашылық идеяларды бір жүйеге келтіру.
57. **Ойын** - әлеуметтік жайлылық туындату үшін өмірлік тәжірибеден алынған шартты жағдайларға негізделген педагогикалық тәсіл.
58. **Опера - театрға арналған музыкалық-драма** - театрға арналған сөйлеу толықтай немесе жартылай әнмен ауыстырылған музыкалық-драмалық шығарма.
59. **Өзара әсер** - бір немесе бірнеше (ашық, жабық, пәндік немесе рухани) мақсат кезіндегі субъектілердің бір – біріне әсер ету үндестігі
60. **Палестра** - антикалық дәуірдегі арнайы ұйымдастырылған гимнастикалық мектеп.
61. **Потеха** - «қызық қуу, көңіл көтеру», индивидтің көңілінен шығу мақсатында жағымды көңіл-күй сыйлау
62. **Педагогикалық қызмет тарихы** - әр түрлі оқу-тәрбие жұмыстарының теориялық шығу тарихын, практикада қолданылуын зертейді.
63. **Поп** - заманауи танымал музыкалық жанр. Бұл өзіне диско, транс, техно, фанк сияқты бірнеше терминдерді біріктерін ауқымды сөз.

64. **Поп-рок** - өте танымал рок түрі. Оранжировка қолданылуымен ерекшеленеді. Поп-рокқа көп тыңдарманға негіздеген кез-келген рок-музыканы қосуға болады.
65. **Пак-рок** - бұл жанрға кәсіби емес, бірақ айқындығымен ерекшеленетін, қарапайым бірақ есте қаларлықтай әуендер қолданылатын жанр.
66. **Рекреация бірлігі мен таным ұстанымы** - ұйымдастырушылық мәдени-демалыс жұмыстарының бірлігі.
67. **Рекреация (лат. recreatio - восстановление)** - денсаулықты және жұмысқа деген қабілетін қалпына келтіру.
68. **Рөлдік ойын** - өмірден алынған кейіпкерлерді ойнататын психодрамманың ерекше түрі.
69. **Сисития** - ежелгі Грекияда пайда болған, көкте тамақтандыруды әдетке айналдырған топ түрі.
70. **Симпацион** - ежелгі Грекияда пайда болған негізінен әдебиет, өнер, философия, декламация туралы кеңес құратын топ түрі.
71. **Суырыпсалмалық** - өлеңді, сөзді, музыканы ешқандай алдын ала дайындықсыз дәл сол уақытта құрастыру немесе шығару.
72. **Сыныптан тыс жұмыстар түрі.**
Ойындық;
Танымдық;
Көңіл көтеру бағытындағы;
Еркін шығармашылық;
Әлеуметтік шығармашылық (еріктілер жұмысы);
Техникалық шығармашылық;
Еңбек (өндірістік) саласы;
Спорттық - сауықтыру жұмыстары;
Туристтік - өлкетану жұмыстары.
73. **Тәуелсіз технологиялар** - бұл жеке жергілікті тұрғындардың және әртүрлі жастағы топтардың (балалар және жасөспірімдер, жастар, отбасылар, жеке тұлғалар) жұмысына бағытталған жұмыс түрі.
74. **Театрландыру әдісі** - театр әдісі бойынша орындалатын педагогикалық тәсіл түрі.
75. **Терма** - театр, кітапхана, лекторий, асхана, дүкен, гимнастикалық залдарды қосатын, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға арналған антикалық дәуірдегі қоғамдық мекеме.
76. **Транс** - тыңдаушыға эмоционалдық әсер қалдыруымен ерекшеленетін электрондық музыка жанрының бір түрі. Негізгі ерекшеліктері мұңды, «космостық» ноталардың қолданылуымен ерекшеленеді.
77. **Техно** - бір сөзбен айтқанда қаланың футуристикалық музыкасы. Негізгі ерекшеліктері көңілсіз металдық дыбыс, фантастикалық мелодия, «суық» эмоциясыз вокал.
78. **Уақыт бюджеті** - жеке адамдардың немесе жалпы топтардың өмірлік үрдістерінде белгілі бір уақыт аралығында болатын үндестік. Ол әртүрлі

еңбек саласындағы мазмұндардың толықтығымен көрінеді (кәсіппен айналысу, сүйікті іспен айналысу, оқу үрдісі, демалыс, көңіл көтеру және т.б).

79. **Уикенд** - жұма күнгі кешкі уақыттан, дүйсенбі күнгі таңға дейінгі демалыс уақыты бұл кезде мерекелік кештер ұйымдастырылады т.б.

80. **Үйірмелік жұмыстар** - балалардың жеке-топтық теория мен практиканы біріктіретін әмбебап, жүйеленген, динамикалық жұмыс түрі.

81. **Үйірме** - шығармашылық-орындаушылық қызметтің оқу-тәрбиелік жұмыстарға айналатын клубтық қатынастың жоғарғы түрі.

82. **Ұжымдық-шығармашылық жұмыс** - бұл бірлескен топ тәрбиешілер мен тәрбиешіленулерді, кішілер мен үлкендерді ұйымдастыру тәсілі.

83. **Ұйымдастырушы педагог** - жеке тұлғаны дамытуға қабілеттерді ашуға, оқушылардың бойындағы мәдениетті қалыптастыруға жұмыс жасайтын қызметкер.

84. **Фолк-рок** - халық музыкасының элементтері қосылған рок-музыка.

85. **Фанк** - ең басты доминантты аспап ұрғыма болатын би жанрларының бірі.

86. **Хаус** - биге икемделген, толықтай электронды музыка осылай аталады. Ең басты және жалғыз инструмент – синтезатор. Эффектілер көптеп қолданылады.

87. **Хард-рок** – сөзбе - сөз аударғанда «ауыр, қатты» деген мағынаны білдіреді. Аты айтып тұрғандай мұнда доминантты дыбыстар бас немесе ритм-гитара болады.

88. **Шығармашылық** - шығармашылық тапсырманың шешуі үшін ұйымдастыру үшін ұйымдастырылған адам қызметінің бір түрі.

ГЛОССАРИЙ

1. **Актер** - орындаушы
2. **Артист** - өнерпаз
3. **Ансамбль** - көркемдік топ
4. **Акустика** - дыбыстың естілу күйі
5. **Акцент** - дыбыстық, сөздік және ой екпіні.
6. **Акт** - әрекет
7. **Ақын** - поэзиялық туындыларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі.
8. **Аллегория** (грек.пернелеп айту) - жан-жауарларға адам мінез-құлқының сипаттарын беру.
9. **Аңыз** - тарихи шындыққа негізделген, халықтың жадында сақталған, уақыт өте келе өңделіп, көркемдік сипат алған оқиғалар.
10. **Авансцена** - сахна дәлізі.
11. **Актер** - орындаушы
12. **Артист** - өнерпаз
13. **Автор** - түрлі салаларда шығарма жасаушы тұлға. Әдебиеттегі, өнердегі, ғылымдағы т.б. шығармашылық еңбек иесі.
14. **Агитация** - ауызша немесе баспасөз арқылы қалың көпшілікке идеялар мен лозунгілер таратып, саяси тұрғыдан үгіттеп, әсер ету қызметі.
15. **Альманах** - әр түрлі авторлардың әдеби шығармалар жинағы.
16. **Анализ** - тиісті объектіні жан-жақты талдап көрсететін, ғылыми – логикалық тұрғыдан ой-топшылаулар жасайтын зерттеу әдісі.
17. **Аннотация** - кітап мазмұнына қысқаша түсініктеме жасау.
18. **Аноним** - өз есімін жасырушы шығарма авторы.
19. **Аргумент** - бір нәрсені дәлелдеуге негіз болатын логикалық тұжырым.
20. **Әдебиет** - араб сөзі «үлгілі сөз» деген мағынаны береді. Қазақша «асыл сөз» деген ұғымды береді.
21. **Әңгіме** - оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры.
22. **Буффонада** - актерлік ойын тәсілі
23. **Бутофория** - жасанды әшекей заттар
24. **Бутафор** - жасанды әшекей заттар
25. **Буффонада** - актерлік ойын тәсілі
26. **Библиография** - кітаптар мен журналдардың ішіндегі мәліметін, анықтамасын білдіретін көрсеткіштер.
27. **Грим** - бояну, опалану.
28. **Жанр** - француз тілінен аударғанда «түр», «тек» ұғымдарын береді.
29. **Идея** - көркем шығармада айтылатын ойды айтады.
30. **Сценарий** - ықшамдалған әдеби композициялық негіз.
31. **Сюжет** - оқиғалардың жалғасқан тізбегі және біртұтас желісі.
32. **Спектакль** - сахналық шығарма.

33. **Студия** - көбіне жастардан құрылып, шығармашылық және оқу қызметін жүргізуді мақсат тұтқан театр ұжымы
34. **Драма** - әрекет
35. **Декламация** - жалаң, жел сөз
36. **Декорация** - безендіру
37. **Дилетант** - әуесқойлық, әуесқойлық
38. **Диалог** - сөйлесу
39. **Гастроль** - көшпелі театр құрамы
40. **Жест** - ишарат
41. **Пафос** - іңкәр сезім
42. **Пластика** - сымбат
43. **Логика** - қисын (сөз қисыны, ой қисыны)
44. **Люфтпауза** - тыныстық кідіріс
45. **Мимика** - ыммен білдіру
46. **Эстрада** - әр алуан артистердің ойын-сауығынан құралған
47. **Импровизация** - суырып салма, суырып салушылық
48. **Интеллект** - ақыл, парасат
49. **Интерпретация** - шешім, байлам, кесім
50. **Иллюстрация** - кітап, газет, журналдар тесіне орай берілетін суреттер.
51. **Интеллигенция** - ой еңбегінің адамдары. Мәдениет пен ғылымның әр түрлі салаларынан арнаулы білімі бар мамандар. Мысалы, дәрігер, ғалым, жазушы, артист, мұғалім, инженер, мемлекеттік қызметкер т.б
52. **Интервью** - сұрақ - жауап түрінде белгілі бір тұлғаның оқиға мен факті жөнінде журналистке айтқан әңгімесі.
53. **Интерпретация** - бір нәрсенің мәнін ашу, ұғындыру. Мысал келтіру.
54. **Конферансье** (баяндамашы) - концерттік - эстрадалық ойын-сауықтарды жүргізуші артист.
55. **Мизансцена** - қойылым кезіндегі актерлердің сахнада орналасуы.
56. **Музыкалық театрлар** - опера, балет, оперетта мен музыкалық драмалық спектакльдерді көрсететін өнер ұжымдары.
57. **Метод** - тәсіл
58. **Дискуссия** - жиналыста немесе баспасөзде әлде бір мәселені қызу талқылау.
59. **Жанр** - әдеби немесе публицистикалық шығарма түрлері.
60. **Очерк** - көркем жанрға жатады, публицистикалық сарында жазылады. Негізінен фактіге құрылады, ойдан шығарылмайды. Оқиға, фактілер зерттеліп, баяндалады. Оның кейіпкерлері өмірде бар адамдар, нақты деректер баяндалады. Көбіне кейіпкерлер бейнесі суреттеліп беріледі.
61. **Пресс - конференция** - информациялық тұрғыда әңгімелесу үшін, саяси мәселелерді айту үшін мемлекеттік, саяси, қоғамдық қайраткерлердің баспасөз өкілдерімен кездесуі.

Реферат тақырыптары

1. Мысалдың композициялық талдамасы.
2. Ертегінің композициялық талдамасы.
3. Әңгіменің композициялық талдамасы.
4. Аңыздардың композициялық талдамасы.
5. Өткен шараның композициялық талдамасы
6. Драматургиялық шығармадағы көркемдік материалдар
7. Драма композициясы
8. Эпизод
9. Әдеби композиция.
10. Әдеби композициямен жұмыс
11. Сценарийлік–режиссерлік шешім - болашақ сценарий негізі
12. Монтаждаудың басты бағдарлары
13. Сценарийдегі көркем-мәнерлеу құралдары
14. Драматургиялық шығармалармен танысу
15. Драмалық шығармалардың композициясымен танысу
16. Оқылған драмалық шығармалардың қақтығысын табу, талдау жұмыстарын қағазға түсіру.
17. Драмалық шығармаларды, сценарилерді композициялық талдау жұмыстарымен айналысу.
18. Драмалық шығармаларды немесе әңгімелерді, дайын сценарийлерді пайдалана отырып монтаждау жұмыстарын жүргізу.
19. Әдеби –музыкалық композиция құрастыру.
20. Сценарий құрастыруды, жазуды үйрену.
21. Сценарийдегі сюжет және оның композициялық құрылымы.

Бақылау жұмысының тақырыптары

1. Драматургиялық шығармаға талдау жасау.
2. Мысал, ертегі, әңгіме, аңыздардың композициялық талдамасы.
3. Әдеби-музыкалық композиция құрастыру.
4. Инсценировка жасау.
5. Іс-шара сценарийлеріне талдау жасау.
6. Драматургиялық шығармадағы қақтығыс.
7. Әдеби мәтінмен жұмыс.
8. Поэтикалық композиция құрастыру.
9. Музыкалық материалмен жұмыс.
10. Сценарийлік жоспар құрастыру әдістемесі.
11. Сценарий жазудың кезеңдері.
12. Сценарийдегі көркем мәнерлеу құралдары.
13. Материалдарды монтаждау.
14. Сценарийдегі шығармашылық әдістер.
15. Театрландырылған концерт сценарийін жазу әдістемесі.
16. Бұқаралық мерке сценарийін құрастыру технологиясы.
17. Іс-шара сценарийлеріне талдау жасау.
18. Сайыстық- ойындық бағдарламалар сценарийін жазу әдістемесі.
19. Салт-дәстүрлік, рәсімдік іс-шаралардың сценарийін жазу әдістемесі.
20. Тақырыптық кеш сценарийіндегі иллюстрация мен театрализация әдістері.
21. Пьесаға драматургиялық талдау жасау.
22. Драматургиялық шығармадағы көркемдік материалдарды ұйымдастыру әдістемесі.
23. Әдеби композицияны құрастыру заңдылықтарын меңгеру.
24. Әдеби монтажбен жұмыс жүргізудің негізгі кезеңдері.
25. Әдеби композиция мен монтажды құрастыруда көркем-мәнерлеу құралдарын қолдану әдістемесі.
26. Әдеби текстімен жұмыс жүргізудің заңдылықтарын меңгеру.
27. Поэтикалық композиция мен монтаждың құрылу принциптерін меңгеру.
29. Музыкалық материалмен жұмыс жүргізу әдістемесі.
30. Конферанс.
31. Көркем бейнені жасаудағы негізгі әдістерді меңгеру тәсілдері.
32. Сценарий жазудың негізгі кезеңдерімен жұмыс жүргізу.
33. “Өмір дерегі” және “Өнер дерегі” - жинақтау және ұйымдастыру тәсілдері.
34. Сценарийдегі идеялық-эмоционалдық әсер ету құралдарын пайдалану әдістемесі.
35. Монтаждық бет құрастыру әдістемесі.
36. Режиссура» түсінігі.
37. Сайыстық-ойындық бағдарламалар сценарийін жазу әдістемесі.

- 38.Тақырыптық кеш сценарийіндегі иллюстрация мен театрализация әдістрі.
- 39.Салт-дәстүрлік, рәсімдік іс-шаралардың сценарийін жазу әдістемесі.
40. Театрландырылған тақырыптық концерт сценарийін жазу әдістемесі.
41. Бұқаралық мереке сценарийін жазу әдістемесі.
42. Театрландырылған шараның сценарийі.
- 43.Театрландырылған мерекедегі режиссердің ойы
44. Театрландырылған мерекелер
- 45.Театрландырылған концерт режиссурасы.

Жеке сабақ тапсырмалары

- 1.Сценарий түсінігі жайлы зерттеушілердің пікірлеріне талдау жасау. (Жазбаша)
- 2.Түрлі іс-шаралар сценарийлеріне талдау жасау. (Ауызша есеп)
- 3.Ертегі, мысалдардың идеялық-тақырыптық негіздемесін жасау. (Жазбаша есеп)
- 4.Шағын прозалық шығармалардың идеялық-тақырыптық негіздемесін жасау. (Жазбаша есеп)
- 5.Өз таңдауы бойынша тақырыптық кештің сценарийлік жоспарын құрастыру. (Жазбаша есеп)
- 6.Өз таңдауы бойынша театрландырылған тақырыптық кештің сценарийлік жоспарын құрастыру. (Жазбаша есеп)
- 7.Күнтізбелік мерекелердің бірінің сценарийлік-үлгісін ойластыру. (Ауызша сұрау)
- 8.Драматургия саласының басты терминдерін меңгеру. (Глоссарий құрастыру)
- 9.Деректі және құжатты материалдарды монтаждау. (Монтаждық бет)
- 10.Материалдар жинақтау. (Жазбаша)

Ағымдық, аралық және қорытынды бақылауға арналған сұрақтар

1. Драматургияға кіріспе
2. Драма жайлы түсінік
3. Драмадағы әрекет
4. Драма композициясы
5. Қақтығыс. Драматургиялық шығармадағы кейіпкер.
6. Драматургиялық шығармадағы көркемдік материалдарды ұйымдастыру түрлері
7. Әдеби композиция және әдеби монтаж
8. Көркем прозалық шығармалар арқылы жасалынған әдеби композиция
9. Поэтикалық композиция мен монтажды құрастыру принциптері

10. Монтаждың әдеби негізімен жұмыс істеу кезеңдері
11. Сценарий- көркем педагогикалық бағдарлама ретінде
12. Негізгі сценарийлік ұғымдар
13. Сценарий жазудың негізгі кезеңдері
14. Сценарийдегі көркем және деректі материалдар
15. Сценарийдегі сюжет және оның композициялық құрылымы
16. Мәдени –тынығу жұмысы сценарийіндегі монтаждау тәсілдері
17. Сценарийдегі көркем-мәнерлеу құралдары
18. Сценарийлік жұмыс түрлері
19. Сайыстық-ойындық бағдарламалар сценарийі
20. Тақырыптық кеш сценарийі
21. Театрландырылған тақырыптық концерт сценарийінің өзіне тән ерекшеліктері
22. Салт-дәстүрлік, рәсімдік іс-шаралардың сценарийі
23. Салт-дәстүрлік шаралар сценарийіндегі драматургиялық тәсілдер
24. Бұқаралық мереке сценарийі
25. Бұқаралық мереке драматургиясы
26. Мерекелік әрекеттегі түпкі ой
27. Мереке сценарийіндегі шығармашылық әдістер
28. Бұқаралық мерекенің идеялық - эмоциональдық әсер ету құралдары
29. Бұқаралық мереке сценарийін құрастыру технологиясы
30. Драматургиялық шығармалармен танысу
31. Драмалық шығармалардың композициясымен танысу
32. Оқылған драмалық шығармалардың қақтығысын табу, талдау жұмыстарын қағазға түсіру.
33. Драмалық шығармаларды, сценарилерді композициялық талдау жұмыстарымен айналысу.
34. Драмалық шығармаларды немесе әңгімелерді, дайын сценарийлерді пайдалана отырып монтаждау жұмыстарын жүргізу.
35. Әдеби –музыкалық композиция құрастыру.
36. Сценарий құрастыруды, жазуды үйрену.
37. Сценарийдегі сюжет және оның композициялық құрылымы.
38. Монтаж түрлері: хронологиялық, контрасты, ассоциативті, параллельді, ретроспекциялы.
39. Әдеби мәтінмен жұмыс
40. Поэтикалық композиция құрастыру
41. Музыкалық материалмен жұмыс
42. Сценарийлік жоспар құрастыру әдістемесі
43. Сценарий жазудың кезеңдері
44. Сценарийдегі көркем мәнерлеу құралдары
45. Тақырып бойынша әдебиеттермен танысу.
46. Драматургия шығармаға талдау жасау
47. Мысал, ертегі, әңгіме, аңыздардың композициялық талдамасы
48. Әдеби музыкалық композиция құрастыру
49. Инсценировка жасау

50. Алтын қиылыс заңын меңгеру
51. Драматургиялық шығармадағы қақтығыс
52. Әдеби мәтінмен жұмыс
53. Поэтикалық композиция құрастыру
54. Материалдарды монтаждау
55. Сценарийдегі шығармашылық әдістер
56. Театрландырылған концерт сценарийін жазу әдістемесі

Курстық жұмыстың тақырыптары

Театрландырған көпшілік көрініс сценариясын құрастыру

1. Жайнай Республикам менің - Қазақстан!
2. Соңғы қоңырау
3. Мектептегі жаңа жыл.
4. Үлкендерге арналған жаңа жыл.
5. Ғашықтар күні.
6. Халықаралық әйелдер күні.
7. Наурыз-думаны
8. Масленица - қыспен коштасу.
9. Жеңіс күні. (9 мая)
10. Бірлік бар жерде - тірлік бар!. (1 мая)
11. Балалар корғау күні. (1 июня)
12. Конституция күні.
13. Білім күні.
14. Республика күні.
15. Тәуелсіздік күні.
16. Үшкыштар күні.
17. Отан корғаушылар күні.
18. Сабантой.
19. Біздер өмірде қалаймыз! (1 декабрь)
20. Жаңа жыл корпоративтік банкеті.

Курстық жұмыс студентке әдебиетпен жұмыс істеу қабілетін көрсетуге, материалды аналитикалық түсіну дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді. Әрбір студент ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, бір ай ішінде осы пән бойынша курстық жұмыстарға қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес тапсырманы өз бетінше орындауы керек. Курстық жұмыс студентке әдебиетпен жұмыс істеу қабілетін көрсетуге және материалды аналитикалық түсіну дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді.

Әрбір студент ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, бір ай ішінде осы пән бойынша курстық жұмысқа қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес тапсырманы өз бетінше орындауы керек.

Курстық жұмыс мазмұнды, өздігінен орындалуы және жақсы жобалануы керек. Ол парақтың бір жағында стандартты үлгідегі қағазда орындалады және байланыстырғыш қалтаға тігіледі.

Курстық жұмыс мазмұнды, өз бетімен орындалған және жақсы жобаланған болуы керек. Ол парақтың бір жағындағы стандартты қағазда жасалады және қалтаға тігіледі.

Курстық жұмысқа студент оны қорғау күнін көрсете отырып, титулдық параққа қол қояды.

Курстық жұмыс оның мазмұнының өзектілігіне, Тәуелсіздік дәрежесіне, тұжырымдар мен ұсыныстардың өзіндік ерекшелігіне, әзірленген жобаның сапасына, пайдаланылған әдебиеттің кеңдігіне, сауаттылық деңгейіне қарай бағаланады.

Курстық жұмысты қорғау күнін көрсете отырып, титулдық бетте студенттің қолы қойылады.

Курстық жұмыс мазмұнының өзектілігіне, дербестік дәрежесіне, тұжырымдар мен ұсыныстардың өзіндік ерекшелігіне, әзірленген жобаның сапасына, пайдаланылған әдебиеттердің кеңдігіне, сауаттылық деңгейіне қарай бағаланады.

«Сценарий шеберлігінің негіздері» пәнінен тест тапсырмалары

1. Сценарий дегеніміз не:

- А. клуб шараларының басынан аяғына дейінгі белгілі бір жүйемен, тиянақты және толық жазылған әдеби жазба
- Б. көркем мәтін
- В. фильмнің сюжеті бойынша таныстыру
- Г. көпшілікті
- Д. ұжымдық

2. Көрініс дегеніміз не?

- А. Фреймде болып жатқан әрекет
- Б. бір жерде және бір уақытта кездесетін сценарий бөлігі
- В. фильм баянының эмоционалды қарқынды фрагменті
- Г. белгілі бір жүйемен көрсететін ән
- Д. белгілі бір жүйемен көрсететін би

3. Эпизод дегеніміз не?

- А. оқиға желісі үшін елеусіз әрекет сәті
- Б. қысқа үзінді
- В. өзара байланысты және сюжеттің белгілі бір бөлігін құрайтын көріністер тізбегі
- Г. қысқа көрініс
- Д. қысқа бөлім

4. Байланыс - ол:

- А. сюжеттің басы, шешілуі тиіс мәселелер немесе қақтығыстар туындаған кезде
- Б. кинобаяндағы алғашқы қызықты көрініс
- В. сөйлеу фигурасы
- Г. сөйлеу мәдениеті
- Д. сөйленетін сөздер

5. Іс-әрекеттің дамуы – бұл:

- А. оқиға желісі
- Б. мәселелер мен қақтығыстарды шешу процесі
- В. әңгіменің тақырыптарының бірі
- Г. әдеби жазбасы
- Д. қолданатын көркемдік құралдар

6. Шарықтау шегі:

- А. сюжеттегі ең жоғары шиеленіс сәті
- Б. фильмнің ең динамикалық көрінісі
- В. әңгіменің ортасы
- Г. қолданатын көркемдік құралдар
- Д. әдеби жазбасы

7. Шешіліс - бұл:

- А. фильмнің соңы
- Б. ашық аяқталу
- В. мәселелер шешіліп, қайшылықтар шешілген кездегі сюжеттің қорытындысы
- Г. әдеби шығармалар
- Д. текстер

8. Дұрыс ретпен орналастырыңыз:

- А. шарықтау шегі
- Б. экспозиция
- В. бастапқы оқиға
- Г. бас тарту
- Д. 1-Б, 2-В, 3-А, 4-Г

9. Ой-сана:

- А. шығарманың идеясы немесе тұжырымдамасы
- Б. конспект
- В. сюжет
- Г. эпизод
- Д. тақырып

10. Драмалық конфликт дегеніміз:

- А. эмоционалды әсерлі фильм сахнасы
- Б. мүдделердің, идеялардың, құндылықтардың немесе кейіпкерлердің қақтығысы
- В. сценарийдегі сюжеттік желілердің қақтығысы немесе салыстыруы
- Г. көркем құралдар құжаттар
- Д. әдеби шығармалар

11. Драмалық шығармадағы қаһарман қандай қызмет атқарады?

- А. шығарманың негізгі идеясын ашуға және драмалық конфликт туғызуға көмектесетін баяндаудағы негізгі элемент
- Б. драмалық тартысты шешуге арналған оқиғаның негізгі элементі
- В. қызметі ерікті және шығарма сюжетіне байланысты болатын әңгімедегі кейіпкер
- Г. қолданатын іс-әрекеттің мағынасын көрсетеді
- Д. структуралық жүйе ретінде көрсетеді

12. Сценарийдің композициясы:

- А. бүтін құрайтын бөліктердің пропорционалдылығы
- Б. сценарийдің құрылымдық бірлігі
- В. драмалық шығармадағы материалды жүйелеу тәсілі
- Г. оқиғаның бағдарлама мазмұны
- Д. қолданатын іс-әрекеттің мағынасын көрсетеді

13. Іс-әрекет арқылы бұл:

- А. процесс
- Б. мәдени шарадағы негізгі идеясы
- В. сапа
- Г. құрылысы
- Д. эпизод

14. Ең маңызды міндет:

- А. фильмдегі кейіпкерлер ұмтылатын мақсат
- Б. орындалмайтын мақсат
- В. бейнелі өрнек
- Г. зұлымдық
- Д. мейірімділігі

15. Режиссерлік сценарийі мыналардан тұрады:

- А. кадр
- Б. көріністер
- В. эпизод
- Г. іс-әрекеттің сипаттамасы
- Д. процесс

16. Режиссерлік экспликация актерлерге шығармашылық тапсырмалар беру мақсатында жасалғанымен келісесіз бе?

- А. Иә
- Б. Жоқ

17. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Көрме бұл...

- А. Көрерменді іс-әрекет басталар алдындағы ортаға, жағдайға, атмосфераға батыратын қойылым бөлігі
- Б. Супер тапсырманы қалыптастыру үшін жұмыс істейтін мәлімдеме бөлігі
- В. шығармадағы немесе мәдени-демалыс бағдарламасындағы образдардың жақсысы мен жаманын қарама –қарсы беттесуі
- Г. шығармадағы немесе мәдени-демалыс бағдарламасындағы образдардың ағы мен қарасын қарама –қарсы беттесуі
- Д. шығармадағы немесе мәдени-демалыс бағдарламасындағы образдардың зұлымдық мен мейірімділігінің қарама –қарсы беттесуі

18. Сюжет жалпылау пайда болған жерде аяқталады дегенге келісесіз бе?

- А. Иә
- Б. Жоқ

19. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Сахналық конвенция – бұл

- А. Батырлар іс-әрекетінің болжамды жағдайлары

Б. Шынайы өмірдің шындығын емес, оның дәлелділігін, танылатын және іс жүзінде тәжірибеден өткенін жасайтын белгілердің және ойын элементтерінің жиынтығы

В. Іс-әрекеттің, мәдени-демалыс бағдарламасындағы оқиғаның аяқталуы

Г. Іс-әрекеттің, мәдени-демалыс бағдарламасындағы оқиғаның бітуі

Д. Мәдени-демалыс сценарийдағы іс-әрекет басталатын оқиға

20. Сценарий-режиссердің қадамы сценариймен жұмыс істеу кезеңінде немесе қойылым жоспарында қойылған әсерлі қойылымның оқиға-пішінді шешімімен келісесіз бе?

А. Иә

Б. Жоқ

21. Мерекелік іс-шараның болашақтағы драмалық дамуының ішкі идеясы:

А. Сюжет

Б. Замысел

В. Сценарий

Г. Эпизод

Д. Монтаж

22. Іс-әрекет өзінің ең жоғары шиеленісіне жеткен, кейіпкерлердің мәні толығымен айшықталып, іс-әрекеттің бас тартуға қарай қозғалысы басталатын оқиға:

А. Байланыс

Б. Шарықтау шегі

В. Апогей

Г. Экспозиция

Д. Финал

23. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Эстрадалық және театрландырылған қойылым элементтері бар сахналық қойылымның жанры

А. Мерекелік концерт

Б. Эстрадалық концерт

В. Театрлық концерт

Г. Театрландырылған концерт

Д. Шоу концерт

24. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Кейіпкерлердің сахнадағы орны:

А. Этюд

Б. Қоршау

В. Мизансцена

Г. Эпизод

Д. Ринг

25. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Әдеби шығарманы сахна тіліне аудару формасы қалай аталады?

А. орналасу

Б. құю

В. инсценировка

Г. мінездемесі

Д. әзіл сықақ

26. Ең дұрыс жауапты таңдаңыз. Көрініс өнерінде экспромт...

А. шығарма драматургиясында көзделмеген оқиғалардың одан әрі барысын тапқырлықпен шешу арқылы бейтараптандыруды қажет ететін күтпеген жағдайларға орындаушылардың және режиссердің дайындығын сипаттайды

Б. көркем шығарманы алдын ала дайындықсыз жасау мүмкіндігін сипаттайды

В. көркем құралдар, құжаттар, текстер, әдеби шығармалар т.б.

Г. қоладанатын іс-әрекеттің мағынасын көрсетіп, оның әрі қарай жүзеге асыруын бастайды

Д. структуралық жүйе ретінде көрсетіліп және белгілі бір мазмұн мен толықтырылып отырылады

27. Іс-әрекет сезімге арналған тұзақ дегенмен келісесіз бе?

А. Иә

Б. Жоқ

28. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Қарқынды ырғақ – бұл....

А. Өндірістің ойнату жылдамдығы

Б. Белгілі бір үзіліс кезеңімен әсерлі оқиға қарқынының өзгергіштік дәрежесі

В. Толық түсінік

Г. Уақыт

Д. Дайындық

29. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Сахналық қойылымда жұмыс істеудің шығармашылық процесі...

А. Интеллектуалдық, ерік-жігер мен шығармашылық қасиеттерді біріктіретін сахналық қойылымдағы режиссер жұмысының кезекті кезендері

Б. Сахналық қойылымға дайындық процесі

В. Мәдени-демалыс кештерінің түрлері

Г. Мәдени-демалыс кештерінің классификациясы

Д. Кештің мазмұны

30. Сюжет театрландырылған қойылымның негізін құрайтын конфликт ретінде түсіндіріледі, әрекет арқылы көрсетіледі деген пікірмен келісесіз бе?

- А. Иә
- Б. Жоқ

31. Драма заңдылықтары бойынша құрастырылған аяқталған жеке шығармаға эпизодтың негізгі құрылымдық бірлігі болып табылатын бір немесе бірнеше орындаушының орындауы жатады?

- А. Блок
- Б. Эпизод
- В. Номер
- Г. Дыбыс
- Д. Жарық

32. Іс-әрекет басталар алдындағы жағдайды сипаттайтын драмалық шығарманың бөлігі?

- А. Байланыс
- Б. Экспозиция
- В. Құрамы
- Г. Дауласу
- Д. Шарықтау шегі

33. Театрландырылған қойылымды дайындаудың бастапқы кезеңі:

- А. Сценарий жазу
- Б. Материалды іздеу
- В. Қайталау кестесін құру
- Г. Жоспар құру
- Д. Бағдарлама құру

34. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Негізгі қағидаларының бірі Қ.С. Станиславский бұл...

- А. еліктеу
- Б. тоқтата тұру
- В. көрініс
- Г. ойымдау
- Д. фестиваль

35. Дұрыс жауапты таңдаңыз. «Режиссура» ұғымының интерпретациясы:

- А. басқарамын
- Б. істеймін
- В. реттеймін
- Г. толықтырамын
- Д. түрлері

36.Артықты алып тастаңыз. Драмалық жанрларға мыналар жатады:

- А. Водевиль
- Б. Комедия
- В. Трагедия
- Г. Мелодрама
- Д. Музыкальная драма

37. Ең дұрыс жауапты таңдаңыз. Оқиға дегеніміз...

- А. кейіпкерлердің өміріне еніп, жағдайды өзгертетін және оларды әрекетке мәжбүрлейтін, оқиғаларды шиеленістіретін және жаңа соқтығыстарды тудыратын әрекеттерді жасайтын кейбір маңызды факті, оқиға, жағдай;
- Б. кейіпкерлер өмірінің мән-жайын өзгертетін факт, оқиға
- В. моралды әдептілік
- Г. әдеби көркем
- Д. қоғамдық саяси

38. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Жаппай театрландырылған оқиғаның сценарийінде қақтығыс...

- А. Сюжет
- Б. Құрылымдар
- В. Материал
- Г. Идея
- Д. Мақсат

39. Дұрыс жауапты таңдаңыз. Литота бұл...

- А. Көркемдік төмендеуі
- Б. Көркемдік арттыру
- В. Кештің бағыты
- Г. Кештің мазмұны
- Д. Аудиторияға әсер етуі

40.Артықты алып тастаңыз. Театрландырылған қойылым сценарийіндегі нөмір мыналармен сипатталуы керек:

- А. Ықшамдық
- Б. Концентрация
- В. Толық еместігі
- Г. Көркем сөз
- Д. Авторлық шығармалар

41. Шығарманың негізгі қозғаушы күші, кейіпкерлердің мінезін ашу процесі?

- А. сюжет
- Б. қақтығыс
- В. әрекет
- Г. мизансцена

Д. шарықтау шегі

42. Кейіпкерлер тағдырындағы бірқатар күтпеген өзгерістерді қамтитын сюжеттік компонент

- А. шарықтау шегі
- Б. іс-әрекеттің басы
- В. бұрылыстар
- Г. экспозиция
- Д. әрекет

43. Драмалық шығарманы композициялық құрылымы жағынан ерекше және ерекше ететін көркемдік әдіс

- А. Сюжеттік жылжыту
- Б. Орнату
- В. Ниет
- Г. Шолу
- Д. Бал

44. Оқиға

- А. барлығын толғандыратын оқиға
- Б. стильдің сыртқы белгілеріне еліктеу
- В. белгі, тиістілік
- Г. әдеби көркем
- Д. мерекелік шараның өткізілу кезі

45. Әдебиеттің негізгі түрлері

- А. Эпос
- Б. Драма
- В. Комедия
- Г. Ән мәтіні
- Д. Трагедия

46. Жаңа білім, қағида, құндылықтар, бағыт-бағдар, мән-мағыналар өндіруді қамтамасыз ететін функция

- А. ғылыми-шығармашылық
- Б. функция коммуникативтілік функция
- В. әлеуметтену функция
- Г. гедонистік функция
- Д. демалыс функциясы

47. Ой-өрісті дамыту функциясы

- А. танымдық
- Б. өнер әлеміне тарту
- В. бағдарлық
- Г. қолданбалы практикалық

Д. тәжірибелік

48. Шығармашылық туралы түсінік

- А. Нәтижесінде жаңа материалдық және рухани байлық жасайтын қызмет
- Б. Әлеуметтік нормалар мен мәдениет элементтерін оқу
- В. Қоршаған орта туралы көз-қарастар жүйесін қалыптастыру
- Г. Қарым-қатынас мәдениетіне үйрену
- Д. Мәліметтер мен идеялар алмасу

49. Демалыс туралы түсінік

- А. Психофизиологиялық жағдай анықтайтын процесс
- Б. Қызмет түрлерін ауыстыру арқылы болатын процесс
- В. Ішкі талап деңгейін қанағаттандыру процесі
- Г. Қызығушылығы мен қабілеттерін іске асыру процесі
- Д. Жұмсалған күш-қуатты келтіру үшін қызмет түрлерін ауыстыру процесі

50. МТЖ модальді тобындағы құралдар

- А. тон, тембр, композиция, көлем, кеңістік
- Б. пішін, реквизит, бутафора
- В. теле аппаратура, бейне ежіре, дыбыс күшейткіш
- Г. жанды сөз, ишара, ым, бейшартты ишара-ымдар
- Д. шартты ишара-ым, бейшартты ишара-ымдар

Дұрыс жауаптары

Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап (А,Б,В,Г,Д)	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап (А,Б,В,Г,Д)
1	а	26	а
2	б	27	а
3	в	28	б
4	а	29	а
5	б	30	а
6	а	31	в
7	в	32	б
8	д	33	б
9	а	34	г
10	б	35	а
11	а	36	а
12	в	37	а
13	б	38	б
14	а	39	а
15	а,б,в	40	в
16	а	41	б
17	а	42	в
18	а	43	а
19	б	44	а
20	а	45	а,б,г
21	б	46	а
22	б	47	а
23	г	48	а
24	в	49	а
25	в	50	а

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қоспағарова Ә.Қ., Аманқұлова Л.Ә. Сценарий шеберлігі негіздері. – Алматы, 2016
2. Шулунова Л.И., Уалиханова А.Бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік педагогикалық әдістемесі, Шымкент, 2013
3. Камалова. Н. Мәдени-тынығу жұмысының ұлттық дәстүрлері. – Шымкент 2009
4. Қабдолов З.Сөз өнері. – Алматы. Қазақ университеті 1992ж.171-б.
5. Кабиева А.К., Куненова П.С. Театрландырылған қойылымдардың драматургиялық негіздері. – Тараз, -2014
6. Камалова Н.К. Той мерекелік, салт-дәстүрлік әрекеттер: Оқу құралы. – Шымкент. 2000-86б.
7. Генкин Д.М. Массовые праздники. – М: Просвещение.1975-140б
8. Наурыз. Жаңғырған салт-дәстүрлер. – Алматы. Қазақстан 1997.-25б
9. Төлеуов Е.С, Жұмабай Л.Ж.Сценарийлік шеберлік негіздері: Оқу құралы. – Шымкент, 2004
10. Сапарова Ю.А, Ормолдаева М.А. Шоу бағдарламаларды ұйымдастыру. – Алматы 2016
11. Сапарова Ю.А., Шетелдерде бос уақытты ұйымдастыру. – Алматы. 2015
12. Аль Д.Н. Основы драматургии. - Л.ЛГИК, 1988-65 с.
13. Вановская Е.В. Литературная композиция и монтаж на самодеятельной сцене. Л.1989.-80с.
14. Генкин Д.М. Конович А.А. Сценарное мастерство культпросветработника.- М., Советская Россия, 1998.- 134с.
15. Захава Б. «Мастерство актера и режиссера» - М.: 1990
16. Марков О.И. Сценарно-режиссерские основы художественно-педагогической деятельности клуба - М., Просвещение. 1988-157с.
17. Маршак М.И. Клубный сценарий - М., Профиздат, 1975. - 119 с.
18. Нұрғали. Р. Драма өнері. Алматы. «Санат» б, 2001. 480бет.
- 19.Тұранқұлова Д. «Сахна тілі» - А.: 1999
- 20.Шароев И.Г. Режиссура эстрады и массовых представлений. М. Просвещение. 1986-461 с.
21. Шилов Н.П. Сценарное мастерство. Челябинск. ЧГАКИ. 2000.- 72 с.
22. Куненова П.С. Сценарийлік драматургия. Оқу құралы. Тараз, 2019.
23. Аль Д.Н. Основы драматургии. – СПб.: 2000.

Қосымша әдебиеттер:

24. Праздники в школе. - Минск. Юнипресс, 2001.- 176 с.
25. Сценарий школьных праздников - СПб.. Паритет.2000.- 160 с.
26. Сахновский-Панкеев В.А. Драма. Конфликт. Композиция. Л.Искусство., 1969 -120 с.
27. Соколов А.А. Тайны золотого сечения. М. 1978.- 86 с.
28. Мочалов Ю. Композиция сценического пространства. Поэтика мизансцены: учебное пособие для учебных заведений культуры - М: Просвещение, 1981. – 239 с.
29. Туман И.М. Режиссура массового праздника и театрализованного концерта - М.Просвещение. 1976. - 88с.

Электронды қорлар:

30. <http://gumilevica.kulichki.net/articles/Article99.htm>
31. <http://kzst.ru/content/section/6/137/>
32. http://www.kazakhstan.orexca.com/rus/kazakhstan_science_education.shtml
33. Еспаев Д.А., Кошербаев Ж.А. Учебно-методические материалы к курсовым кейсам на электронных носителях по дисциплине «Основы сценарного мастерства», Караганда, КарГУ, 2006, 2007.
34. Еспаев Д.А., Кошербаев Ж.А. Электронные лекции по дисциплине «Основы сценарного мастерства».- Караганда, КарГУ, 2007- 2008.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Әдістемелік нұсқауда шығармашылық жұмыстарды жүзеге асыру барысындағы идеялық-тақырыптық негіздемесін анықтау, материалдарды іріктеу, сценарий жазу, іс-шараны жүзеге асыру, монтаждау, қорғау.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Шығармашылық жұмыстың мақсаты мен міндеттері

Шығармашылық жұмысты жобалау тақырыптары

Шығармашылық жұмысты жүзеге асыру кезеңдері

Шығармашылық жұмысты қорғауға дайындау

Жетекшілік, ұйымдастыру және шығармашылық жұмысты қорғау

Сақталуы, істен шығарылуы

Қосымшалар

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

Оқу жоспарына сәйкес 6B11102 «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы арқылы «Мектеп және мектептен тыс мекемелерде мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру және педагогикасы» мамандарды даярлау студенттерінің қорытынды емтиханының бірі бітіру шығармашылық жұмысын қорғау түрінде өткізіледі. Оқу процесі барысында «Бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік-педагогикалық әдістемесі», «Мәдени-тынығу жұмысының тарихы мен ұйымдастыру әдістемесі», «Мәдени-тынығу жұмысын безендіру әдістемесі (дыбыспен, жарықпен)», «Продюсерлік шеберлік», «Бұқаралық мерекелер мен қойылымдар драматургиясы», «Сценарийлік шеберлік негіздері» т.б. сынды пәндерден алған теориялық білімдерінің негізінде, іс-тәжірибелерден жинақталған кәсіби дағдыларының нәтижесінде студенттер өз таңдаулары бойынша тақырып таңдап, бір іс-шараны жүзеге асыруы және қорытынды аттестациялық комиссияның алдында қорғауы тиіс.

Ұсынылып отырған 6B11102 (01) «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы арқылы «Мектеп және мектептен тыс мекемелерде мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру және педагогикасы» мамандарды

даярлау студенттер үшін шығармашылық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқауда таңдалған тақырып бойынша атқарылатын жұмыстардың түрлі кезеңдеріне жан-жақты сипаттама берілген. Мәдени-тынығу жұмысы саласындағы түрлі іс-шараларды ұйымдастыру барысында сценарийлік-режиссерлық қоюшы топ жұмысының ерекшеліктері, жинақталатын материалдарға қойылатын талаптар, музыкалық пролог, музыкалық антракт, монтаждау түрлері, режиссерлық түпкі ойға қойылатын талаптарды білу болашақ мәдениет қызметкері үшін басты талап болып табылады. Аталған нұсқаулықта идеялық-тақырыптық негіздеме, сценарий жазудың кезеңдері, сюжеттік-композициялық құрылым, көркем және деректі материалдар топтамасы, мизансцена түрлері, монтаждық бет, дайындық түрлері, музыкалық материалдарды ірктеу заңдылықтары сынды бітірушінің шығармашылық жұмысын жүзеге асыруға қажетті теориялық мәліметтер түгелдей қамтылған.

Шығармашылық жұмыстың негізгі бөлімі болып саналатын әдеби сценарий жазуға үлгі ретінде мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыруға қойылатын барлық талаптарға сай жазылған «Төрлет, Наурыз!» атты театрландырылған қойылымның сценарийі ұсынылған және де шығармашылық жұмысты мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға қажетті құжаттар, бағалау межелері туралы да кеңінен ақпарат берілген. Студенттер әдістемелік нұсқаудан шығармашылық жұмысты жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтерді ала алады.

I. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: - 6B11102 – “Мәдени-тынығу жұмысы” білім беру бағдарламасы, “Мектеп және мектептен тыс мекемелердегі мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру және педагогикасы” мамандануы студенттердің бүкіл оқу курсы бойынша алған теориялық білімдері мен дағдыларын, шығармашылық шеберліктерін қорытындылап, іс жүзінде асыра білу, орындалған іс-шараларды лайықты бағалау болып табылады.

Міндеті: Шығармашылық жұмысты даярлап, қойылым ретінде көрсетуші студент оқу процесінің 4 жылында жоғары оқу және мемлекеттік білім беру стандартына сай сәйкес өткен жанрларды атап айтқанда бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік педагогикалық әдістемесі, шағын драматургия, театрландырылған концерт, салт-дәстүрлік әрекеттер, конкурсты-ойын бағдарламалары, көркем-публицистикалық бағдарлама, шоу-думанды қойылымнан өзіне лайықты тақырып алып, толық-қанды аяқталған қойылым ретінде шығармашылық жұмысын мектеп және мектептен тыс мәдени-тынығу мекемелерінің бірінде жүзеге асырып, қорытынды аттестациялау комиссиясы алдында шығармашылық

емтиханда қорғайды. Шығармашылық жұмыс студенттің ұйымдастырушы ретінде өзінің жеке жұмысы болып есептелінеді.

II. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Шығармашылық жұмыс тақырыптары оқу процесінің жылында өткен шаралар көлемінде анықталады. Тақырыпты шығармашылық жұмыс жетекшісі, пән оқытушысы студентпен бірлесіп анықтап, Режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының мәжілісінде талқыланады.

Тақырып негізінен бұрын қайталанбаған, тың әрі жаңа идеялы болуы шарт. Ол бітіруші студентке өз шеберлігін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Шығармашылық жұмыс формалары тақырыптық кеш, конкурс, театрландырылған тақырыптық концерт, театрландырылған қойылым, бұқаралық мереке т.б. түрінде болуы мүмкін.

III. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Студенттер таңдалған тақырыптары бойынша шығармашылық жұмыстарын тақырыптық кеш, театрландырылған тақырыптық концерт, конкурс, театрландырылған қойылым, бұқаралық мереке т.б. формада мектептерде және мектептен тыс мекемелерде (Балалар мен жасөспірімдер орталығы, Оқушылар Үйі, Мәдениет мекемелері) ұйымдастырып өткізуі тиіс. Шығармашылық жұмыстың ұзақтығы 45 минуттан 1,5 сағатқа дейін болуы тиіс. Шығармашылық жұмыс студенттің қорытынды аттестациялық комиссия алдында қорғайтын 4 жылғы оқу процесінің қорытындысы болғандықтан іс-шара мектептерде өткізілсін немесе мектептен тыс мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыратын мекемелердің бірінде ұйымдастырылсын оларға қойылатын талап бірдей. Студенттің шығармашылық жұмысы мәдени-тынығу жұмысы формаларын жүзеге асыруға қажетті барлық талаптарға сай болуы міндетті.

1-кезең - Шығармашылық жұмыстың тақырыптық-идеялық негіздемесі жасалып, режиссерлық түпкі ой анықталады. Тақырып деп сценаристің өмірден таңдап, талдап алып өзінің туындысына арқау еткен және көркемдік жағынан зерттеуді қажет ететін өмір құбылыстарының жиынтығын айтамыз. Идея - автордың осы өмір құбылыстарының берген бағасы, айтайын деген ойы. Режиссерлық шешімі, қойылым формасы, тақырыбы және идеясы анықталған соң бітіру шығармашылық жұмысқа материалдар жинау кезеңі басталады. Режиссерлық түпкі - ой - болашақ қойылымның бейнелі түрде көрінуі, оның тақырыбы, идеясы мен түрін эмоционалдық және көріп білуге болатындай түрде сезіну. Түпкі-ой - шараның мақсаты мен мазмұны, композициялық құрылымын бір номерден

екіншісіне, бір эпизодтан кейінгі эпизодқа өтуді (сюжеттік шешімді тәсілдерді, темпоритмді, сахналық атмосфераны, сахнаны безендендіруді) және т.б. шара көрермендерімен жүргізілген жұмысқа қатысты мәселелерді қамтиды. Режиссерлық түпкі - ойдың сипатына ықпалын тигізетін негізгі факторларға:

- автордың, режиссердың жеке тұлғасы- оның азаматтық көзқарасы, дүниетанымы, өмір қағидалары, тәжірибесі мен оның талғамы;

- шара тақырыбының өзіне ғана тән тарихи, сәулеттік, ұлттық назар аударарлық ерекшеліктеріне лайықталған әрекет орны;

- режиссер - қоюшының сол сәтте қолында бар мәнерлеу құралдарының / көркемдік, орындаушылық, техникалық / мүмкіндіктері жатады.

2-кезең - Көркем және деректі материалдар жинақтау

Тақырып пен идеяға, сценарийдің сюжеттік желісіне сай сапалы да мәнді материалдар жинақтау және іріктеу әдістемесінің төмендегідей қағидалары бар:

- мәнерлілік құралдарының көркем педагогикалық ықпалдың мақсатына сәйкестелігі;

- іріктелген деректік материалдардың шыншылдығы қағидасы;

- іріктелген материалдардың аудиторияның әлеуметтік құрылымдылық ерекшеліктеріне сәйкестілігі;

- ықпал етудің көп қырлы құралдарын барынша кеңейту қағидасы;

- материалдың көркем эстетикалық құндылығы;

- материалдың жаңалылық қағидасы;

- іріктелген материалдың сценарий сюжетіне сәйкестілігі;

Сценарийлік материалды іріктеуде жоғарыдағы қағидаларға сүйенуі, сценарист шығармашылығының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттырады, театрландырылған ойын-сауықтардың тәрбиелік ықпалын сапалы түрде болжауға мүмкіндік береді. Сценарист материалдың көркемдік жағымен оның көлемін айқындаған кезде, оның сол аудиторияның (мектеп оқушылары, жастар, мәдениет мекемелеріне келуші түрлі жастағы адамдар) талғамымен сұранымына сәйкес эстетикалық және интеллектуалдық деңгейіне қарайды. Театрландырылған ойын-сауық қалайда өз көрерменіне жаңа дерек, мағлұмат проблемалар алып келуге тиіс.

3-кезең. Бұл кезең жинақталған материалдарды монтаждау кезеңі

Сценарийдің бүтіндігі, жинақылығы эпизодтарды дұрыс монтаждай білуге байланысты. Монтаж - француз сөзі- құрастыру, біріктіру деген ұғымды білдіреді. Іс-шарадағы монтаж бұл бір-бірінен алшақ жатқан фактілерді және эпизодтарды байланыстырып, белгілі - бір жүйеге түсіріп құрастыра, жақындастыра отырып жаңа ұғым, түсінік пайда болатындай етіп ұйымдастыру. Монтаждау жұмысы барысында сценарийлік және режиссерлік түпкі ойға байланысы автор бұрын іріктелген материалды

ұзартуы немесе қысқартуы мүмкін. Бұл заңды да, өйткені түпкі мақсат баяндау арқылы, көрермендерді тақырып, сюжетті шешім, проблемаларға тарту. А.А. Конович пен Д.М. Генкин мәдени-тынығу жұмысының тәжірбиесінде қолданылатын монтаждың төмендегідей үш түрін айқындайды.

-жүйелілік, бірізділік, яғни материалдардың хронологиялық ретімен, бір тақырыпқа арналған оқиғаны баяндайтын әрекеттің ішкі қисындылығы, олардың өмірдегі қалпында, табиғи ағымда орналастыру;

-қабаттастыра монтаждау; мұнда бірнеше сахналық алаңдарда, көрермендер залындағы экранда әрекеттің бір мезгілде жүруі.

-контрастық монтаж. Бұл аудиторияның белсенділігін арттыруға, автордың ойына ілесуге лайықталған монтаж түрі. Деректер мен көркемдік материалдар, кейіпкерлердің нақты әрекеттерінде, қақтығыстарында сценарийдің идеялық-тақырыбын ашатын бейнелілік тудыру қажет. Сондай-ақ контрастылық монтажды сценарий барысындағы қуанышты оқиғалардың қайғылы оқиғалармен, көңілді жайлардың көңілсіз жайлармен кездестіре араластыра орналастыру деп қарастырғанымыз жөн. Сонымен қатар монтаждау жұмыстарының белгілі бір заңдылықтары да бар:

I. Эпизодтарда қолданылатын фрагменттер, өзара қисындылығымен, көркемділігімен сәйкестілігіне қарай монтаждалады.

II. Эпизодтарда қолданылатын материалдарды сахнада беру тәсілдерімен: проза, кино үзінді, музыка және т.б. арқылы беру. Бұл көрерменнің ынта ықыласын арттырады.

Кинокадрларды пайдалану, оның өзіндік ерекшеліктері бар:

а/ поэтикалық текстпен байланыстырылған кино үзінді сол уақытта жарқын көркем бейне жасайды.

ә/ ескі кино журналдарды пайдалану арқылы өзіндік көркем бейнелер жасауға болады (шеру т.б.)

б/ кинокадрлар кейіпкердің сахнаға келуіне ықпал жасайды.

4. Барлық эпизодтар барынша қисынды болу керек. Айтылатын текстерде мәнділік және сөздік қайталануларға жол беруге болмайды.

5. Монтаждау барысында эпизодтар арасында байланыстарды ұйымдастыру. Бұл ретте музыканың сондай-ақ жүргізушінің автор ретінде жай баяндауы арқылы бір эпизодтан екіншісіне өтіп отыруға болады. Сәтті табылған «көпіршең бір-бірінен мүлдем өзгеше элементтерді» әндер мен кинокадрлардың, музыка немесе драма үзінділерінің барынша тұтас көрінуін қамтамасыз етеді, көркем иллюстрациялар мен деректі материалдары біріктіреді.

4-кезең. Сценарийдің сюжеттік-композициялық құрылымы жасалады.

Сценарийлік материалдарды байланыстыру монтаждау, ең алдымен сценарийдің сюжеттік - композициялық құрылымын қарастырады. Композиция кез-келген көркем туындының негізін ұйымдастырушы, байланыстырушы арқау ретінде қолданылады. Бұл заңдылық, әдеби және

музыкалық шығармалардағы дыбыстың және тексттік бөлшектерінің осы шығарма элементтерінің арасындағы байланыстыратын құрал ретінде көрінетіндігі сияқты, шешуші фактор болып салады.

Іс-шара сценарийінде өткен бөлімдерімізде қарастырғандай төмендегідей мәнерлілік құралдары: ауыз екі сөз, музыка кино, хореография және т.б. түрлері арқылы жасалынады. Композициялық құрылымның міндеті, осы элементтердің барлығына бағдарлама барысында қисындылық, жүйелілік беру. Осы элементтердің бір - бірімен қаншалықты дәрежеде байланыстылығы өзара үндесіп, үйлесіп келуі драматургиялық материалдарды ұйымдастыру сапасына ықпал етеді.

Композиция /латын сөзі - құрастыру, қиыстыру/- көркем шығарманың құрылысы. Ол көркем шығарманың сыртқы түрінің симметриясы ғана емес, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы. Өнер туындысында бүтінділік болу шарт. Ойын-сауықта, мерекеде өнер туындылары секілді ұтымды басталып, заңдылықтарға сай дамып, жақсы аяқталуы, оның тақырыбы мен идеясының-үндестігі, көрерменнің жан дүниесіне эмоционалдық жылылық, эстетикалық сұлулық құюға тиіс.

Композиция сюжетпен тығыз байланысты, сюжет те композиция да клубтық кештің мазмұнын көркемдік жағынан жинақтап, мазмұнды формаға көшірудің құралы және тәсілі. Бұларда тақырып пен идея сияқты біріне-бірі көшіп отыратын нәрселер; композициялық бүтіндік, тұтастық жоқ жерде сюжетте жоқ, ал сюжет бір жүйеге түсіп бірлік табуы қажет.

Бірақ сюжет пен композиция осындай бірлікте бола отырып олардың да айырмашылығы болады.

Мәселен, барлық мереке, кеш, ойын-сауықтарда сюжет немесе сюжеттік желі бола бермейді, шараның тақырыбына сай мәнерлілік құралдарын соны ішінде ән, өлең, би, музыка және т.б. іріктеп алып, оларды бір жүйеге реттестіріп жазып ұйымдастыра беруге болады. Бұл айтып отырғанымыз, яғни композицияның барлық көркем көпшілік шараларында болатындығы оның сюжеттен бір өзгешелігі десек, екіншіден композиция сюжеттің өрбу кезеңдерін жүйеге түсіріп қана қоймайды, сюжеттен тыс нәрселерді де өзара қиыластырып белгілі бір арнаға салады. Бұл ретте композиция сюжеттен көрі кең деп білу қажет.

Композицияның элементтері: көркем көпшілік шараларының композициясы басқа өнер шығармаларында қолданылатын экспозиция, байланыс, негізгі әрекет шарықтау шегі, финал, шешіліс элементтерінен тұрады.

Экспозиция латын сөзінен аударғанда - дәйектеме бүкіл кеш, мерекенің, кіріспесі іспеттес, мұнда кештің ондағы оқиғалардың басталмас бұрынғы хал-жағдай, тіршілік қоғамдық орта, болашақ қақтығыстар алаңы, кештің өтетін орны суреттеледі, композицияның міндеті ұйымдастырушының көрермен белсенділігін барынша арттыруға лайықтап ойластырған, дайындаған әрекетке тарту. Іс-шаралардың маңызды элементтерінің бірі экспозицияны ұйымдастыруда көрнекі үгіт құралдарын;/ көрмелер ұйымдастыру, қабырғалар және т.б. орындарды

безендіру т.с.с/ жүргізуге немесе әртүрлі әрекет орындарын пайдалануға/ мысалы: Ұлы жеңіске арналған мерекенің алдында клуб фойэсінде «әскери қызыл отау», яғни солдат жертөлесінің интерьерін жасап сол жерден ұрыста кең тараған әндерді патифон арқылы қою және т.б. сондай-ақ әртүрлі үлгіде жасалынған жарнамалар, шақыру билеттерін қолдануға болады. Көрермен мәдениет мекемелері табалдырығынан аттауы, ол кештің басталғаны болып естелінеді. Егер осы кештің басталуы дұрыс ұйымдастырылмаса, яғни көрерменге белгілі міндет жүктелінбесе, оны көрерменнен қатысушыға айналдыру өте қиынға соғады.

Экспозиция кейде негізгі сюжетке тікелей қатысты болмауына немесе ол келесі оқиғаларға өз ықпалын тигізбеуі де мүмкін, бірақ қалай да ол көрерменді оқиғаға енгізуге, яғни көрерменді психологиялық тұғыдан дайындауға міндетті.

Экспозиция дами отырып байланысқа ұштасуы керек. Байланыс - адамдар арасындағы әрекеттің басы, тартыстың, кештің арқауындағы негізгі оқиға. Эпизодтардың әуелгі туындау себептеріне негіз болып серпін беретін бөлігі.

Экспозицияға да, байланысқа да қойылған талап - олар айқын да жинақы, оқиға идеясына лайықты болуы тиіс. Олардың басты міндеттері аудиторияның ынта ықыласын бір арнаға түсіріп, әрекет етуге серпін беру.

Байланыс театрландырылған ойын-сауық, әрекетке қатысушыларға бір мәселе төңірегінде ой тастап, мерекеге белгілі бір бағыт - бағдар бере отырып, оқиғаны өрбіту жолына салады, ал композицияның келесі бөлігі негізгі әрекет- ол сценаристің айтқысы келген ойының төңірегіне барлық оқиғалар тізбегін топтастырады.

Негізгі әрекеттегі әрбір - эпизодтардың драматургиялық құрылымы аяқталған, сценарийдегі түпкі ой өзегіне орай құрылған ішкі композициясы болады. Негізгі әрекеттің даму қисындылығы үнемі эпизодтардың хронологиялық / уақытқа / ретілігіне қарай орналастырыла бермейді, онда ретроспекция /өткенге шолу/ болуы мүмкін, бірақ та негізгі әрекеттің бірте-бірте дамуы әлсіз эпизодтардан күштісіне қарай өрбуі қажет. Сценарийдің бұл бөлігін белгілі орыс ғалымы Д.М. Генкин төмендегідей талаптарға жауап беруі қажет деп санайды.

1. Тақырыптың айқын түрде құрылуы, яғни сценарийдегі әрбір эпизод өзінен бұрынғы және кейінгі эпизодтармен мәнді көпіршелер арқылы қисынды түрде байланысуы қажет.

2. Экспозицияда басталатын әрекет бірте-бірте дами отырып шарықтау шегімен финалға ұласуы қажет, яғни әлсіз эпизодтардан күштісіне қарай дамуы қажет.

3. Әрбір жеке эпизодтың толықтығы. Сценарий қалайда эпизодтардан тұрады, олардың әрқайсысының ішкі қисындылығы болады және олар келесі эпизод бастамас бұрын толық аяқталып бітуге тиіс. Былайынша айтқанда әрбір эпизод барлық сценарийді қайталайтындай оның құрамдас бөліктеріне және толық түрде композициясы болуы қажет.

4. Құрылымның контрастылығы. Бұл негізінен бұқаралық, мерекелердің композициясына тән, яғни эпизодтарда мәнерлілік құралдарды пайдаланған кезде бір сарындылыққа бой алдырмауға тоқталып кетеді.

Негізгі әрекеттегі оқиғаларды жинақы түрде ұйымдастыру үшін сценарийлерде сценарийлік шешім пайдаланамыз. Әртүрлі театрландырылған мерекелерде қолданылатын сценарийлік шешім түрлері:

1. Материалдардың хроникалық реттілікпен, яғни оқиғалардың өмірдегі болған тізбегі ретімен құралуы. Мысалы: есеп беру митинг, рапорт секілді формаларды қолдану, бұл өтілетін шараға оның көркемділігіне жаңа өң беріп, деректелігін айқын да қызықты ете отырып жаңа мазмұн береді.

2. Идеяның персонификациясы. Мұндай шешім дерексіз ұғымдардың адамдар бейнесінде көрініп әрекетті одан әрі дамытуға негіз болудан тұрады. Мысалы: Отан - Ана, Уақыт: Ақын, Публист.

Сценарийлік шешім болып көркем сөз түрлері: репортаж, очерк, сұхбат, фельетон, оқиғалар хроникасы: спорттық ойын түрлері - викторина, лотерея, сайыстар және фольклорлық түрлері бола алады. Сонымен қызықты сценарийлік шешім табуға мүмкіндіктің өте көп екендігін, ол үшін сценаристің шығармашылық ойлау қабілетіне байланысты екендігін көреміз. Көркем және деректік материалдарды қызықты етіп байланыстыра білуіне байланысты екенін көреміз. Негізгі әрекет дамуының ең жоғарғы эмоционалдық шегі оның шарықтау шегіне / кульминацияға/ ұласуы қажет. Театрландырылған әрекеттің шарықтау шегінде кештің идеясы толық көрінеді. Шарықтау шегі болып өзінің эмоционалды жағынан күшті деректік материал немесе салтанатты әрекеттер/ ту алып шығу, ант қабылдау, бата беру, бірігіп ән салу/ құрайды.

Театрландырылған ойын-сауықтарда әдетте шарықтау шегі финалға сабақтасады. Финалдың атқаратын жүгі ауыр. Ол ой-сана, уақытпен ұрпақтың көрермендермен жанды байланысын топтастырады. Сондықтан да финал көрермен мен қатысушыға бөлінуді жоққа шығаратын коллективтік әрекетке ұласуы қажет. Финал болып әнді хормен айту, ұзақ қол шапалақтау, коллективті түрде қол қою т.с.с.

Шешіліс-сценаристің адамдар арасындағы қарама -қарсы тайталастардың күрделі күрестерінен туған нәтижеге берген бағасы, күллі құбылыс көріністердің соңғы сахнасы.

Театрландырылған ойын-сауық белгілі бір аудиторияда тек бір ғана рет өткізіледі. Оның өзіндік қайталанбастығы оның сахнада пісіру мүмкіндігінің болмауы клубтық шара сценаристке бір кешті нақты да дәл жасау міндетін жүктейді.

5-кезең - Сценарийге көркем-мәнерлеу құралдарын іріктеу

Бұқаралық мереке, ойын-сауық сценарийінің басқа өнер түрлерінен айырмашылығы, сол өнер түрлерін қамти отырып, оларды үйлестіріп өзара идеялық-эмоционалдық әсер ету құралдары ретінде пайдалануында.

Бұл құралдарға жататындардың бастысы - жанды сөз. Мәдени-тынығу жұмысы драматургиясы деректі материалдарға құрылатын болғандықтан да, шешеннің, шығып сөйлеушінің пікірі нақтылы материалдар негізінде құрылады. Сценарийдесгі негізгі әрекеттің даму барысы осы пікірлері арқылы айқындалады. Белгілі бір оқиғаға куәгер адамдардың, үгітші немесе насихатшылардың әңгімесі біршама уақыттың ішінде, көрермендерді нақтылы күрес атмосферасына енгізеді, ал бұл шараны өнер құралдары жүзеге асырар алмаған болар еді. Алайда, ауызша айтылған пікірлер әрекеттің тұтастығын шашыратып жіберуі де мүмкін.

Сондықтан да жанды сөзді түрлі іс-шарада шарада жоспарлаған кезде техникалық құралдардың - кино экран, микрофон, радионы қолданылатынын ескере отырып, барынша үнемдеп қолдануды ойластырған жөн. Іс-шарадағы қолданылған кез-келген ауызша пікір, әрекет желісімен табиғи астаса отырып сюжет болмысына кірігіп кетуі керек.

Іс-шаралардағы ауызша айтылған пікір мейлінше нақтылы да айқын болуы шарт. Сөйлеуші жалпылама оқиғаларды емес, өз басынан өткерген, ой елегінен өткізген жайларды әңгімелесе ғана, мейлінше қызғылықты болып шығады. Әсерлі айтатын әңгімешіні тауып қана қоймай, оның айтатын пікірі төңірегінде автормен бірге отырып жұмыс істеу шарт. Мұнда айтылатын ой-пікірдің шара сюжетіне жауап беруін қарастыру қажет.

Осындай оқиға куәгерлерінің, үгіт насихатшылардың әңгімелерінен басқа мәдени-тынығу жұмысы драматургиясында жүргізушінің сөздері де пайдалынады. Олар жалпы сценарийлік ойды беруге көмектеседі қажет болған жағдайда әртүрлі эпизодтарды бір-бірімен жалғастырып отырады, сондай-ақ сахналауға болмайтын жәйттерді баяндап береді.

Іс-шараларда көрермендерге мейлінше күшті әсер ететін өлең сөздерді қолдану жиі кездеседі.

Қорыта айтқанда, сөзді мәдени-тынығу іс-шараларының мәнерлілік құралы ретінде, оны деректік, көсемсөз деп те, проза, драматургия, поэзия жанраларындағы көркем сөз ретінде де қарастырамыз.

Алайда айтылатын сөз әсерлі болуы үшін, төмендегідей жағдайларға ерекше назар аудару қажет. Ол:

- ұзын-сонар айтылатын әңгіме жазбадағыдай емес, мүмкіндігінше қысқа әрі күрделі емес сөйлемдерден, былайша айтқанда «қара сызықпен астын сызғандай етіп құралуы керек, яғни шешен бір сарындылыққа түсіп кетпей, баяндау екпініне көңіл болуы қажет;

- шешеннің терең сезімінен туындаған айтар сөзінің - мәнерлілігі, оның тартымды да әсерлі шығуы өмірлік шындықпен астасуында.

- іс-шарадағы кез-келген ауыз-екі айтылатын әңгіме, түр жағынан монолог болғанымен, ол мәні жағынан диалог болып келеді. Сондықтан да шешен мінбеден өзінің тыңдаушысы мен ішкі диалогтық байланысы болуы қажет.

Музыка - іс-шара сценариндегі мәнерлілік құралдарының ішіндегі жанды сөзден кейінгі негізгі түрі болып саналады. Ол әр түрлі сезімдерді қозғай отырып, жүздеген адамдардың көңіл-күйін бір мезгілде бір арнаға тоғыстыра алады. Сондай-ақ іс-шараның кез-келген тұсына кіріге отырып көркем сөзбен, би, пантомимо және басқа да мәнерлілік құралдарын бір - біріне байланыстыруда маңызы зор. Жүргізуші немесе әңгімеші музыканың үндесуі арқылы көрермен тыңдаушысын бір ойдың төңірегіне жинақтап, қабылдауға дайындауда да септігі мол. Музыка - бұл өте нәзік өнер, оған барынша ықылас қоя отырып жұмыс жасау қажет. Ал олай болмаған жағдайда тек қана бір музыкалық бейне ғана бұзылып қоймайды, эпизодтардың идеялық және көркемдік мәні, бұдан бүкіл шараның әсері бұзылуы мүмкін.

Музыканың ойын-сауықта қолдану технологиясына қарай атқаратын екі түрлі қызметі бар: біріншіден, әрекет элементі /музыкалық әрекет/ ретінде; екіншіден, қажетті көңіл күйді қалыптастырушы көңіл күйі музыкасы ретінде қызмет атқарады.

Әрекет музыкасы - іс-шарада белгілі бір драматургиялық жүктеме атқарады. Бұған музыкалық пролог немесе финалды, музыкалық үзіліс /антракт/ пен эпизодтар арасындағы байланысты музыкалық шешім негізінде эпизодтарды құрастыруға лайықталған музыкалар жатады.

Музыкалық прологта, әдетте ойын-сауық мерекенің басталар алдында оркестрдің орындауындағы шығармалардан үзінді немесе ән таңдалғаны дұрыс. Музыкалық прологтағы музыкалық әуен іріктелген деректік және көркемдік материалдарға мазмұны сай келуі тиіс.

Музыкалық финал-әрекетті идеялық - эмоционалдық жағынан біріктіру, жалпылау түрі. Егер музыкалық финал көрермен қатысушылардың барлығы бірігіп ән айтуына, мәнерлеп өлең айтуына, шеруге негізделсе онда ол көрермендердің белсенділігін арттыру құралы болып саналады.

Әдетте музыкалық пролог пен финалда бір ғана музыка таңдалып орындалса, сәтті болып шығады. Оның кештегі баяндалатын оқиға желісінің ең қызықты тұстарында орындалып отырғаны жөн. Бұл көркем көпшілік шараның лейтмотиві болып есептелінеді, яғни кештегі әрекеттің даму барысында құлаққа жағымды әуеннің қайталанып ойланып тұруы.

Музыкалық үзіліс /антракт/ - көркем көпшілік шараның драматургиялық құрылымында маңызды орын алады. Музыкалық үзіліс деп - музыкалық байланысты, эпизодтар арасындағы «көпіршелерді» айтады. Ол деректік материалдарды қабылдауға, аудиторияны дайындауға септігін тигізе отырып, оның қиялы мен ойын қалыптастырады.

Музыкалық үзіліс қатар тұрған екі эпизодты байланыстыра отырып, бүкіл іс - шараның толығымен үйлесімді түрде құрылуына ықпал етеді.

Эпизодтағы музыка әрекеттік жағдайды қалыптастыруға оның идеялық -эмоционалдық мәнін арттыруға көмектеседі, және ол кейде кейіпкердің музыкалық портретін жасауға, яғни оның айтар сөзін айтқызбай-ақ музыкалық- пластикалық /қимылдық/ жолдармен құрауға

лайықталады, мұндай әдістер үгітбригадалық қойылымдармен ашық ауада ұйымдастырылған ойын-сауық мерекелерде жиі қолданылады. Сонымен қатар залдағы көрермендерге белгілі бір әсер ету үшін, әсіресе соңғы эпизодтарда музыкалық шешім жасау үшін «сахна сыртынан берілетін музыканы» мәні зор.

Көңіл күй музыкасы - бұл мәдени-тынығу іс-шарасында, сценарийде қарастырылған жалпы көрерменнің көңіл-күйін қалыптастыруға және жеңіл-желпі міндеттерді шешуге көңіл күүді қозғаушы күш ретінде қарастырылады, сондықтан да көркем көпшілік шараларына музыка іріктеу барысында сценарист сол мерекеге лайықты көңіл күүге сай музыка таңдай білуі қажет. Мысалы: әр түрлі ойын-сауық конкурстарда - көңілді, хроника кеші, митинг кештерге драмалық музыка т.с.с.

Сценарийде музыкалық қатардың орны мазмұны мен ұзақтығы дәл көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ музыканы қолдану сценаристтен музыкалық драматургия заңдылықтарын білуге, сондай-ақ оған қажетті әдебиеттерді іріктей білу дағдысы мен қиялдай білу, музыкалық шығарма тыңдауға қажетті талғамы болуды талап етеді.

Сценарийде шулық музыкаларды пайдалану және оларды жасаудың қағидалары:

1. Дыбыстық шулық үзінділердің /фрагменттердің/ реттілігі мөлшерленуі. Әрбір шулық музыка мазмұны мен техникалық сапасына қарай 4-10 секундтық немесе 50 - 60 секунд ұзақтықта орындалуы көрермендерге әсер етуде өте тиімді болады. Мұндай үзінділер бір жарым екі сағаттық іс шарада 5 - 6 реттен аспағаны жөн. Осы шулық дыбыстар барлығы бір магниттік таспаға реті бойынша жазылуы тиіс және лентаға арнайы белгілер /прокладкалар/ қойылады,

2. Дыбыстық шуды бейнелеу слайдтарымен, жарықтармен /прожекторлармен/ қабаттастыра пайдаланса әсері барынша артады. Бұлар бірлесе, үндесе отырып дыбыстық-көру қатарын құрайды.

3. Пайдаланылған шулық материалдарды бір кеш бойында қайталауға болмайды.

4. Шулық фонограммалар егер де бір тақылеттес дыбыс-шулардан айырмашылығы сезілетіндей белгілі бір тембрлік бояуы болса, сонда ғана сапалы шығады. Мысалы көпірдің үстіндегі ат тұяғының дыбысы, асфальт жолдағы машина дыбысы тағы сол сияқты. Сонымен қатар оның жазылу ырғағы мен жылдамдығы сахнадағы әрекетке сай орайластырылуы қажет.

Іс-шара сценарийлерінде хореография элементтерін пайдаланудың төмендегідей жолдары:

- сценарий, композиция құрамында- сюжеттік бидің негізгі әрекетке лайықталған хореографиялық туынды ретінде болуы;

- пантомималық /жанды/ ескерткіштер жасау;

- хореографияның және пантомиманың өзіне тән әдістерінің /бір орында қадам басу, бұрылу және тағы сол сияқты жаттығуларда қолданылатын әдістердің/ болуы;

-бидің немесе пантомиманың толық нөмір ретінде пайдалану жолдары қарастырылады.

6-кезең - Іс-шараның әдеби сценарийін жазу

Сценарий дегеніміз - сахнаға лайықталған іс-шараның толық әдеби-режиссуралық талдамасы. Ол құрама, аралас және туынды сценарий болып белгіленеді.

Сценарий - бұл мәдени-тынығу саласының ғалымдары арасында өзінің нақты анықтамасы мен өзіндік ерекшелігі жөнінде талас тудырып жүрген мәселе. Көптеген авторлар сценарийді өнер түрінің біріне /әдебиеттің ерекше түрі, публицистиканың ерекше түрі, ерекше үлгідегі драматургиялық шығарма/ жатқызса, екінші жағынан оны көркем - педагогикалық процесс деп қарастырады.

Сценарийді орыстың мәдени-тынығу жұмысы саласының ғалымдары Д.М. Генкин мен А.А. Конович - “Бұқаралық шаралардың мазмұнын, тақырыпты ашып көрсетудегі жеке әрекеттік элементтерді қатаң жүйеде сақтай отырып баяндалған, әрекеттің бір бөлігінен екінші бөлігіне өтудегі авторлық шешімі көрсетілген, публицистикалық пікірдің жоба-бағыттары айқындалған, қолданылатын көркем шығармалар мен олардан үзінділер енгізілген, сондай-ақ қатысушылардың белсенділігін арттыру жолдарын, көркем-көпшілік шаралардың өтілетін орнын жазу және безендіру” деп түсіндіреді.

Ал О.М. Марков театрландырылған ойын-сауық сценарийінің мәні, оның нақты практикалық міндеттерді шешудегі педагогикалық ықпалдың көркем бағдарламасы - деген айқындама береді. Оның пікірінше сценарийде екі көркемдік және педагогикалық міндеттерді шешу көзделген, яғни - сценарий - әсер ету нысанына педагогикалық, идеологиялық ықпалды қамтитын күрделі процесс.

Сценарийлерге берілген осындай анықтамалардан, біз мәдени-тынығу саласындағы сценарийді - бұл тәрбие нысанына әсер етуді жоспарлаудың күрделі /педагогикалық, идеологиялық, ақпараттық, көркемдік-эстетикалық т.б. жақтарынан/ процесс екендігін көріп, оның төмендегідей бағдарларын белгілеуімізге болады.

Үгіт - насихаттық бағдары. Сценарийде қамтылған, қаралған мәселелердің өзектілігі мен терең зерттелінуі, оның дер кезінде көтерілуі, былайынша айтқанда «әлеуметтік тапсырыстың» қаншалықты дәрежеде орындалғанымен есептелінеді.

Көркемдік. Сценарийдің салмағын айқындағанда біз оның көркем-эстетикалық тұсын, яғни оның мазмұнының әдеби - мәтін негізін айтамыз.

Педагогикалық. Сценарийдің аудиторияға тәрбиелік ықпалының мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Ұйымдастырушылық. Сценарий бұл жерде іс-шараның драматургиялық құрылымның түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар ол осы кешті ұйымдастыруға қатысты қаржы сметасын жасауға, костюм, бутафорлармен және т.б. заттар алуға қажетті ресми құжат болып саналады.

Сценарийдің ең негізгі мәнін айқындай отырып, оның белгілі бір әлеуметтік тапсырысқа сай туындалған, іс-шара мазмұнының әдеби-сахналық негізін қарастыратын, оның әр түрлі сахналық алаңдарда өтетін әрекеттерді жүйелі түрде қарастыратын драматургиялық формасын анықтаймыз. Бұл ретте сценарийді бірнеше блоктарға бөлеміз.

I. Автордан

II. Кеш, бағдарламаның басталмас бұрынғы әрекеттер сипаттамасы

III. Өтетін оқиғалардың рет - ретімен жазылуы.

IV. Сахналық әрекеттің даму /кеш, бағдарламаның, ойын-сауықтың бөлігі.

Бірінші сценарийлік блок- «Автордан» / немесе авторлардан/ мұның үлкен мәні бар, себебі мұнда өткізілетін іс-шараның тақырыбы, басты мақсаты, қолданылатын мәнерлілік құралдары, сондай-ақ құрылымы және тағы басқалары қарастырылады.

Екінші, сценарийлік блок - ойын-сауық басталғанға дейінгі мектеп, мәдениет мекемелері фойе мен бөлмелердегі, залдағы әрекеттердің ерекшелігі мен ретін кең көлемде жазу. Бұл жерде әр түрлі кездесулер, көрме және т.б. жатқызуға болады.

Үшінші, сценарийлік блок - көрермендер залындағы сахналық әрекеттердің дамуы. Бұл жерде сценарист кешке арнайы шақырылған қонақтардың да залға арнап айтар сөзінің жобасын, арнау әңгімелердің желісін қарастыруы қажет, сонымен қатар монолог, диалог, өлең және қара сөздерді іріктейді, музыка, жарық, шуларды және т.б. мәнерлілік құралдарын пайдаланудың сипаты, уақытын белгілейді.

Төртінші, сценарийлік блок - өтетін оқиғалардың уақыт пен кеңістікте қандай ретпен өтетіндігін, оның ерекшеліктерін, қамти отырып, басынан бастап аяғына дейін кең көлемде жазу.

Сценарий сонымен қатар:

- іс-шара өтетін орынды: кіре беріс, вестибюль, фойе, сахна және көрермендер залын безендіруге қатысты мәселелерді;

- жарнама, шақыру билеті, хабарландырудың үлгі жобасын қамтиды.

Сценарий әдеби - сахналық форма ретінде өзіндік ерекшеліктеріне, оның кең көлемде суреттеліп жазылатындығын айтуға болады, яғни сценарийде ремаркалардың алатын орны ерекше. Ремарка /франц.remarcio - белгі, таңба/ - бұл жазылған сценарийдің сахнада сапалы түрде қою мақсатында сценарий текстеріне берілетін түсіндірме. Оның үш түрі бар. Эпикалық- сахналық алаңда болып жатқан әрекеттерге қатысты; бейнелік - пластикалық, музыкалық әрекеттерді ашу үшін берілетін түсіндірме; қызметтілік - әртүрлі атрибуттарға, әрекет орындарын безендіруге қатысты жазылады. Сценарийлерде ремаркаларда диалог пен монологқа карағанда көп орын берілуі мүмкін, өйткені ол көмекші қоюшыға түсіндірме ғана емес театрландырылған әрекеттің кеңістік пен уақыт негізінде мәнін ашуға септігін тигізеді. Авторлық ремарка - іс-шараның мазмұны мен идеялық бағытын айқындай отырып, ол автордың азаматтық көзқарасын да айқындайды.

Сценарийдің екінші бір ерекшелігі ретінде оның өздігінше қалыптасқан әдеби - сахналық форма екендігін айтуымызға болады. Оның өзіндігі бұрын белгілі - бір жерде қолданылған өнер туындыларын немесе одан үзінділер /сілтеме жасай отырылып/, өзінің екінші тынысын ашқандай болады, және де сценарийде кейбір материалдарды жергілікті жерлердегі жағдайларға байланысты өзгертуге, оған басқаша өң мазмұн- беруге болады. Сценарийде осындай суырып - салмалық, өндей беруге болатын ерекшелігі кей кездерде де әрекеттерге серпін бере серіппе ретінде де қалып қоюы мүмкін. Сондықтан да күрделі эпизодтарға қосымша варианттар ұсыну да артықшылық етпейді, яғни клубтық сценарий әрекеттің даму негізін және ондағы өзгерістердің болуы мүмкіндігін де қарастырады. Соңында, іс-шараның әртүрлі сахналық кеңістіктерінде өтуіне байланысты сценарийде кіре берістен бастап фойэ, бөлме/ егер оқиға өтсе/ көрермен залы, сахнада өтетін әрекеттердің барлығы да толық жазылады.

Енді іс-шара сценарийімен жұмыс істеу әдістемесін қарастырайық. Іс-шара бағдарламасымен жұмыс істеу процесі барысында сценаристке көптеген шығармашылық міндеттерді шешуге тура келеді. Шығармашылық процесс субъективті болғандықтан осы шығармашылық міндеттер қандай жүйеде шешілгендігіне қарамастан, нәтижесінде бағдарлама: барынша ойын-сауықтық, бағалы, танып білер мазмұнға бай аудиторияны белсенді әрекетке тартатындай болуы шарт.

Сонымен қатар, сценарий жазу кез-келген шығармашылық процесс секілді біршама заңдылықтарға бағынады, бұл заңдылықтарға сүйену сценарийдің әдеби негізін сауатты түрде құрастыруда маңызы зор.

7-кезең. Іс-шараны сахнада жүзеге асыру

Студент іс-шараны жүзеге асыру барысында режиссерлық қоюшы топты құруы тиіс. Оның құрамына режиссер, режиссердің ассистенттері, суретші, жарық және дыбыс операторы, хореограф, балетмейстер, гример т.б. кіреді.

Режиссерлық қоюшы топтың бірден-бір міндетті түрдегі жұмысшы құжаты - монтаждық бет болып саналады. Ол бағдарламаны дайындап, өткізуге тиімді де ыңғайлы.

Оның үлгісі төмендегідей болып келеді:

МОНТАЖДЫҚ БЕТ

Номер, эпизодтардың реттік саны	Сахналық әрекет сценаріінің текстінен үзінді /реплика/	Дыбыстық қатар	Видео қатар	Жарықтық безендіру	Әрекет орны	Орындаушы, жауапты

Іс-шараның дайындық /репетициялық/ кезеңі. Дайындықты ұйымдастыру жүйесі кез-келген сахналық туындылар секілді төмендегідей тәртіппен құрылады.

- жүргізушінің текстімен жұмыс;
- жекелеген номерлермен жұмыс;
- хореографиялық, пантомималық және т.б. байланыстарды /көпіршелерді/ жасауға қатысты жұмыс;
- публицистикалық пікірлердің бағыттарын белгілеуге қатысты жұмыс.

Дайындықтың /репетицияның/ түрлері:

Біріктіру дайындығы /монтажировочная репетиция/ - бұл маңызды да ерекше дайындық. Мақсаты іс-шараға қажетті техникалық және безендендіруге қатысты әрекеттерді жинақтап, байланыстырып, үйлестіру болып табылады. Біріктіру дайындығы барысында іс-шараны ұйымдастырушы - режиссер суретші және техникалық қызмет көрсетушілермен бірлесе отырып шараның жарықтық және декорациялық шешімдерін түбегейлі белгілеп айқындайды. Дайындық барысында сахнаға суретшінің эскизі мен макетіне сай безендендіруге қатысты барлық элементтер, оларды барынша тез ауыстырудың жолдары мен тәсілдері, сондай-ақ безендендірудің жекелеген элементтері белгіленеді, сонымен қатар сахналық әсер етудің техникалық және т.б. құралдары тексерілуден өткізіледі. Дайындық уақытының біршама бөлігі сахнадағы керек жарықтарды ілуге бөлінеді, сонан кейін сахна еденіне орналасқан әртүрлі станок, баспалдақ және т.б. заттардың белгіленген орындарына арнайы белгілер сызылады, бұл ойын-сауық барысында қолданылатын заттардың ойын-сауық және кейінгі дайындықтар кезінде олардың белгіленген орындарына дәл қою үшін қажет.

Алғашқы біріктіру дайындығынан соң алғашқы жарық пен жұмыс істеу дайындығы жобамен жүргізіледі де кейінгі дайындықтар барысында, орындаушылардың қатысуымен тиянақты түрде жүргізілуі тиіс.

Дайындықтың екінші бір түрі жинақтау дайындығы / сводная репетиция/. Бұл дайындық режиссер алғаш рет барлық нөмірлер мен эпизодтарды, оларға іріктелген музыка, жарық кино т.б. енгізе отырып жүргізеді. Осы дайындық барысында номерлердің, эпизодтардың өзара байланысы, олардың алмасу реттілігі өн бойы әрекеттің даму қисындылығы, яғни клубтық шараға қатысты компоненттермен олардың мазмұны қарастырылады. Сондықтан да жинақтау дайындығы кино, диапозитив, слайд, фонограмма, радиоаппаратура, жарық беретін және басқа техникалармен жұмыс істеуге негізделген дайындықтан кейін өткізген жөн.

Жинақтау дайындығы қажетті өзгерістерді енгізу, оны жиі де ұзақ қайталайтын дайындық. Әдетте алғашқы жинақтау дайындығы клубтық, ойын-сауық, мереке, концерттің түріне қарай оның ұзақтылығынан бұл жерде режиссер мүмкіндігінше жалпы дайындықты үш сағаттан асырмауға ұмтылуы қажет.

Жинақтау дайындығы барынша тиімді де нәтижелі өтуі үшін дайындыққа орындаушыны алдын-ала белгіленген уақытында келетіндей етіп шақырған жөн, бұлай болмаған жағдайда орындаушы, қатысушылар уақытына жетпей шаршауы мүмкін және де кезегі өткен орындаушыларды дайындықтан босатып отыру қажет. Бұл жерде іс-шараны қоюшы - режиссер К.С. Станиславскийдің «актерлер мен барлық техникалық қызметкерлердің жұмыс уақытын үнемдеу - барлық дайындықтарға тән ереже болуы тиіс - деген қағидасын үнемі есте сақтауы қажет.

Байқау дайындығы /прогонная репетиция/ - осы дайындықпен шараны дайындаушы - режиссердің негізгі жұмысы аяқталады. Дайындық барысында артық пауза, ұзақ-сонар әрекеттер және т.б. кемшіліктер бар болса жөнделініп, шараның, жалпы композициясымен ондағы эпизодтардың өзара үйлесімділігі, орындаушылардың сахнаға кіріп шығуы байқап көріледі. Бір сөзбен айтқанда іс-шара түбегейлі түрде қорытылып бітеді.

Осы дайындық барысында іс-шара темпо-ритмі айқындалынып, оның атмосферасы айқын сезіледі. Іс-шараның темпо-ритмі кез-келген сахналық өнердегі сияқты, өнер көрсетудің уақыт ағымына қатыстылығы /жай, тез/ - темпін, яғни өн бойғы әрекеттің сырттан қарағандағы өту барысы және орындаушының ішкі динамикасы оның ритмін айқындайды.

Бұл дайындықты режиссер тоқтатпай, кемшіліктерді қаламмен белгілей отырып, дайындық соңынан ғана ескертулер жасалынады. Әдетте мұндай дайындықты екі рет жасау тәжірибiede жиі қолданылады. Байқау дайындығына уақыт та аз бөлініп, оның барысында әрбір минутты тиімді пайдалануды қажет етеді, осы дайындықтан кейін режиссер қорытынды дайындықты белгілейді.

Қорытынды дайындық /генеральная репетиция/ - бұл аз ғана көрермені бар немесе тіпті жоқ ойын-сауық мереке, концерт.

Қорытынды дайындық бұл көбінесе мектеп және мектеп тыс мекемелердің әкімшіліктеріне тапсырыс ретінде өткізіледі.

Қорытынды дайындық егерде өзгерістер енгізу қажет болатын болса, екінші қорытынды дайындық жасау белгіленеді. Бұл дайындық шара белгіленген күннен бір - екі күн бұрын ұйымдастырылады.

Режиссерлық қоюшы топ мүшелері дайындықтар барысында өздеріне белгіленген міндеттерді талапқа сай, уақытылы орындап кәсіби дағдыларды меңгереді. Бұл мақсатта сценарийлік жоспар, монтаждық бет, музыкалық партитуралармен тиімді жұмыс істеудің маңызы өте зор.

IV. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУҒА ДАЙЫНДАУ

Дайын болған қойылым сценарийін студент кезекті рет жетекшімен мұқият тексеріп, репетиция кестесін құрайды. Студент дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Репетицияның алғашқы күні барлық қатысушыларға қойылым тақырыбы, идеясы, әрқайсысының жеке міндеттері түсіндіріледі. Дайындық кестесі бойынша жүргізушілермен жұмыс істеу, театрландыруға қатысатын мектеп оқушыларымен, актерлермен образ түйінін табу, іс-әрекеттер тізбегін құрастыру іске асырылады. Дайындық кезде репетиция эпизодтар ретінде бөлек-бөлек жүргізіледі. Жаңа тың ой, мизансцена ерекшеліктеріне орай репетиция барысында сценариге өзгерістер ендіруге болады. Музыка, дыбыс, жарық, костюмдер репетиция барысында түпкілікті бекітіледі. Дайын эпизодтар монтаждалып, бүтін дүниеге айналады. Әрекет талдау әдістемесі бойынша сценарий-қойылымның композициялық құрылымы болуы шарт.

V. ЖЕТЕКШІЛІК, ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ

Мемлекеттік білім беру стандартына орай бітіруші студент шығармашылық жұмысты қорытынды емтихан түрінде қорғауға тиіс. Жетекшісі негізінен пәннің жетекші оқытушысы болып табылады. Шығармашылық жұмыс қойылым ретінде алдын-ала көрсетіле беруі мүмкін.

6B11102 «Мәдени-тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы, «Мектеп және мектептен тыс мекемелерде мәдени тынығу жұмысын ұйымдастыру және педагогикасы» мамандануы бойынша бітірушілердің шығармашылық жұмыстарын қорғауға қойылатын талаптар:

1. Бітіруші студент бұхаралық іс-шараны ұйымдастырып, режиссерлық қойылымын көрсетіп, қорытынды аттестациялау комиссиясы алдында қорғауы керек.

2. Қорытынды аттестациялау комиссиясы алдында студент қорғауға алып шығуы тиіс:

- Шығармашылық жұмыстың идеялық-тақырыптық негіздемесі;
- Тақырыптық актуалдылығы;
- Көтерілген проблемалар легі;
- «Өмір дерегі» және «Өнер дерегі» жайлы жан-жақты мәлімет;
- Иллюстрациялау және шығармашылық жұмыстың композициялық құрылымы;

- Қолданған театрализациялау әдістерінің қолданылуы;

3. Студент қорғауға шығармашылық жұмысқа қажетті төмендегідей құжаттарды әкелуі тиіс:

- Шығармашылық жұмыстың іске асыру актісі;
- Шығармашылық жұмыстың видео кассетаға немесе DVD-ге жазылған нұсқасы;
- Барлық талаптарға сай жазылған әдеби сценарий;
- Шығармашылық жұмыс туралы фотосуреттер;
- Безендіру эскизі;
- Жарнамалық-ақпараттық құжаттар;
- Сценарийлік жоспар;
- Монтаждық бет;
- Дайындық жоспары;

Шығармашылық жұмысы бойынша бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» - шығармашылық жұмыс талаптары түгел орындалған, барлық қажетті құжаттармен қамтылған, тақырыбы заман талабына сай, образдық шешімі дұрыс ойластырылған, көркем және деректі материалдар молынан қамтылған жұмысты режиссерлық талдау жасай отырып жоғары деңгейде қорғап шыққан студентке «өте жақсы» деген баға қойылады.

«Жақсы» - шығармашылық жұмыс талаптары түгел орындалған, қажетті құжаттармен қамтылған, образдық шешімі ойластырылған, көркем және деректі материалдар қамтылған жұмысты режиссерлық талдау жасай отырып жақсы деңгейде қорғап шыққан студентке «жақсы» деген баға қойылады.

«Қанағаттанарлық» - шығармашылық жұмыс талаптары қанағаттанарлық деңгейде орындалған, образдық шешімі ойластырылған жұмысты орта деңгейде режиссерлық талдау жасай отырып қорғаған студентке «қанағаттанарлық» деген баға қойылады.

«Қанағаттанарлықсыз» - шығармашылық жұмыс талаптары толық орындалмаған жағдайда студентке «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

Қорытынды аттестациялау комиссиясы алдында студент өз қойылымының бейне-таспасын көрсетіп, сценарийін, қойылым макетін, фотосуреттерді, іске асыру актісі, хаттама, қойылым сметасы тағы да басқа растайтын, дәлелді құжаттар түрінде қорғайды. Студенттің өз жұмысын қорғау уақыты 30 - минуттан аспауы тиіс. Жұмыс жетекшісі студенттің шығармашылық жұмысты жүзеге асыру кезеңіндегі білімі, бейімі мен дағдылары жөнінде пікір айтуына құқығы бар. Шығармашылық жұмысты бағалауда жетекші пікірі айырықша ескерілуі қажет.

Қорғау нәтижесін қорытынды аттестациялау комиссиясы бағалап, хаттамаға түсіреді.

VI. САҚТАЛУЫ, ІСТЕН ШЫҒАРЫЛУЫ

Бітіру шығармашылық жұмысы сценарий, эскиз және бейне кассеталар/немесеDVD/ білім беру бағдарламасында оқу-тәжірибе жинақтау ретінде сақталады.

Бітірушінің шығармашылық жұмысына қойылатын талаптары

1. Тақырып
2. Ой сана
3. Мақсаты
4. Міндеті
5. Сценарий
6. Дайындық жоспар
7. Регламент жоспар
8. Өткізу жоспары
9. Шығыс құжаттар (қызметтік хат, арендаға, бейнетүсірілімге, костюмдерге сұраныс жазу)
10. Хабарландыру
11. Шақыру билеті (кештің эмблемасы, нақыл сөз, цитаты)
12. Концерттік бағдарлама
13. Шақырулы қонақтардың тізімі
14. Шығым өтелімі
15. Музыкалық партитура
16. Фонограмма (фанфары, фон, музыкалық сүйемелдеу)
17. Фотосурет(кештің ашылуы, шарықтау шегі, финал марапаттау)
18. DVD, флешка, видеокассета.
19. Сахна эскизы
20. Сайыстың ережесі
21. Әділ қазылар құрамы
22. Мәдениет мекемесінің басшысынан сын пікір
23. Бұқаралық ақпарат құралдары (газетке мақала)
24. Шығармашылық жұмыс жөнендігі автордың талдауы

Бітірушінің шығармашылық жұмысы қағаз және электрондық түрді білім беру бағдарламасына тапсыру қажет

Дайын шығармашылық жұмысты бітіруші студент білім беру бағдарламасына қорғаудан бір ай бұрын тапсыру тиіс.

**22 наурыз Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған
«Төрлет, Наурыз!» атты театрландырылған қойылым мен
мерекелік концерттің идеялық-тақырыптық негіздемесі**

Мақсаты: Қазақ халқының тұрмыс - тіршілігінде, әдет - ғұрпында ерекше орын алған Наурыз тойының ерекшелігін, табиғат пен адам байланысын қазақша жаңа жылдың келу салтанатын көрсету. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай осы Тәуелсіздікке жеткенге дейінгі қазақ жұртының басынан өткізген арғы - бергі тарихынан тағылым аларлықтай көріністермен мәнді де мағыналы жаңа сипаттағы жаңарған Наурыз секілді ұлттық салт – дәстүріміз бен әдет - ғұрпымызды жаңа бір қырынан таныту. Иmandылыққа, тіл мен дініміздің берік орын алуына тәрбиелеу, бағдар беру.

Міндеті: Ұлттық салт – дәстүріміздің ұмытылуына жол бермеу, әдет - ғұрпымызды сақтап қалу әр қазақ азаматының парызы деп білемін. Тәуелсіздіктің нәтижесінде қолымыз жеткен бүгінгі мамыражай өмірді, халықтың игілігі үшін жүзеге асқан әрбір жарқыраған жақсылық пен оң өзгерістерді жүрекжарды қуанышпен, шалқар шабытпен, көсемсөзді көркемдеп жеткізіп, көңілге жылу ұялату. «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарла-масын алға қоя отырып, ұлттық дәстүрлі нақышымызды сақтап, қазақ елінің кең көлемде өркендеп өсуіне жол ашу.

Идеясы: «Өлді деуге болама айтыңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған...»

(Абай)

Тақырыбы: 1) 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күні туралы
2) Ұлттық салт – дәстүріміз бен әдет – ғұрпымызды жаңа бір қырынан таныту

Қақтығыс: Бүгінгі қазақ халқының тұрмыс - тіршілігінде, әдет - ғұрпында ерекше орын алған Наурыз тойының ерекшелігін, табиғат пен адам байланысын қазақша жаңа жылдың келу салтанатын көрсету.

Өткізілетін орны: Әли балта палуан атындағы орталық стадион

Өткізілетін күні: 23 наурыз 2023 жыл

Сағ: 10.00 – де.

Титульдік бет үлгісі

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультеті
Режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы білім беру
бағдарламалары**

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «ТӨРЛЕТ, НАУРЫЗ!»

Формасы: театрландырылған қойылым мен мерекелік концерт

Орындаған: М.Өтемісов атындағы БҚУ,
«Мәдениет және өнер» факультеті,
МТЖ білім беру бағдарласының студенті
Ұзақбаева Сайлаухан

Жетекшісі: «Мәдени-тынығу жұмысы»
білім беру бағдарламасының
аға оқытушысы, магистр Р.С.Абуова

Орал, 2023

Бекітемін
«Бейнеу мәдениет» ММ
директоры
_____Ы.Божанов

Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған
«Төрлет, Наурыз» атты театрландырылған қойылым мен мерекелік
концерттің **сценарийі**

Өтетін орны: Әли балта палуан атындағы орталық стадион

Өтетін күні: 21.03.2023. **Өтетін уақыты:** сағ: 10.00

Жүргізушілер: Досов Болат, Әлиева Ақмарал,
Ұзақбаева Сайлаухан

*(Сахна мерекеге сай безендіріледі. Музыка әуені естіліп тұрады.
Фанфары. 3 жүргізуші шығады)*

1-жүргізуші: Армысыздар, жиналған халқым менің,
Ардақта, Наурыз тойы салтыңды елім.
Мереке басы болсын берекенің
Игі еңбектің жемісін бәрін жегін.

Келді наурыз бұла күн тасқынымен
Құлпырып қайта өзгеріп жастығымен.
Жер иіп, тамыр толып, бүршік жарып,
Табиғат ықыласына тас жібіген.

2-жүргізуші: Шалқайта ашып, ақбоз үйлер түндігін,
Қуаныштан жарылатын күн бүгін.
Барлық күнә, бәлекеттен, басқадан,
Тап таза боп арылатын күн бүгін.

3-жүргізуші: Бүгін барлық жұрттың жолы ақ болсын
Деген бар ғой «Аққа құдай жақ болсын!» Жүрегі ақ, жаны жайсаң
жандардың Барлығының үйлеріне бақ қонсын!

1. Ән: «Гүлдәурен», орындайтын: М.Смағұлова

2. Халық әні: «Әдемі-ай», орындайтын: М.Смағұлова

2-жүргізуші: Өнер менің - Иманым ар ұятым. Аялаңдар сезімнің
дариясын, Ұят бар да бақта бар, байлықта бар. Жас жөлтекі, болмайды
қария сұм.

1-жүргізуші: Халқымыздың сенімінде Ұлыстың Ұлы күні, Қыдыр
Ата ел аралап ырыс - несібе шашады. Бұл күні адамдар, болашақ
ұрпаққа пайдалы Тәуелсіздік, Отан туралы жақсы сөздер айтып тілек
тілеуі тиіс.

3-жүргізуші: Жаңа жыл - жаңа жыр, көктемнің алтын
босағасы, ырыс пен ынтымақтың басы, жаңалықтың жаршысы -
Науша Наурыз қыз, ендеше Қыдыр Ата мен Наурыз қызды қарсы
алайық.

3. Қыдыр Ата мен Наурыз қыз «Бейнеу мәдениет» ММ
4. Ән: «Туған жер», орындайтын: С.Рапбергенова
5. «Арабика» биі, 5 - сынып оқушылары

2-жүргізуші: Ардақты әлеумет, Ұлыстың Ұлы күнінде Сіздерге бар жақсылықты тілейміз!

1-жүргізуші: Қадірменді берекелі Бейнеу халқының тұрғындары жаңа Қоян жылы құтты болсын! Сіздерге Ұлыстың Ұлы күні отбасыларына амандық, дендеріңізге саулық, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз!

6. Хор «Бақытты балалар», орындайтындар: Бейнеу мектебі
7. Ән: «Қазақ даласы» орындайтын: Е.Әбутәліп

2-жүргізуші: Төрлетің қонақ, көңілдер сыйға кенелсін,
Жатаған төбе, жар қабақ тауға теңелсін.
Толқыған көңіл, торқалы тойдың үстінде
Халқым - ау, саған осыдан артық не дерсің.

1-жүргізуші: Ардақты әлеумет! Бүгінгі Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне орай бақанға өрмелеу, аударыспақ тағы басқа спорттық ойындар ойналатынын ескертеміз. Құрметті халайық, спорттық ойындарға қатысуға шақырамыз. Қатысам деушілер спорт мектебі мемлекеттік мекемесінің директоры Елубай Кенжебайға тіркелуіңізді сұраймыз.

8. «Қазақ биі», 7-сынып оқушылары

3-жүргізуші: Жаңа жыл - жаңа нұрмен қуант бәрін, Жақсылықтың жолын аш сеуіп дәнін. Қайғы мұңын серпілтіп қиналғанда, Шаттықпен көркейте кел елдің сәнін!

2-жүргізуші: Батаға қылар бақ тұрақ Дүние керуен, Біз қонақ
Құлдық қылсаң әруаққа Ұрпағыңның ұрпағын, Бәледен жатар
қаққылап.

1-жүргізуші: Сөз - Аудан әкімі Басшы Айжанакұлы
Әзірхановқа және Ұлы Отан соғысының ардагері Көшеров
Дүйсенғали атамызға беріледі.

(Құттықтау сөз, бата беру)

9. Ән: «Наурыз Жаңа Жыл», орындайтын: М. Ізімбергенова
10. Ән: «Дастархан», орындайтын: «Аналар» ансамблі
11. Ән: «Сәулем-ай», орындайтын: «Аналар» ансамблі
12. «Алдар Косе, Тазша бала, Қожанасыр, Қаңбақ шал» көрінісі
-Атамекен мектебі

2-жүргізуші: Өнер болып
Өлшеніп бийіңнен
Көкірегіңнен күн болып, шығып тұрмын.
Өнер болып кезеді
Баба-рухы
Аппақ төсін ақ сағым ұлық қырдың
Өнер болып
Сөнбейтін жарық болып,
Көрдіңбе көкжиекте тұнып тұр күн.

13.«Ұйғыр бий», 7-сынып оқушылары

2-жүргізуші: Көрсетіп Алаш ұлы асқақтығын,
Жанарын дұшпанынның жасқап тұрмын. Жұртына төрткүл дүние
үлгі болып Келеді, ерім, елін - бастап бүгін.

3-жүргізуші: Батырлар атқа қонып атойлады
Қолына алдаспан мен семсерді іліп. Ғасырлар осы күнді талып
күткен, Қарсы алды қуанышпен халық біткен.

2-жүргізуші: Құрметті халайық!
«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының ғасырлар қойнауынан
сыр шертетін «Тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы және
бүгінгі Қазақстан» атты композициялық көрінісін тамашалауға
шақырамыз.

14.«Елім - ай» көрінісі - Абай мектебі

15.Билер көрінісі - Үстірт мектебі

16.Батырлар көрінісі - Кәсіптік техникалық лицейі

17.Ұлт-азаттық қозғалыс - Қалдығараев мектебі

18.Голошекин (ашаршылық) көрінісі - Бейнеу мектебі

19.1937-1938 жылдар (қуғын-сүргін) - Манаты мектебі

20.Т. Рысқұлбеков (желтоқсан) көрінісі - Күйкен мектебі

21. «Тәуелсіздік бийі»

2-жүргізуші: Бұлбұлдың үні жатыр жүрегінде
Арудың ізі жатыр гүл өңінде
Тоғысқан тағдырлардың сапары бар
Бейнеуім,
Алтын бесік - бір өзіңде

3-жүргізуші: Күміс құлақ домбыра алтын тиек. Қабырғасы
сөгілген халқын сүйеп. Құнын хаттап тарихтың, Мұңын сақтап, Нардай
боздап келеді, нарқын тиеп.

22.Ә.Қонысбековтың күйі «Наурыз», орындайтын: домбырашылар ансамблі, жетекшісі ҚР мәдениет қайраткері Іңірбай Көбеген.

23. Халық күй: «Нәр ағаш»

24.Ән: «Көк жөтел», орындайтын: Ж.Күзембаев

25.Ән: «Көңілді күн», орындайтын: Қ.Жұбанова, С.Рапбергенава

26.Ән: «Ақ арман», орындайтын: Қарлығаш Жұбанова

1-жүргізуші: Алдымыздағы киелі түбегіміздің перзенті, талант иесі, жерлесіміз Ақылбек Жеменей өз мерекелі шашуларымен келіп отыр. Ендеше сахна төріне Ақылбек Жеменейді шақырамыз.

27. «Тойбастар»

28. «Қарағым ай»

29. «Құнан нар»

30. «Жайна»

31. «Ахау жаным айдай»

32. «Қаракөз, Гүлнарым»

33. «Қазақ жігіттері»

3-жүргізуші: Еліміздің қолына зарықтырып барып қонған бақыт құсы тәуелсіздіктің тұғыры мықты болсын! Жаңа жыл!

Жарқын жүзді келсең күліп, Атымды әлем білген, еңсем биік! Алатау тебіренді қуаныштан. Шындарын қарағайлы теңселдіріп.

34. Ән: «Әриайдай», орындайтын: Р.Кабулова

1-жүргізуші: Ұлыстың Ұлы тойы - Аспан Ата мен Жер Ананың түлеген шағында адамзаттыңда жаңарып, мың өліп мың тірілген халқымыздың басынан өткен қасіретті тарихынан сабақ алып, бабалардың батырлық, ерлік, өрлік, кеңдік қасиеттері мен жаңғырып, адами игі сезімдердің, бүржарған шабытты шағы.

2- жүргізуші: Құрметті халайық, осымен Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арналған «Төрлет, Наурыз» атты мерекелік концертімізді аяқтаймыз!

3-жүргізуші: Жаңа жыл баршамызға тағы да құтты болсын! Жаңа жыл - елімізге береке - бірлік, тыныштық, табысты жыл болғай!

1-2-3- жүргізуші! (бірге) хош сау болыңыздар!

**22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне арналған
«Төрлет, Наурыз!» атты концерттік бағдарламаның
дайындық жоспары**

	Дайындық жоспары	Өтетін күні/айы	Өтетін уақыты
	Сценарий жазуға дайындық	14.03.2023.- 17.03.2023.	09.00.-11.00. 14.00.-16.00.
	Музыкалық номерлер таңдау	10.03.2023.- 14.03.2023.	10.00.-12.00. 14.00.-17.00.
	Сахна безендіру	20.03.2023.	09.00.-11.00. 14.00.-17.00.
	Би номерлеріне дайындық	14.03.2023.- 20.03.2023.	14.00.-17.00.
	Музыкалық номерлерге дайындық	14.03.2023.- 18.03.2023.	10.00.-13.00. 15.00.-18.00.
	Көріністерге дайындық	14.03.2023.- 19.03.2023.	14.00.-17.00.
	Жүргізушілермен әзірлік	17.03.2023.- 20.03.2023.	17.00.-18.00.
	Соңғы әзірлік	20.03.2023.	11.00.-14.00.
	Қатысушыларды жинау	21.03.2023.	08.00.

**22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне арналған
«Төрлет, Наурыз!» атты концерттік бағдарламаның
регламент жоспары**

№	Міндеті	Уақыты
1.	Жүргізушілер	10.00.
2.	Ән: «Гүлдәурен» - М.Смағұлова	10.05.
3.	Халық әні :«Әдемі-ай»-М.Смағұлова	10.08.
4.	Қыдыр Ата мен Наурыз қыз «Бейнеумәдениет» ММ	10.11.
5.	Ән: «Туған жер» - С.Рапбергенова	10.16.
6.	Жүргізушілер	10.19.
7.	«Арабика» биі - 5 -сынып оқушылары	10.21.
8.	Жүргізушілер	10.24.
9.	Хор «Бақытты балалар» - Бейнеу мектебі.	10.26.
10.	Ән: «Қазақ даласы» - Е.Әбутәліп	10.30.
11.	Жүргізушілер	10.33.
12.	«Қазақ биі» - 7-сынып оқушылары	10.35.
13.	Жүргізушілер	10.38.
14.	Сөз сөйлеу	10.39.
15.	Ән: «Наурыз Жаңа Жыл» -М.Ізімбергенова	10.45.
16.	Ән:«Дастархан» - «Аналар» ансамблі	10.48.
17.	Ән: «Сәулем-ай»-«Аналар» ансамблі	10.51.
18.	«Алдар Көсе, Тазша бала, Қожанасыр, Қаңбақ шал» көрінісі	10.54.
19.	«Ұйғыр биі», 7-сынып оқушылары	10.57.

20.	Жүргізуші	11.00.
21.	«Тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы және бүгінгі Қазақстан» атты композициялық көрінісі	11.02.
22.	Жүргізушілер	11.17.
23.	Күй: «Наурыз» - домбырашылар оркестрі	11.19.
24.	Күй: «Нәр ағаш» - домбырашылар оркестрі	11.22.
25.	Өн: «Көк жөтел» - Ж.Күзембаев	11.25.
26.	Өн: «Көңілді күн» - Қ.Жұбанова, С.Рапбергенова	11.28.
27.	Өн: «Ақ арман» - Қарлығаш Жұбанова	11.30.
28.	Жүргізуші	11.33.
29.	Өн: «Тойбастар» - А.Жеменей	11.34.
30..	Өн: «Қарағым ай» - А.Жеменей	11.37.
31.	Өн: «Құнан нар» - А.Жеменей	11.40.
32.	Өн: «Жайна - А.Жеменей	11.43.
33.	Өн: «Ахау жаным айдай» - А.Жеменей	11.47.
34.	Өн: «Қаракөз, Гүлнарым» - А.Жеменей	11.50.
35.	Өн: «Қазақ жігіттері» - А.Жеменей	11.53.
36.	Жүргізушілер	11.56.
37.	Өн: «Әриайдай» - Р.Кабулова	11.57.
38.	Жүргізушілер	12.00.

**22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған
«Төрлет, Наурыз!» атты концерттік бағдарламаның өткізу
жоспары**

	Өткізу шарасы	Өтетін күнi/ай/уақыты	Жауаптылар
	Қатысушыларды жинау	21.03.2023. сағ. 10.00.	Көбегенова Сұлухан Смағұлова Марал
	Аппаратура	21.03.2023. сағ. 10.00.	Бакотбаев Тұралы
	Сахна безендіру	21.03.2023. сағ. 10.00.	Сапаров Куаныш Жеткізгенов Әділбек
	Музыкалық номерлер	21.03.2023. сағ. 10.00.	Кумиров Арман
	Жүргізушілер	21.03.2023. сағ. 10.00.	Ұзақбаева Сайлаухан Досов Болат Әлиева Ақмарал
	Кештің өтуі	21.03.2023. сағ. 10.00.	Ұзақбаева Сайлаухан Досов Болат Әлиева Ақмарал Тілекқайырқызы

Бейнеу аудандық
«Абыл» мәдениет үйінің
директоры Ы.Д.Божановқа

Сұраныс хат

Сізден, 2023 жылдың наурыз айының 21 жұлдызында сағат 10⁰⁰ -де Ұлыстың Ұлы күні Жаңа жыл мерекесіне арналған «Төрлет, Наурыз!» атты мерекелік шараны өткізуіме байланысты төмендегідей заттарды алуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

- Музыкалық аппаратура;
- Қазақ, ұйғыр, араб билерінің костюмдері;
- Батырлар, билер костюмдері;
- Қыдыр ата мен Наурыз қыз киімі;
- Жүргізушілерге арналған костюмдер, т.б.
-

Сұраныс хат иесі:

С.Қ.Ұзақбаева

18.03.2023ж

Қосымша 7

Бейнеу аудандық
«Абыл» мәдениет үйінің
директоры Ы.Д.Божановқа

Талап – тапсырыс

Сізден мәдениет үйінің дыбыс жазу студиясында Ұлыстың Ұлы күніне арналған мерекелік шараның музыкалық дыбыстарын жазуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Талап - тапсырыс иегері:

С.Қ.Ұзақбаева

15.03.2023ж



Хабарландыру!

Құрметті, берекелі Бейнеу халқының тұрғындары! Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні
Жаңа жыл мерекесіне арнаған **«ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ»** атты
театрландырылған қойылым мен мерекелік концертті мамашалауға
тақырамыз!

Өтетін күні: 21.03.2023
Уақыты: сәт. 10.00
Орналасуы: Әули-Балта алаңы

ҚЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ!

Қазақстан Республикасы
Маңғыстау облысы
Бейнеу аудандық
мәдениет, тілдерді дамыту
және денешынықтыру,
спорт бөлімі

Шақыру билеті

2023 жыл, 21 наурыз
Бейнеу ауданы



1. Қыдыр Ата мен Наурыз қыз
«Бейнеушілер» ММ
2. Ән: «Туған жер», С. Раппельберг
3. «Арабика» бұл, 5 - сынып оқушылары
4. Хор «Бақытты балалар», Бейнеу мектебі.
5. Ән: «Қалаң даласы» Е. Әбулмәліп
6. «Қалаң бұл», 7-сынып оқушылары
7. Ән: «Наурыз Жаңа Жыл»,
М. Нығметбергенова
8. Халық әні: «Әдемі-ай», М. Смағұлұлы
9. Ән: «Дастархан», «Аналар» ансамблі
10. «Ақдар Көсе, Тапша бала, Қожағасыр,
Қайбақ шала» көрінісі
11. «Үйге» бұл, 7-сынып оқушылары
12. Ән: «Шақырды көктем», «Арда»
БАА
13. «Тәуелсіздік жолындағы күресер және
бүгінгі Қазақстан» атты композициялық
көрініс
14. «Тәуелсіздік» бұл - Әнер мектебі
15. Күй: «Наурыз», домбырашылар
оркестрі
16. Ән: «Көк жемел», Ж. Құсманбаев
17. Ән: «Ақ арман», Қарлығаш Жұбанова
18. А. Жеметей
19. Ән: «Әріпайдай», Р. Кабулова
20. Ән: «Тобылғысай», Аяжан Теміржанова
21. Ән: «Қағалай ай», Тимур Аманжол
22. Ән: «Жайна», Тұрлы Бақытбаев
23. Ән: «Арманым», Г. Габбасов
24. Ән: «Ой көк», Е. Сүтенов, Қ. Жұбанова
25. Ән: «Қыздар ай», Ерлан Сүтенов

Құрметті _____!
Сіз (дер) ді Ұлыстың Ұлы күні
Жаңа жыл мерекесіне мерекесіне
арналған «Төрлет, Наурыз!» атты
театрландырылған қойылым мен
мерекелік концертті тамашалауға
шақырамыз.

Өтетін орны: Әлі Балта палуан
атындағы орталық стадион
Басталуы: 21. 03. 2023
Уақыты: сағат 10.00 – де.

Ұйымдастыру алқасы



**22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Төрлет, Наурыз!» атты
мерекелік концерттік бағдарламасы**

- Жүргізушілердің шығуы
- Ән: «Гүлдәурен»
- Халық әні: «Әдемі-ай»
- Қыдыр Ата мен Наурыз қыз
- Ән: «Туған жер»
- Жүргізушілердің шығуы
- «Арабика» биі
- Жүргізушілердің шығуы
- Хор «Бақытты балалар»
- Ән: «Қазақ даласы»
- Жүргізушілердің шығуы
- «Қазақ биі»
- Жүргізушілердің шығуы
- Сөз сөйлеу
- Ән: «Наурыз Жаңа Жыл»
- Ән: «Дастархан»
- Ән: «Сәулем-ай»
- «Алдар Көсе, Тазша бала, Қожанасыр, Қаңбақ шал» көрінісі
- Жүргізушілердің шығуы
- «Ұйғыр биі»
- Ән: «Шақырады көктем»
- Жүргізушілердің шығуы
- «Тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы және бүгінгі
Қазақстан» атты композициялық көрінісі
- «Тәуелсіздік» биі
- Жүргізушілердің шығуы
- Күй: «Наурыз»
- Күй: «Нәр ағаш»
- Ән: «Көк жөтел»
- Ән: «Көңілді күн»
- Ән: «Ақ арман»
- Жүргізушінің шығуы
- Ән: «Тойбастар»
- Ән: «Қарағым ай»
- Ән: «Құнан нар»
- Ән: «Жайна»
- Ән: «Ахау жаным айдай»
- Ән: «Каракөз, Гүлнарым»
- Ән: «Қазақ жігіттері»
- Жүргізушінің шығуы
- Ән: «Әриайдай»
- Ән: «Дедімай ау »
- Жүргізушінің шығуы

**Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған
«Төрлет, Наурыз» атты театрландырылған көрініс пен мерекелік
концерттің бағдарламасы:**

1. Ән: «Гүлдәурен» , орындайтын: М.Смағұлова
2. Халық әні: «Әдемі-ай», орындайтын: М.Смағұлова
3. Қыдыр Ата мен Наурыз қыз «Бейнеумәдениет» ММ
4. Ән: «Туған жер», орындайтын: С.Рапбергенова
5. «Арабика» биі, 5 - сынып оқушылары
6. Хор «Бақытты балалар», орындайтындар: Бейнеу мектебі.
7. Ән: «Қазақ даласы» орындайтын: Е.Әбутәліп
8. «Қазақ биі», 7-сынып оқушылары
9. Ән: «Наурыз Жаңа Жыл», орындайтын: М.Ізімбергенова
10. Ән: «Дастархан», орындайтын: «Аналар» ансамблі
11. Ән: «Сәулем-ай», орындайтын: «Аналар» ансамблі
12. «Алдар Косе, Тазша бала, Қожанасыр, Қаңбақ шал» көрінісі
13. «Ұйғыр биі», 7-сынып оқушылары
14. «Елім-ай» көрінісі - Абай мектебі
15. Билер көрінісі - Үстірт мектебі
16. Батырлар көрінісі - Кәсіптік техникалық лицейі
17. Ұлт-азаттық қозғалыс - Қалдығараев мектебі
18. Голошекин (ашаршылық) көрінісі - Бейнеу мектебі
19. 1937-1938 жылдар (қуғын - сүргін) - Манаты мектебі
20. Т.Рысқұлбеков (желтоқсан) көрінісі - Күйкен мектебі
21. «Тәуелсіздік» биі - Өнер мектебі
22. Күй: «Наурыз», орындайтын: домбырашылар оркестрі -
Іңірбай Көбеген
23. Күй: «Нәр ағаш», орындайтын: домбырашылар оркестрі - Іңірбай
Көбеген
24. Ән: «Көк жөтел», орындайтын: Ж.Күзембаев
25. Ән: «Көңілді күн», орындайтын: Қ. Жұбанова, С. Рапбергенова
26. Ән: «Ақ арман», орындайтын: Қарлығаш Жұбанова
27. Ән: «Тойбастар», орындайтын: А.Жеменей
28. Ән: «Қарағым ай», орындайтын: А.Жеменей
29. Ән: «Құнан нар», орындайтын: А.Жеменей
30. Ән: «Жайна», орындайтын: А.Жеменей
31. Ән: «Ахау жаным айдай», орындайтын: А.Жеменей
32. Ән: «Қаракөз, Гүлнарым», орындайтын: А.Жеменей
33. Ән: «Қазақ жігіттері», орындайтын: А.Жеменей
34. Ән: «Өриайдай», орындайтын: Р.Кабулова

21 наурыз Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған «Төрлет, Наурыз» атты театрландырылған қойылым мен мерекелік концерттік бағдарламаға шақырылған қонақтар тізімі:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Өзірханов Басшы Айжанақұлы	Аудан әкімі
2	Көшеров Дүйсенғали	Ұлы Отан соғысының ардагері
3	«Аналар» ансамблі	
4	Есбергенов Шалабай	Ұлы Отан соғысының ардагері
5	Алтаева Асия	Алтын алқа иегері, ардагер – ұстаз

**21 наурыз Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған «Төрлет,
Наурыз» атты театрландырылған қойылым мен мерекелік концертке
жұмсалатын шығын өтелімі**

№	Қажетті заттар	Дана	Бағасы	Барлығы
1	Сахнаны безендіруге жазулар	5	2500	12500т
2	түрлі түсті шарлар	300	15	4500т
3	кереге	1	5000	5000т
4	киіз үй баулары	5	500	2500т
5	киіз үй шырмауығы	5	300	1500т
6	Театралдық көріністерге ат	1ат	1500	1500т
7	Театралдық көріністерге нар түйе	1	1500	1500т
8	Театралдық көрініске фонограмма жазғызып архивке сақтау үшін мини дискеттер алуға	2дана	500	1000 т
9	Арнайы шақырылған қонақтар үшін киіз үй	1	25000	25000т
10	Көрмеге арналған киіз үй	1	25000	25000т
11	Киіз үйге дастархан мәзірі			30000т
12	Киізге болт, арқаға ДВП, ДСП, шеге:	40,50,70,100.		5000т
13	Алаңда ойнатылып жатқан ойын жеңімпаздарына сыйлық:	5дана	2000т	1 0000 теңге
14	Батарейкалар «Дюралайт»	4дана	600	2400т
15	Электропровода	25м	35	875т
16	Скотч үлкен	1дана	200	200т
17	Фейерверг	20	250	5000т
19	Жалаушалар	20	100	2000т

Барлығы: / Бір жүз он бес мың төрт жүз жетпіс бес/ 115475теңге

Сметаны құрған әдіскер:

М.Атабаева

**Ұлыстың Ұлы күні мерекесіне арналған
«Төрлет, Наурыз» атты театрландырылған қойылым мен
мерекелік концерттің музыкалық, шу-дыбыстар партитурасы (f-жоғары,
p-жай.)**

Режиссерлық қосылым	Қосылым	Сөндірілу репликасы
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
Ән: «Гүлдәурен» (5тр)	f	Әннің соңында
Халық әні: «Әдемі-ай» (12тр)	f	Әннің соңында
Қыдыр Ата мен Наурыз қыз	f	Қыдыр ата мен Наурыз қыз сахнадан кеткесін
Ән: «Туған жер» (3тр)	f	Әннің соңында
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
«Арабика» биі (22тр)	f	Бишілер тағзымынан кейін
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
Хор «Бақытты балалар» (1тр)	f	Балалар сахнадан кеткесін
Ән: «Қазақ даласы» (9тр)	f	Жүргізуші сөзі
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
«Қазақ биі» (13тр)	f	Бишілер тағзымынан кейін
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін

Сөз сөйлеу	f < p < f	Аудан әкімі мен ардагер сахнадан кеткесін
Ән: «Наурыз Жаңа Жыл» (18тр)	f	Жүргізушілер сөзі
Ән: «Д астархан» (1 тр)	f	Келесі ән басталғанда
Ән: «Сәулем-ай» (2тр)	f	Жүргізушілер сөзі
«Алдар Көсе, Тазша бала, Қожанасыр, Қаңбақ шал» көрінісі	f < p	Әжелер шашу шашып халық арасына сіңіп кеткенше
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
«Ұйғыр биі», (26тр)	f	Бишілер тағзымынан кейін
Жүргізуші	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
«Тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы және бүгінгі Қазақстан» атты композициялық көрінісі (1тр)	f < p	Көрініс аяқталғаннан кейін
«Тәуелсіздік» биі (1тр)	f	Жүргізушілер сөзі
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
Күй: «Наурыз» (5тр)	f	2-ші күй хабарланғанда
Күй: «Нәр ағаш» (6тр)	f	, Күй аяқталғасын
Ән: «Көк жөтел» (32тр)	f	Жүргізушілер сөзі
Ән: «Көңілді күн» (20тр)	f	Жүргізушілер сөзі
Ән: «Ақ арман» (19тр)	f	Жүргізушілер сөзі
Жүргізуші	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
Ән: «Тойбастар» (5тр)	f	Келесі әні басталғанда

Ән: «Қарағым ай» (8тр)	f	Келесі әні басталғанда
Ән: «Құнан нар» (11тр)	f	Келесі әні басталғанда
Ән: «Жайна» (16тр)	f	Келесі әні басталғанда
Ән: «Ахау жаным айдай»(18тр)	f	Келесі әні басталғанда
Ән:«Қаракөз, Гүлнарым» (23тр)	f	Келесі әні басталғанда
Ән:«Қазақ жігіттері» (20тр)	f	Жүргізушілер сөзі
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін
Ән: «Әриайдай» (33тр)	f	Келесі әні басталғанда
Жүргізушілер	f < p	Жүргізушілер сахнаға келіп тұрғаннан кейін

**22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне арналған
«Төрлет, Наурыз!» атты концерттік бағдарламаның өткізу
жоспары**

№	Өткізу шарасы	Өтетін күні/ай/уақыты	Жауаптылар
1	Қатысушыларды жинау	21.03.2023. сағ. 10.00.	Көбегенова Сұлухан Смағұлова Марал
2	Аппаратура	21.03.2023. сағ. 10.00.	Бакотбаев Тұралы
3	Сахна безендіру	21.03.2023. сағ. 10.00.	Сапаров Қуаныш Жеткізгенов Әділбек
4	Музыкалық номерлер	21.03.2023. сағ. 10.00.	Кумиров Арман
5	Жүргізушілер	21.03.2023. сағ. 10.00.	Ұзақбаева Сайлаухан ДосовБолат Әлиева Ақмарал
6	Кештің өтуі	21.03.2023. сағ. 10.00.	Ұзақбаева Сайлаухан Досов Болат Әлиева Ақмарал Бақыт Тілекқайырқызы







М.Өтемісов атындағы БҚУ
Мәдениет және өнер факультеті
6В11102 Мәдени-тыңығу жұмысы БББ
Мектеп және мектептен тыс мекемелерде
мәдени-тыңығу жұмыстарын ұйымдастыру
және педагогикасы

IV курс КДР-41 тобының студенті
Ұзақбаева Сайлауханнның 22 наурыз
Ұлыстың Ұлы күні есаңа жыл
мерекесіне арналған

“Төрлет, Наурыз”

атты бітіру шығармашылық жұмысы



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Мәдениет және өнер» факультеті, 6В11102 «Мәдени- тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасының бітіруші түлегі С.Қ.Ұзақбаеваға

Сын – пікір

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Мәдениет және өнер» факультеті, «Мәдени - тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасының IV курс студенті Сайлаухан Ұзақбаева наурыз айының 21-і күні Ұлыстың Ұлы күніне арналып ұйымдастырылған «Төрлет, Наурыз!» атты театрландырылған мерекелік шараның өтуіне белсенді атсалысты. Шараның сценарийін жазып, өз ойын, идеясын қоса білді. Осы үлкен шараны ұйымдастыруда бастан аяқ дайындықтарға қатысып, өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқара білді. Сонымен қатар өзінің университетте жоғары дәрежеде білім алып жатқанын аз уақыт ішінде көрсетті.

Ауа райының қолайсыз болуына қарамай, дайындық қызу жүрді. Ұйымдастырылған шара көрермен көңілінен шықты десек қателеспейміз. Үлкен шара болғандықтан, әрине қиындықтар да болды. Айта кететін бір жай, дайындық орталық стадионда өтті. Шараға қатысушыларды жинау қиынға соқты.

Осы шараның жақсы дәрежеде өтуіне қарап отырып, болашақта Сайлаухан үздік маман иесі болатынына сенеміз. Ортамен ортақ тіл табысады және өз - өзін сыйлата біледі. Мамандығын жақсы игерген. Сайлауханның ой-қиялы арқылы жасалған бұл шараны көре отырып, одан болашақта майталман ұйымдастырушы шығатынына, ауданымыздың мәдениетін жас маман ретінде көтеретініне сенімдіміз. Сайлауханның бұл шығармашылық жұмысын - 95 балл **«өте жақсы»** деп бағалаймын.

Бейнеу аудандық «Абыл»
мәдениеті үйінің директоры

Ы.Д.Божанов



Газет 1985 жылдың 1 шілдесінен шығады.

Бейнеу ауданының қоғамдық-саяси апталық газеті ♦ 2011 жыл 24 наурыз ♦ №12 (1983)

Жақсы істер жалғаса бергей

Жолдауды қолдау

Мен зейнеткермін. Жастық жалғанды кезіміз кеңес дәуірінде өтті. Ол кезеңнің жақсы жақтары да көлемді тұстары да болғаны жасырын емес. Енді міне, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын тойлағалы отырмыз. Көзді ашып-жұмғанда осындай жылдар өте шығыпты. Әрине, тарих үшін қас-қағым сәт десекте, бұл адам өмірінің бір бөлігі ғой. Осы 20 жылда еліміз өзінің мемлекеттігін қалыптастырып, бағыт-бағдарын айқындап, экономикалық-саяси дамудың сара жолына түсті. Өтпелі кезеңнің өткелінен, дағдарыстың тар жолынан сүрінбей өтіп, халықты ауыр зардаптарға соқтырмай, күйзеліске түсірмей, берік-бірлігімізді сақтап, көрші елдердің көбінің қолы жетпеген жетістіктерге Қазақстанның жетіп отырғаны баршаға да аян.

Еліміздің даму қарқыны жыл өткен сайын еселене түсуде. Оны алыстан емес ауданымыздың жетістіктерінен, тұрғындар тұрмысынан байқау қиын емес. Ауданымызда бір-ақ жылдың ішінде «Астық термашалы», Күйкен орта мектебі, перзентхана, бірнеше балабақша, туберкулез ауруханасы, мал сою пункті, сүт зауыты т.б. осындай ірі-ірі жобалар мен мәдени-әлеуметтік нысандардың пайдалануға берілуі тағы да «Бейнеу-Ақтау» тас жолы жұмыстарының қызу жүргізіліп жатқандығы тілге тиек бола алады. Тіпті айтса берсек жақсы істердің жалғасы көп.

Бұның бәрлығы бейбіт өмірдің, ұйымшылдықтың, көреген басшылықтың жемісі екені даусыз. Елбасымыз биылғы жылғы халыққа Жолдауында да негізінен жеті басымдыққа тоқталған. Осының қайқайсымыда тұрғындар тұрмысын оның несиелігімен, азамат болып қалыптасу жолында сапалы білім алып, жалпы халқымыздың саламатты өмірін көздейді.

Осы Жолдаудан туындайтын міндеттер сараланып, айқындалып да. Ауданымызда бұл бағытта жұмыстар басталып та кетті. Енді дәстүрлі бірлігімізді сақтап, ауданымыздың гүлденуіне бір кісідей үлес қоссақ, жарқын болашаққа деген жасампаздық іс болары сөзсіз. Жақсы істер жалғаса бергей.

Қ.Есмағанбетов,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Тазалық жұмыстары басталып кетті

Аудан әкімінің осы жылдың 15 наурызынан бастап 15 мамырына дейінгі аралықта аудандағы елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру өткізу туралы өкіміне сәйкес санитарлық тазарту, абаттандыру жұмыстары басталып та кетті. Өткен сенбіде сенбілікке шыққан ауылдастарымыз тазалық жұмыстарымен айналысып, тұрмыстық қалдықтар мен қатты қалдықтарды шығарып, арнайы орындарға төкті. Өсіп тұрған ағаш көшеттерінің түбі көпестіріліп, көшет отырғызу жұмыстарына дайындық та қолға алынды.

Бұл жұмыстар алдағы сенбілерде де жалғасын тауып, ауыл-аймақтар тазартылып, абаттандырыла беретін болады.

Тазалық - денсаулық көпірі. Сондықтан да көктем айларын тиімді пайдаланып, әркім өз ауласынан бастап көшелерін тазалап, көшеттер егіп, село тазалығы мен оның көгалдануына үлес қосса - бұл азаматтық іс болары анық. Тазалық аялығына ұйымшылдықпен кірісіп, өз аулымыздың көркеюіне үлес қосып, саламаттылығымызды сақтайық.

Барлық аудан тұрғындарын тазалық аялығында сенбіліктерге қатысуға шақырамыз.

«Төрлет, Наурыз» думанды мерекесінде

Биылғы жылғы Ұлстың Ұлы күні Наурыз мерекесін бейнеуліктер де ерекше «ік» жігермен, көтеріңкі көңіл-күйде қарсы алып, мерекелеп өткізді. Аудан аялығындағы Өлі Балта палуан атындағы Стадионға мекемелер мен кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлік ұйымдар 23 көіз үй тігіп, қонақтарды құтуте дайындалып, қазан-ошақасты.

Аудан тұрғындары Ұлстың Ұлы күні 21-наурыз күні жалғастырып, тойлады. Осы күні аспан шайдай ашық, көктем күні изрын төгіп, жадырып-ақ тұрды. Сәт сайын құбылып тұратын табиғаттың тылсым құбылысының осы күні бейнеуліктерге әлгіндей жадырын шұғыл төгіп тұрғанын жұртшылық жақсылақтын жалғасына балап, мейірлене түсті. Мерекелік шаралар ұйымдастырылып жатқан осы орынға жан-жақтан ағылып келіп жатқан халықтың санында есеп болған жоқ. Күн арқа бойы көтерілген мезгілге таянған шақта орталық Стадион халыққа лық толды. Аумағы ат-шаптырымдай алаңның әр жерінен мерекелік бағдарламаға сәйкес қызық та тартымды, мәдени-көпшілік және спорттық шаралар басталып жатты.

Әз Наурыз мерекесіне орай әспеттеліп, әсем бесендірілген сахна төрінен өнерпаздар ұлық мереке мен Тәуелсіз Қазақстанды, жарқын болашақты ән-жырға арқау етіп, Тәуелсіздік жылдары ішінде мемлекетіміздің қол жеткізген табыстарын тілге тиек етіп, ән-жырларын шашу шашты. Күнделікті тынымсыз тіршіліктің қарбаласынан бір сәт қолдары босап, көңген асыға күткен Наурыз мерекесін тойлауға келген халықтың бірқатары «Өнерлік» - өріс кез» атты сурет және колорет көрмесін көріп қалыптаса, бірқатары ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар өтіп жатқан орынға қарай бет алып, тамашалап жүрді. Жыл басы Әз Наурыз мейрамын тойлауға келген көпшілікті сахна төрінен аудан әкімі Б.Әзірханов құттықтап, ақ тілегін арнады. Халқымыздың бірлігі мен татулығының нәтижесінде жетікел жетістіктердің өткен жылда да аз болмағанын атап айтып, Тәуелсіз еліміздің өмірінде аса маңызды саяси оқиғалармен басталып отырған биылғы жылдан да ел-жұрттың күтері көп екендігін, сондықтан болашақта да осы қалыппен ырыс-несібе, береке мен табысымыздың мол болуына тілектестігін білдірді. Содан соң соғыс және еңбек ардагері, Қосай атының ұрпағы Дүйсенғали Көшерон жиналған жұртқа ақ бетісін берді.

Наурыз мерекесіне арналып қаз-қатар тігілген ашапқан үйлер жанында асылып жатқан қазан-ошақтарда Наурызкөже пісіп, самсауырындарда шай қайнап, үйде ақ дастархан жайылып, тойға келген қонақтар жайғасып жатты. Оларды ел азаматтары құшпақ жая қарсы алып, ақ жарқын жүзбел төс түйістіріп көрісіп, қонақжайлық танытты. Өздеріне жарғасымды ұлттық киім киіп қыз-кейіншектер шай құйып, қызмет жасады. Риза болған



(Жалғасы 2-бетте)

қонақтар ақ пейілмен, шынықыласымен ақ батасын берді.

Осылайша бір үйде алыстан келген қонақтар Наурызкөжелең дәм татып, сый-құрмет көрсе, келесі бір үйде абыз ақсақалдар мен соғыс ардагерлері, ақжұлықты әжелер мейірі қанғаша ішкен күрең шайдың хош иісіне елтіп, әңгіме-дүкен құрып, ауыл азаматтарының сый-құрметіне алғыстарын жаздырды.

Наурыз мерекесінің мәдени-көпшілік және спорттық, ұлттық ойындарын жиналған жұртшылық бірінен соң біріне барып, қызықтап жүрген сәттерде сахна төрінен ән-жыр, күмбірлеген күй, мыл бұралған би сөйілген жоқ. Әншілер шабыттанып шыраған ән әуені тойшы қауымды ерекше бір әсерге бөлеп, атыранты тербеп тұрды. Сондай-ақ осы мерекеге жерлесіміз, республикаға танымал өнер жұлдызы Ақылбек Жеменей дәстүрлі саз-сарымысмен әндерін тарту етті.

Негізінен биылғы жылғы Наурыз мерекесіне жерлестеріміз ерекше бір дайындықпен келген. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай осы Тәуелсіздікке жеткенге дейінгі қазақ жұртының басынан өткізген арғы-бергі тарихына тағалым аларлықтай көріністермен мәнді де мағыналы жаңа сипаттағы жанарған Наурыз секілді ұлттық салт-дәстүріміз бен әдеп-ғұрымымызды жаңа бір қырынан таныту мақсат болды. Осы бағытта мерекелік мәдени-көпшілік шаралардың барлығы да ұйымдастырылып өтті. Осы күнгі мерекелік шаралардың елді елең еткізіп, жұртқа ой салып,



Тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін ұғымдыра түскен тұсы - әрбір мектеп ұжымдарының ұйымдастырған театрландырылған көріністері: «Елім-ай» әнін салған - ақтабан шұбырынды кезеңінің, өткен ғасырдың 30 жылдарындағы қутын-сүргін зұлмат жылдары жапа шеккен Алаш арыстарының өмірінен, содан соң, қазақ жастарының бостандықтан бостандыққа ұмтылған «Желтоқсан» оқиғасының тарихи тағалымдары-көпшілікті бей-жай қалдырмай, бүгінгі Тәуелсіздігіміздің мәні-мағынасын бұрынғыдан да тереңірек сезіндіргендей әсер қалдырды. Осы көріністердің ізін іле-пала көктем мезгіліндегі Ән-Наурызды күнбе күн көтерілген күн шұғыласымен гүлдей жайнап, масағыдай құлпырып, жарқылдап шыға келген жастарымыздың легі бейне бір Тәуелсіздіктің ташын атып, көктеммен бірге жұпар лебінің жеткенін аңғартқандай - ән салып, би билеп, әлгіңдегі қазақ тарихының ақтандықтарының әсерінен арыла алмай тұрған көрермен жұртты серпітіп, қуанышты сезімге бөлеп жіберді.

Осы жылғы Наурыз мерекесінің көпшілік көңілінен шығып, талап деңгейінен көрінуіне өзіміздің шығармашылық шеберлігіміз, орындаушылық қабілетіміз, өнерпаздық қырымыз көпшілік көзіне түсіп, көпестікке бөленгендер аз болған жоқ. Солардың қатарында балауса тілдерінен бал тамған будірішпіндер де, жалынды ағаш жас та, елге белгілі өнер жұлдыздары да бар. Сахна төріне көз тіккен көрерменге Тәуелсіздіктің нәтижесінде қолымыз жеткен бүтінгі мамыражай өмірді, халықтың игілігі үшін жүзеге асқан әрбір жарқыраған жақсылық пен оң өзгерістерді - жүрекжарды қуанышпен, шалқар шабытпен, көсемсөзді көркемдеп жеткізіп, көңілге жылу ұлатқандардың қатарында Құлшар атындағы Өнер мектебі, «Бейнесу мәдениеті», мектептердің өнерпаздар ұжымдары қайқайсысы да мәнді де сәнді іс-шараларға үлесін қосты. Кейбір өнер саласының талынған таланттары алғашқы қадамдарын сәтті бастап, көпшіліктің назарына түсті. Солардың бірі осы мерекелік мәдени-шараларды сахна төрінен жүргізуге үлесін қосқан-батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті Мәдениет және Өнер институтының 4-курс студенті, Сығымралу мектебінің түлегі Сайлаухан Ұзақбаева болашақта өнер саласының білікті маманы болатындығын байқатып, белсенділік танытты.

Осы мерекелік шаралардың белортасында жұртшылықпен жүздесіп, облыстық ақпарат құралдарының өкілдері де көрген-білгендерінен хабар дайындап жүрді.

Өз тілшіміз

АҚЖІГІТ АУЫЛЫНДАҒЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері ауылымызда Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын тойлау жыл сайын жалғасып келеді. Биыл да Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында Ақжігіт селосында жыл басы - Наурыз мерекесі ерекше серпілген тойланып, ауыл тұрғындары бір жадырап қалды. Ауыл тұрғындары мерекеге арналып тігілген киіз үйлерден наурыздық көжелең дәм татып, ақсақалдар жылға жақсылық тілеп, бата жасады. Мерекелік концерт пен ұлттық дәстүрімізді насихаттайтын қойылымдар мен ұлттық - спорттық ойындарды тамашалаған ауыл тұрғындары «Биылғы қоян жылы шөбіміз шүйіп, ақ мол болсын, елімізде тыныштық болсын!» - деп тілек тілеп жатты.

Осы мерекеңі өткізуге демеушілік көмек жасаған мекеме ұжымдары мен ауылымыздың азаматы Еркін Себенбаеваға үлкен алғысымызды білдіреміз.

Ұйымдастыру алқасы

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Мәдениет және өнер факультеті, 6В11102 Мәдени-демалыс жұмысы
білім беру бағдарламасының бітіруші түлегі С.Қ.Ұзақбаеваның 22
наурыз Ұлыстың Ұлы күніне арнап өткізген «Төрлет, Наурыз!» атты
мерекелік шараға арналған авторлық талдауы**

Мен, Ұзақбаева Сайлаухан, наурыз айының 21 і күні Бейнеу аудандық мәдениет үйінде клуб қызметкерлерінің қолдауымен «Төрлет, Наурыз!» атты Ұлыстың Ұлы күні Жаңа жыл мерекесіне арналған концерттік шара өткіздім. Бұл концерттік шарада мен шараның сценарийін жазуға көмектестім және басынан аяқ дайындықтарға қатысып, шарада жүргізуші болдым.

Ауа райының қолайсыз болуына қарамай, дайындық қызу жүрді. Үлкен шара болғандықтан, әрине қиындықтар да болды. Айта кететін бір жай, дайындық орталық стадионда өтті. Шараға қатысушыларды жинау қиынға соқты. Шараның өтуіне бүкіл Бейнеу халқы белсене атсалысты деп айтсақ та артық болмас. Жас өнерпаздарымыз өз өнерлерін ортаға салып, сахнаның сәнін келтіріп жатса, алаңның ортасында әр түрлі ұлттық ойындар ойнатылып, көрме ұйымдастырылды. Сонымен қатар жерлесіміз, елімізге танымал әнші Ақылбек Жеменей өз ән шашуын жолдап, халықтың көңілін бір көтеріп кетті.

Әли Балта палуан атындағы орталық стадионында өткен бұл мерекеде халық лық толы болды. Стадионға мекемелер мен кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлік ұйымдар 23 киіз үй тігіп, қонақтарды күтуге дайындалып, қазан ошақ асты. Әр киіз үйде наурыз көже пісіріліп, ұлттық дәмдерін жұртшылық қауымға тарту етті.

Бұл мереке жоғары дәрежеде өтті деп есептеймін. Мен бұл үлкен шараның өтуіне бар ынтаммен атсалыстым. Басшылардың көңілінен шыға білдім деп ойлаймын. Маған өз мамандығым бойынша жұмыс жасаған ұнайды.

**«Өнер – қанат, білім –санат» атты XIX қалалық
«Жас дарын» байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 10 – 11 сынып оқушылары және өнер колледждерінің бітіруші түлектері арасында жоғары оқу орнында білімін жалғастыру үшін, үздік шығармашылық жұмыстарымен, би және музыкалық орындаушылықпен көзге түскен дарынды жастарды университетке тарту, жоғары кәсіби білім беру.

Байқау ұйымдастырушылары:

Байқауды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің мәдениет және өнер факультеті ұйымдастырады.

«Жас дарын» байқауын өткізу жұмыстарына арнайы бекітілген ұйымдастыру алқасы басшылық етеді. Ұйымдастыру алқасы «Жас дарын» байқауының салтанатты ашылу және жабылу рәсімдерін техникамен қамтамасыз ету, номинациялар бойынша өту орындарымен, залдармен қамту, байқаудың ашылу және жабылу рәсіміне шығармашылық ұжымдарды жұмылдыру, қазылар алқасы құрамын жасақтау және жеңімпаздарды марапаттау жұмыстарын жүзеге асырады.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Жас дарын» байқауы - бүгінгі заман талабына сәйкес жас шеберлер арасындағы өнердің алуан түрін (бейнелеу, сәндік, қолданбалы, орындаушылық, сөздік, ұйымдастырушылық, актерлік т.б.) біріктіретін кешенді байқау;

Байқау жас таланттарды қолдау, өскелең ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуына рухани, эстетикалық тәрбие беру, мәдени аралық диалог пен ұлттық мәдениеттердің дамуына ықпал етуді көздейді;

Осы Ереже байқаудың мақсатын, міндетін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, өткізу мерзімдері мен шарттарын айқындайды.

Байқау жеңімпаздарын ұйымдастырушы тараптан факультет оқытушылары арасынан арнайы құрылған комиссия мүшелері анықтайды;

Байқауға қатысушылар жөніндегі ақпарат пен өтініштер 2024 жылдың қараша айының 17-не дейін қабылданады. Белгіленген уақыттан кешіктірілген жағдайда қатысушы байқауға жіберілмейтіндігі қатаң ескертіледі;

Қатысушылардың жол қаражаты, орналасу мекен-жайымен тамақтануы жіберуші мекеменің тарапынан қаржыландырылуы тиіс.

ӨТЕТІН ОРНЫ, УАҚЫТЫ:

Байқау 2 күнге жоспарланған 2024жылдың 28-29 қараша күндері өтеді;

2 күнге дайындалған бағдарлама қосымша жіберілетін болады. Өтетін орны: М.Өтемісов атындағы БҚУ акт залы (Орал қаласы Н.Назарбаев даңғылы 162)

БАЙҚАУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ

«Жас дарын» байқауының қалалық кезеңін өткізу ұсынылып отырған (№1 қосымша) техникалық және бағдарламалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Техникалық және бағдарламалық талаптар орындалмаған жағдайда қатысушылар байқауға жіберілмейді.

«Жас дарын» байқауына қатысушылар 2024 жылдың 17 қарашасына дейін талапқа сәйкес тапсырыс жіберуілері қажет. Тапсырыс жолдау - байқау Ережесінің барлық талаптары мен келісу болып табылады.

Қатысушылардың өнер көрсету реті тегінің алфавиттік реті арқылы анықталады.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Байқауға 10-11сынып оқушылары қатыса алады. Байқау кезінде қатысушылардың жас және сынып ерекшелігі Ережеде көрсетілген критерийге сәйкес болуы шарт. Сәйкес келмейтін үміткерлер қатыстырылмайды.

Байқау барысында әр қатысушының және бірге келген жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттары болуы міндетті.

БАЙҚАУ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

Аспапта ойнау шеберлігі		
1.	Фортепиано (жеке орындау)	10-11сынып
2.	Скрипка (жеке орындау)	10-11сынып
3.	Баян/аккордеон (жеке орындау)	10-11сынып
Ұлттық аспапта ойнау шеберлігі		
4.	Халық аспаптары, Домбыра (жеке орындау)	10-11сынып
5.	Халық аспаптары, Қобыз (жеке орындау)	10-11сынып
Орындаушылық шеберлік		
6.	Академиялық орындау (жеке орындау)	10-11сынып
7.	Халық әні (жеке орындау)	10-11сынып
8.	Эстрадалық ән (жеке орындау)	10-11сынып
Хореографиялық композиция		
9.	Халық биі (жеке, топтық орындау)	10-11сынып
10.	Заманауи биі (жеке орындау)	10-11сынып
Сурет өнері		
11.	Бейнелеу өнері (жеке орындау)	10-11сынып
Киім дизайны		
12.	Киім тігу дизайны (жеке)	10-11сынып
Сәндік өнер		

13.	Сәндік өнері (жеке)	10-11сынып
Мәдени-тынығу жұмысы		
14.	Мәдени-тынығу жұмысы (жеке)	10-11сынып
Режиссура		
15.	Театрлық өнер (жеке)	10-11сынып

Байқау номинациялары бойынша бағдарламалық талаптар 3 қосымшада көрсетілген.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ, МАРАПАТТАУ

Байқаудың жеңімпаздарын Қазылар алқасының құрамы анықтайды. Қазыларға төраға жетекшілік етеді. Қазылар алқасының шешімі нақты және қайта қаралмайды.

Қазылар әр номинация бойынша лауреаттарды анықтайды. Жеңімпаздар жүлделі 1, 2, 3 орындарды иеленеді, арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталады және өнермамандықтары бойынша оқуға түсуге ниетті талапкерлерге арналып өткізілетін 2 шығармашылық емтиханға арнайы жолдама беріледі. (Жолдамаға ие болған жеңімпаздар, мектеп бітірген соң, М.Өтемісов атындағы БҚУ - не, өнер көрсеткен аталымы бойынша тапсырған жағдайда, сол мамандықтан болатын шығармашылық емтиханнан жоғары балл алатын болады).

ӨТІНІШ БЕРУ ШАРТТАРЫ

Байқауға қатысу туралы өтініштер үлгіге (№2-қосымша) сәйкес 2024 жылдың қараша айының 17 жұлдызына дейін Орал қаласы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің, мәдениет және өнер факультетінің (Достық даңғылы, 137) 207-ші кабинетінде қабылданады. Сонымен қатар, өтініштерді Zhas_daryn-2024@mail.ru электронды поштасына (жіберуші тараптың қолы, мөрі (печать) қойылған өтініш хаттың сканерленген нұсқасын) жіберуге болады.

Қосымша ақпарат алу үшін:

Куанышалиева Раушан Жардемовна 8-775-688-70-58

Абуова Роза Сүйеуғалиқызы 8-701-612-4967, 8-705-328-2124

Жумағалиева Гүлжазира Ермековна 8-775-300-9605, 8-747-127-9545

**«Өнер-қанат, білім -санат» атты ХІХ қалалық «Жас дарын»
байқауына**

ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

1.	Тегі, аты-жөні (құжат бойынша толық)	
2.	Туған күні, айы, жылы	
3.	Байланыс телефоны, e-mail	
4.	Мектебі	
5.	Номинация атауы	
6.	Қатысушылар саны	
7.	Қатысушылардың тегі, аты-жөні (құжат бойынша) және туу туралы куәліктерімен жеке куәліктерінің көшірмелері (қосымша тіркеледі)	
8.	Шығарма атаулары (бірінші және екінші кезеңдерге)	
9.	Келген жері	
10.	Жетекшісі туралы мәлімет	
11.	Номинацияға қатысты қосымша мәлімет	

Жауапты тұлғаның аты-жөні, қолы, мекеменің мөрі, өтініш берген күні

**«Өнер-қанат, білім -санат» атты XIX «Жас дарын» қалалық
байқауының
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ**

Аталым	Жас ерекшеліктер (жас, қоса алғанда)	Бағдарламалық талаптар	Бағалау критерийлері	Ескерту
Фортепиано -жеке орындау	16-17 жас	<u>I кезең</u> Қатысушылар жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша Бірінші шығармасына пьеса орындау. Қазақстан Композиторларының шығармасы. Жалпы ұзақтығы –4 минутқа дейін <u>II кезең</u> Екінші орындауында еркін бағыттағы шығарма әзірлейді Жалпы ұзақтығы –4 минутқа дейін	Орындау шеберлігінің деңгейімен шығармашылық әлеуеті	
Скрипка Жеке орындау өз концертмейстері мен орындау	16-17 жас	<u>I кезең</u> Қатысушылар жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша бірінші шығармасына пьеса орындау. Қазақстан Композиторларының шығармасы. Жалпы ұзақтығы –4 минутқа дейін <u>II кезең</u> Екінші орындауында еркін бағыттағы шығарма әзірлейді. Жалпы ұзақтығы –4	Орындау шеберлігінің деңгейімен шығармашылық әлеуеті	

		минутқа дейін		
Баян/аккордеон жеке орындау концертмейстерсіз	16-17 жас	<u>І кезең</u> Қазақстан композиторының шығармасы. Бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы- 4 минутқа дейін	Орындау шеберлігінің деңгейімен шығармашылық әлеуеті	
		<u>ІІ кезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша шығармасы бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы -4 минутқа дейін І кезеңнің бағдарламасындағы шығарманы қайта орындауға рұқсат етілмейді		
Халық аспаптары Домбыра -жеке орындау - концертмейстерсіз	16-17 жас	<u>І кезең</u> Қатысушылардың жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша Қазақстан композиторларының шығармасы. Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін <u>ІІ кезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша шығармасы (Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Махамбет, Байжігіт, Тәттімбет репертуарларынан). Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін	Орындаудың көркемдік деңгейі, техникалық шеберлігі мен стилистикалық ерекшеліктерінің сақталуы	

Халық аспаптары: Қобыз жеке орындау өз концертмейстерімен	16-17 жас	<u>I кезең</u> Қазақ композиторларының пьесасы. Қазақтың ұлттық әнінің немесе күйінің өңделген үлгісі. Бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы - 4 минутқа дейін <u>II кезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша пьеса. Бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы- 4 минутқа дейін	Орындаудың көркемдік деңгейі, техникалық шеберлігі мен стилистикалық ерекшеліктерінің сақталуы	
---	-----------	--	--	--

Академиялық ән айту жеке орындау өз концертмейстерімен орындау	16-17 жас	<u>I кезең</u> Қазақстан композиторларының операсынан ария немесе қазақтың халық әні. Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін. <u>II кезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша пьеса. Бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы- 4 минутқа дейін	Орындаудың көркемдік деңгейі, техникалық шеберлігі мен стилистикалық ерекшеліктерінің сақталуы	Фонограмманы рұқсат етілмей,
Халық әнін орындау жеке орындау өз аккомпанементі	16-17 жас	<u>кезең</u> Халық немесе халық композиторының әні. Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін <u>кезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша. Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін	Әннің бейнелік құрылымын түсініп, оны аша білу мен сипатталатын көркемді орындау деңгейі; техникалық вокалдық амал-тәсілдерді меңгеру деңгейі; сахнада өзін-өзі ұстауы мен орындау мәдениеті; костюм; репертуардың сәйкестігі.	
Эстрадалық ән айту жеке орындау фонограмма – 1 минусовкасы флешкамен тапсырылады.	16-17 жас	<u>I кезең</u> Қазақстан композиторларының әні. (Қазақстан, Астана, Отан, туған жер, ел). Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін <u>II кезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша. Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін	Көркем орындау деңгейі, вокалдық шеберлігі, сахналық бейнесімен стилистикалық ерекшеліктерге ие болуы	

Халық биі құрамы 2 адамға дейінгі ұжымдар - концертмейстерсіз фонограмма, MD тасымалдаушы, флеш- жинақтағыш	16-17 жас	<u>Ікезең</u> Қазақтың ұлттық хореографиясына негізделген би. Сюжетке негізделген би (таңдау бойынша) Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін <u>Ікезең</u> 1. Кез келген ұлттың биі (таңдау бойынша, І кезеңде ұсынылмаған). Жалпы ұзақтығы - 4 минутқа дейін	Орындау деңгейі, балетмейстерлік шешімнің бір тумалығы, әртістік шеберлік, орындау техникасы	
Заманауи биі құрамы 2 адамға дейінгі ұжымдар концертмейстер сіз фонограмма, MD тасымалдаушылар флеш- жинақтағыш	16-17 жас	<u>кезең</u> Хореографиялық өнердің модерн, contemporary және заманауи бағыттарына негізделген екі би. Бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін. <u>кезең</u> 1. Кез келген ұлттың биі (таңдау бойынша) Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін <i>Ескерту:</i> Хип-хоп, break dance, рипр жанрындағы және басқа да клуб билері аяқталған хореографиялық материал түрінде болуы және көркемдік материал талаптарына сәйкескелуі қажет .Талапқа сәйкес келмейтін шығармалар қарастырылмайды және қазылар алқасының шешімі бойынша талқыланды Бағдарламаны орындаудың жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін	Орындау деңгейі, балетмейстерлік шешімнің бір тумалығы, әуенділік, әртістік шеберлік, орындау техникасы, хореография - лық шығарманың түпкі ойы, сыртқы келбет, сахналық бейненің шығармадағы образға сәйкескелуі	Заманау биі - құрам 2 адамға дейінгі ұжымда - концерт стерсіз - фоногра а, MD тасымал ушылар флеш- жинақта ғыш

Бейнелеу өнері - жеке	16-17 жас	<u>Ікезең</u> Жұмыс жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша болуы тиіс. (Осы күнгі Қазақстанның, қала және ауыл пейзажын бейнелеу керек) Үй тапсырмасы:1. «Автопортрет» (30х40 см форматта); 2. Үштен кем емес зат бейнеленген «Натюрморт» (40х60 см форматтағы). <u>Ішкезең</u> Еркін тақырып. «Композиция» (60х80 см-ден артық емес форматтағы). Қатысушылар байқау кезінде айтылған тақырыпта композиция жасайды. Үміткерлер 2 жарыс күнінде өздері таңдаған графикалық және кескіндемелік (живопись) шығармаларын өз материалдарын қолдану арқылы орындайды (1 жарыс күні – бастрономиялық сағат). Жеңімпаз екі кезеңнің нәтижесі бойынша анықталады.	Берілген тақырыпқа сәйкестілігі, ой мен көркемдік орындаудың біртуарлығы.	арөзшын материалдарын қолдана
Киім тігу дизайны жеке	16-17 жас	<u>кезең</u> Қатысушылар музыкалық және сөздік сүйемелдеумен сән көрсетілімі түрінде қазақтың ұлттық элементтері бар жастарға арналған киім үлгісінің конкурстық коллекциясын ұсынады. Көрсетілімнің жалпы	Берілген тақырыпқа сәйкестілігі; оймен көркемдік орындаудың біртуарлығы; дизайн мен жаңашылдық; коллекцияның	Үміткер ериалда ы өз қаражат а сатып алады. Аксессуардың болуы құптала,

		ұзақтығы –4 минутқа дейін. <u>кезең</u> Қатысушылар музыкалық және сөздік сүйемелдеумен сән көрсетілімі түрінде еркін тақырыпта жастарға арналған киім үлгісінің конкурстық коллекциясын ұсынады. Көрсетілімнің жалпы ұзақтығы –4 минутқа дейін. Жеңімпаз екі кезеңнің нәтижесі бойынша анықталады.	үтіндігі; қосымша элементтер (аксесуарлар);б ұйымның күрделілігі мен сапасы; музыкамен немесе сөзбен сүйемелденуі (сөйлеу мәдениеті)	Сән көрсету ер қатысу ардың ө тарапын
Сәнді көнері -жеке	16-17 жас	<u>Ікезең</u> Жұмыс жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша болуы тиіс. <u>Үй тапсырмасы:</u> - қатысушылар дайын авторлық жұмыстарын – белгілі бір халықтың көркемдік кәсіпшілігінің немесе қолөнерінің бұйымын көрмеге ұсынады. Әрбір жұмысқа 10х10 см өлшемдегі жұмыстың атауы, автордың тегі, аты-жөні, аймақ, дайындау техникасы, өлшемдері орыс немесе қазақ тілдерінде жазылған жапсырма болуы шарт. Көрсетілімнің жалпы ұзақтығы –4 минутқа дейін. <u>Ікезең</u> Қатысушының таңдауы бойынша қатысушылар өз материалдарымен құралдарының көмегімен өздері таңдаған кәсіпшілік немесе қол өнер туындыларын жасаудағы	Шығармашылы қойдың біртуарлығымен көркемдік бейнелік; ұсынылған жұмыстардың бұйымдардың дәстүрлі дайындалу тәсілдеріне сәйкес келуі, жаңашылдығы.	

		негізгі тәсілдерді көрсетеді. Мүмкіндік болмаған жағдайда жасалынатын жұмысты көрсету үшін қатысушы көрмеге шығарылған бұйымдарын жасау кезіндегі ең маңызды кезеңдері түсірілген видео түсірілімді (DVD-дискте, Flash-жинақтауышта) қазылар алқасына ұсынады. Жеңімпаз екі кезеңнің нәтижесі бойынша анықталады. Конкурса қатысуға өтініш білдірген кезде көрмеге қойылатын жұмыстардың тізімі мен олардың өлшемі көрсетілуі тиіс. Көрсетілімнің жалпы ұзақтығы – 4минутқа дейін.	
--	--	---	--

Мәдени –тынығу жұмысы (жеке)	16-17 жас	<u>I кезең</u> «Өнер - қанат, білім - санат» тақырыбына арналған өлеңдер оқылады. Бұл турда қатысушының мәнерлеп оқуы, дикциясы, дауысы ескеріледі. Жалпы ұзақтығы –4 минутқа дейін. <u>II кезең</u> Қатысушылар «Өнер - қанат, білім - санат» тақырыбында 10 сөйлемнен эссе жазады. Жалпы ұзақтығы –10 минутқа дейін.	Берілген тақырыпқа сәйкестілігі; ой мен көркемдік орындаудың біртуарлығы; жұмыстың дайындалу тәсілдеріне сәйкес келуі, жаңашылдығы	
Театрлық өнер(жеке)	16-17 жас	<u>I кезең</u> Қатысушылар «Өнер - қанат, білім - санат» тақырыбында 10 сөйлемнен эссе жазады. Жалпы ұзақтығы –10 минутқа дейін.		

		II кезең Жоғарыда көрсетілген тақырып бойынша өлең немесе көркемсөз шығармасынан үзінді оқылады. Бұл турда қатысушының мәнерлеп оқуы, дикциясы, дауысы, өзін-өзі ұстауы, актерлық шеберлігі ескеріледі. Жалпы ұзақтығы – 4 минутқа дейін.		
--	--	---	--	--

Ұйымдастырушылар Байқаудың бағдарламалық талаптарына өзгерістер енгізуге құқылы.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультетінің
«Өнер – қанат, білім –санат» атты XIX қалалық
«Жас дарын» жас таланттар байқауының
СЦЕНАРИИ**

Өтетін уақыты: 28.11.2024 ж., сағ. 10.00

Өтетін жері: БҚМУ, акт.залы.

1 жүргізуші - Аубекер Дария

2 жүргізуші - Сейтқали Аңсар

Сахнадағы лэд экранда «Жас дарын» байқауы жазылып тұр. «Жас дарын» байқауының салтанатты ашылуы басталмас бұрын мәдениет және өнер факультеті туралы бейне – ролик жүргізіліп тұрады. Бейне ролик аяқталғаннан кейін хабарлаусыз Максим Михайлович Поповтың орындауында номер кетеді.

2- жүргізуші:

«Парафраз на темы мировой классической музыки» исполнил член Союза композиторов Казахстана, доцент Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова Максим Михайлович Попов.

(Сахна сыртында оқылады).

Фанфар ойналып ортаға жүргізушілер шығады.

1- жүргізуші:

Армысыздар, білім мен білекті қатар шыңдайтын, ұлттық құндылықты ұлықтайтын, мәдениет пен өнерді ұмытпайтын Жайық өңірінің жалынды жастары және кешіміздің құрметті қонақтары!

2- жүргізуші:

Добрый день, дорогие гости и участники городского творческого конкурса «Жас Дарын – 2024»! Мы рады приветствовать Вас в стенах старейшего вуза Республики Казахстан, Западно – Казахстанского университета им. М.Утемисова!

1- жүргізуші:

«Өнер – қанат, білім –санат» атты XIX қалалық «Жас дарын» жас таланттар байқауына

Бірге: қош келдіңіздер!

2- жүргізуші:

За всю историю своей деятельности Западно- Казахстанский университет прошел путь от педагогического института до классического многопрофильного университета, и стал одним из ведущих региональных вузов Приуралья. Созданы все условия для подготовки высококвалифицированных кадров, востребованных на рынке труда, обладающих креативным мышлением, универсальными компетенциями и навыками.

1- жүргізуші:

Университетіміздің Мәдениет және өнер факультетінде студенттердің шығармашылық қабілетін шыңдауға арналған «Арна» би ансамблі, «Mahambent», «Әгугай», «Музstar», «Дала арландары» вокалдық топтары, «Рух» этнофольклорлық ансамблі, қобызшылар ансамблі, «Мұрагер» студенттік театры, «Айгерім» қуыршақ театры, «Ekskuziv Fashion» мода театрлары жұмыс атқарады.

2- жүргізуші:

Ежегодно студенты и профессорско- преподавательский состав факультета активно участвуют во многих областных, Республиканских, Международных конкурсах, фестивалях и занимают призовые места.

1- жүргізуші: Сахнаға Маркетинг және кәсіби бағдар орталығының жетекшісі Аманбаев Асқар Сайынұлын шақырамыз.

1- жүргізуші:

Мөлдір Айтбай, Ұшқын Жамалбек «Бір ел болса». Орындайтын мәдени- тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының 1 курс студенттерінен құралған «Жігіттер» триосы.

(Сахна сыртында оқылады).

(Жүргізушілер сахнаға шығады).

1- жүргізуші:

«Жас дарын» қалалық байқауы Мәдениет және өнер факультетінде 2005 жылдан бастап ұйымдастырылып, жыл сайын өтетін дәстүрлі шаралардың біріне айналды.

2- жүргізуші:

Традиционный конкурс «Жас дарын» пополняет свои ряды новыми талантами, презентует новые имена и раскрывает им двери к подлинному искусству. Это прежде всего открытие своих возможностей, новых вех духовного роста.

1- жүргізуші:

Бұл өнер байқауы мектеп түлектерінің болашақ маман болып қалыптасуларына үлкен септігін тигізіп, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мәдениет және өнер факультетінің студенті атануына мүмкіндік туғызады.

2- жүргізуші:

Целью конкурса «Жас дарын» является привлечение в университет талантливой молодежи, отличившейся лучшими творческими работами, танцевальным и музыкальным исполнением, для продолжения образования в вузе среди учащихся 10 - 11 классов, выпускников колледжей искусств в Западно-Казахстанском университете им. М.Утемисова.

1- жүргізуші:

«Жас дарын» байқауы келесі номинациялар бойынша өткізгелі отыр:

- Аспапта ойнау шеберлігі;
- Ұлттық аспапта ойнау шеберлігі;
- Орындаушылық шеберлік

2- жүргізуші:

- Хореографиялық композиция;
- Режиссура;
- Мәдени - тынығу жұмысы

1- жүргізуші:

- Киім дизайны;
- Сәндік өнер;
- Сурет өнері

1 жүргізуші:

Байқауға келген жас сайыскерлеріміздің өнерін бағалайтын университет оқытушылар құрамынан құрылған әділқазылар алқасының төрағаларын сахна төріне шақырамыз! Ендеше «Жас дарын» **XIX** қалалық жас таланттар байқауының әділ қазылар алқасының төрағаларымен таныс болыңыздар:

Фанфара. (Сахнаға байқау төрағалары бірінен соң бірі шыға береді.)

1 жүргізуші:

1. «Хореографиялық композиция» номинациясы:

Кенжетаева Алия Илеугалиқызы – төраға, Хореография білім беру бағдарламасының магистр,аға оқытушысы

2- жүргізуші:

2. «Мәдени – тынығу жұмысы» номинациясы:

Абуова Роза Сүйеуғалиқызы – Мәдени – тынығу жұмысы ббб магистр, аға оқытушысы

1- жүргізуші:

3.«Орындаушылық шеберлік» номинациясы:

«Академиялық орындау» жанры бойынша:

Рахимова Жұмағаным Әбдіхалыққызы – төраға, «Орындаушылық өнер мамандарын дайындау» ббб доценті.

2- жүргізуші:

4.«Эстрадалық ән» жанры бойынша:

Қисметов Қуаныш Лабибұлы – төраға, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Музыка мұғалімдерін дайындау» ббб жетекшісі

1- жүргізуші

5. «Орындаушылық шеберлік» номинациясы:

«Дәстүрлі ән» жанры бойынша:

1. Оразов Фархат Беркінбайұлы – «Орындаушылық өнер мамандарын дайындау» ббб оқытушысы

2- жүргізуші:

6. «Аспапта орындау» номинациясы:

«Классикалық аспаптар» жанры бойынша:

1. Попов Максим Михайлович – төраға, «Орындаушылық өнер мамандарын дайындау» ббб доценті, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі.

1- жүргізуші:

7. «Аспапта орындау» номинациясы

«Халықтық аспаптар» жанры бойынша:

Ергалиева Айгүл Темірболатқызы – «төраға, өнертану кандидаты, «Орындаушылық өнер мамандарын дайындау» ббб аға оқытушы

2- жүргізуші:

8. «Бейнелеу өнері» номинациясы:

1. Тлеуханов Нұржан Сагинұлы – төраға, философия ғылымдарының кандидаты, «Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және интерьер дизайны» ббб аға оқытушысы.

1- жүргізуші:

9. «Сәндік өнер» номинациясы:

1. Тулегенова Сауле Утешқызы – төраға, «Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және интерьер дизайны» ббб аға оқытушысы

2- жүргізуші:

10. «Киім дизайні» номинациясы:

1. Есенгалиева Алия Гайнеденқызы – төраға, «Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және интерьер дизайны» ббб аға оқытушы, магистр

11. «Режиссура» номинациясы:

1. Амандықов Қуаныш Сайлауұлы – төраға, «Ерең еңбек» медалінің иегері, режиссура, актерлік өнер ббб оқытушысы,

1- жүргізуші:

Құттықтау сөз педагогика ғылымдарының кандидаты, «Музыка мұғалімдерін дайындау» ббб жетекшісі, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қисметов Қуаныш Лабибұлына беріледі.

(Қисметов Қуаныш Лабибұлына әділқазылар алқасының атынан құттықтау сөз сөйлейді)

1- жүргізуші:

Сахнада республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаттары «Mahambent» тобы. Жетекшісі Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қисметов Қуаныш Лабибұлы. Қарсы алыңыздар!

(Сахна сыртында оқылады).

(Жүргізушілер сахнаға шығады).

1- жүргізуші:

Достар, бүгін дарынды жастар өнеріне тәнті болар ерекше күн! Сондықтан, байқау қатысушыларына шығармашылық табыс және жеңіс тілейміз!

1- жүргізуші:

Желаем всем участникам удачи и творческих достижений на **XIX** – ом городском конкурсе молодых талантов «Жас дарын».

1-жүргізуші:

Өнердің биігінде самғар қанаттарын талмасын. Барлық үміткерлерге сәттілік тілейміз. Келесі кездескенше, дарынды жас достар!

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультетінің «Өнер-қанат, білім - санат» атты XIX қалалық «Жас дарын» жас таланттар байқауының жабылу Гала - концертінің СЦЕНАРИЙІ

Өтетін уақыты: 29. 11. 2024 ж., сағ. 15.00

Өтетін орны: Бас ғимарат акт залы

1 жүргізуші: Аубекер Дария

2 жүргізуші: Сейтқали Аңсар

(Сахна ашылу салтанатына сай безендірілген. Байқау қатысушылары мен әділқазылар алқасы орындарына жайғасқан. Хабарлаусыз ЛЭД экранда Видеоролик көрсетіледі.

Видео біткен соң, фанфар қосылып, екі жақтан екі жүргізуші шығады.)

1 жүргізуші:	Қайырлы күн, құрметті меймандар, жалынды да дарынды жастар! «Өнер-қанат, білім - санат» атты XIX қалалық «Жас дарын» жас таланттар байқауының қорытынды марапаттау Гала – концертіне қош келдіңіздер!
2 жүргізуші:	Добрый день, уважаемые гости, дорогие участники торжественного мероприятия! Мы рады приветствовать вас, на Гала - концерте лауреатов XIX городского конкурса молодых талантов «Жас дарын - 2024»!
1 жүргізуші:	«Жас дарын» байқауы бүгінгі күні университетіміздің керемет дәстүрлерінің біріне айналды. Байқаудың 100 - ге жуық қатысушысы, қазіргі уақытта Батыс Қазақстан университетінің мәдениет және өнер факультеті қабырғасында білім алуда, олар халықаралық, республика, облыс көлемінде өз өнерлерін көрсетуде!
2 жүргізуші:	Конкурс молодых талантов «Жас дарын» дал путевку в жизнь многим талантливым студентам нашего вуза. Окрыли их, и предоставил возможность участия в областных, республиканских и международных конкурсах. И сегодня на звездном небосклоне университета зажгутся новые звезды.
1 жүргізуші:	Сахнаға Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің академиялық мәселелер бойынша Басқарма мүшесі - проректор Гүлжахан Смаилқызы Қайсағалиеваны

	шақырамыз.
1 жүргізуші:	Сахнаға ТМД елдеріне танымал, университетіміздің «Аспапта орындау» білім беру бағдарласының 2 курс студенті, Қазақстанның эстрада жұлдызы, хитмен және композитор, әнші Жасдаурен Абылаев. Қарсы алыңыздар!
I. Жасдаурен Абылаев - «»	
1 жүргізуші:	Міне, бүгін университетіміздің мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен ХІХ қалалық «Жас дарын» байқауыда өз мәресіне келіп жетті. Ендеше, марапаттау рәсімін бастауға рұқсат етіңіздер!
2 жүргізуші:	«АСПАПТА ОЙНАУ ШЕБЕРЛІГІ», «ҰЛТТЫҚ АСПАПТА ОЙНАУ ШЕБЕРЛІГІ» және «ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК» номинациясы дипломанттар мен лауреаттарды марапаттау үшін сахнаға әділ қазылар алқасының төрағасы, «Орындаушылық өнер мамандарын дайындау» білім беру бағдарламасының жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Бабенко Ольга Александровнаны шақырылады.
«Классикалық аспаптар» (Фортепиано) номинациясы бойынша: Алғыс хат – Наурызәли Назерке Асыланбекқызы Дипломант - Бекетова Рахиль Муратовна ІІІ орын – Ерсайын Саяра Мейрамқызы ІІ орын – Асхат Мөлдір Медетқызы І орын – Ғарифолла Айя Раджқызы «Классикалық аспаптар» (Баян) номинациясы бойынша: Алғыс хат: Ноғайбай Бекарыс Қостанаев Сұлтан Дипломанты: Мәжит Айберген Құмар Парасат І орын - Айтжанов Азиз Бағдатұлы «Халықтық аспаптар» (домбыра) номинациясы бойынша: Алғыс хат: Ищанова Айназ Бейбитовна Өтепберген Жұлдыз Жамбылқызы Қауысқали Рулан Русланұлы Қайратов Шынғысқан Дипломанты: Олжағали Қарақат Ерболатқызы Орынғали Шалқыма Абзалқызы	

Нәсіпқали Едіге Русланұлы Ермеков Елнұр Асылбекұлы Батырғалиев Арсен Русланович	
III орын - Төлеген Мансұр Бақытұлы Жакеев Диас Аманжолович	
II орын - Қажетден Темірлан Әскербекұлы Қадыр Бекнұр	
I орын – Джубаев Диас «Дәстүрлі әні» номинациясы бойынша:	
II орын – Ершов Саят Айболатович	
I орын – Мәлік Эленора Ергенқызы	
<i>(Аталым бойынша марапаттау рәсімі өтеді. Естелік суреттер түсіріледі.)</i>	
2 жүргізуші:	Ференц Лист «Летучий голландец», исполняет Ғарифолла Айя студентка музыкального колледжа имени Курмангазы руководитель Акижанова Саида Ермековна.
II. Ференц Лист «Летучий голландец»	
2 жүргізуші:	Музыка Римского-Корсакова, Слова Алексея Толстого. «Не ветер, вея с высоты», исполняет Лина Хасуева, ученица музыкальной школы имени Дины Нурпеисовой, класс преподавателя Светланы Ивановны Абрамовой
III. Мектеп вальсі исполняет Лина Хасуева	
<i>(Шығарма орындалғаннан кейін, жүргізушілер сахнаға шығады)</i>	
2 жүргізуші:	«БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ», «СӘНДІК ӨНЕР», «КИІМ ДИЗАЙНІ» номинациялары бойынша дипломанттар мен лауреаттарды марапаттау үшін сахнаға философия ғылымдарының кандидаты «Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және интерьер дизайн» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Тлеуханов Нұржан Сағынұлы шақырылады.
«Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша: Алғыс хат Нәдір Аружан Мадикызы Назылы Дипломанттар: Қалиева Алмагүл Базарбаева Ақбота Ибраева Айзира Бокова Анастасия 3 орын - Файзолла Ақкербез 3 орын- Ишанғали Альбина 3 орын Аскарова Алсу	

2 орын- Амангелдиева Раушан 2 орын - Сапуанова Аружан 1 орын- Жеңіс Әмірхан «Сәндік өнер» номинациясы бойынша: Дипломант – Сағындық Шуғыла 3 орын – Есбатырқызы Фатима 2 орын – Калибекова Айым Армановна 1 орын – Серікқызы Ақайна «Киім дизайны» номинациясы бойынша: Алғыс хат- Ислямғалиева Азиза Қазбекқызы Дипломант- Калибекова Айым Армановна I орын- Дошекенова Айнара Оразбаевна II орын – Нурымжанова Жанель Нурболатовна III орын – Мансұр Жансая Мансұрқызы, Шестаева Варвара Ивановна	
<i>(Аталым бойынша марапаттау рәсімі өтеді. Естелік суреттер түсіріледі.)</i>	
2 жүргізуші:	Сахнада республикалық байқаулардың лауреаттары «Ai-den» тобы. Жетекшісі Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қисметов Қуаныш Лабибұлы. Қарсы алыңыздар!
IV. «Ai-den» тобы	
1 жүргізуші:	Сахнаға «Орындаушылық шеберлік» номинациясы «Эстрадалық вокал» жанры бойынша дипломанттар мен лауреаттарды марапаттау үшін сахнаға педагогика ғылымдарының кандидаты «Музыка мұғалімдерін дайындау» білім беру бағдарламасының жетекшісі, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қисметов Қуаныш Лабибұлына шақырамыз.
«Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша: Алғыс хат Лукманова Үміт Азамат Амина Дипломант Тулегенова Аружан Амандық Зерда Жаксыбаева Гүлім Мақсат Ақбота III-орын Тулегенова Томирис III-орын Сабитқызы Ақтолқын III-орын Серік Райымбек II-орын Сисенғалиева Гаухар II-орын Куандыкова Ақбаян I-орын Максұтов Данат	

<i>(Аталым бойынша қатысушылар марапатталады. Естелік суреттер түсіріледі.)</i> <i>(Led экраннан «Жас дарын» байқауы қатысушысының берген видеосұхбаты көрсетіледі.)</i>	
1 жүргізуші:	Қуат Шілдебаев, Тұманбай Молдағалиев Ән «Отан Ана» орындайтын
IV. Максұтов Данат - Ән «Отан Ана»	
1 жүргізуші:	Келесі кезекте «Хореографиялық композиция», «Мәдени – тынығу жұмысы», «Режиссура» номинациялары бойынша дипломанттар мен лауреаттарды марапаттау үшін сахнаға «Режиссура, хореография және мәдени – тынығу жұмысы» білім беру бағдарламаларының жетекшісі, өнертану кандидаты - Айтқалиева Қарлығаш Дайырғалиқызы шақырылады.
Мәдени-тынығу жұмысы номинациясы бойынша: Дипломант Серік Гүлдәурен Русланқызы II орын Валерян Аңсаған II орын Рашиден Тоғжан Арманқызы I орын Мухтарова Нурайна Есентемировна «Ұлттық би» соло номинациясы бойынша: I орын - Бақыт Кәмила Абзалқызы «Ұлттық би» дуэт номинациясы бойынша: II орын - Қайырлы Қарашаш, Жұмагерей Айнара I орын - Убаева Назым Арсеновна, Қамидолла Айсамал «Ұлттық би» топ номинациясы бойынша: I орын - Қарақат студиясы «Заманауи би» номинациясы бойынша: III орын - Азиева Аяжан Аманкосовна «Режиссура» номинациясы бойынша: Алғыс хат – Кулахметова Мархабат Серикбаевна Дипломанттар: Дипломант - Убаева Назым Арсеновна Дипломант - Бекболатова Назгерим Бекболатовна Дипломант - Бейсетай Сафина Сабитқызы III орын - Товстик Ксения III орын - Меңдібаева Айкөркем Булатқызы II орын - Войта Ксения Олеговна I орын - Елеусін Гүлім Бейімбетқызы	
<i>(Аталым бойынша қатысушылар марапатталады. Естелік суреттер түсіріледі.)</i>	
1 жүргізуші:	Барша марапат иелерін шын жүректен құттықтаймыз! Келесі кезекте авторы: Сұлтан Райев "Ремарка" орындайтын Елеусін Гүлім! Қарсы алыңыздар!
V. Елеусін Гүлім Бейімбетқызы - авторы: Сұлтан Райев "Ремарка"	

(Жетекшісі Ниязбек Надира Бекболатқызы)	
<i>(Ән орындалып болған соң жүргізушілер сахнаға шығады)</i>	
1 жүргізуші:	Құрметті көрермендер, дәстүрлі түрде өтетін байқауымыздың кезекті Гран – при иегерін де анықтайтын сәт жетті. Ендеше, сахнаға жеңімпазды анықтап, марапаттау үшін ортаға мәдениет және өнер факультетінің деканы, өнертану кандидаты Айтқалиева Қарлығаш Дайырғалиқызы шақырылады. Фанфары
1 жүргізуші:	«Өнер-қанат, білім - санат» атты ХІХ қалалық «Жас дарын» жас таланттар байқауының Гран - при иегері - Элдарқызы Айару. Жетекшісі Сундетова Гульсумай Рахимғалиевна
1 жүргізуші: 2 жүргізуші:	ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!
<i>(Гран – при иегерін марапаттап, суретке түсіріледі.)</i>	
1 жүргізуші:	Сахнаға «Тойбастар» ұлттық биімен, Гран - при иегері - Орал қаласы, Дина Нурпейсова атындағы №1 балалар музыка мектебі қатысушысы Элдарқызы Айару шақырылады.
V. Элдарқызы Айару - «Тойбастар» қазақ биі (Жетекшісі Сундетова Гульсумай Рахимғалиевна)	
1 жүргізуші:	Құрметті көрермендер, осымен ХІХ қалалық «Жас дарын» атты жас таланттар өнер байқауы өз мәресіне жетті. Жеңімпаз атанған қатысушыларға аңсаған армандарыңыз орындалып, өнер жолында қанаттарың талмасын деген тілекпен бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.
2 жүргізуші:	На этом наш конкурс завершён. Мы желаем вам творческих успехов и чтобы у вас всегда было хорошее настроение! Мы с вами не прощаемся, а говорим до новых встреч!
<i>(Жүргізушілердің сөзінен соң, қатысушылар сахна төріне шақырылады. Қатысушыларға мантия табыстатып, естелік сурет түсіріледі.)</i>	

Көлемі 10,7 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 88

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
редакциялық баспа орталығы.*

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162